

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«СУЛЕЙМАН ДЕМИРЕЛЬ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ» МЕКЕМЕСІ

Р. Ж. АБНАСЫРОВА, А. А. АБИЫР, Ғ. Н. ОТАРБАЕВА

ПРАКТИКАЛЫҚ ҚАЗАҚ ТІЛІ

*(Жоғарғы оқу орны студенттерінің орта және
жалғастырушы топтарына арналған)*

Алматы
2014

УДК 811.512.122
ББК 81.2 Қаз
А.14

Баспаға Сулейман Демирель Университетінің
Ғылыми Кеңесі ұсынған

П і к і р ж а з ғ а н д а р:

филология ғылымдарының докторы, профессор **Шалабай Б.**,
филология ғылымдарының докторы, профессор **Мадиева Г.Б.**
филология ғылымдарының кандидаты, доцент **Құлназарова Г.С.**

Абнасырова Р.Ж., Абиыр А.А., Отарбаева Ғ.Н.

А.14 **Практикалық қазақ тілі. Оқу құралы.** – Алматы: «Таңбалы» баспасы,
2014. – 160 бет.

ISBN 9965-792-06-2

Бұл оқу құралы қазақ тілінен білім берудің қазіргі талаптарына сәйкес жасалған.

«Практикалық қазақ тілі» оқу құралы жоғары оқу орындары инженер факультетінің орта және жалғастырушы топтарына арналған. Сонымен бірге, мұғалімдер мен мектеп оқушыларына және қазақ тіліне қызығушылық танытатын көпшілік оқырман қауым үшін де пайдалы.

УДК 811.512.122
ББК 81.2 Қаз

ISBN 9965-792-06-2

© Абнасырова Р.Ж., Абиыр А.А.,
Отарбаева Ғ.Н., 2014
© «Таңбалы», 2014

КІРІСПЕ

Ел егемендігін алып, демократия кең өрістей бастаған қоғамда, әлемдік қауымдастыққа ұмтылып, бәсекелестік өмір сүрудің басты шартына айналған бүгінгі өзгермелі дүние жағдайында адамның мәні мен әлеуметтік рөлі жаңа сипатқа ие болып отыр. Соған сай рухани құндылықтар әлемі де түбегейлі жаңарып, адамның ақыл-ой қуаты мен интеллектуалдық әлеуетін қалыптастырудағы білімнің маңызы туралы қағидалар түбірімен өзгерді. ХХІ ғасырдың оқыту жүйесінде меңгерілетін білімнің түпкі нәтижесі ең тұғырлы мәселеге айналды. Сондықтан білім беретін жоғарғы оқу орындарындағы әрбір пән студентті дара тұлға ретінде жетілдіруге, оның шығармашылық қабілеттерін дамытуға алғышарт жасауы қажет деген қағида берік орнықты.

«Білім – тұл, тілден шығып есілмесе», – дейді Жүсіп Баласағұн. Тілдік білімді студенттің саналы әрекетін дамытатын, өмірлік қажеттілігін ақтайтын тегеурінді тетікке айналдыру үшін сол білімнің өзегінде, біріншіден, өзіндік көзқарас, дүниетаным мен сенім қалыптастыратын, екіншіден, ортаға тез бейімделу, жаңа ақпаратты түсіну, қабылдау, өзгелермен қарым-қатынас жасай алу қабілеттерін дамытатын компоненттердің қатар қамтылуына назар аударыла бастады. Сондықтан тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан бастап-ақ Қазақстанның білім жүйесін реформалауда студенттің дара тұлғалық қабілеттерін дамыту проблемасы күн тәртібіне қойылды. Бұл қазақ тілі пәнін оқытуда студенттің сөз мәдениетін қалыптастыруға басымдылық беруді талап етеді.

Ұсынылып отырған оқу құралы инженер факультетінің орта және жалғастырушы топтарына арналған. Бұл оқулық «Практикалық қазақ тілі» атты пәнді оқу барысында студенттер пайдалану үшін өте қажет.

Ұсынылып отырған елтану тақырыптары, көркем шығармалардан берілген үзінділер бойынша құрастырылған мәтіндер осы оқулықтың мақсатына сәйкес сұрыпталып, белгілі бір жүйемен VIII модульге бөлінген.

I модульде «Қасиет пен құт дарытқан ана тілі» деген тақырыппен қазақ тілінің шығу тарихы, тіл мәдениеті, ұлы тұлғалардың ана тілге қатысты айтқан ой-пікірлері, нақыл сөздері қарастырылған. II модуль – «Отан – отбасынан басталады». Бұл бөлімде Отанға, отбасына деген сүйіспеншілік, халқымыз қадір тұтатын қасиетті құндылықтар туралы мәліметтер берілген. III модуль – «Би дегенді біле ме бүгінгі ұрпақ?» Бұл бөлімде халқымыздың шешендік өнері, би-шешендердің ұлағатты ұлы сөздері туралы толық мәлімет берілген.

Қазақ деген халықтың рухани атауы бар болса, ол – Абай. Әрбір қазақтың баласы Абайдай дананы білу, біліп қана қоймай әр шығармасын оқып, келер ұрпаққа жеткізу мақсатында IV модуль «Ұлы тұлға» тақырыбымен Абайдың өмірі мен шығармашылығына арналған.

Салт-дәстүр қоғамдық ұйымдар мен халықтың мінез-құлқының, іс-әрекетінің рухани негізі. Дәстүр мәдениетпен тығыз байланысты болады. Мәдениеті дамып, өскен ел дәстүрге бай болады. «Ата мұраң – асыл қазынаң» атты V модульде халқымыздың тұрмыс-тіршілігі, салт-санасы, ұлттық болмысы толық қамтылған.

VI модуль «Өлмейтұғын артында сөз қалдырған» тақырыбында қазақтың біртуар перзенттері Ш.Құдайбердиев, М.Жұмабаев, М.Шаханов сынды асыл сөз зергерлерінің шығармалары және осы тақырып негізінде студенттерге қосымша тапсырмалар берілген.

Қазақтың ұлттық сазы – халық өмірінің айнасы. Ол ғасырлар бойы қалыптасты.

Оқулықтың «Текті де тегеурінді өнер» тақырыбындағы VII модульде қазақ халқының ұлттық саз аспаптарының шығу тарихы мен аңыз-әңгімелері берілген.

Жетістік дегеніміз – рухани әрі дене қуатын бір мақсатқа бағыттау және сол мақсатқа жету. Қандай да бір істі тындырымды, әрі тыңғылықты істеу де жетістік. «Жетістікке жету жолдары» атты VIII модульде жастардың санасын алға жетелейтін, күш-қайрат беретін ақыл-кеңестер, ұлағатты сөздер берілген.

Студенттердің сөздік қорын байыту мақсатымен қысқаша мағыналас фразеологизмдер және өздерінің мамандықтарына қатысты ақпараттану мен есептеу техникасы терминдерінің орысша-қазақша қысқаша сөздігі берілген.

Сонымен қатар, мультимедиадық бейне тапсырмалар мен жазбаша жұмыс тапсырмаларымен толықтырылған. Тыңдалым, оқылым, жазылым және сөйленім әрекеттеріне байланысты тапсырмалар да толық ескерілген.

Оқулықта қосымша тақырыптардың мазмұнына сәйкес тиісінше сұрақтар, сұхбаттар, тест тапсырмалары берілген. Әрбір сұраққа жауап беру, қосымша тақырыптарды орындау – студенттерді терең ойлауға, жетік сөйлеуге, тілдің қыр-сырын ұғынуға жетелейді.

Негізгі мақсат – сөйлеу тілі қалыптасқан үйренушілерді қазақ тілінде жетік сөйлету, сөздік қорын дамыту, қазақ халқының рухани және материалдық мәдениетін, тұрмысын таныту, мамандыққа қатысты терминдерді үйрету.

Мәтіндерінің мазмұны арқылы студенттердің қазақ халқының тіліне, салт-дәстүріне, тарихына, мәдениетіне, тұрмыс-тіршілігіне, рухани қасиеттеріне құрмет сезімін ояту, ұлтжандылық, отаншылдық сезімдерін қалыптастыру ескерілді.

Оқулық Сүлейман Демирель атындағы университеттің инженер факультетіндегі жүргізілген сабақтар негізінде жазылды.

I. ҚАСИЕТ ПЕН ҚҰТ ДАРЫТҚАН АНА ТІЛІ

ҚАЗАҚ ТІЛІ ТУРАЛЫ ПІКІРЛЕР

Жұмыр жерді мекендеген барлық халықтардың, ел-жұрттардың ғасырлар бойы жинақталып, сұрыпталған ұлағатты, даналық сөздері бар. Бұл ұлағатты сөздер өмір шындығын, халықтың тұрмыс-салты мен тіршілігін, ұлттық психологиясын, қоғамдық дамуын дәл де шебер, мәнді бейнелеуімен құнды. Олар қысқа да болса нұсқа, бейнелі, мағынасы терең болады, сондықтан тыңдаушысын бірден баурап алады. Ұлы адамдардың әр түрлі тақырыпта айтқан ой-пікірлеріне, өнегелі сөздеріне көз жүгіртсек, қазақ тілі туралы білдірген салиқалы ойларына, парасатты лебіздеріне кездесеміз. Әлемге танымал көрнекті ғалымдардың, саяхатшылардың ой-пікірлері ұлттық тіліміздің ұлылығын танытады.

Орыстың түркітанушы ғалымы П.М.Мелиоранский: «Қазақ тілін зерттеушілеріміздің барлығы да бірауыздан бұл тілді ең бай, ең таза түркі тілдерінің бірі деп таниды. Қазақтар – шешен әрі әдемі сөйлеудің үлкен шебері... Қазақтардың халық әдебиеті аса бай, әрі жан-жақты», – деп жазса, «Түркі халықтарының ішіндегі ең суретшіл, образды тіл – қазақ тілі. Қазақтар өзінің шешендігімен, әсем ауыз әдебиетімен де даңқты» – деп орыс түркітанушысы С.Е.Малов толықтыра түседі. Ал неміс ғалымы А.Брем «Қазақтар сөз өнеріне жетік келеді. Бұл жұрттың бәріне: оқыған адамдарға да, әліпті таяқ деп білмейтіндерге де, байға да, жарлыға да тән қасиет» деген болатын. Сөз өнеріне ерекше мән берген, шешендік өнерді даралаған шығыс зерттеушісі В.В.Радлов: «Қазақтардың тілі әуезді де әсем, шебер де шешен. Әсіресе, сөз сайысына келгенде олардың алғырлығы мен өткірлігі, тауып сөйлейтін тапқырлығы таңғалдырады. Олар мақалдап сөйлейді, жәй сөзінің өзі өлең боп құйылып жатады» – десе, поляк жазушысы А.Янушкевич: «Қазақтың ақыл-ой қабілетінің зорлығына барған сайын менің көзім жетуде. Қандай әсем сөйлейді! Кез-келгені айтайын дегенін тез түсіндіре алады. Қарсыласының сөзіне шебер тойтарыс бере біледі. ...дала Демосфендерінің кейбіреулері мені сөздерінің мазмұндылығымен және жігерлілігімен баурап алды» – деген болатын. Олардың бұл пікірлері қазақ халқына, оның тіліне деген сүйіспеншілікті, ыстық ықыласты білдіреді.

Ж.Н.Нығмет

Тапсырма:

1. Мәтінді оқы, мазмұнымен таныс.
2. Төмендегі сұрақтарға жауап жаз:
 - а) Халықтың даналық сөздері не үшін керек?
 - ә) Қазақ тілі туралы түркітанушы ғалымдар қандай пікірлер айтқан?
 - б) Қазақтардың қандай ұлттық қасиеттері өзгелерді таңғалдырған?
 - в) Қазақ тілі қандай тіл?
 - г) Қазақ тілі туралы қосымша не айтар едің?
3. Қазақ тілі туралы айтылған басқа пікірлермен таныс.

Ана тілі – жүрек үні

Қазақ тілінен асыл, қазақ тілінен бай тіл жоқ... дән де осында, ғылым-білім де осында, әулиешілдік те осында. Солай болғаны үшін бұрынғы өткен ата-бабаларымыздың бәрі жақсы әулие болып өтті.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев

Өз ана тіліңді қадір тұтпай тұрып, ел-жұртыңды сүйе алмайсың.

К.Г.Паустовский

Әр халықтың ана тілі – білімнің кілті... Біздің жастарымыз ана тіліне етік, білімді, мәдениетті болсын.

Ахмет Жұбанов

Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді.

Фабит Мүсірепов

Түркі халықтарының ішіндегі ең суретшіл, образды тіл – қазақ тілі. Қазақтар өзінің шешендігімен, әсем ауыз әдебиетімен де даңқты.

С.Е.Малов

Қазақтар – шешен әрі әдемі сөйлеудің үлкен шебері... Қазақтардың халық әдебиеті аса бай әрі жан-жақты.

П.М.Мелиоранский

Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту.

Бауыржан Момышұлы

Кейбір ұл-қыздарымыздың ана тілімізді білмеуі, не шала білуі мені қатты қынжылтады. Бұған ең алдымен ата-ана кінәлі.

Бауыржан Момышұлы

Өз ана тіліңді қадір тұтпай тұрып, ел-жұртыңды сүйе алмайсың.

К.Г.Паустовский

Халықтың мәңгі ғұмыры – оның тілінде. Әрбір тіл өзінің халқы үшін – Ұлы.

Ш.Айтматов

Бұл дәуірде өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам толық мәнді интеллигент емес деуге де болады. Себебі, ол қандайлық мамандық білімі болса да, рухани ой тәрбиесінде сыңар жақ азамат болады. Ана тілін білмейтін адам мәдениетті адам санатына қосылмайды.

М.Әуезов

Ана тілін құрметтемеу – ештеңені сыйламау деген сөз. Жастар мұны қатты ескеруі керек.

Ғ.Мүсірепов

Қазақ даласы – бүкіл түрік әлемінің қара шаңырағы десек, сол туыс ішіндегі ең байырғысы да, көп өзгеріске ұшырамаған тазасы да қазақ тіл екендігін бұл күнде сонау Анадолы түріктерінен бастап, бүкіл қандас бауырларымыз түгел мойындайды.

Қ.Жұмаділов

Тапсырма:

1. Тіл туралы айтылған пікірлермен таныс.
2. Ана тілі қандай тіл?
3. Ана тілі не үшін керек?
4. Ана тілін құрметтемеу дегенді қалай түсінесің?
5. Өзіңе ұнаған пікірлерді жадына сақта.
6. «Ана тілі – айбыным» тақырыбына әңгіме дайында.

ҚАЗАҚ ТІЛІ – МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ

Қазақ тілі – қазақ халқының ана тілі. Ол өзінің сан ғасырлық дамуы барысында рулық тіл дәуірін де, тайпалық тіл дәуірін де, халықтық тіл дәуірін де басынан кешірді. Бұл кезеңдерде ол қазақ халқының күнделікті пікір алысу қажетін өтеп отырумен қатар, оның рухани байлығы – ауыз әдебиетін атадан балаға мұра етіп сақтап келді.

Бертін келе жазуға байланысты қазақ тілі сұрыпталып, жалпыға ортақ әдеби тіл қалыптасты. Қазіргі қазақ тілі – өркендеген мәдениеттің тілі, ғылым мен публицистиканың, ресми іс-қағаздарының тілі болып, стиль жағынан жан-жақты сараланды. Ол – сөздік жағынан мейлінше байыған, грамматикалық құрылысы барынша дамыған оралымды тіл.

1989 жылы қыркүйектің 22-сі күні «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заң қабылданып, қазақ тілі Қазақстан Республикасының мемлекеттік тіл статусына (мәртебесіне) ие болды. Кейін 1993 жылы қаңтардың 28-і күні бұл статус Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясында тұрақталып бекітілді.

1997 жылы Тіл Заңы Парламентте қайтадан талқыланып, ол Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілді. Бұл Жарлық қазақ тілінің мемлекеттік статусын сақтады. Сол 1997 жылы шілденің 7-сі күні жаңа «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңы қабылданды. Бұл Заң бойынша қазақ тілі Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі, қазақ халқының ұлттық тілі болып есептеледі. Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту, мәртебесін арттыру, әрі Қазақстан халықтарының ұлттық тілін дамыту мақсатымен Республикада «Тілдерді қолдану мен дамыту бағдарламасы» жасақталды. Республикамызда қазақ тілі мәртебесін тұрақтандыру мақсатымен көптеген игі істер атқарылуда.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 1998 жылғы қаңтардың 20-сы күнгі Жарлығына сай жыл сайын қыркүйектің 22-сі күні – «Қазақстан халықтарының тілдері күні» ретінде республика көлемінде аталып өтіле бастады. Осы

жылдан бастап еліміздің барлық елді мекендерінде, ел ордасы Астанада, тіл мерекесі апталықтарын, әр түрлі шараларды өткізу дәстүрге айналды.

ТІЛ МӘДЕНИЕТІ ТУРАЛЫ

Тілді қадірлеу – дұрыс сөйлеуден басталады. Жүйесін тауып айтылған сөз жүрекке жетіп, жүйкені босатады. Адам мәдениетінің алғы шарты – дұрыс сөйлей білу. Түсіне білгенге сөйлей білу де өнер. Тілін білмеген – түбін білмейді. Ондай адам күлдірем деп күйдіреді, сүйіндірем деп сүріндіреді, білдірем деп бүлдіреді, қуантам деп қуартады, келтірем деп кетіреді, емірентем деп егілтеді, жұбатам деп жылатады. Біздің қазақ «Аталы сөз – баталы сөз» дегенде, осы дұрыс сөйлей білуді айтқан.

Халық бар жерде тіл де бар. Ендеше тіл проблемасы – халықтық проблема. Біздің қазақ тілі өсу үстіндегі, адам баласының кез-келген қиын да күрделі ойын бейнелеудегі мүмкіндігі зор, аса бай тіл. Сондықтан да оны көздің қарашығындай қастерлеу – азаматтығымыздың ең шынайы түрі.

Ғ.Мүсірепов

Тапсырма:

1. Мәтінді оқы, негізгі ойды анықта.
2. Мәтін бойынша сұхбаттасу сұрақтарын дайында.
3. Ғабит Мүсірепов кім? Ол туралы не білесің?
4. «Тілді көздің қарашығындай қастерлеу» дегенді қалай түсінесің? Пікіріңді айт.

ТІЛ ҮЙРЕНУШІЛЕРГЕ КЕҢЕС

Көп тіл білудің кілті – өз қолыңда. Данышпандар: «Көп тіл білу Құдайдың құдіретінде емес, әркімнің қолында» – дейді.

Әлемдік тәрибе мынаны көрсетіп отыр:

1. Тілді күнде үйрену қажет, ең дұрысы – аздан көпке қарай ақырындап жылжи беру керек. Бірақ, бірінші қадам жасар алдында Хан Тәңірінің шыңына апаратын баспалдақ екенін нық сезіну қажет.

2. Шынында әр кезде қысқаша жазылған сөздік, ережелер, мәтіндер, қанатты сөздер мен мәтелдер болғаны жөн.

3. Тіл үйренген кезде мәтінді оқу, тыңдау, жаттау, талдау, қайталау сияқты алуан түрлі үрдістерді ұдайы алмастырып отыру қажет.

4. Тілді игеру – сөздік қорды неғұрлым көбірек жаттап алуға байланысты. Бір күнде 100-ден астам жаңа сөз жаттап алудың ешқандай да қиындығы жоқ.

5. Тілдің мәнін, нәрін, «әнін», астарын, әсемдігін терең түсіну үшін «неліктен», «яғни», «апырай», «немесе», «қалай» деген сияқты күмән тударатын тіркестерді пайдаланған жөн.

6. Тіл – қамал, ал оны алу үшін оған күнде шабуыл жасап, әр түрлі әдістерді пайдаланған жөн. Ең дұрысы – сол қамалды алуға жақын екендігіне өзіңе-өзің қуат беріп отыруың қажет.

7. Тіл үйренгенде кездесетін қателік – заңды құбылыс. Бірақ «бір адым кері кетушілік – екі адым алға басушылықтың кепілі» – екендігін есіңе ұста.

8. Тіл үйренген кезде күйтабақтарды, таспаларды радио және телеаппаратуларды кеңінен пайдалан, арнайы үйірмелер мен олимпиядаларға қатыс.

9. Тіл білу үшін сол халықтың әдебиетін, мәдениетін, әдет-ғұрпын, тарихын, әлеуметтік жетістігін жақсы біл.

10. Тіл білгенде өзінді халықтар достығының дәнекері екенінді, айқын сезінуің аса қымбат.

Тапсырма:

1. Төмендегі сұрақтарға жауап бер:

- Данышпандар көп тіл білу туралы не дейді?
- Тіл үйрену үшін не істеу керек?
- Айтылған кеңестермен келісесің бе?
- Сенің тіл үйрену деңгейің қалай?

2. Мәтінді мазмұнда

3. «Тіл – достық дәнекері» дегенді қалай түсінесің? Ойыңды өз сөзіңмен айт.

ЖАТТЫҒУЛАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР



1. а) Тізбектен сөз тере біліңіз.

жасқаншақырыстықасықпалмаусымбатамандықұлынақыл

- | | | |
|-----------|-----------|-----------|
| 1. _____ | 11. _____ | 21. _____ |
| 2. _____ | 12. _____ | 22. _____ |
| 3. _____ | 13. _____ | 23. _____ |
| 4. _____ | 14. _____ | 24. _____ |
| 5. _____ | 15. _____ | 25. _____ |
| 6. _____ | 16. _____ | 26. _____ |
| 7. _____ | 17. _____ | 27. _____ |
| 8. _____ | 18. _____ | 28. _____ |
| 9. _____ | 19. _____ | 29. _____ |
| 10. _____ | 20. _____ | 30. _____ |



ә) Бос орындарды тізбектегі сөздермен толтырыңыз.


1) Ашу – дұшпан, – дос,
Ақылыңа ақыл қос.

5)тан ет күйеді,
Ұяттан бет күйеді.

2) Жаңбырмен жер көгерер,
.....мен ел көгерер.

6) Алтын, ақыл ал.

- 3) көрген оқ жонар,
Ана көрген тон пішер.
- 4) алды – ынтымақ.
- 7) Отан оттан да
- 8) тұяғын тай басар.

б) Тізбектегі сөздерді пайдалана отырып, «Тас жүректі тіліммен тілімдедім» тақырыбында эссе жазыңыз. 

2. а) Ой тастау



Тілдің шұбарлануы дегеніміз не? Біз таза қазақ тілінде сөйлейміз бе? Қоғамдағы қазақ тілінің мәртебесі қандай?

ә) Төмендегі сөйлемдерді дұрыс нұсқаға келтіріңіз.

- 1) Әкем мені ұрысты, өйткені айтқан тапсырмасын орындамадым.
- 2) Ауылға барар жолда түйенің баласын көрдім.
- 3) Кеше күні бойы саған звандаумен болдым.
- 4) Оның әрекеттерін су бетіне шығару керек.
- 5) Жақсы тілектеріңіз үшін үлкен-үлкен рақмет!

б) Тұрақты тіркестердің қайсысы «дұрыс», қайсысы «бұрыс» екенін ажыратыңыз.

- 1) Мүйізі шығу – Мүйізі өсу
- 2) Арасынан шөп өтпес – Арасынан қыл өтпес
- 3) Аузы-мұрнынан шығу – Аузы-мұрнына толу
- 4) Бөркін аспанға ұру – Бөркін аспанға ату
- 5) Жүрегі тас төбесіне шықты – Жүрегі тас төбесінде тұрды

II. ОТАН – ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

СӘЛЕМ – СӨЗДІҢ АНАСЫ

Сабақ тақырыбына қатысты мына сұрақтарға жауап беріңіздер:

- А. Сәлемдесу әдет пе, әдеп пе?
- Б. Сіздер өзара қалай сәлемдесесіздер?
- В. Үлкен кісіге қалай сәлемдесесіздер?
- Г. Кімдермен қол алысып сәлемдескен дұрыс?

Мәтінді оқыңыздар.

Айтқан уақытында Бәукең мен Нарбай ақын да төменге түсті. Екеуі де жайдары, өте көңілді болып көрінді...

Дәм үстінде Бәукең біраз шешіліп, өткен жылы Ыстықкөлде дем алғанын айта бастап еді, жанымызға Созақ ауданында совхоз директоры болып істейтін тығыншықтай семіз біреудің аяқ астынан келіп киліккені. Әлгі омыраулаған қалпы Бәукеңнің тұсынан ұмтылып барып, Нарбайдың қолынан қысты:

– Ассалаумағалейкум, Нарбай аға, өткен жолы біздің совхозға келіп кеткен екенсіз. Ауылда болмай қалғаныма сіздің алдыңызда ұяттымын. Арнайы келіңіз. Күтеміз, - деп желімдей жабысып, айрылар емес. Өзгемізге көз қиығын да салмады.

Бауыржан тағы жекіріп тастай ма деп, қипақтап отырған Нәкең «иә, иә, жақсы, жақсымен» тез құтылғысы келіп, жаны шығып барады.

– Ал сау тұрыңыз, Нәке, – деп бұрыла беріп еді, Бәукең:

– Әй, жігітім, – деп саңқ ете түсті. Директор қайтып оралды.

– Мен Бауыржан Момышұлы дегенмін. Бір дастарқанның басында отырған үш төрт адамды алалап сәлем бергенді қай атаңнан көріп едің?

Сасып қалған директор:

– Ө-ө, кешіріңіз, – деп есі шығып, сасқалақтап қалды. Ортаға түскен Нәкең: «Бұл бәленше деген совхоздың директоры», – дей бастап еді, Бәукең:

– Сәлемін түзей алмай жүріп, жұртты қалай басқармақ? Марш! – деді мұртын тікірейтіп.

М.Шаханов

Тапсырма:

1. Мәтінді оқығаннан кейін сәлем беру жайлы қандай ой түйдіңіздер? Пікір алысыңыздар.

2. Мәтіннен директорға қандай баға бере аласыздар?

3. Бәукеңнің берген бағасын есте сақтаңыздар.

4. Мәтінде кездескен мына сөз және сөз тіркестерімен өз өмірлеріңе қатысты сөйлем құрап көріңіздер: *Көз қиығын салмау, құтылу, қипақтау, сасқалақтау, жекіріп тастау*

Мәтінде кездескен мына сөз тіркестерінің мағынасын түсіндіріп жазыңыздар.

- Жайдары –*
- Аяқ астынан –*
- Килігу –*
- Омыраулау –*
- Тұсы –*
- Желімдей жабысу –*
- Көз қиығын салмау –*
- Жекіріп тастау –*
- Қипақтау –*
- Құтылу –*
- Жаны шығып барады –*
- Алалау –*
- Сасқалақтау –*

Мұны да біліп алыңыздар.

Қазақ елінің дәстүрі бойынша таныс, бейтаныстығына қарамай, жасы кішінің үлкенге бірінші болып сәлем беруі – міндет.

Сәлемді селқос қабылдау, қолының ұшын ғана беріп кекірею, жақтырмаған кейіп таныту – инабатсыздық, көргенсіздік.

Көпшілікке сәлем беруші олардың арасында өзінің жақтырмайтын, түс шайысып қалған кісісі болса да, онысын басқаға сездірмей, ашық, айқын дауыспен барлығымен сәлемдесуі керек. Мұндай жағдайда әлгі дұрдараз кісі де сәлем берушінің сәлемін алуы тиіс.

Жастардың үлкендерге қақшиып тұрып, бір қолын ұсынуы да жараспайды. Біреумен амандасқанда, көз-көңілің басқа жақта тұруы – әдепсіздікпен пара-пар. Дастарқан үстіне кірген кісі дауыстап сәлемдесуі жөн болса да, жағалай түгел қол беріп амандасу орынсыз. Әсіресе, қол алысып болып, қолын жуу – нағыз әдепсіздік.

Өркім сәлемдесуді ғана емес, қалай сәлемдесе білуі, өзінің қас-қабат, бет-жүз, дауыс құбылысын қадағалап, алдындағы адамға жақсы әсер қалдыратындай болуға талпынуы, үйренуі керек.

Мәтіннен түсінуі қиын сөздер мен сөз тіркестерін көшіріп жазып, түсіндірме сөздіктен қарап біліңіздер, сөйлем құраңыздар.

Үлгі: кекірею, түс шайыспау, дұрдараз.

Халық айтады...

- Бір адам көп адамға сәлем беруі керек.
- Ат үстінде тұрып сәлем бермейді.
- Атты адам жаяу адамға сәлем беруі керек.
- Келе жатқан адам отырған адамға сәлем беруі керек.
- Жақын көретін, сыйласқан адамдарға алыс-жақын тұрғанына қарамай әдейі барып сәлемдеседі.
- Құран оқылып жатқанда үн шығармайды, жүрмейді, сөйлемейді, сәлемдеспейді.
- Моншада, әжетханада сәлемдеспейді.

- Табалдырықтың екі жағында тұрып қол алыспайды.
- Келіндер қайын елінің үлкен адамдарына иіліп сәлем жасайды.
- Келіндер үлкен кісілерден қайтқан табаққа сәлем жасаған.
- Алыстан қонақ келсе – ауыл адамдары оған міндетті түрде барып сәлем береді.

Кімдер қалай сәлемдесетінін белгілеп көріңіздер.

- | | |
|---------------------------------|------------------------|
| 1. Қол алысады. | 1. ата-ана баласын |
| 2. Төс түйістіреді. | 2. келіндер үлкендерге |
| 3. Құшақтасып, сүйіседі. | 3. ер адамдар |
| 4. Беттен сүйеді. | 4. шәкірт ұстазға |
| 5. Тізе бүгіп, сәлем жасайды. | 5. құдағилар |
| 6. Бас киімін алып сәлемдеседі. | 6. құда-жекжаттар |

Тапсырма:

1. Сәлем беру мен сәлем алу жайында өздеріңіз білетін, естіген жайлармен толықтырыңыздар.
2. Басқа халықтардағы сәлемдесу жайлы не білесіздер? Өзге ұлттарды көргенде қалай сәлемдесу дұрыс? Пікір алысыңыздар

ОТБАСЫ – ТӘРБИЕНІҢ ЕҢ ТАМАША МЕКТЕБІ

Сабақ тақырыбына қатысты мына сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Отбасы дегенді қалай түсінесіздер?
2. Отағасы деген кім?
3. Отанасы деген кім?
4. Отбасының берік болуы кімге байланысты?

Мәтінді оқыңыздар.

Қазақтар амандасқанда, «мал-жаның, отбасың аман ба?»- деп жатады. Неге солай? Ол – өз отбасың, мал-жаның үшін сен кез-келген қазақтың алдында жауап бересің деген сөз. Біздер оны қазір жай әдет шығар деп есептейміз. Ілкіде олай болмаған. Ол – басқалардың алдында сенің өз отбасыңды қалай басқарып отырғаның туралы есеп беру.

Отбасы дегеніміз – тұрмыс құрған екі адамнан өрбіген ұрпақ. Отбасын бұзбау керек. Мал да, жан да сол ұяда қалса абзал. Бүкіл дүниежүзінің түсінігі басқаша болса да, қазақтың өз ұясына түсінігі – ата-баба түсінігінде, солардың заңдарды мен жарғыларына бағындырылуы шарт.

Адамзат баласы үшін басын қатерге тігеді, қолын отқа салады. Егер біздің заңымыз отбасы бұзылған жағдайда «мал-жаның» ата шаңырақ меншігі етіп қалдырса, «бауыр егі – баласын» көзі қиып тастап кетушілердің табыла қоюы да екіталай. Соның арқасында кездейсоқ болып қалған сәл реніш үшін баласын қолтығына қысып алып, төркіншілейтіндердің де саны азаяр еді. Мұндай заң әйелдің тең құқықтығын әлсіретпейді, қайта бақытты болуына, бесіктен бастап, отбасының тұрақты болуына әсер ететін тәрбие алып шығуына, жар таңдауда ұшқалақтық істемеуіне итермелейді.

Біздердің бұрынғы аналарымыздың «ері өлгенде де елден кетпеуі» сол «бауыр етіне» деген сүйіспеншіліктен туындайтын инабаттылық болса керек.

С.Тоқтамыс

Мәтінде кездескен мына сөздер мен сөз тіркестерін жазып, түсіндіріңдер

*Ілкіде –
Өрбіген ұрпақ –
Абзал –
Басын қатерге тігу –
Екіталай –
Кездейсоқ –
Төркіншілеу –
Ұшқалақтық –*

Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- А. «Отбасың аман ба» – деп сұрау ненің белгісі?
- Ә. Отбасы деген не?
- Б. Ерекше бостандық керектерге не лайық?
- В. Адамзат баласы үшін не істеуге бар?
- Г. Отбасы бұзылса «мал-жанын» кімнің меншігінде қалдырған дұрыс?
- Ғ. Қандай жағдайда отбасы бұзылмас еді?

Мәтінде қолданылған мына етістіктермен сөйлем құраңыздар.

Есеп беру, бағындыру, меншік ету, әлсіретпеу, итермелеу

Мұны да біліп алыңыздар.

Әр мемлекеттің өзіне тән сыртқы және ішкі саясаты, басқару тәртібі мен міндет-қызмет бөлінісі, қасиеттеп, қастерлеп ұстанатын рәміздері болатыны сияқты, әр отбасы тіршілігінің де соған ұқсас жақтары бар.

Отбасы тіршілігінің заңы бойынша, оны отағасы, ол болмаса отанасы басқарып отырған.

Ата-ана өз отбасын нығайта отырып, оның балиғатқа толған мүшелерін үй боуға, өз шаңырағын көтеруге әзірлейді. Жас отаудың түтіні түзу шығып, жылы ұяға айналуы олардың үлкен үйде алған тәрбиесіне, көрген өнегесіне байланысты.

Мәтіннен түсінуі қиын сөздерді теріп жазып, түсіндірме сөздіктің көмегімен біліп алыңыздар.

«Абай жолы» романынан үзіндіні оқыңыздар, қазақ әйелдерінің отбасы тәрбиесіндегі қандай тамаша үлгіні байқадыңыздар?

... Бала көп ішінен, ең алдымен өзінің шешесін көріп, соған қарай жүре беріп еді, шешесі анадай жерде тұрып:

– Әй, шырағым балам, әуелі ар жағыңда әкең тұр...Сәлем бер!-деді. Абай жалт қарап барып жана көрді. Анадай жерде, қонақ үйдің сыртында, қасында екі-үш үлкен

кісі бар – әкесі Құнанбай тұр екен. Ыңғайсыздықпен қысылып қалған бала, шешесінің сондайлық салқын сабырының мәнін ұқты да, әкесіне қарай тез бұрылды.

Б.Момышұлы армия қатарына кетерде әкесінің берген батасын оқыңыздар.

– Ақ жүрек болып жолдасың, адалдық сені қолдасын. Жақсылық үшін тірессең, жаныңды арың қолдасын. Арынды болсын, шабысың, алымды болсын табысың, Найзадай болсын намысың. Ер жігітке бәрі сын. Қиындық көрсең – мұқалма, ауырлық көрсең – жұқарма. Қамқоршы бол кішіге, үлкенді үлгі тұт алға!-деп әкем бетін сипады.

Осы шағын екі мәтінді оқығаннан кейін ойланып, мына сұрақтарға жауап беріңіздер:

1. Отбасында әке баланы қай жағынан тәрбиелейді?
2. Анасы баласын қай жағынан тәрбиелейді?

Ұлағатты сөздерді ұғып алайық.

Әйел еркектің қабырғасынан жаратылған. Егер қисық қабырғаны түзетем десең сындырып аласың. Сондықтан онымен ұғынысып өмір сүр, сонда бірге тұра аласың.
«Мың бір хадистен»

Үйлену дегеніміз – өз құқығыңның жартысын азайтып, міндеттеріңді екі есе көбейту.

А.Шопенгауэр

Мәселе – кіммен бірге туғаныңда емес, кіммен бірге тұрғаныңда.

М.Сервантес

Әйелдері тәрбиелі болған халық – тәрбиелі,
Әйелдері тәрбиесіз халық – тәрбиесіз.

Ризауддин ибн Фахруддин

ТУЫСТЫҚ АТАУЛАР

Ата – әкенің әкесі. Атаны жасы кішілер құрметпен «аксақал», «қария» деп атайды, шал деуге болмайды, ол сыйламағандық болып есептеледі.

Әже – әкенің шешесі. Ұлы мен келіні әжесінің айтқанын екі етпеуге тиіс. Әже де «немерелерін» ерекше жақсы көреді.

Әке-шеше, ата-ана – дүниеге ұрпақ әкелген ерлі-зайыпты адамдар. Ұл мен қыз үшін бұлардан асқан адам жоқ. Сондықтан олар ата-анаға өмір бойы қарыздар. Отбасында әке «отағасы» делінеді. Келін күйеуінің шешесін (анасын) «ене» дейді, ал басқалар «ошақ иесі» деп атайды.

Бала – ата-анадан туған ұрпақтар, яғни олар «ұл», «қыз» деп аталады. «Баласы бар үй – бақытты үй» деп саналады.

Ұл – шаңырақ иесі, ұрпақ жалғастырушы. Ұл туғанда бұрын «атұстар» деп хабарлаған.

Қыз – басқа елдің болашақ келіні, болашақ ана. Сондықтан «қыз-қонақ», «қыз-өріс» деп туған-туыстары аялап, мәпелеп өсірген. Үлкендер оны «қызымыз» деп үнемі төрге отырғызып, жолы үлкен деп есептеген.

Тұңғыш, ортаншы, кенже бала. Ата-ана бірінші туған баласын «тұңғышым», одан кейін туған баласы (немесе балаларын) «ортаншым», ең соңғы туған баласын «кенжем» деп атаған. Алғашқы балаларын үйлендіріп, енші беріп жеке отауға шығарған да, соңғы кенжесін өз қолында қалдырған. Ол әке-шешесін бағып, олардың мұрасына ие болып қалған.

Немере – ұлдың баласы. Немере ата-әже үшін өте ыстық болады. Олар бірінші немересін көбінесе бауырына салып, бағып өсіреді.

Шөбере – немеренің баласы. Оның ата-ана үшін орны ерекше. Егер шөберенің қолынан (алаканынан) су ішсе, о дүниеде жеңілдік болады деседі. Шөберенің баласы «шөпшек», шөпшектің баласы «немене».

Аға, апа, қарындас, сіңлі – бір әке-шешеден туған немесе туыстың ұл балалары, үлкен болса – «аға», кіші болса – «іні», үлкен қыз – «апа» (әпке), кіші болса – ұлдар үшін «қарындас», қыздар үшін «сіңлі» болады.

Жеңге – ағаның әйелі. Ол жасы үлкендер үшін – «келін», жасы кішілер үшін -- «жеңге», «жеңеше». Жеңгелері қайындарына, қайын сіңлілеріне «мырза жігіт», «ерке бала», «сырғалым», «шашбаулым», «бойжеткен», «күлім көз» деп құрметтеп атаған.

Қайын іні, қайын сіңлі – жеңгелері үшін, әйелдің күйеуінің ағасы – қайын аға, күйеуінің інісі – «қайын іні», қарындасы «қайын сіңлі» болады. Бұларды жеңгелері үнемі еркелетіп жүреді.

Ағайын -бірге туған туыстар бір сөзбен «ағайындар» делінеді.

Балдыз – әйелдің інілері мен сіңлілері күйеуіне «балдыз» болады. Жезде мен балдыз өте тату, бірін-бірі ренжітпеуге тырысады.

Келін – інінің, баланың әйелі жасы үлкендерге «келін» болып есептеледі. Келін күйеуінен үлкендердің бәріне де иіліп сәлем беруі керек. Мұндай келін әдепті, ибалы келін болып есептеледі.

Қалындық – күйеуге атастырған, бірақ өз үйінде отырған бойжеткен. Қазақ оны «оң жақта отырған қыз» дейді.

Абысын – ағайынды жігіттердің әйелдері.

Бөле – апалы-сіңлілі қыздардың балалары бір-біріне «бөле» болады.

Бажа – апалы-сіңлілі қыздардың күйеулері бір-біріне «бажа».

Қайын ата – әйелге күйеуінің әкесі, күйеуге әйелінің әкесі «қайын ата» болады. Екі жақ та қайын атаны өз әкелеріндей сыйлап, құрмет көрсетуге тырысқан.

Қайын ене – әйелге күйеуінің шешесі, күйеуге әйелінің шешесі «қайын ене».

Нағашы – ананың төркіні балаларына «нағашы» болады.

Мұнда жиендері тек туған нағашы ғана емес, оның туыстарын түгел «нағашы» дейді. Осымен байланысты нағашы жұрттың ер-әйелдері «нағашы апа», «нағашы жеңге», «нағашы қарындас», «нағашы аға», «нағашы іні» деп аталады.

Құда – қыз алып, қыз беріскен ер адамдар бір-бірін «құда» деп атайды. Қыз бен жігіттің өз әкелері бір-біріне «бауыздау құда» делінеді, ал құда түсуге келген адамдардың басшысы «бас құда» делінеді. Халқымызда әлі тумаған балаға құда түсу салты болған, оны – «бел құда», «қарын құда», «құрсақ құда» десе, кейде бесікте

жатқан балаларға құда түсу салтында «бесік құда» деген сөздер де бар. Кейде қызын берген үйдің қызын ұлына алып берсе, мұны «қарсы құда» дейді.

Құдағи – құдалардың әйелдері (бәйбішелері). Құдағи жол-жораны өзі басқарады. Құдалар басқа адамдардан жоғары отырады.

Жиен – қыздан туған бала(лар). Жиен нағашыларына еркелеп, нені қаласа да, алуға құқы бар. Ал нағашылары оның қолын қақпауға тиісті. Нағашы – жиендер кездескенде бір-бірімен әзілдесіп, еркін ойнап-күле береді.

Жиеншар – жиеннен туған бала. Ол да әкесі сияқты жиендікті жалғастырады.

Құдаша – келіннің сіңлісі, жігіттің қарындасы, жас келіншектер қарсы жақтарға «құдаша» делінеді. Құдалар аулының жастары құдашалармен жарасымды әзілдесіп, ойнап-күліп, сыйлас болуға тиіс.

Құда бала – жігіт немесе келіннің інілері. Бұлармен де екі жақтың құдалары әзілдесіп отырады.

Күйеу – қыз алған жігіт. Ол қыз берген жақтың бәріне «күйеу бала» болып есептеледі. Күйеу әйелінің апаларын «қайын бикем» деп, сіңлісін, інілерін «балдызым» деп, көбінше балдыздарымен әзілдеседі. Қонақасы бергенде күйеу мен келінге қойдың төсін ұсынады. Күйеу бас ұстамайды.

Жезде – әйелдің інілері мен сіңлілері оның күйеуін «жезде» деп еркелетеді, әзілдейді. Олар өте тату болады. Балдызының әйелі де оны «жезде» деу керек.

Жұбай – әйелдің күйеуіне қатысты атау.

Зайып – ердің әйеліне қатысты атау

Шақа (шақалақ) – жаңа туған бала

Шарана – қырқынан шықпаған бала

Нәресте – қырқынан шыққан бір жасқа дейінгі бала.

Жесір – ері өлген әйел

Тұлдыр (қу) жетім – әкесі де, шешесі де жоқ бала.

Тапсырма:

1. Туыстық атауларды есіңе сақта, өз білмейтініңді жазып ал.
2. Өз туысқандарың туралы әңгімеле.

Мына мақал-мәтелді жаттап алыңдар. Тиісті кезде қолдана біліңдер.

1. Өз жұртың – күншіл, нағашы жұртың – сыншыл, қайын жұртың міншіл келеді.
2. Қартың болса, жазып қойған хатпен тең.
3. Әке – балаға сыншы.
4. Балалы үй – базар, баласыз үй – қу мазар.
5. Балаңда бес жасқа дейін хандай көр, он бес жасқа дейін құлдай жұмса, он бес-тен әрі онымен досыңдай ақылдас.
6. Ұл – орындағы – ту, қыз – ұшатын қу (аққу).
7. Немере етін жеп, сүйегін қалдырады.
8. Туысы бірдің – уысы бір.
9. Жақсы үйге келген келін – келін, жаман үйге келген келін – келісап.
10. Келіннің аяғынан, қойшының таяғынан.
11. Ағайын тату болса ат көп, абысын тату болса ас көп.

12. Екі аяқтыда бажа тату, төрт аяқтыда бота тату.
13. Келін ененің топырағынан.
14. Құданды құдайдай сыйла.
15. Шешесін көріп қызын ал, анасын көріп асын іш.
16. Жиен ел болмас, желке ас болмас.
17. Жиен ел болар малы болса, желке ас болар майы болса.
18. Әкенің ең жақсысы жездедей-ақ.
16. Атаңа не қылсаң, алдына сол келер.
20. Атадан жақсы ұл туса,
Есіктегі басын төрге сүйрер,
Атадан жаман ұл туса,
Төрдегі басын есікке сүйрер.
21. Жақсы әйел – жігітке біткен бақ,
Жақсы жер, жайлы қоныс – алтын тақ.
22. Еркек сергек ұйықтаса, ырыс бітеді,
Әйел сергек ұйықтаса, жұмыс бітеді.
23. Ағасы бардың жағасы бар,
Інісі бардың тынысы бар.
24. Жақсы әйел жаман ерін хан қылады,
Жаман әйел жақсы ерінің басын даң қылады.

АТАМЕКЕН

Атамекен – адамның туып-өскен жері, ата мекені, ел-жұрты, табиғи байлықтары, халқы, қоғамдық және мемлекеттік құрылысы, тіл, мәдениет, тұрмыс-салт және әдет-ғұрып ерекшеліктері бар белгілі бір халықтың тарихи тұрағына айналған аумақ. Тар мағынада біреудің туған ауылы. Кең мағынасы адамның қалыптасқан, дүниедегі өнер мен мәдениетке кенелген жері.

Ұрпақтан-ұрпаққа қалып отырған «кір жуып, кіндік кескен» аймақ, өңір, өлке – ата мекенге кіреді. Ертеде көшпелі қазақ ауылдары жерді ру-ата болып пайдаланғандықтан, олардың әрқайсысының жеке-жеке қоныстары: қыстауы, көктеуі, жайлауы, күзеуі болған. Осы жерлер әр елдің (рудың, атаның, ауылдың т.б.) ата мекені деп есептелген.

Қазақ халқының атамекені – көне замандардан қалыптасқан жер көлемінің батыс жағы Каспийге, шығысы мен терістігі – Сібірге және Алтай тауларына, күнгейі – Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан республикаларына шектеледі. Қазақ жері – қасиетті, құдіретті құт мекен. Бұл күндері осы мекенде сан ғасыр армандаған қазақ мемлекеті дүниеге келді. Көлемі бес Францияға, тоқсан екі Бельгияға пара-пар елдің жерінде алуан түрлі кендер, өсімдіктер, жан-жануарлар бар. Химия ғылымында Менделеев ашқан химиялық элементтер кестесінде көрсетілгендердің бәрі қазақ даласынан табылады.

Қазақта «ел», «жұрт», «халық», «Отан», «ағайын» деген сөздер бар.

«Ел» (страна). Қазақ халқында «Ел іші – алтын бесік», «Елдің елдігін білмеген, құдайдың бірлігін білмейді» деген даналық сөздері бар. «Ел» сөзі кейде мемлекет

мағынасында «Қазақ елі» деп те қолданылады. Басқа елге баратын өкілді «елші» деп те атайды.

«Жұрт» – «жұрт жаңарту», орыстың «юрта» дегені, ел мағынасына жақын, синоним деуге болады. «Ел», «жұрт» түрік сөздері.

«Ағайын» – «аға-іні» – деген сөздердің бірігуінен шыққан. «Отан» арабтың «в-атан», яғни, «өлке», деген сөзінен шыққан. «Ұлт» қазақта ертеден Отанға қосарлана айтылған.

С.Мұқанов. «Халық мұрасы»

Тапсырма:

1. Мәтіннің мазмұнымен таныс.
2. Әр абзац бойынша сұхбаттас.
3. «Кір жуып, кіндік кескен» сөз тіркестерін қалай түсінесің?
4. Ел туралы мақалдарды толықтыр, жатта.

ҚАСИЕТТІ ДЕП НЕНІ АЙТАМЫЗ?

Атамекен, туған жер – әркімнің ата-бабасы, өзі туып, өскен жері. Туған жер, өскен елді құрметтеу – азаматтық белгісі.

Қарашанырақ – ата –бабадан қалған үй. Атадан балаға қалып келе жатқан үй қасиетті орын есебінде сақталған. Мұндай үйді күтіп, таза сақтайды.

Киелі орындар – әулие-әмбиелердің, батырлар мен би-шешендердің, атақты адамдардың мекенжайлары, қабірі, мешіті киелі, қасиетті деп саналады. Мұндай орындарға халық әдейі барып зиярат етеді, түнейді, тілек тілейді.

Ананың ақ сүті – адам баласы үшін қадыр –қасиеті ерекше ұғым. Ананың ақ сүтін ақтау өте үлкен парыз. Аналардың «ақ сүтім ақталды» деп марқаюы балаларына ризалықтың белгісі. Ананы риза ету – алланы риза ету деген сөз.

Құран Кәрім – Мұхаммед пайғамбарымызға (с.ғ.с.) түскен қасиетті төрт кітаптың бірі.

Дастархан – тағам, дәм байлығы мен берекесінің бейнесі, символы. Жомарттар мен мырзалардың, қолы берекелі әйелдердің аттары осы кең дастарханымен шыққан. Дастарханды аттамайды, дастархан үстінде әдепсіз сөз айтылмайды.

Қара қазан – тоқтық пен мырзалықтың айғағы сонымен бірге ол мол ас пен адалдық қазынасының бірлігі ретінде қастерленеді.

Ошақ – қазан-ошақ деп қосарлана айтылатын киелі де иелі заттың бірі.

От орны – Киіз үйдің ортасында ошақ құрып, қазан асылып, от жағылатын орын. Оттың орнын аттамайды.

Төр – әр үйдің қонақ отыратын жоғарғы әрі қасиетті орны. Үйге келген адамға «төрге шығыңыз» деген ілтипат пен ақ ниет осыдан шыққан.

Батырлардың қару-жарағы – нағыз киелі заттар деп бағаланады. Қабанбай, Бөгенбай, Кенесары сынды ерлердің қылыш, найзасы, сауыты мен дулығасы, ер – тұрманы ғасырдан ғасырға сақталатын мәңгілік мұра.

Аңшы, шеберлер құралдары – мергеннің мылтығы, аңшының қақпаны, ұстаның балғасы, етікшінің бізі де қасиетті мүлік есебінде сақталады. Ол ешкімге берілмейді, сатылмайды және оны жоғалтпай ұстайды.

Ұлылырдың қаламы – сирек кездесетін баға мұра ретінде музейге, әр үйде сақталады.

Жылқышының қара қосы – береке үйі деп халық оны жоғары бағалайды. Қыста «қара коста» әрқашан жылқының семіз еті мен майлы сорпасы мен құрт көже үзілмейді. Мұнда келгендер тойып аттанады.

Ертеден қалған ескерткіштер – ежелгі қала орны, ата –баба жұрты, ескі қорымдар киелі орындар деп есептеледі

Бұлақ – тазалық пен нәр көзі есебінде қасиетті деп қаралған. «Бұлақ көрсең көзін аш» деген қағида оның жоғары бағасын білдіреді.

Өнер иелерінің мүлкі – Әншілер мен композиторлардың, ақындар мен жазушылардың, қобызшылар мен домбырашылардың саз аспаптары, киімдері тұтынған заттарын да халық ерекше мүлік ретінде қастерлеп ұстап, сақтап келген.

Бақан – шаңырақ көтеретін киіз үй мүлкі. «Бақанды аттама» деген тыйым оның өзіндік қасиетті дүние екенін білдіреді.

Мал басы (төл басы) – әр үйде «малымыздың басы, құтты» деп айтып отыратын киелі мал болады. Олар: үйірін ит-құсқа бермейтін айғыр, соңынан төл ерткен мама бие, қой бастайтын серке сияқты. Қазақ мұндай мал басын саппайды, айырбастамайды.

ЖАТТЫҒУЛАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР



1. Төмендегі амандасу түрлерін қарым-қатынас жағдаятына қарай жазыңыз.

- 1) Сәлем! – Амансың ба?
- 2) Сәлеметсіз бе? – Аман ба, әке (шырағым)!
- 3) Сәлем! – Сәлем!
- 4) Сәлеметсіз ба? – Саламатсыз ба?
- 5) Есенсіз бе? – Ауыл-аймақ, бала-шаға аман ба?
- 6) Мал-жан аман ба? – Хал-жағдайларың қалай?
- 7) Армысыз? – Әке-шешенің дені-қарны сау ма?
- 8) Қайырлы таң! Қайырлы күн! Кеш жарық!

Үлгі: 1) Жастары шамалас, араларында тұрақты қарым-қатынас орнаған адамдардың сәлемдесуі

- 2)
- 3)
- 4)
- 5)
- 6)
- 7)
- 8)


2. Кімдер қалай сәлемдесетінін белгілеп көріңіздер.

- | | |
|---------------------|------------------------|
| 1. Қол алысады. | 1. ата-ана баласын |
| 2. Төс түйістіреді. | 2. келіндер үлкендерге |

3. Құшақтасып, сүйіседі.
4. Беттен сүйеді.
5. Тізе бүгіп, сәлем жасайды.
6. Бас киімін алып сәлемдеседі.

3. ер адамдар
4. шәкірт ұстазға
5. құдағилар
6. құда-жекжаттар

3. Туыстық қатынастарды анықтаңыз.



- 1) Асан менің –
- 2) Еділ Асанның
- 3) Гүлжан мен Әсем.....
- 4) Айнұр Гүлжанның.....
- 5) Сәуле менің.....
- 6) Қайрат Асанның.....
- 7) Ермек Шыңғыстың.....
- 8) Асқар мен Еркін.....
- 9) Гүлжан Жамалдың.....
- 10) Шыңғыс пен Абылай.....

4. Тыңдалым



«Атасы жақсы қандайды?» – халық термесі

а) Ән мәтініне мұқият мән беріңіз.

ә) Ән бойынша төмендегі қасиеттердің кімге тән екенін көрсетіңіз.



- 1) Перзент қамын ойлайды –
- 2) Сүрінгенде сүйеніш құлағанда қолдайды –
- 3) Туысқан қамын ойлайды –
- 4) «Қалқам» деп шықса алдыңнан, көңілде қайғы қалмайды –
- 5) «Айналайын, Мырзаш!» деп, басыңнан сипап алдайды –
- 6) Ақылменен іс істеп, бетіңе күйе салмайды –
- 7) Әкеден кемі болмайды –
- 8) Бөліп бір жеген нандайды –

б) Ән мәтініндегі туыстық атауларға берілген анықтамалардың мәнін талдап, түсіндіріңіз.

**5. Мәтіннен туыстық атауларды теріп жазыңыз.**

Абай жете түсіне алмады. – Қалай дейсің, Байтас аға? Ойке ана деп кімді айтасың? – Бәсе, Телғара зой... жаным-ау, мынау... Телғара! Әпкеме айтайыншы, – деп тағы бір жас қатын, жеңге де үлкен үйге қарай ұмтылысқан. Сағынған баласының келер мөлшерін Байтас кеткеннен бері шешесі Ұлжан да есептеп, осы бүгінге ұйғарып жүр еді. Қырықтың ішіне жаңа кіріп, семіз тартып қалған сар-қызыл бәйбіше жаңағы дауыстарды түгел естіді. Өз үйінен шығарда, төрде отырған енесі Зерені де хабарландырып, сүйемелдеп ерте шықты. Құлағы көптен мүкіс тартқан кәрі әжесінің ең бір жақсы көретін немересі Абай-ды. Әкесінің қасында тұрған Майбасар мен соның атишабары екен. Майбасар – Құнанбайдың тоқал шешесінен туған інісі. Тонтекеңнің жиенімін деп тұр зой! – десіп, Абайдың нағашыларын есіне алысты. Бел құда, бесік құда деген шірік салт жойылатын кез жетті.

6. а) Диалогты оқыңыз

- Жазды жақсы өткіздім!
- Қалай?
- Жаз бойы Астананы, Көкшетауды араладым.
- Көкшетаудың ауасын байқадыңыз ба?
- Е,е...е байқамағанда ше?!
- Сөйтіп, Арқаның кербез сұлу Көкшетауына барған екенсіз ғой!
- Иә, керемет екен! Астана қандай көркейген.
- О...о, тамаша болған екен!
- Елге асыққан жоқ шығарсыз?
- Неге асықпайын? Алматыға қайдан жетсін!
- Жақсы дем алыпсыз!

ә) Жүп-жүпқа бөлініп өз туған жерлеріңіздің кескін келбетін сөз ететін диалог құрастырыңыздар (ауызша).

7. Өз туған жерлеріңіз туралы аңыз-әңгімелер, тарихи тұлғалар туралы мәлімет жинақтаңыздар.

III. БИ ДЕГЕНДІ БІЛЕ МЕ БҮГІНГІ ҰРПАҚ?

Мәтінді оқып, түсініңіздер.

Би – біріншіден, көпті көрген, яғни «көре-көре *көсем*, болған», көнені ғана біліп қоймай, болашаққа да болжам жасай алатын (болуы керек) болған. Би – бірде астарлап, бірде мысқылдап, сүйекке жеткізген. Қажет жерінде қара тасты қақ айырып түсетін от ауызды, орақ тілді *шешен* болған. Ешбір би өзін ақынмын деп санамаған. Бірақ *шешендік пен ақындықты* тең ұштастырып сөйлеу тек билерге ғана тән қасиет, заңды құбылыс болған. Биді бұрынғы да, қазіргі де жазба тілдерімізде сот доп жүрміз. Бұл – бір жақты пікір, әдетте даулы мәселені шешкен жерде кемі үш би қатысады. Бірі – айыптаушы (прокурор), екіншісі – ақтаушы (адвокат), үшіншісі – төбе би (судья). Ал сот дегеніміз бір ғана үкім шығарушы судья деген мағынаны бідіреді. Сондықтан биді сот деп емес, *заңгер* деп қараған мақұл. Би тек ел ішіндегі ғана даулы мәселені шешіп қана қоймай, ру, тайпа, ұлыс, ел мен ел арасындағы даулы мәселелерді шешіп отырған. Еларалық мәселелерді шешу үшін нағыз көсем билерді *елшілікке* жіберіп отырған. Билер арасында қол бастап, жауға шапқан батырлар да аз болмаған. Бидің *батырлығы* – қолына қару алып, жауға шабуында емес, қылышынан қан тамған қаһарлы хан-сұлтан немесе елдесуден кеткен ежелгі дұшпан алдында именбей, өткір тілмен турап түсетін әділетті сөз айтуында деп саналған. Бидің әділ сөзі еттен өтіп сүйекке жеткенде, оған ата жаудың өзі де қылыш көтермеген.

Билер ел мен ел арасындағы қоғамдық мәні зор саяси мәселелерді шешуде хан-сұлтандардың негізгі тірегі, *кеңесшісі* болған. Хан қаншама қаһарлы болғанның өзінде де «Билер кеңесінде» көпшілік дауыспен қабылданған шешімді бұза алмаған.

Би – халық тарихын, әдет-ғұрпын, салт-санасын жете меңгерумен қатар заңғар-заңғар ой түйе білген философ, ғылымның әр саласынан жақсы хабардар, *білімпаз* болған. Олар Күн, Ай, Жер, Су, Тау, Көк аспанмен бірге жер бетіндегі барша аң, құстың сан алуан қасиеттерін жете көре білген. Пікір айтар жерде соларды салыстырып, мысал келтіріп, сом-сом ой түйіп, қанатты сөздер қалдырған.

Би – адамның жан-дүниесін, мінез-құлқын бір көргеннен-ақ тап басып танитын әдепті *психолог* болған. Көсем билер қарсыласының жан дүниесіне үңілумен бірге, оның әрбір қимыл-қозғалысын, үн-бояуын қалт жібермей қадағалай білген.

Би атанып халыққа танылғандар – «өзім болдым, өзім толдым, кейінгілер өзі білсін» – деп келте пішіп, кем ойламаған. Болашақта соларға ұқсап ел мүддесін көзде-сем-ау деген талапты жастарды танып, тәрбиелеп баулыған.

Сұрақтарға жауап беріңіздер:

1. Би өз ойын қалай жеткізген?
2. Билерге тән басты қасиет қандай?
3. Даулы мәселені шешуге қанша би қатысқан?
4. Бидің батырлығы неде?
5. Билер кімдерге кеңесші болған?
6. Хандар қандай шешімді бұза алмаған?
7. Көсем билерде тағы қандай қасиеттер болған?

Мәтінде кездескен тұрақты тіркестерді теріп жазып, фразеологиялық сөздіктен қараңыздар, сөйлем құраңыздар.

Үлгі: өткір тілмен турап түседі; ата жау; еттен өтіп, сүйекке жету, т.б.

Мәтінде кездесетін кейбір сөздер мен сөз тіркестерінің мағыналарына көңіл бөліңіздер.

КӨСЕМ – көпшілікті соңынан ерте алатын, көп көрген, көп білетін адам.

ШЕШЕН – шебер сөйлейтін, сөйлегенде елді аузына қаратқан адам.

ҰШТАСТЫРУ – байланыстыру, жалғастыру

ШКІР – көзқарас, өзіндік ой, түсінік

КЕҢЕСШІ – ақыл беруші

БІЛІМПАЗ – өте білімді, білім сүйгіш

ИМЕНБЕУ – қорықпау, қаймықпау, батыл айту

ҚАҒАРЛЫ – өте қатал, ашулы

ЖАН ДҮНИЕ – ішкі сезім, түйсік

ЗАҢҒАР-ЗАҢҒАР – өте биік

СОМ-СОМ – өте ірі

ҮҢЛУ – қарау, көру

ҚАЛТ ЖІБЕРМЕУ – мүлт кетпеу, дәл табу

ҚАДАҒАЛАУ – бақылау, байқау, тексеру

МҮДДЕ – мақсат, мұрат

БАУЛУ – тәрбиелеу, үйрету

Мұны да біліп алыңыздар...

Шешендік көп халықтарда ертеден ұшырасатын қасиет. Тіпті ежелгі Рим империясы мен Грек, Мысыр елдеріндегі оқу орындарында «Риторика» деп аталып, негізгі пәндердің бірі болып саналған. Онда болашақ ел басшыларын, заң қызметкерлерін, қоғам қайраткерлерін ешқашан қағазға қарамай, шешен сөйлеуге үйреткен.

Ал біздің билердің шешендік мектебі – әуелі халық, сосын өздерінің тума таланты еді.

* * *

Қазақта, сондай-ақ жалпы түркі елдерінде «Қазы» деген сөз жиі кездеседі. Қазы да билік айтушы, төрелік етуші болып саналады. Әйтсе де би мен қазының арасы жер мен көктей. Қазы бір өзі ғана жүгінушілерге шешім шығарып, төрелік айтады. Ал оның әділдігі мен әділетсіздігі көп жағдайда тең түсіп жатуы ықтимал. Ондай жағдайда даушылар қазыдан асып, билерге жүгінген.

* * *

Нағыз сөз зергерлеріне тән бірнеше ерекшеліктерді байқауға болады. Олар ең әуелі «орнында айтылмаған сөз жетім» дегенді қатаң қағида етіп ұстанды. Ол үшін төмендегі үш шартқа жүгінген:

1. *Не айту керек?*

Мұнда сөйлеп қалу міндетті емес. Кейде қас-қабағыңмен, бет-пішініңмен, тіпті, жүріс-тұрысыңмен-ақ көп нәрсені аңғартып кете аласың. Ал міндетті түрде тіл қату керек болса – сөзінді іріктеп, ойынды оралымды қыла біл!

2. Кімге және қайда айту керек?

Әуелі сөзінді кімге айтқалы тұрсың – соны бағамда! Ол сөзінді ұғатын кісі ме? Қайран сөзінді қайдағы бір езге қор қылма! Сосын айтылуы керек сөздің өз орны бар. Адамның жеке өзіне айтылатын сөз бар, көпшілік ортасында айтылатын сөз бар.

3. Қалай айту керек?

Нағыз жүйрік шешендер мынадай үш үлгіде ой түйеді екен: а) Сөзге сөз қайырып отыру; бір ойды бастап бергенде келесісі жалғастырады, үшіншісі аяқтап отырады. ә) Төкпе сөз. Бұл аса қысқа да, ұзақ та емес, бір деммен төгіп тастайтын көсем сөздер. б) Шешендік толғаулар. Бұл билердің шешендігін ғана көрсететін сәт емес, көсемдігін де танытатын тұсы.

Келтірілген шағын мәтіндерден мына сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын біліп алыңыздар, басқаша қалай айтар едіңіздер?

Сөз зергері, аңғарту, тіл қату, іріктеу, бағамдау, ез адам, танытатын тұс

Пікір алысайық:

1. Біздер қарапайым адамдар, қай жерде не айту керек, айту керек пе, үндемей қалу керек пе, кімге және қайда, қашан айту керек, қалай (қатты айту керек пе) айту керек деген сұрақтарға жауап іздейік.

2. «Би кім?» деген сұраққа жауап жазыңыздар. (қосымша кітаптардан конспект жазыңыз) Қандай би туралы білесіз, билердің шешендік сөздерін қарап, жатқа айтыңыздар.

ТҮГЕЛ СӨЗДІҢ ТҮП АТАСЫ

Би дау-жанжалға билік айтушы билермен адам. Би халықтың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін жақсы білумен бірге сөз таласында шешендігімен, даулы істі қарауда тапқырлығымен дараланып, ел ішінде белгілі жан болған.

Билер билік шығару, ол биліктердің орындалу әдістерін белгілеуде тең құқықтарын пайдаланған. Олар Кіші, Орта және Ішкі Ордалар хандарының кеңес құрамына кіріп, хандар саясатына елеулі ықпал жасаған. Ел ішінде «Билер соты» деген кеңес өкіметінің алғашқы жылдарына дейін болды.

Қазақтың тұңғыш биі атанған Майқы би – ұлттық, шешендік өнеріміздің атасы. Халқымыздың аңыз-әңгімелері бойынша Майқы әділ бітім айтып, шешім шығарған парасатты, ақылды би болған. Майқы – халқына адал болып, оның бейбіт өмірін жақтаған адам. «Түгел сөздің түбі – бір, түп атасы – Майқы би» деген халық даналығы осыдан шыққан. Семей жеріндегі Шыңғыстауда Шыңғыс ханды ақ киізге көтеріп хан сайлағанда Майқы би батасын берген:

Тұлпардан тұлпар туады,
Сұңқардан сұңқар туады.
Асылдан асыл туады,
Масылдан мал бақпас туады,
Тілазардан қылжақбас туады.

Таздан жарғақбас туады
Сараңнан бермес туады.
Соқырдан көрмес туады,
Мылжыңнан езбе туады.
Қыдырмадан кезбе туады.

Майқы бидің ұлы дарыны оны елдің сөз тізгінін ұстаған ұлағатты мәртебеге көтерді. Оның көп тебіреністері қоғам дамуына, ел тірлігіне арналады. Ел мүддесі, мемлекеттік бірлік пен береке туралы Майқы би өз толғамдарымен ұрпаққа өшпес өсиет сөз қалдырды. Қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлиханов «Ұлы қырғыз-қайсақ ордасының аңыз, әпсаналары» атты еңбегінде Майқы би туралы толымды түсінік берген. Шоқанның тарихи тұжырымын Абай жазған сөздермен байланыстырса, Майқы бидің елдік, мемлекеттік рухының ғылыми байыбы дәйектеле түседі.

Береке түбі – бірлік,
Бірлік түбі – тірлік.
Жеңіс түбі – ерлік!

Майқы би айтқан ой талай-талай ғасырлардан бері қазақ халқының, түркі жұртының дәстүрлі қағидасы, аталы сөзі болып келеді.

Тапсырма:

1. Төмендегі сұрақтарға жауап жаз:
 - а) Қандай адам би болған?
 - ә) Билер не істеген?
 - б) Майқы қандай адам?
 - в) Майқы ел үшін не істеді?
2. Майқының Шыңғыс ханға берген батасының, бірлік туралы сөзінің мағынасын түсіндір.
3. Майқы би туралы кімдер пікір айтқан?
4. Майқы бидің қандай шешендік сөзін білесіңдер?
5. Өзіңе ұнаған бір бидің шешендігін жаттап ал.

ӨЗІЗ ТӨЛЕ

Төле Әлібекұлы (1663-1756) қазіргі Жамбыл облысы, Шу ауданының Жайсаң жайлауында дүние табалдырығын аттаған. Әкесі Әлібек шешен, ескіше сауатты және ел әңгімелерін жақсы білетін адам болған. Төле араб, парсы тілдерін жақсы білген. Өз елінің, өзге халықтардың, әсіресе, Шығыстың аңыз-әңгімелерін, қисса-дастандарын еркін меңгерген. Ән-күй, ақындық өнерді құрметтеген. 15 жасынан бастап ел билеу ісіне ынтасы ауған. Оның әділдігі, ойға жүйрік, сөзге шешендігі жұртшылыққа белгілі, сыйлы етеді. Қазақ халқының басын біріктіру, мемлекетті нығайту, халық атынан сөйлеп, шешім шығару Төле бидің өмірлік мұраты еді.

Уа, көсіле шабар ерің бар,
Ту көтерген ерің бар,
Қол боларлық елің бар,
Атадан қалған сара жолың бар.

Құлдық ұрсаң дұшпанға,
Арылмайтын сорың бар.
Еркек болып туды деп,
Мына сені кім айтар?! –

деп әр азаматтың ел алдындағы жауапкершілігіне баса назар аударады.

Кезінде *«Қарлығаш әулие»*, *«Қарлығаш би»* атанған. Мұның себебі былайша: «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» кезінде ел ауғанда Төле үйін жықпай, қасиетті жұртын қимапты. Сонда жоңғарлық әскербасы Төлебиден көшпей қалудың сырын құмартып, қиыла сұрапты:

– Шаңырағыма бір бейкүнә қарлығаш ұя салып еді, ол жер бетін топан суы басқанда Нұқ пайғамбардың кемесін сақтап қалған, жыланға адам баласының жем болу қаупі туғанда қызғыштай қорғаған күс еді. Осындай киелі құстың ұясын бұзып, балапандарын зарлатып-сарнатып кете алмадым, – дейді дана туған Төле би.

«Бір ауыз сөзі мың ауыз сөзге татитын» Төленің ғажайып болмысын жүйрік таныған қалмақ қолбасшысы: «Шын әулиенің өзі екен» деп, өзіне де еліне көз алартпапты.

Төле би, әсіресе, үй іші берекесіне мықтап көңіл бөлген. Үйдің көркі – әйел заты. Ендеше, *«Келінім ақылды болса, балам дана болады. Ердің бақыты – әйел деген. Ел сыйлайтын ерді ақылдылықпен адам етіп тәрбиелейтін әйел, кең жайылған дастарқанымен ердің атын шығаратын да әйел. ...Бірыс, бақыт, қызыр да әйелде»* деген ұлағатты сөздері, көрікті ойлары есті ұрпағын да қызықтырады. Өзі де асып туған ізетті, рақымды, ақылды, мейірімді Данагүлді ұлына айттырып алады.

Бірде Төле алыс сапардан қайтып келе жатып, шөлде қырық қарақшыға кездеседі. Қарақшылар жұрдай қылып, шөлге қалдырып кеткілері келеді. Өзінің кім екенін сездірмеген Төле би:

– Менің малым көп, мен бір бай адаммын. Жүз түйем бар, жүз жылқым, қатын, бала шағам бар. Жасым алпыстан асты. Маған жанымнан мал артық па? Ауылға барып мал әкеп берем дегенге сенбессіңдер. Оның ебін өзім айтам. Ақылыңа сыйса тыңда. Мен ауылыма хат жазайын. Кенже ұлыма құда түсіп біреудің қызын әпермек едім. Соған қырық құнан атан, жиырма буыршын, сегіз ақ бас атаным бар еді. Соны берсін. Оң босағамда көмген алтыным, сол босағамда күмісім бар еді. Өзімнен басқа адам білмеуші еді.

Төле бидің тұспалдап, ишараттап жеткізген ойларын келіні Данагүл былайша дұрыс шешіпті: Атам қырық қарақшының қолына тұтқын болып түскен екен. Қырық құнан атан берсін дегені қырық мықты жауынгер жігіт берсін дегені. Жиырма буыршын берсін дегені жиырма палуан берсін деген. Сегіз ақ бас атан берсін дегені сегіз ақсақал берсін дегені. Оң босағада алтыны мен едім, сол босағадағы күмісі баласы еді. Алтынымды түгел берсін дегені мені алып келсін дегені.

Екі қарақшы Төле бидің ауылына барады. 2-3 күн қонақ болады. Тиісті малды алдына салып береді. Төле би келіні Данагүл еріп шығады. Ал алпыс жігіт пен сегіз қария соңдарынан жасырынып жүріп отырады. Сонымен қырық қарақшыны тырп еткізбей қапыда қолға түсіреді. Содан ұлтының рухани көсемі Төле би жалынды сөз сөйлейді:

– Ғұмыр біреу, кезек екеу деген. Сендерге өлім керек пе, өмір керек пе? Тілімді алсаңдар ақылымды айтып, ара түсейін. Бәріңнің елге пайдаларың жоқ. Айдалады не қатының, не балаң жоқ, қаңғырып өмір сүресіңдер. Зорлық түбі қорлық деген. Бұларыңнан не пайда? Таза, адал еңбек істесеңдер, қарның тояды, біреуді жылатып,

тартып алғанның берекесі болмайды. Төле бидің өсиеттей өнегелі сөзіне бойы еріген, ойы сергіген қарақшылар ес жиып, етек жауып, басына бас, малына мал қосылып ел қатарлы өмір кешіпті.

Төле би Абылай ханның заманында «Төбе би» атанып, Ташкентте өмірінің ақырғы жылдарына дейін ұлы жүзді басқарып тұрған. Ол 1756 жылы Ақбұрхан деген жерде дүние салып, Шайхантауыр зиратында жерленген. Қазақ халқының бас биі – Төле бидің:

Шешендіктен не пайда,
Артыңда сөзі қалмаса
Батырлықтан не пайда,
Халқына қайран қылмаса.
Хандықтан не пайда,
Қарашасын жалмаса.
Молдалықтың не пайда,
Шариғатты өзгертіп,
Нашарларды алдаса, –

Сияқты нақыл сөздері ел ішінде жатталып қалды. Төле бидің ел-жұрт, жекжат-жұрағат, тіпті алты алаштың арасындағы қадір-қасиеті хан, сұлтандардан да жоғары, биік болған.

Ұлттық сөз өнері тарихында билердің бірегейі, ақыл-ойдың телегейі **Төле Әлібекұлының** есімі алтын әріппен жазылған.

Шағын мәтінді оқыңыздар

Кіші жүзде Алшын Қаражігіт би деген атақты кісі болған екен. Сол кісінің қартайған уақытында бір жұт болыпты. Ел жаман жұтап, төрт түлік малдан дәнеме қалмапты. Қаражігіт бидің азамат боп ер жеткен жалғыз баласы бар екен. Сол баласын Ұлы жүзде Үйсін Төле биге жіберіпті дейді.

– Бар балам, ақыл сұрап кел, кедейліктен кісіні ерікке қоймай сүйреп алып шығып құтқаратұғын айла болар ма екен? – деп.

Содан бала Ұлы жүз Үйсін Төле биге әдейі іздеп барып, мейман болып, барған күні жатып, ертеңінде қайтпақшы болған соң, Төле би сұрапты дейді:

– Балам, жай жүр ме едің, жұмысың не еді? – деп. Бала айтыпты:

– Елім жұтап, төрт аяқты малдан тұяқ қалмаған соң, әкем сізге жіберіп еді, ақыл сұрап кел деді. Қайтсек біз ел қатарына қосыламыз деп. Сонда Төле би айтыпты:

– Ә, балам, жігіт адамды кері тартатын үш кесір бар. Бас кесір – еріншектік, органшы кесір – ұйқышыл болу, кенже кесір – көжірлік. Осы үш мінез бір адамда болса, ол адам өмірінде оңбайды, осы үшеуінің бірде-бірі жоқ болған адам ештеңеге мұқтаж болмайды, күннен-күнге ілгері баса береді, – дейді.

Төле би айтқан үш кесірді жазып, есте сақтаңыздар.

Мәтінде кездескен кейбір сөздер мен сөз тіркестерінің мағыналарына көңіл бөліңіздер.

ӘЗІЗ – қымбатты, қадірлі

ЖҰТ-ЖҰТАУ – азып-тозу, ашаршылыққа ұшырау

ЕРІК – ішкі тежеу сезімі
ДӨНЕМЕ – ештеңе, түк, ешнәрсе
ЕРІККЕ ҚОЙМАУ – еркінен тыс, еріксіз
АЙЛА – әдіс, тәсіл
МЕЙМАН – қонақ
ТҰЯҚ ҚАЛМАДЫ – ештеңе қалмады
КЕРІ ТАРТУ – артқа тарту
КЕСІР – ең жаман әдет
КӨЖІРЛІК – көрсоқырлық, көрмеу, аңдамау, сезбеу
МҰҚТАЖДЫҚ – жоқшылық, жетіспеушілік
ОҢБАЙДЫ – түзелмейді, жақсылық болмайды

Төле би айтыпты...

Шақшақұлы Жәнібекке:

– Өгізді өрге салма, қанатың талар, наданға көзіңді салма, сағың сынар. Досыңа өтірік айтпа, сенімің кетер, дұшпаныңа сырыңды айтпа, түбіңе жетер. Жақыным деп жаманның малы үшін жақсының жағасынан алма, өрісің тарылар. Қару жисаң мылтық жи, жаяу жүрсең – таяғың, қарның ашса – тамағың. Әйел алсаң, көріктіге қызықпа, тектіні ал. Мақтаншақ жігіт жисаң, ұятқа қалдырар.

* * *

Алғаның адал болмаса,
Басыңа бақыт қонбайды.
Екі досты айырған
Түбінде өзі оңбайды.
Көреген болса балаңыз,
Қиынды көзбен божайды.
Өзіңнен туған ұл мен қыз
Сыйламаса сол қайғы

Төле би айтқан нақыл сөздердің мәнін түсініңіздер, есте сақтандар.

Сағың сынар, қанатың талар, сенімің кетер, түбіңе жетер, өрісің тарылар.

Төле би жайлы тағы қандай аңыздар, деректер білесіздер? Оқып айтыңыздар.

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ

Тарихи жазба деректерді сөйлетсек, кемеңгер би 1667 жылы Сыр бойында дүниеге келген, 97 жасында, яғни 1764 жылы көз жұмған. Қазыбек би Жоңғария хандығына елшілік, мәмлегерлік жолмен үш рет барған. Бұған ел аузындағы аңыз әңгімелер куә. Жол бастаған көсемнің, сөз бастаған шешеннің атақ-даңқы бірінші рет атқосшы ретінде барғанда-ақ шыққан. Жас шамасы 14-15-тегі кезі. 1680-1684 жылдарда жоңғарлықтар қазақ даласына ойран салып, мал-мүлкін алып, кісілерін тұтқындап, қанды қырғынға ұшыратқан. Сол кезде Қазыбектің қалмақ ханына айтқан сөзі:

– Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт – береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз, ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзды ақтай білген елміз, асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса, күң боламын деп тумайды. Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз. Сен – қабылан болсаң, мен – арыстан алысқалы келгенбіз. Қазақ, қалмақ баласы, табысқалы келгенбіз. Танымайтын жат елге танысқалы келгенбіз. Танысуға көнбесең шабысқалы келгенбіз. Сен – қалмақ болсаң, біз – қазақ, қарпысқалы келгенбіз. Жаңа үйреткен жас тұлпар жарысқалы келгенбіз. Тұтқыр сары желіммін, жабысқалы келгенбіз. Сен темір де, мен көмір, еріткелі келгенмін. Екі еліктің баласын теліткелі келгенмін, егесетін ер шықса иілткелі келгенмін. Берсең жөндеп бітіміңді айт, не тұрысатын жеріңді айт, – деп, келбеті келген сұңқар саңқылдаған даусымен түйдекті, жалынды сөздерді меруерттей тізіп, бұршақтай жаудырыпты.

Өзінің жеңілгенін Қоңтәжі мойындап :

– Бұған қайтарып айтар сөзім жоқ, мал мен жанын есептеп қайтарып беріндер, – депті.

Қаз дауысты деген атты осы сапарда Қоңтажы берген екен. «Балам атың кім?» дейді.

– Атым – Қазыбек, әкем – Келдібек би. Ұлтым – қазақ, руым – Қаракесек, – деп, жауап беріпті.

– Ендеше, даусың қаздың даусындай қаңқылдап шығады екен, есімің Қаз дауысты

Қазыбек боп қайта жаңғырсын, – деп, оның қанаты бар, жас тұлпар, өркеші бар нар. Заңғары бар тау екендігін қабылан түсті Қоңтәжі түсініп, түсі жылып, шыбықтай иіліпті.

Қазыбектің беделі мен ықпалына қазақ хандары ғана емес, көршілес жатқан елдер тәнті болған. Олар Қазыбек бидің мемлекетаралық шиеленістерді бейбіт жолмен шешуде парасатты елші, дипломат екенін жоғары бағалаған. Оған дәлел 1761 жылы Қытай империясының елшілігінен, ал 1762 жылы орыс мемлекеті әкімшілігінен өкілдер арнайы келген.

Қаз дауысты Қазыбек би – біріншіден, сөзге асқан шешен, ақын; екіншіден, ел басқарған, дау-жанжалды әділ шешкен, әділ қазы; үшіншіден, ол – халықаралық дәрежедегі елші-дипломат, қоғам қайраткері.

Қазыбектің Қоңтажыға айтқан сөзін тақырыпшаларға бөліп,

- а) халыққа берілген мінездеме;
- б) келген мақсат; өз сөздеріңізбен айтып көріңіздер.

Қазыбектің Қоңтажыға айтқанын сол күйінде жаттап алыңыздар.

Қазыбек бидің тағы бір қырын көрсететін мәтінді оқыңыздар.

Бірде Қазыбек бидің алдына бір бала үшін дауласып екі әйел келеді. әйелдің бірі :

– Мен баламды жас күнінде жоғалттым, соны мына әйел тауып алды ма, оны білмеймін, әйтеуір асырап алыпты. Бүгін танып сұрасам, өз балам деп бермейді, – дейді. Екінші әйел:

– Бала өзімдікі мынау босқа жармасып тұр, – дейді.

Қазыбек екі әйелдің сөзін тыңдап болып, біраз ойланады. Содан кейін, шындықты анықтау үшін, баланың екі қолынан екі әйелге ұстатып, балтаны көтеріп тұрып:

– Екеуіне қақ бөліп беремін, осыған ризасыңдар ма? – дейді.

Сонда балаға ие болып жүрген әйел:

– Біреуге тірі кеткенше, жартысы болса да өзімде қалсын, бөлсең бөл! – депті. Ал баланы таныған әйел:

– Ойбай, биеке! Қайда жүрсе де тірі болсын, шаба көрмеңіз! – деп жалынады. Сонда Қазыбек:

Бала мына жоғалтқан әйелдікі, өйткені ол баланың тірілігін тілеп тұр, баласын өзіне бер, – деп билік айтыпты.

Мәтінде кездескен кейбір сөздер мен сөз тіркестеріне көңіл бөліп, жазып алыңыздар.

ШАУЫП АЛУ – басып алу, жаулап алу

ҚОЛ ЖИНАУ – әскер жинау

БӨТУАҒА КЕЛУ – келісу

СӨЗ БАЙЛАСУ – шешім шығару

СОҚТЫҚПАУ – тиіспеу

ҚҰТ-БЕРЕКЕ – байлық, барлық

БАСЫНУ – езіп-жаншу, бағындыру

БАСТАН СӨЗ АСЫРМАУ – көнбеу

ДӨМ-ТҰЗДЫ АҚТАУ – сенімді ақтау

АСҚАҚТАҒАН – менсінбеген, өзінен басқаны елемеген

ҚАЗЫБЕК БИДІҢ БАРАҚ СҰЛТАНҒА АЙТҚАНЫ

Қаз дауысты Қазыбектің әділдікке, дұрыстыққа, туралыққа суарылған келісті кесім-биліктері, сұлулық пен мөлдірлікке ие, алғыр, тапқыр лебіздері өлшеусіз тереңдігімен, өнегелі пайым-парасатымен, даналық қорытындыларымен ерекшеленеді. Дана бидің сұңғылалығы мен сұңқарлығына мына бір жағдайға байланысты саралап билік айтқаны айғақ. Әбілхайр ханды 1748 жылы тамыздың 24 күні Барақ сұлтан қастандықпен өлтіреді. Қазақ аспанына қара бұлт үйіріліп, елдің еңсесі түсіп, сергелдең шақ туады. Заманынан озып туған Қаз дауысты Қазыбек Көкжал Барақтың сұмдық зұлымдығын әшкерелеп, төрелік айтады:

– Уай, Барақ! Елдің саулығын қашырып, қаскөйдің жаулығын бастадың сен. Бәрінен де бұрын сен адамзаттың өмірін ұрлап, өлімге орын босаттың. Ханыңды қарадай өлтірсең, халқыңды қынадай қырарсың. Жауыздың қақпасын ашсаң, қанын судай шашарсың. Ал егер еліңді ығыр қылғың келмесе, жүрегіңнің ізгілігі өлмесе, тесікті өзің бітеп, жараны өзің жазып ал. Өлген тірілмейді, өшкен жанбайды. Өлгеннің ісін жалғастырып, өшкеннің отын тұтатсаң, өмір азбайды, шырақ қайта маздайды.

Сөйтіп, кесек-кесек, түйдек-түйдек толғаныстарымен Барақ сұлтанды ақыл тұзағына түсіреді. Көпке топырақ шаша ала ма, өр көкірек, тәкәппар, менмен Барақ сұлтан Қаз дауысты Қазыбектің тегеурініне шыдамай басы жерге жеткенше иіліпті.

* * *

Қазыбек би айтыпты...***Кім жақын?***

Тату болса – ағайын жақын,
 Ақылды болса – інің жақын.
 Инабатты болса – келінің жақын,
 Сыйлас болса – көршің жақын.
 Адал болса – досың жақын
 Жан серігің жас кезіңнен
 Бәрінен де әйелің жақын.

Не қымбат?

Алтын ұяң – әйелің қымбат,
 Құт-береке – атаң қымбат,
 Аймалайтын – анаң қымбат,
 Мейірімді – апаң қымбат,
 Туып-өскен – елің қымбат,
 Кіндік кескен – жерің қымбат
 Ұят пенен ар қымбат.
 Өзің сүйген жар қымбат.

АЙЫР ТІЛДІ ӘЙТЕКЕ

Әйтеке би Нұрата тауының Бұқарға қарай созылған Қызбибі тауының сілемінде 1644 жылы өмірге келген (Қазіргі Өзбекстан Республикасы Науайы облысы). Ол он екі жасына дейін ұлы әкесі Ақшаханның тәрбиесінде болып, ел басқару мен әскери өнерді үйренген. Бұқар мен Самарқан медресеселерінде араб-парсы тілдерін үйренген. Қазақ тарихының білгір шежіресі Қожаберген жырау «Елім-ай» дастанында (XVIII ғ.) Әйтекенің елу алты жаста дүниеден өткені келтірілген.

Кесек бітімді кеменгер, сөзі жібектей есілген Әйтеке би – «Жеті жарғыны» жасаушылардың бірі хәм хан кеңесінің мүшесі.

Айыр тілді шешеннің жоңғар ханы Қалдан Бошақты турасындағы бір аңыз былайша өріледі. Жоңғар ханы Ресей мен Қытайдан оқ-дәрі, мылтық сатып алып мұздай қаруланады. 1681-1683 жылдарда қазақ жерінде ойран салып, елдің берекесін, құтын қашырады. Содан Әйтеке би бес қаруын асынып, «нар тәуекел» деп жорыққа шығады. Бірақ Қалдан Бошақтыны жекпе-жекте суық қарумен емес, семсер сөзімен сүріндіреді. Сонда Қалдан Бошақты:

Мен неше атамнан бері ханмын? – деп сұрайды.

Тілі мірдің оғындай Әйтеке би іркілместен:

Өкең шынжыр балақ шұбар төс хан болғанмен, негізің құл. Себебі, шешен сені есігіндегі жалшыдан туған. Бермен қарай беттеп, жүріп келе жатқанда артыңа үш рет қарадың. Арыстан артыңа қарап ақырмас болар. Тексіздігінді тағы білген себебім: маңдайға біткен сүйікті ханымыз еді сіздің жақтың бірде-біреуі орныңызға мен барайын деп ілтипат жасаған жоқ – дейді.

Амалы таусылып, мысы басылып, жігері құм болып шарасыздыққа ұшыраған Қалдан Бошақ:

Мына астымдағы сымға тартқан күмістей қанатты тұлпарымды сынап берші, – дейді.

– Мұның нағыз тұлпарға үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Есекке шатысы бар екен. Тұрпатына, төзімділігіне зейін аударыпсың. Құлын кезінде енесі өліп, сарттың саудагері есекке теліген екен. Әлгінде кісінегенде бақырған есектей дауысын шығарып, екі бүйірін солқылдатып, үні тарғылданып шықты. Ал шынайы тұлпар дауысын

қоңыраудай сыңғырлатып, үзілтіп, әсерлі қайырып кісінейді, – дейді әйтеке би. Сонымен Әйтеке бидің біліктілігі мен көрегендігіне қайран қалған Қалдан Бошақты жеңілгендігін мойындапты-мыс.

Әйтеке бидің бітім-шешімдерінде адам әлемі, қоғамның көрініс-құбылыстары кең орын алған. Ол өмірлік мақсатын шешендік тіл, көркем өрнектер арқылы бейнелі, нағымды жеткізген.

Бай болсаң, халқыңа пайдаң тисін,
 Батыр болсаң, жауға найзаң тисін.
 Бай болып елге пайдаң тимесе,
 Батыр болып жауға найзаң тимесе,
 Елден бөтен үйің күйсін.
 Бүркіт бол заманыңыз түлкі болса,
 Бай болар кедей жігіт мүлкі болса.
 Жақсылардың белгісі сол емес пе,
 Қара қылды қақ арған әділ болса.

Ш.Уәлиханов белгілі билердің бірі ретінде Әйтекенің есімін Төле бимен қатар атайды.

* * *

Бірде әлімнің атақты биі Болпыш билікке енді араласып, аты шыға бастаған үлкен баласы Әжібай мен батыр атағы ауызға іліккен кіші баласы Аралды Әйтекеге жіберіпті дейді Малайсарының шежіресінде.

Екеуі араға бірнеше күн жүріп, Нұратаға келеді. Әйтекенің аурудан едуір меңдеп қалған кезі екен дейді. Соған қарағанда, бұл 1700 жылдың жазы секілді. Ауруы жанына батса да, соңынан көңілін сұрауға бірі батыр, бірі би Болпыштың екі бірдей баласы келгеніне едәуір серпілген Әйтеке олар кеткенше өзін аса сергек ұстайды. Көбіне Әжібай бастап, Арал қостап екі жас өздерін әкелері жібергенін және оның сәлемін жеткізеді. Біраз әңгімелескеннен кейін екі жас қонақ: *Жақын кім? Жат кім? Досты қалай таңдауға болады? Туыспен қандай қарым-қатынас болғаны жөн. Атадан балаға қандай мұра лайық? Ел намысы мен ер намысы, сабыр мен төзім, байлық пен кедейлік, қанағат пен рақым, кек пен ашу* секілді, көп-көп сауалдарға жауап естігілері келетінін білдіреді.

– ...*Ақыл мен мінез – бірге туған егіз. Мінездің жақсысы мен жаманы – ақылдың жемісі. Ақыл – тамыр, мінез – жапырақ. Жаман мінез – ақылсызға берген жаратқанның жазасы. Дән піскенде сабағы төмен қарай иілер, жаман адамға жал бітсе, көкке мұрнын шүйіреді. Жақсы адамның серігі – әмәнда (әруақытта) ақыл, қанағат, әдеп, төзім, сабыр, үміт, татулық, бірлік. Ер жігітке төзім – тірек, сабыр – қамал, ақыл – әл-қуат, ар-абырой – қазына, қанағат – асыл тас, бата – мұра, әдеп – сән, жалған сөз – дерт, ақиқат – ем, үміт – көңіл азығы. Осыны білмегенді үлкендер жүгенсіз дейді. Жүгенсіз кісіден, жетекке ерген хайуан артық. Жақсы адам қашанда өзгеге жақсылық жасауға ұмтылар болар. Ал жақсылық жасасаң – жасыр, жақсылық көрсең – асыр. Қадым заманнан келе жатқан бір сөз бар; «Шыққан күннің шырқын бұлт бұзады, адам сұрқын орынсыз кек бұзады». Ер жігіттің дұшпаннан өткен бір жауы – орынсыз кек. Сай-*

қалданып кек бүкпесең ішіңе, сыйлар сені жасы үлкен, кіші де. Өзіне жақсылық тілемейтін адам жоқ. Ал өзіңе жақсылық тілесең, өзгеге жамандық қылма! Айыптың үлкені – ізгілік жасай алмау емес, жамандық тілеу. «Жақсылық жайлаған жерде бал төгілер, жамандық жайлаған жерде қан төгілер» дейді түркіден қалған бір сөзде, – депті.

Мәтінде сөздер мен сөз тіркестеріне мән беріп, жазып алыңыздар

ШЕЖІРЕ – тарихи жазба
 АУРУ МЕНДЕУ – аурудың күшеюі, ұлғаюы, бел алуы
 СЕРПЛУ – көңілі көтерілу
 ЕДӘУІР – біршама, біраз
 СЕРГЕК – адамның жақсы, ашық көңіл-күйі
 САУАЛ – сұрақ
 МҰРНЫН ШҮЙІРУ – менсінбеу, елімеу
 ҚАДЫМ ЗАМАНЫ – ерте заман
 КҮННІҢ ШЫРҚЫ – күннің райы
 АДАМНЫҢ СҰРҚЫ – адамның мінезі, түрі
 ІЗГІЛІК – жақсылық

* * *

Келесі күні жиылғандарға Әйтекенің он екі қанат ақ үйі тарлық етіпті. Бұл күнгі әңгіме елдік, ерлік, бірлік, даңқ пен абырой және ездiк пен есерлік хақында өрбiптi. – Ел жайы – ер азаматтың күндiз есiнен, түнде түсiнен шықпайтын киелi ұғым ғой, деп бастапты Әйтеке әңгiмесiн. – Атаң қазақ атты түсiне қарап таниды, ердi iсiне қарап таниды. Ел ерiктi жiгiттi сыйлайды. Ерi ерiксiз елдi көрiксiз деп бiледi. Атасы бас имеген жерге тiзе бүккен ердi ер емес, ез деп бiледi. Бұғы мүйiзiн кiм сындырғанын ұмытпайды, ер атасын кiм қорлағанын ұмытпайды. Өз халқыңды өз ете алсаң ғана өзге елге құл болмайсың. Халқы соқыр елдiң қылиы хан болар. Ел ағасы ақымақ болса, елiн жау түгiл жолаушы тонар. «құс жаманы ұясына саңғиды» демекшi, ондай ездер ел басқарса, өз елiн жаумен бiрге тонаудан шiмiрiкпейдi. Жауым көп екен деп құлдық ұра берме! Құлдық ұрған көбейсе, жұтағанның белгiсi, азамат деп жүргенiң арғы тегiмен бұлданса, азғындықтың белгiсi...

Билер айтқан екен...

Жеті жетекші

Адамның басшысы – ақыл,
 Жетекшісі – талап,
 Жолаушысы – ой,
 Жолдасы – кәсіп,
 Қорғаны – сабыр,
 Қорғаушысы – мінез,
 Сынаушысы – халық.

Тогыз жау

Жаман болса – жақының жау,
 Шайпау болса – қатының жау,
 Шабан болса – атың жау,
 Тартыншақ болса – түйең жау,
 Тебеген болса – биен жау,
 Күнде келсе – күйеу жау,
 Жымысқы болса – жиен жау,
 Тіл алмаса – ұлың жау,
 Арсыз болса – қызың жау.

Бапан би

ЖАТТЫҒУЛАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Соңғы сөзі берілген өлең шумақтарын толықтыр.



- 1) мықты,
..... жықты.
- 2) жарқын,
..... халқын.
- 3) асып,
..... араласып.
- 4) жер бетіне,
..... келбетінде.
- 5) бір арнаға,
..... құмарлана.
- 6) домбырамды,
..... қоңыр әнді.
- 7) ғашығыма,
..... асылыма.
- 8) сайра тағы,
..... жайнатады.

2. Қызғылықты сөз тізбегін құрыңыз.



Шарты: 1) Сөз тізбегінің әр сөзі бірдей дыбыстан басталу керек.

2) Сөз тізбегі ақыл, нақыл мақал сөз боып келу керек.

Үлгі: 1) Елдестіркек – елшіден,
Жауластырмақ – жаушыдан.
2) Егеменді елімнің ертеңімін!

- 1)
- 2)
- 3)
- 4)
- 5)

3. Төменде берілген дыбысталуы бірдей сөздердің әрқайсына сөйлем құраңыз.



Қас I


Қас II

Қас III
Қас IV

Жар I
Жар II
Жар III
Жар IV

Ой I
Ой II
Ой III
Ой IV

Ат I
Ат II
Ат III
Ат IV

4. Тыңдалым 

Байдалы бидің жұмбағы

1. Байдалы би қай өңірде өмір сүрді?
2. Қарқаралының бір топ белді адамдары Байдаға не себепті келеді?
3. Бергіс би Байдалыға қандай қолқа салады?
4. Байдалының жұмбағының жауабын кім шешеді?
5. Байдалы би қандай бата береді?
6. Байдалы бидің жұмбағына қазіргі заманға, өздеріңіз өмір сүріп отырған ортаға сәйкестендіріп жауап тауып көріңіздер.

5. Қанатты сөздердің мағынасын ашатын қатарды табыңыз.

- | | |
|--|---|
| <p>1) Бір ағашта қанша бұтақ,
Біреуі-ақ қамшыға сап.
<i>(К.Әзірбаев)</i></p> | <p>А. Адам көп жиналған
Ә. Халық қуанышты
Б. Ағаштан қамшы жасайды
В. Ел көп болғанымен, іске жарамдысы біреу</p> |
| <p>2) Алуан-алуан жүйрік бар,
Әліне қарай шабады.
<i>(мәтел)</i></p> | <p>А. Жүйріктің түрлері көп
Ә. Халық қуанышты
Б. Әркім өз әлінше еңбек етеді
В. Түрлі жүйріктер жарысып барады.</p> |
| <p>3) Көкке бір кісі ұшады,
Етегіне мың кісі сияды.
<i>(мәтел)</i></p> | <p>А. Мың кісі көмектесе, бір кісі ғарышқа ұшады
Ә. Бір қызметке келсе, мың кісіге шапағаты тиеді
Б. Ұшқыштың етегі кең болу керек
В. Көкке ұшу үшін көп ақша керек</p> |

IV. ҰЛЫ ТҰЛҒА

АБАЙДЫ АБАЙ ҚЫЛҒАН КІМ?

Абай Құнанбайұлы – қазақ халқының біртуар кемеңгер ақыны, асыл сөздің зергері. Ол 1845 жылы 10 тамызда дүниеге келген. Ақынның туған жері Семей өңірі, Шыңғыстау баурайы, Қасқабұлақ бойы. Азан шақырып қойған аты – Ибраһим. Ибраһим аталуына елдің айтуынша, әкесі Құнанбайдың түс көруі себеп болған. Түсінде Тобықты руынан шыққан кемеңгер, он сегіз мың ғалам оқуын меңгерген ғұлама Әнет бабаны көрген. Ол Құнанбайға аян беріп, Ибраһим пайғамбардың атын атапты. Содан Құнанбай баласының атын Ибраһим қойған екен.

Әжесі Зере сүйікті немересін бала кезінен Абай деп еркелеткен. Осыдан кейін ел арасында шын аты аталмай, Абай атанып кетеді.

Қарапайым халық Абайды ғана емес, кезінде Құнанбайды да пір тұтқан. Құнанбай өзі өмір сүрген ортасында өте беделді, абыройлы адамның бірі болады. Өз заманында атақ-даңқы шартарапқа, бүкіл дала өңіріне кең жайылады. Ақыл сұрап, әділдік іздеген қазақтар оған елдің түкпір-түкпірінен толассыз келіп жатады, себебі ол іскер, әділ жан болған. Табиғат оған кесек ақыл, ғажайып ес және жүйрік тіл берген. Бұл қасиеттері Құнанбайды қара қылды қақ жарған әділ би атандырады. Дала заңдарын, үкімет жарлықтарын, Құран қағидалары мен небір шежірелерді жетік білетін әрі оны жатқа айтатын ділмар етеді. Сол себепті жұртшылық Құнанбайды қатты қадірлеген, құрметтеген.

Құнанбай 81 жыл ғұмыр кешкен. Өзінің ұзақ та өнегелі өмірінде көптеген игілікті іс тындырған. Жұрт оны сол кездің өзінде-ақ «қарадан шыққан хан» санап кеткен. Өйткені ол қарапайым қазақтың баласы бола тұрып, аға сұлтандыққа сайланады. Аға сұлтандық – бұл беделді, жоғары лауазым, ел басқаратын қызмет. Сұлтан болу әркімнің қолынан келе бермеген және сұлтандыққа кез-келген адамды тағайындамаған. Сөйтіп, Құнанбай өмірінің соңына дейін ел басқару, билік айту ісіне тікелей де, болыс балалары арқылы да араласып отырған.

Құнанбай аға сұлтан қызметін атқарып жүрген кезінде Қарқаралы қаласында жұртшылыққа арнап мешіт салдырады. Кейін қартайған шағында ел билеу тізгінін артындағы жастарға тапсырып, Меккеге қажылыққа барады. Осы сапарында Меккеге келген қазақтар тоқтап, түсіп жүрсін деген ниетпен өз қаражатына «Тәкия» дейтін қонақ үй салдырып кетеді.

Қарқаралыдағы мешіт те, Меккедегі «Тәкия» үйі де қазірге дейін сақталған.

Дегенмен Құнанбайдың қатал әрі көңілі қаламаған нәрсені бетке айтатын тура мінезі болған. Ел-жұрт оның турашылдығын, шыншылдығын мойындаса да, ешкімге дес бермей кететін бірбеткей қаталдығын мойындамаған.

Құнанбай өз заманының перзенті, оның көзқарасы өз тұрғысынан әділ. Осыған орай, әке мен баланың арасында көптеген пікірталас болып тұрған. Жазушы Мұхтар Әуезов әке мен баланың қарым-қатынасы туралы төмендегідей дерек келтіреді: «Құнанбай бірде Абайға:

– Басында үш түрлі мін бар. Ең әуелі, арзан мен қымбаттың парқын білмейсің. Жайдақ су сияқтысың! Жайдақ суды ит те, құс та жалайды. Кісіге қадірің болмайды. Екінші, дос пен қасты сараптамайсың. Кім көрінгенмен жақын боласың. Кісі талғамайтын, желбегей жүрген кісінің басына ел үйірілмейді. Ел билейтін адам ондай болмайды. Үшіншісі, орысшылсың, – дейді.

– Ең әуелі, жайдақ суға теңгердіңіз. Пайдасы аз шыңыраудағы су болғанша кәрі, жасқа түгел пайдасы тиетін жайдақ су болғанды қалаймын. Екінші, ел билейтін тәсіл мен мінезді айттыңыз. Ел не көрсе соны көруге шыдаған, жанын аямаған, ел үшін қар төсеніп, мұз жастанған адам ғана бағаланады. Үшінші, орысты айттыңыз. Халық үшін де, өзім үшін де дүниенің ең асылы – өнер білім. Сол өнер-білім – орыста, – деп Абай әкесінің айтқандарының үшеуіне де қарсы дау айтады».

Әке мен баланың арасында осындай түсініспеушілік орын алғанмен, бір-бірімен жауласпаған. Қайта, бірін-бірі қолдап, бірін-бірі түзетуге тырысқан. Қалай болғанда да Абайдың көзін ашқанда көрген мектебі – Құнанбай мектебі Көреген, сыншыл әке Абайдың алғырлығын ерте танып, оның болашағына үлкен сенім артады. Баласының әрбір әрекетіне зер сала қарайды. «не күтсеңдер де осы жаман қарадан күтсеңдерші!» – дейді екен. Бұның өзі әкесінің Абайға деген сенімінің мықтылығын аңғартады.

Құнанбай Абайдың өмірге деген көзқарасының, мақсат-мұратының, мінез-құлқының қалыптасуына үлкен ықпал жасаған ірі тұлға екені сөзсіз. Абайдың өмірі мен шығармашылығы, ең алдымен атақ-даңқы шартарапқа жайылған қатал да, парасатты әке тағлымымен, әке ғибратымен сабақтас.

Құнанбайдан кейінгі екінші үлкен тұлға, ұлы Абайдай асылды дүниеге әкелген ардақты ана – Ұлжан. Ұлжан ұстамды, пайымы мен ақыл-мейірімі мол, дана кісі болған. Ол өткір тілді, астарлы сөздің шебері. Абайдың бойындағы тапқырлық, біреулерді ащы мысқылмен қатты түйреу, әшкерелеу, мінін бетке айту сияқты қасиеттері нағашылары жағынан дарыған.

Абайдың сөз өнері мен білімге құмарлығының ерте оянуына себепкер негізгі тұлға – әжесі. Зере әжесі халық қазынасынан нәр беріп, бойына ізгілік шуағын сепкен, білімге итермелеген ұлы ұстазы, тәлімгер анасы.

Ол кісінің қыз кезіндегі аты Тоқбала екен. Келін боп түскенде көне салттың ізімен мұрнына сырға салып келеді. Содан ол Зере атанып кетеді (Зере – Азия елдерінің салты адам мұрынына өткізілетін шығыршық). Зере әже көңілі кең, жүрегі нәзік адам болған.

Абай әжесін қатты жақсы көреді. Күндіз де, түнде де қасынан шықпай, ертегі айтқызады. Немересін ерекше мәпелейтін Зере әже де өзі білетін ертегі, әңгімелерін, қисса-дастандарын айтып, Абайдың қиялын әлдилеуден жалықпайтын. Небір әңгімені нақышына келтіріп, қызықтырып айтатын. Анасы Ұлжан да қолы қалт еткенде баласына көп көңіл бөлген. Абай әжесі кейде шаршап тілегін орындамаса, өз шешесі Ұлжанға қиылады. Ұлжан, көбінесе, өлең-сөзді көп біледі. Небір ескі жырларды, айтыстарды жатқа айтып береді.

Осылайша қос ана дара туған құлындарын қатыгездік жолдан алыстатып, халқына ықпалы тисін деген ізгі ниетпен бар өнегелерін үйретіп баққан. Ұлжан мен Зере Абайды тәрбиелей отырып кейінгі ұрпаққа да ұлағат қалдырды. Сол себепті олар – өз заманының да, бүгінгі заманның да аналарының анасы. Әрбір жан сабырлық пен төзімділікті, мұрат, ибалық пен инабаттылықты медет еткен аналардың анасынан тағылым алулары тиіс.

Және де Абайға біліміне білім қосқан – халықтан шыққан жыршылар, шешендер, ақындар, әнгімешілер. Абай бұрын тағылым-тәрбие кітапта, өнер-білім медреседе деп білетін. Енді қазақта небір дастандар, батырлар жыры бар екенін түсінді. Ақындарды, жыршыларды құлай тыңдап, алғашқыда солардың үлгісімен өзі де өлең шығара бастайды.

Халық қазынасына Абайдың әжесі де, анасы да жақын болған. Ел ардақтыларын үнемі қонақ қылып, ардақтап, сый көрсетіп отырған. Сондай қонақтың бірі – Дулат ақын жас Абайдың қабілеті мен дарынын, ақындыққа, сөз өнеріне жақындығын байқап, қатты ырза болады.

Шырағым, ер жетерсің,
Ер жетсең, сірә, не етерсің,
Алысқа шырқап кетерсің,
Шындасаң шыңға жетерсің, – деп батасын беріпті.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Абайдың шын аты кім? Атын кім қойған, не үшін?
2. Абайдың алғашқы тәрбиесі кімнен басталды?
3. Әке мен баланың арасындағы түсініспеушіліктің салдары не?
4. Құнанбай кім?
5. Абайдың ақындық жолын қууына себепші кімдер?
6. Әжесі мен анасы туралы айтыңыз?
7. Қазіргі кезде Абай сияқты үш айлық біліммен Абайдай болу мүмкін бе? (пікірталас)
8. Абайдан төрт өлең жатта

АБАЙ МЕН ТОҒЖАН

Аға сұлтан, болыс болған қатал да әккі (тіс қаққан, тәжірибелі, айлакер) Құнанбай оқыған ұлының бойынан өзіне мықты серік, жәрдемшіні таниды. Өзінің төл мұрагері, ізбасары еткісі келеді. Осылайша Абай үлкен өмірге араласады. Ерте есейіп, балалық бал дәуреннен ерте тыйылады. Он бес жасында аттың жалын тартып мініп ел басқару ісіне бейімделеді.

Абайдың әке тапсырмасымен ең алғаш барған жері – Сүйіндік ауылы. Сүйіндік Бөкенші, Борсақ деген елдегі билік иесі. Осы жолы өміріндегі ең алғаш махаббатын, өмір бойы сүйіп өткен асыл жарын жолықтырады. Бұл оқиға «Абай жолы» романында жан-жақты суреттелген. Шарушылық жайымен келген Абай Сүйіндіктің үйінде шай жабдығына көмектесіп жүрген әдемі, аққұба қыз, шолпысы сылдырлаған әсем Тоғжанды көреді. Сымбатты Тоғжан әдепті де сыпайы қимыл-қозғалысымен, ибалы да ұяң қылығымен жас жігіттің беймаза жүрегіне шоқ тастайды.

Әрине, Еңлік пен Кебекті, Қалқаман мен Мамырды кешіре алмаған ата дәстүрі мығым елде Абай мен Тоғжанның мұратына жету қиын еді. Ескі заңның шырмауынан екеуі де құтыла алмайды. Тоғжанның атастырып қойған күйеуі, сол сияқты Абайдың да атастырған қалыңдығы бар. Абай Алшынбай немересі, Түсіп қызы Ділдәмен тағдырын қосуы керек еді. Алшынбай – белгілі би Тіленшінің баласы. Арғы атасы қаз дауы-

сты Қазыбек би. Алшынбай Қарқаралы дуанындағы (аймағындағы) ең беделді адам болған. Құнанбай өрісін кеңге жаю үшін өзіне сүйеніш боларлық мықты туыс іздейді. Сондағы табатыны – айналасына абыройы үстем Алшынбай.

Абай мен Тоғжан біраз жыл өткеннен кейін бір-бірімен қайта жолығады. Бірде достарымен саятшылықта жүрген ақын боранда адасып кетеді. Қатты суық тиіп, ауырып қалады. Сол себепті жақын жердегі ауылға түсуге мәжбүр болады. Бұл ауыл Тоғжан келін болып түскен Аққозы ауылы болып шығады. Қатты суық тиген Абайды дертінен айыққанша Тоғжан бірнеше күн күтеді. Ақырында Абай – аға, Тоғжан – қарындас, екеуі ескі дос болып айырылысады.

Махаббат сырқатына ұшыраған Абай Тоғжан үйінде махаббат пен өлең дертін қатар көтереді. «Жарқ етпес қара көңілім...» ән-өлеңі дүниеге осылай келеді. Өкініш, мұң, сағыныш, сүйіспеншілік сарыны Абайдың басқа туындыларының да өне бойын қамтып жатады.

АБАЙ МЕН ДІЛДӘ

«Мұсақұл соғысына» байланысты үстінен түскен шағымдармен істі болған Құнанбай Сібірге жер аударыла жаздап барып, Омбыдан қайтады. Алшынбай, Тінібек деген құдаларының арқасында аман қалады. Осы сапарда өз басының жалғыздығы ауыр тиіп, ендігі жерде балаларын үйлендіріп, немере сүйсем деген шешімге келеді. Соған орай, Абайды қайындатпақ болады (ұрын бармақ).

«Алшынбай көл-көсір той жасайды. Тойға арналып аппақ жұмыртқадай киіз үйлер тігіледі. Күтушінің бәрі де ат үстінде. Бастарын ақ шытпен керте байлап алған аспазшылар жиырма шақты жігіт.

Бір өзге салтанаты: осы жігіттердің бәрі де жорға мініпті. Аттары қан сорпа болған соң, өңшең желқайықтай жылмаңдаған жараудар. Сол жиырма кісі күтуші қонақ үйлерге қарай Алшынбай ауылынан ағыза жөнеліседі. Қолдарына қос табақ алған жігіттер тізгіндерін ауыздарына тістеп алыпты. Арттарында егде тартқан жай шапқыншы сияқты үлкен күтушілер бар. Олар күтушілердің атын қамшылап айдап, қуып отырады. Ыңғайлы, шапшаң табақшылар ат үстінен көсіліп кеп, табақтарының сорпа-тұздығын төкпестен ұсынып, қонақ үйдің алды-артына тұра қалысады. Үй алдында тұрған нағыз күтуші ақсақал, қарасақалдар сол табақтарды шапшаң алып, үй ішіне сүңгітіп жатыр.

Бұл тойдың тағы бір тамашасы – ат шабыс, көкпар, теңге алу, балуан күрестіру ойындары».

Бетін бүркеп алған қалыңдық құрбыларымен тойдың үшінші күні ғана Абайлар отырған шымылдық ішіне, Абайдың қасына келіп отырды. Бұл Абайдың Ділдәні бірінші рет көруі еді. Онда да Абай қыздың бет-жүзін анық көре алған жоқ. Содан кейін ас желінеді. Астың артынан бір молда неке оқиды. Кесеге құйылған неке суын отырған жұрт жастарға береді. Абай да, Ділдә да неке суынан ұрттайды. Осыдан кейін «шаш сипар», «қол ұстатар» сияқты толып жатқан ырымдар жасалады. Абайлар Алшынбайдың аулында он бес күндей болады. Осы уақыт ішінде олар бір-біріне үйреніскенімен, аралары салқын күйде қалады. Ділдә Абайға сұңғақ бойлы, тартымды, сүйкімді болып көрінгенімен, жас жүрегі оны ұната алмады.

Ділдә Абайға Ақылбай, Мағауия, Әбдірахман, Күлбадан сияқты алтынасықтай ұл-қыз сыйлайды. 1861 жылы тұңғыш баласы Ақылбай, араға жыл салып қызы Күлбадан дүниеге келеді. 1867 жылы Абайдың ең сүйікті баласы Әбдірахман туады. 1870 жылы ақын баласы Мағауия өмірге келеді.

АБАЙ МЕН ӘЙГЕРІМ

Абай білім іздеу мақсатымен Семей қаласына жиі барып тұрады. Қаладан қайтқан бір сапарында Абай Байшора руынан шыққан Бекей деген кісінің үйіне түседі. Қасында досы Ербол бар. Қонақтар шайға қанып алған соң, ет піскенше азырақ көз шырымын алмақ боп, қисая-қисая кетеді. Жолдан шаршап келген Абай ұйықтап кетіп, түс көреді. Түсінде сүйікті Тоғжаны Абай үйреткен «Топайкөк» әнін шырқап, Абайды қасына шақырғандай болады. Ояна қалса, шынында жақын жерден «Топайкөк» әні естіліп жатады. Дәл Тоғжанның дауысы. Абай өңі өзгеріп, денесі дірілдеп, өзгеше бір күйге түседі. Қасындағы Ерболды ойын-сауық құрып жатқан көрші үйдегі жастардың ішінде Тоғжанның бар-жоқтығын білуге жұмсайды. Қайта оралған Ербол таңқалған күйде «Тоғжанның дәл өзі, өзі болмаса да аумайды» деп келеді. Абай одан сайын тағатсызданады. Сәлден кейін жастар сыртқа шығып, бұлар отырған Бекейдің үйіне қарай беттейді. Абай мен Ербол да үйге кіріп, орындарына жайғасады. Абайдың өңі күп-ку, екі көзі есікте. Қыз-жігіттердің артын ала, шолпысы сыңғырлап Тоғжаннан аумайтын ақ жүзді бір бойжеткен кіріп келеді. Бойы да, мүсіні де, бет бітімі де дәл Тоғжан. Содан да бұл қыз Абайға бір көргеннен ерекше ыстық, қымбат көрінеді. Тоғжан дегендері осы үйдің қызы Шүкіман болып шығады. Абай мынадай сұлу қызға Шүкіман деген атты қимайды. Ал Шүкіманға Абай есімі таныс, ол жайлы талай естіген. Оның болыс болғанын, ақын екенін, ел ағасы атанған азамат екенінен хабары бар.

Абай жоғалтқан бақыты қайта оралғандай, бағын қайта тапқандай болады. Осы сәтте ішінен бір шешімге бел буады. Шүкіманның бай тұқымынан еместігіне мән бермейді. Баяғы жас күнінде Тоғжаннан амалсыздан қол үзіп қалған еді. Ендігі кездескен бақытынан айырылмақ емес. Осы байлауын Ербол досына айтады. Қайтар жолда Шүкіманда қайта-қайта естеріне алып, оның салған әніне, сыпайы әрі кербез мінезіне сүйсініп, «Әй, керім екен, әй, керім, әй, керім» деп тамсанады. Содан Шүкіман аты қалып, Әйгерім атанады.

Осы кездесуден кейін Абай Бекейдің үйіне құдалыққа кісілер жіберіп, қалыңмалын төлеп, Шүкіманға (Әйгерімге) үйленеді.

Абайдың Әйгерімнен тараған ұрпақтары бар. Солардың ішінде, әсіресе, Тұрағұл (Тұраш) Ибрагимов бергі дәуірге дейін Құнанбай әулетіндегі ірі тұлғалардың бірі болған. Ол да әке жолын қуып өнерлі сөз бен ғылымға жасынан әуестенген. Орысша әдеби сауаты мол болған. Тарихта тәржімашы, яғни аудармашы ретінде де белгілі. М.Горькийдің, А.Неверовтың, Джек Лондонның, Б.Прустың шығармаларын шеберлікпен аударып білген.

Тұрағұл қазақ әдебиетінің классигі М.Әуезовтың тағдырынан да елеулі орын ала білген. «Абай жолы» романының өмірге келуіне өз септігін тигізген. Әкесі жайлы ғажайып сыр шертіп, көптеген мәліметтер мен естеліктер ұсынған.

Тапсырма:

1. Абай мен Тоғжан алғаш қалай кездесті?
2. Абай мен Тоғжанның қосыла алмау себебі.
3. «Жарқ етпес қара көңілім...» әнінің шығу себебі
4. Ділдәнің шыққан тегі.
5. Абай мен Ділдәнің тойынан қандай ұлттық салт-дәстүрлерді көрдің?
6. Абай мен Ділдәдан тараған ұрпақ.
7. Абай мен Әйгерімнің кездесуіне не себеп болды?
8. Шүкіманның Әйгерім атану себебі.
9. Абай мен Әйгерімнен тараған ұрпақ.

АБАЙ ЕРЕЖЕСІ

Абай көптеген алқалы жиындарда «төбе би» (ұлы жиында билер алқасында төрелік айтушы ең үлкен би) қызметін атқарады. 1885 жылы мамыр айында Шар өзені бойындағы Қарамола деген жерде орта жүз рулары бас қосқан төтенше съезд өткізіледі. Оған жүзден астам билер қатысады. Осы съезге Абай ресми түрдегі «Шыңғыс елінің құрметті қазағы» атағымен шақырылып, төрелік жүргізеді. Бес дуан ел бас қосқан бұл съезд 74 баптан тұратын «Ереже» қабылдайды. Көз көргендердің айтуына қарағанда, Абай ережені түгел жазған немесе көп өзгертулер, түзетулер қосып өндеген. Заңгер ғалымдар бұл құжатты «Абай ережесі» деп атайды. Осы ереже әз-Тәуке ханның «Жеті жарғысынан» бергі уақыттарда қолданылды. Абай ережесі қамтыған кейбір дәстүрлерде өзіндік ерекшеліктер мен жаңалықтар байқалды. Бұрын қолданылып жүрген заң ережелерін бөлек бұл құжат бір ауыздан қабылданады. Бұл Абайдың туған халқы мүддесі жолындағы күресте жеткен тарихи жеңісі еді.

Абай бұл ережеде құн төлеу мәселесінде сұлтан, қожалар мен қарапайым адамдардың құқын теңестіруге күш салады. Әйел бостандығына, әмеңгерлікті шектеуге байланысты ережелер енгізеді. Жесірдің өз келісімін алуға көп көңіл бөлінеді. Мәселен, 46-бапта: «Күйеуі өлген жесір әйел сүйсе, күйеуінің бір туысқан бауырына, яки, ағайынына тиеді, егер сүймесе, ықтияры өзінде»; 45-бапта: «Егер қалыңдығы өліп қалып, балдызы жездесіне бармаймын десе, алған қалың малын әкесі күйеуіне қайтарып береді» дейтін қағидалар бар.

Абай бастаған билер тобы оқыстан кісі өлтіру оқиғасына кешірім енгізеді. Апатқа, қиыншылыққа ұшыраған адамдарға көмектеспегендер үшін жаза белгіленеді. Ұрыларға алғанын төрт есе қайтарту, үстіне алпыс рет дүре соғылып, бір ай абақтыға қамау шаралары қолға алынады. Ұрлық жасауын қоймаса, елден қуылады.

Заң алдындағы жауапкершілік жаңа жағдайға қарай бейімделіп жазылады, қылмысқа қарсы шаралар нығайтылады.

Осы съезде Абайды орыс ұлықтары мойындайды. Себебі ақын пара беріп, шағым жазу, жағыну әдеттерін білмесе де, қара қылды қақ жарған әділдігі хәм оқығандығының арқасында басқалардан бойы артып тұрған еді. Ел тілегін еркін түрде алдыға тарта білген.

Жандарал Абайға күдікпен қарап: «Сені ел адамдары неге көп жамандайды?» – дегенде:

– Олар көп, мен жалғызбын. Көп – жуан, әрқашан тентек, бұзық. Бұзық көппеналысқан жалғыз жалғыз жаманатты болмай тұрмайды. Бірақ көп екен деп жаманның сөзін мақұлдау керек пе? – деп жауап қайырады.

Абайдың білімі, ой-өрісінің жоғарылығы, екі тілде сөйлеп, жаза алуы дала атқамінерлеріне қарағанда өзгешелік болатын. Орыс ұлығы Казанцев Оразбайлардың айла-тәсіліне, кекшілдігіне, қулығы мен қайсарлығына сынай отырып, Абай дұшпандарының қаптаған қара күш екеніне көз жеткізеді. Қара күштің негізгі ұйытқысы – Оразбай, Жиренше, Күнту.

Ертеде ел ішінде барымтамен айналысатындар көп болған. Барымта – елдің малын ұрлау. Құнанбайға жақпаған бұл кәсіп Оразбайға олжа түсіреді. Оразбай осы ұрлық істің арқасында байып, Құнанбай әулетімен тең түседі. Тіпті дәулеті, беделі аса жаздап қалатын кездерді де бастан кешіреді. Бірте-бірте ол Абайға қарсы топты ұйымдастырып, сол топтың жетекші күшіне айналады.

Кезінде Оразбай мен Жиренше Абайдың сенімді билері саналған. Олардың ара-ларында достық қатынас орнаған болатын. Алайда бақталастық үстіне Құнанбай әулетінің тентектігін сылтау еткен тобықты көсемдері Абайға білдірмей, жасырын дайындықпен келіп, 1884 жылғы сайлауда Оспанды болыстыққа өткізбей тастайды. Олардың бұл опасыздығына ақынның жаны күйзеледі. Оспан – Абайдың туған бауыры. Адал да кеңпейіл, өрмінез де өжет Оспанды Абай барынша жақсы көрген. Оспанның перзентсіз, жалғыздығын еске алып, болыстық лауазымды бергісі келген. Ұлы ақынның әкімдік дәрежені өз жақындарына әперуге ұмтылуы солар арқылы халқының қал-ахуалына әсер ету, келеңсіз зорлыққа жол бермеу ниетінен туған еді.

Осындай тартыс асқынып келе жатқанда Оспан кенеттен қайтыс болады. Абай жүрегін ауыр қайғы жайлайды. Дүниеден түңілген Абай: «Мен өзім тірі болсам да, анық тірі де емеспін. Сыртым сау болса да, ішім өліп қалыпты. Ашулансам, ызалана алмаймын. Күлсем, қуана алмаймын, сөйлегенім өз сөзім емес, күлгенім өз күлкім емес, бәрі де әлдекімдікі...» деп қатты қапаланады. Осы кездерде «Көңілім қайтты...» өлеңі жарық көреді.

Кейінірек Оразбай қажылыққа барарында Абайдан арнайы келіп кешірім сұрайды. Ізгі жанда Абай «қырық жыл жаулық жоқ» деп, кек қузамайды.

Ақындар мен даналарға тән қасиет – мейірім. Мейірімнің бір тамыры – кешірім.

«БІР ТӘУІР ДОС, ТЫМ-АҚ КЕРЕК»

Абай біраз жиған білімі болса да, соның өзін мәз тұтпай, қыс айларында шаһарға келіп, ғылым оқып, жан-дүниесін байытады. Осында орыс достарымен сырласып, әлем өркениетінің қия-құздарын қырандай самғап кезеді.

Әсіресе, жер аударылып жүріп, Семей облысы әкімшілігінде қызмет жасаған, кейінірек «Семипалатинские областные ведомости» газетінің редакторы болған досы Михаэлисті ерекше құрмет тұтқан.

Е.Михаэлистен кейінгі сырлас досының бірі – Н.Долгополов болатын. Долгополовтар Құнанбай отбасымен шын көңілден сыйласып, бір-бірін құрмет тұтқан.

1880 жылдары поляк жігіті, заң ғылымдарының кандидаты Северин Гросспен, қазақтың әдет-ғұрыптарын зерттейтін судья П.Маковецкиймен, А.Леонтьев үйінде мейман болған американ журналисі Д.Кеннанмен жақын араласқан.

Зиялы достарының ықпалы арқасында Абай орыс әдебиетімен, атап айтқанда Пушкин, Лермонтов, Тургенев, Толстой, Достоевский, Салтыков-Щедрин, Белинский, Добролюбов, Писаревтердің шығармашылығымен танысады. Әсіресе, Пушкин мен Лермонтовтың шығармаларын сүйіп оқиды. Пушкиннің «Евгений Онегинін» қазақ тіліне аударады әрі өзі «Татьянаның хаты» атты ән шығарады. Бұл ән қазақ даласына тез тарап кетеді. Лермонтовтың «Ой», «Қанжар», «Дұға» т.б. өлеңдерін ден қоя тәржімалайды.

Оның орыс достары Абайға сырлас та, мұңдас та болады. Олар Абайға көп нәрсе үйретсе, өздері де Абай сынды данышпан адамнан көп нәрсені үйренеді.

1878 жылы құрылған Семей облысытық статистика комитеті ғылыми ұйым саналған. Онда жергілікті халықтың тұрмыс-салты мен мәдениеті жан-жақты зерттелген. Бұл қоғамға Абай 1886 жылы мүше болып қабылданады. Осында жүріп Ресейдің халықшыл көзқарас ұстанған қайраткерлерінен ғылым, әдебиет, өнер салалары жайлы көп мағлұмат алады. Шетел ғалымдары мен ақын-жазушыларынан Дрэпер, Льюис, Спиноза, Спенсер, Милль, Тэн, Дарвин еңбектерімен, Диккенс, Скотт, Эдгар По, Брет Гарт, Байрон шығармаларымен танысып, дүниетанымын кеңейтеді.

Қоғамның ғылыми қызметкерлеріне Абай өз тарапынан қыр өміріне, оның тарихы мен географиясына, экономикасы мен әдет-ғұрып, салт-сана, құқық заңдарына байланысты мол деректер ұсынады. Ұлттық фольклор, өнер туындыларымен терең таныстырады. Абай ұсынған осындай мәліметтерді пайдаланып, досы П.Маковецкий қазақтың әдет-ғұрпын, дәстүрлері туралы кітап жазады.

Семейдегі жан досы Н.Я.Коншинге Абай өзі білетін әңгіме, аңыз желісін бере отырып, соның негізінде «Қазақ өлкесі тарихына материалдар» деп аталатын қысқаша қазақ тарихын жазғызыпты. Осы еңбекте Кенесары Қасымов туралы ой қозғайды. Кенесары – ұлт азаттық күрестің көсемі, атақты қолбасшы. Кенесары қозғалысына аға сұлтан Құнанбай да қарсы шықпаған. Қайта амалын тауып, Кенесарыны қолға түсірмей, босатып жіберген. Халық көтерілісін бастаған жанкешті батырды ұлы Абай да іштей түсініп, қадірлей білді. Ашып айтуға Ресей патшалығының үстемдігінен тартынды. Дегенмен, ақын Абылай, Кенесарыларды шәкірттерінің жырына қостырып отырды.

«Бір тәуір дос тым-ақ керек,

Ойы мен тілі бөлінбес» – деп ақын өзі іздейтін биік адамгершілік қасиеттерді даладан таба алмай қалғанда, қаладағы ойшыл әріптестерінен көре білді.

Тапсырма:

1. Орта жүз рулары бас қосқан төтенше съезде Абай қандай қызмет атқарды?
2. Бұл съезде қанша баптан тұратын ереже қадылданған?
3. Абай бұл ережеге қандай өзгерістер енгізген?
4. Абай ережесіне қарсылық көрсеткен қара күш иелері.
5. Абайдың қаладағы ойшыл әріптестері.

АБАЙ МЕКТЕБІ

Абай ақын атануға асықпаған. Алғашқы өлеңдерін жақын досы Көкбай Жанатайұлының атынан жариялаған. 1886 жылы Абай ауылы Бақанас өзені бойына жайласып жағады. Жер жаңарып, жұртшылықтың арқасы кеңіп, жайлауға қонып жатқандағы табиғат пен өмір суретін Абай жырға қосады. Бұл өлең «Жаздыкүн шілде болғанда» деп аталады. Ол ең алғаш рет 1889 жылы «Дала уәлаяты» газетінің 12-санында басылады. Ақынның өз туындысына бірінші рет көңілі толғандай болады.

Заманынан озық туған Абай әдеттегі ғашықтық қисса, дастандардан өзгеше поэма үлгісін тудырды. Абайдың қаламынан шыққан «Масғұт», «Әзім әңгімесі»- шығыстық аңыз сарынындағы қиял-ғажайып оқиғалар аралас тартымды дүниелер. «Ескендір» поэмасының сюжеті Фирдоуси, Низами, Науаиде де бар. Алайда әрқайсысының өзіне ғана тән ерекшеліктері мол. Абайдың өзіндік қолтаңбасын, дәстүрін шәкірттері жалғастыра білді, ұлы ұстаздан ақыл, жігер, үлгі алды.

Поэзия патшалығының кереметін, күдірет-күшін сезген ол:

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды

Жаздым үлгі жастарға бермек үшін, – деп барша дәуірдің жас ұландарына, ізбасарларына сенім мен үміт қоса үн қатады, таным-тағлым, өсиет-өнеге таратады.

Қазақ мәдениетіндегі өзгеге ұқсамайтын таланттар ортасының ұйтқысы – Абай ауылы, Абай. Ақын айналасындағы талапты жастарды жинап алып, мәдениет пен өнерді, Ғылым мен білімді насихаттайды, поэзия әлеіне жетектейді. Оның бұл бастамасын балалары, немерелері, туыс-жекжаттары бар жанымен қолдаған.

Абай Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса, Тәттімбет сияқты халық сазгерлерінің маржан мұраларынан сусындап, әншілік-күйшілік өнерді ерекше бағалаған. Әнге, өнерге жаны құмар болған.

Құлақтан кіріп, бойды алар,
Әсем ән мен тәтті күй.
Көңілге, шіркін, ой салар,

Әнді сүйсең, менше сүй, – деп жырлаған ақын тіршіліктегі әдемілікті, сұлулықты әсем әуенмен жеткізетін ән өнеріне биік талғаммен, сын көзбен қараған.

Ақынның ән мен күйге құмарлығы, ынта-ықыласы жайында Ақылбайдың келіні Кәмәлия апай мынадай естелік ұсынған. «Әкем қызықты, думанды, әзіл-қалжыңды өте жақсы көретін. Өз заманында ел аузына ілініп, атағы шыққан әнші-күйші, өнершілердің әкеме келіп өнерлерін көрсетпегені кемде-кем-ақ шығар. Әлі есімде, Қарқаралы жақтан Мауқай дейтін әнші келді. Мауқайды бір жыл ұстап, көп сый-сияпатпен қайтарды. Өзіміздің елден Майкөкпеннің Мұқаметжаны, Әлімжанның Мұқасы, Ағашаяқ, сыбызғышы Қиясбайлар келгенде әкем бір жасап қалатын. Балаларын жинап алып күй тыңдатып, би көрсететін. Тыңдап болған соң, сын айтып түзететін».

Ал баласы Тұрағұл: «Әкем өзі естіген жердегі ақынды, әншіні, домбырашыларды жинап алып, өлең айтқызып, күй тарттырып отыратын. «Ақындық деген ерекше қуат. Ол өте құрметті табиғат сыйы. Оны қадір тұтпау күнә болады» дейтін еді әкем» деп жазыпты.

Абай айналасындағы ақындық мектеп өкілдеріне балалары: Ақылбай, Әбіш, Мағаш, Құдайберді ағасының баласы Шәкәрім, достары әрі шәкірттері Көкбай Жанатайұлы, Әріп Тәңірбергенов, Әсет Найманбаев тағы басқалар кірген.

Ақылбай (1861-1904) – Абайдың тұңғыш баласы. Ақылбайдың балалық және жігіттік шағы үлкен әкесі Құнанбай мен Нұрғанымның бауырында өтеді. Осындай тәрбиелік жағдайдың әсерінен Ақылбай әкесіне аға ретінде қарап өскен. Жас кезі әкесінен аулақта өткендіктен де, ол орысша оқи алмай қалған. Кейінірек Абайдың ақындығы, оның мәжілісі мен өсиеті әсер еткен соң, Ақылбайдың бойында ақындық таланты жарыққа шыға бастайды. Жас ақын көптеген ұсақ өлеңдермен қатар үш үлкен поэма тудырған. Алғашқысы – «Жаррах», бұл шығарма мүлде жоғалып кеткен. Екінші поэмасы – «Зұлыс». Оның «Зұлыс» поэмасы Африка өңіріндегі шытырман оқиғалы хикаяны баяндайды. Бұл шығарманың бас жағы, бастапқы шумақтары ғана сақталған. Үшіншісі – «Дағыстан». Кавказ тауларындағы тартысты оқиғаларға құрылған «Дағыстан» поэмасының да көркемдік әсері мол.

Ақылбай асықпай сөйлейтін әдетімен, мінезі ауырлығымен есте қалған. Таланты жас өзінің ақындық өнері жаңа өрлеп келе жатқан шағында өмірден қайтады. Ол 1904 жылы әкесі Абай қаза болғаннан кейін, қыркын өткізген түні дүниеден өтеді.

Абайға көп қуаныш та, қасірет те әкелген – сүйікті ұлы **Әбдірахман**. Ұлы ақын осы баласынан көп үміт күткен. Еліне, халқына пайдасын тигізер, еңбегін сіңіретін деп ойлаған. Сол оймен Әбдірахманды да, Мағашты да орыс мектептерінде оқытып, оларға шен-шекпенді емес, білімді уағыздаған. Әбдірахман Түмендегі (қазіргі Тюмень қаласы) «Реальное училищені», Петербургтегі «Михайлов артиллерия мектебін» бітіреді. Әскери академияға түсу үшін денсаулығы жарамайды. Өкінішке орай, өз еліне қамқорлығы тиеді деп үміт еткен Әбдірахман Верный қаласында (қазіргі Алматы) сүйек ауруынан (туберкулезден) 1895 жылы жиырма жеті жасында қайтыс болған. Әбдірахманның қазасы ұлы ақынның жанына қатты батады. Арманы күйгендей болады. М.Әуезов қайғылы әкенің жан азабын былай суреттеген: «Абай бұл күнді күні бойы және осы түнді де оңашада жападан жалғыз, қайғыда, ауыр қасірет тебіренеткен күйде толас таппай өткізді. Біресе зор кеудені сілкінте, қалтырата шыққан ыстық жалын, күрсіну естіледі. Бірде сыбырлап әлденені сөйлеп кетеді. Алыстағы асыл баласының атын соншалық ынтызарлықпен қатты сыбырлап атай береді. «Әбіш, Әбіш, Әбіштайым менің» – деп қалады». Қапалы ақын Әбдірахман өліміне тоғыз өлең арнапты.

Әкесінің көңілінен шыққан дарынды ұлдарының бірі – **Мағауия Құнанбайұлы** (1870-1904). Ол қағылез, ойы ұшқыр, сөзі алғыр, ақылды жас болған. Абай бұл баласын да ауылда мұсылманша оқытады. Кейін Семейге апарып, қалалық училищеге түсіреді. Мағауия да екі-үш жыл оқығаннан соң, науқасқа шалдыға бастайды. Содан амалсыздан оқуын тоқтатып, ауылға қайтады. Осы кезден бастап Абайдың қасынан қалмай, әкесінің тәрбиесінде болады.

Әкесінің ақындық еңбегін аса қадірлеп, жақсы түсінген Мағаш өзі де ақындыққа беріледі. Ол да Абайдың айтуымен «Еңлік-Кебек», «Абылай» поэмаларын жазады. Жұртшылыққа көп тараған ең көлемді, әрі көркем поэмасы – «Медғат-Қасым».

Мағауия өмірінің соңғы жылдарында әділ билік айтуымен ел назарына ілігеді. Ата-баба жолын ұстанып, жақсы аты жайыла бастаған шақта 1904 жылы 34 жасында дүниеден озады. Әбіштің қазасына қатты қайғырып, күңіреніп жүргенінде Абайға Мағаштың қазасы одан да ауыр тиеді. Үміт еткен екі ұлынан бірдей айырылған Абайдың өзегі өкініштен өртеніп, жаны қатты күйзеледі. Мағаш өлімінен соң «Абай үшін қазір дүние жырттылып, бұзылып, құлап, тозып бара жатқандай» болып, дәрменсіз

күй кешеді. Осы күйінен оңала алмаған ақын, Мағаштың қазасынан қырық күн кейін алпысқа қараған шағында 1904 жылы жазда дүние салады.

Абайдың Құдайберді деген ағасының баласы **Шәкәрім** (1858-1931) – Құнанбай әулетіндегі ірі тұлғаның бірі. Ол – «Еңлік-Кебек», «Қалқаман-Мамыр», «Ләйлі-Мәжнүн» поэмаларын, «Әділ-Мария» романын жазған. Пушкиннің «Дубровскийін» өлеңмен аударған. «Үш анық» атты философиялық еңбектің авторы.

Тапсырма:

Абай мен оның шәкірттерінің поэмаларын оқып, мазмұнда

АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІН ОҚИЫҚ!

Жігіттер ойын арзан, күлкі қымбат,
Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат.
Арзан, жалған күлмейтін, шын күлерлік
Ер табылса жарайды, қылса сұхбат.

Кейбіреу тыңдар үйден шыққанынша,
Кейбіреу қояр көңіл ұққанынша.
Сөз мәнісін білерлік кейбіреу бар,
Абайлар әрбір сөзді өз халынша

Керек іс бозбалаға – талаптылық,
Әр түрлі өнер, мінез, жақсы қылық.
Кейбір жігіт жүреді мақтан күйлеп,
Сыртқа пысық келеді, көзге сынық

Кемді күн қызық дәурен тату өткіз,
Жетпесе, біріндікін бірін жеткіз!
Күншілдіксіз тату бол шын көңілмен,
Қиянатшыл болмақты естен кеткіз!

Бір жерде бірге жүрсең басың қосып,
Бірінің бірің сөйле сөзің тосып.
Бірінді бірін ғиззәт*, құрмет етіс,
Тұрғандай бейне қорқып, жаның шошып...

* * *

Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек,
Жылытқан тұла бойды ыстық жүрек.
Тоқтаулылық, қалыпты шыдамдылық –
Бұл қайраттан шығады, білсең керек.

* *Ғиззәт ғиззәт (арабша) – қадір, сый.*

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек.
Жеке-жеке біреуі жарытпайды,
Жол да жоқ жарыместі жақсы демек.

Ақыл да, ашу да жоқ, күлкі де жоқ,
Тулап, қайнап бір жүрек қылады әлек.
Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,
Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек.

* * *

Білектей арқасында өрген бұрым,
Шолпысы сылдыр қағып жүрсе ақырын.
Кәмшат бөрік, ақ тамақ, қара қасты
Сұлу қыздың көріп пе ең мұндай түрін?

Аласы аз, қара көзі айнадайын,
Жүрекке ыстық тиіп салған сайын,
Үлбіреген ақ етті, ашық жүзді,
Тісі әдемі көріп пе ең қыздың жайын?

Бұран бел, бойы сұлу, кішкене аяқ,
Болады осындай қыз некен-саяқ.
Піскен алма секілді тәтті қызды
Боламын да тұрамын көргендей-ақ.

Егер де қолың тисе білегіне,
Лүпілдеп қан соғады жүрегіне.
Бетіңді таяп барсаң тамағына,
Шымырлап бу енеді сүйегіне.

* * *

Сенбе жұртқа тұрса да қанша мақтап,
Әуре етеді ішіне қулық сақтап.
Өзіңе сен, өзіңді алып шығар
Еңбегің мен ақылың екі жақтап

Өзіңді сенгіштікпен әуре етпе,
Құмарпаз боп мақтанды қуып кетпе.
Жұртпен бірге өзіңді қоса алдасып,
Салпылдап сағым қуған бойыңа еп пе?

Қайғы келсе қарсы тұр, құлай берме,
Қызық келсе, қызықпа, оңғаққа ерме.
Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде,
Сонан тапқан – шын асыл, тастай көрме.

* * *

Жарқ етпес қара көңлім не қылса да,
Аспанда ай менен күн шағылса да.
Дүниеде, сірә, сендей маған жар жоқ,
Саған жар менен артық табылса да.

Сорлы асық сарғайса да, сағынса да,
Жар тайып, жақсы сөзден жаңылса да,
Шыдайды риза болып жар ісіне,
Қорлық пен мазағына табылса да.

АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІ

Абайдың қара сөздері – оның философиялық ойлары мен шешендік сөздерінің жиынтығы. Ол туралы М.Әуезов былай дейді: «Стиль, мазмұн жағынан алғанда, осы шығармалар Абайдың өзі тапқан бір алуан көркем сөздің түрі. Кейде бұлар сыншылдық, ойшылдық және көбіне адамгершілік, мораль мәселелеріне арналған өсиет, толғау тәрізді».

Бұл сөздердің бәрі өмір, заман, қоғам шындығын, қоғамдық қарым-қатынастарды, адамдардың ой-өрісі мен сана-сезімін, түсінік-нанымын тануымызға көмектеседі.

Көп жылдар бойы ақын жанын тербеткен, толғантқан ой өлең арнасынан асып, қара сөз болып төгілді. Ұлтын сүйген ұлы жүрек елін алға сүйрегісі келді, айтар сөзін ақырына дейін айтып салғысы келді.

Абайдың қара сөздері – ақын шығармашылығының үлкен бір саласы. Абай даналығының төлқұжаты сияқты шығармалар. Халқының шуақты күндерінен гөрі көлеңкелі күндерінің көп екендігіне жаны ауырған ақынның жан айғайы қара сөз формасында да жарық көрді. Поэзиядағы Абай қара сөзінде өзгеріп кеткен жоқ. Ол сол өлеңдегі идеяны тереңдете түскісі келген сияқты. Кім біледі Абайды толғандырған философиялық ой-тұжырымдар өлшеулі өлең формасына сыймауы да мүмкін шығар, сыймаған да шығар.

Абай жазған проза үлгісі қазақ әдебиетінде бұрын болған жоқ. Прозаның дәстүрлі жанрлары әңгіме, ертегі, повесть, роман емес, Абай сөздерін халықтық терең идеяға құрып, оған ерекше түр берді. Осылайша қазақ әдебиетінің тәжірибесінде жоқ жаңа прозалық шығарма жазуды бастады.

Оның қара сөздері сол кездегі халықтың талғамына сай, құлаққа жағымды, жаттап алуға болатындай стильмен жазылған көркем туынды. Сөйтіп ұлы ақын болашақтың бағдар шамы болатын, сол кездегі қауымға ой салып, түзейтін, өмір ережесі етіп ұстайтын даналық ойларын жазып қалдырды.

Бірінші сөз

Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік: алыстық, жұдыстық, айтыстық, тартыстық – әурешілікті көре-көре келдік. Енді ер ортасы жасқа келдік; қажыдық, жалықтық, жасап жүрген ісіміздің баянсызын,

байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік. Ал енді қалған өмірімізді қайтіп, не қылып өткіземіз?..

Ел бағу?..Мал бағу?..Ғылым бағу?..Дін бағу?..Балаларды бағу?..Жоқ, баға алмаймын...

Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен кара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған бел байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ...

Он бесінші сөз

...Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмағанда айында бір өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күніңді өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің? Жоқ болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың?

Он жетінші сөз

Қайрат, ақыл, жүрек үшеуі өнерлерін айтысып, таласып келіп ғылымға жүгініпті... Сенің үшеуіңнің басыңды қоспақ – менің ісім...Бірақ сонда билеуші, әмірші жүрек болса жарайды. Ақыл сенің қырың көп, жүрек сенің ол қырыңа жүрмейді. Жақсылық айтқаныңа жаны-діні құмар болады. Көнбек түгілі қуанады. Жаманшылық айтқаныңа ермейді. Ермек түгіл жиреніп, үйден қуып шығады.

Қайрат сенің қаруың көп, күшің мол, сенің еркіңе жібермейді. Орынды іске күшінді аятпайды. Осы үшеуің басыңды қос, оның ішінде жүрекке билет. Үшеуің ала болсаң жүректі жақтадым... Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, Құдайтағала қалпыңа әрдайым қарайды деп, кітаптың айтқаны осы,-депті.

Он сегізінші сөз

Адам баласына жыртықсыз, кірсіз, сыпайы киініп, һәм ол киімін былғап, былжыратып кимей, таза кимек – дұрыс іс. Ләкин өз дәулетінен артық киінбегі, не киімі артық болмаса да, көңіліне қуат тұтып, тым айналдырмақ – кербездің ісі.

...Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Онан басқа нәрсеменен оздым демектің бәрі де – ақымақшылдық.

Он тоғызыншы сөз

Адам ата-анадан туғанда есті болмайды:естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе дүниедегі жақсы-жаманды таниды дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөзін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады...

Жиырма үшінші сөз

Біздің қазақты оңдырмай жүрген бір қуаныш, бір жұбаныш деген бар. Оның қуанышы – елден бір жаманды тауып...құдай пәленшеден сақтасын, ол да адаммын

деп жүр ғой, оның қасында біз сәулелі кісінің бірі емеспіз бе, оған қарағанда мен таза кісі емеспін бе? – деп. Оған құдайтағала айтып па сен пәленшеден тәуір болсаң болады деп?..

Енді бір жұбаныш – жалғыз біз бе, елдің бәрі сөйтіп-ақ жүр ғой, көппен көрген ұлы той деген жұбаныш... Оған құдайтағала айтып па, көптен қалмасаң болды деп, көпке қақарым жүрмейді деп?

Жиырма бесінші сөз

Балаларды оқытқан да жақсы...әуелі мал табу керек, онан соң араб, парсы керек. Қарны аш кісінің көңілінде ақыл, бойында ар, ғылымға құмарлық қайдан тұрсын?.. Мал тапса қарын тояды. Онан соң білім, өнер керек екен, орысша оқу керек, хикметте, малда, өнерде, ғылыда – бәрі орыста зор. Залалынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін болді, мұндай болды. Сен оның, тілін білсең себебі олар дүниенің тілін, оқуын, ғылымын білмек керек. Оның себебі олар дүниенің тілін білді, мұндай болды. Сен оның тілін білсең көкірек көзің ашылалы.

... балаңа қатарын әперме, енші берме, барыңды салсаң да, балаңда орыстың ғылымын үйрет! Мына мен айтқан жол – мал аяр жол емес. Құдайдан қорық, пендеден ұят, балаң бала болсын десең – оқыт, мал аяма...

Отыз бірінші сөз

Естіген нәрсені ұмытпасқа төрт түрлі себеп бар: әуелі – көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші – сол нәрсені естігенде, я көкірегінде ғибрәтләнуді керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек; үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып, ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші – ой кеселді нәрселерден қашық болу керек. Ой кеселдері: уайымсыз, салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе – күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер.

Отыз екінші сөз

Білім-ғылым үйренбекке талап қылушыларға әуелі білмек керек. Оларды білмей, іздегенмен табылмас.

Әуелі білім-ғылым табылса, ондай-мұндай іске жаратар едім деп, дүниенің бір қызықты нәрсесіне керек болар деп еді деп іздемеске керек...Сонда әрбір көргеніңді, естігеніңді көңілің жақсы ұғып, анық сөз суретімен ішке жайғастыра алады.

Отыз үшінші сөз

Егерде мал керек болса, колөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды. Алдау қоспай адал еңбегін сатқан колөнерлі – қазақтың әулиесі сол.

Отыз сегізінші сөз

...Ғылым-білімді әуелі бастан бала өзі іздеп таппайды. Басында зорлықпенен яки алдауменен үйір қылу керек, үйрене келе өзі іздегендей болғанша.

Аллатағала – өлшеусіз, біздің ақылымыз өлшеулі. Өлшеулімен өлшеусізді білуге болмайды.

...Кім өзіне махаббат қылса, сен де оған махаббат қылмағың қарыз емес пе?

Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Содан қашпақ керек. Әуелі – надандық, екінші – еріншектік, үшінші – залымдық деп білсін.

Отыз тоғызыншы сөз

Рас, бұрынғы біздің ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан білімі, күтімі, сыпайылығы, тазалығы төмен болған. Бірақ...артық екі мінезі бар екен. Сол екі мінез жоқ болған соң, үйренген өнеріміздің бәрі де адамшылыққа ұқсамайды, сайтандыққа тартып барады.

...әуелі – ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер болады екен. Көші-қонды болса, дау-жанжалды болса, билік соларда болады екен. Оны зор тұтып, әулие тұтып, онан соң жақсылары да көп азбайды екен.

Екіншісі – намысқор келеді екен. Аты аталып, аруақ шақырылған жерде ағайынға өкпе, араздыққа қарамайды екен, жанын салады екен...Кәнеки, енді осы екі мінез қайда? Бұлар да арлылық, намыстылық, табандылықтан келеді. Бұлардан айырылдық...

Ендігілердің достығы – бейіл емес, алдау, дұшпандығы – кейіс емес, не күндестік, не тыныш отыра алмағандық.

Қырқыншы сөз

Осы біздің қазақтың өлген кісісінде жаманы жоқ, тірі кісісінде жамандаудан аманы жоқ болатұғыны қалай?

Жаттың бір тәуір кісісін көрсе, «жарықтық» деп жалбырап қалып, өз елінде сонан артық адам болса да, танымайтұғыны қалай? ...күнде тілін алатұғын достан кейде бір тіл ала қойған дұшпанға кісінің өле жаздайтұғыны қалай? ...Қазақтың шын сөзге нанбай, құлақ та қоймай, тыңдауға қолы да тимей, пәлелі сөзге, өтірікке сүттей ұйып, бар шаруасы судай ақса да, соны әбден естіп ұқпай кетпейтіні қалай?

Қырық бірінші сөз

Қазаққа ақыл берем, түзеймін деп қам жеген адамға екі түрлі нәрсе керек. Әуелі – бек зор үкімет, жарлық қолында болуы керек. Екінші – ол адам есепсіз бай боларға керек. Қазақты я қорқытпай, я параламай, ақылменен не жерлеп, не сырлап айтқанменен ешнәрсеге көндіру мүмкін де емес.

Қырық екінші сөз

Қазақтың жаманшылыққа үйір бола беретұғынының бір себебі – жұмысының жоқтығы. Егер егін салса, я саудаға салынса, қолы тиер ме еді?

Бұл күндегіге байлық та мақтан емес, ақыл, абырой да мақтан емес, арыз бере білу – мақтан.

АБАЙ ҚАРА СӨЗДЕРІНЕН KEЙІН ТУҒАН ОЙ

Бірінші сөз

Адам қандай бір мамандықтың иесі болмасын өз өмірінің естеліктерін, өмірге деген көзқарасын жазып қалдыруға тиіс. Абай қарасөздерін оқып, ғибрат, өнеге алдым, енді мен де өз ой-пікірлерімді жазып тұрамын.

Өтегұлов Алмас

Он жетінші сөз

Абай он жетінші сөзінде қайрат, ақыл, жүрек үшеуін айтыстыра келіп: «...осы үшеуің басыңды қос, оның ішінде жүрекке билет» дейді. Әрине, жүрек ізгіліктің, жақсылықтың мекені. Бірақ жағдайға байланысты болу керек. Жау жағадан алғанда оған жүректің тілі емес, қайрат керек. Көптің тағдырын шешіп, ел басқаруда ақыл алда болу керек деп ойлаймын.

Бақытжан Сабина

Жиырма үшінші сөз

«Құдай пәленшеден сақтасын, о да адаммын деп жүр ғой, оның қасында біз сәулелі кісінің бірі емеспіз бе?..» демеу керек. Ол мақтанш емес. Ол тәуір болса, өз билігін жасасын, өзгелер оған жетуді армандасын. Адамның мүмкіндігі шексіз, тек мақсат пен еңбек бірігу керек.

Құрманғалиева Ботагөз

Қыркыншы сөз

Қазақтың өлген кісінде жаманы жоқ, тірі кісінің жамандаудан аманы жоқ болатұғыны қалай? (Абай)

Енді осы мінезден арылу керек. Бүгінгі күнге дейін өз ұлтымызды өгей баладай, шет елдің адамы болса, жалпақтай жөнелеміз. Өзіміздің қызметкерлерге жалақыны аз төлеп, оларды ақшаға көеміз. Олар ешқашан Өзіндей жаны ашымайды, өз қамын ойлап келген Өзге; бөтендігін жасайды. Одан гөрі ата-бабасының мұрасы Жеріне, халқының тағдырына жаны ашитын өз қандастарымызға көмек көрсетуге тиіспіз.

Бермагамбетова Самал

Қырық екінші сөз

Тәуелсіздігімізге қол жетті, ендігі жерде халықтың тұрмысын жақсарту керек. Ол үшін адамдардың санасына: «Өзіңді өзге емес өзің асырайсың. Табыстың көзін тап, еңбек ет» деген түсінікті ұялатып, нағыз еңбекқорлыққа тәрбиелеу керек.

Шакиева Альмира

Жетінші сөз

Адам тамақ жеу үшін өмір сүрмейді, өмір сүру үшін тамақ жейді. Әйтпесе, біздің жануардан қандай айырмашылығымыз бар? Сондықтан да уақытымызды бос өткізбей білім алуға тырысайық.

Сихова Айдай

Математика тобы

Жиырма сегізінші сөз

«Біреу бай, біреу кедей болса, біреу сау, біреу ауру болса, біреу есті, біреу есер болса сіздер айтасыздар: құдай тағаланың жаратуынан, бұйрығынша болған іс деп.»

Бұл тұжырым толық емес. Аллаһ тағала «Сақтансаң сақтаймын» дейді. Яғни, адамзат әр жаратылыстан өзіне керегін алып, жарамсызын тастаса ол адамзаттың аман-сау болуы да үлкен ықтимал.

Құдай тағала «Білім, ілімді іздеген, байлық, мал-мүлікті бергім келген пендеме бұйырамын» дейді. Ескеріп қоялық, бұл дүниенің о дүниеде қандай дәрежеде болатынымызды анықтайтын сынақ екенін.

*Сабиоров Қайсар
Математика тобы*

Отыз бірінші сөз

Егер сен оқимын, білемін десен, ойыңа бес нәрсе тую керексің: Бірінші, ең бастысы – қызығушылығыңды оят, басыңды артық нәрселерден босат; Екінші – дұрыс тамақтан, денсаулығың мықты болса, миың да жақсы жұмыс істейді, ал ол үшін күн тәртібін орнатып, дұрыс тамақтану қажет; үшінші – денсаулық демекші, спортпен шұғылданғанда жүрек жақсы жұмыс істеп қаны миға барады. Сөйтіп, миы жақсы жұмыс істейді; төртінші – уақытыңда демалу қажет сен шаршап, ұйқың келіп отырса, басыңа еш нәрсе кірмейді. Бесінші – интеллектуалды бағдарлама, газет-журнал, кітапты көбірек оқы. Өз дүниетамыныңды дамыт.

*Абдуали Жұлдыз
Математика тобы*

Абайдың «хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста зор»- деген сөзіне келісемін. Ол заманда орыстар біздің жерімізді «Азияға кілт» деп ойласа, шын мәнісінде өзіміз ақылды болсақ, орыстарды «дүниежүзіне кілт» ретінде пайдалануымызға болатынын тек Абай сияқты ақылды адамдар ғана түсіне алды.

Әр адамға байлықтан бұрын білім керек. Себебі, адам мен хайуанды ажырататын ақыл. Сондықтан балаңды адам болдырғың келсе, ең алдымен қатын әперме, оқыт – дегені рас.

Оразбеков Саятбек

Рас, әрбір пенде құдайдан бала тілейді. Бала – өмірдің жалғасы, қуанышы, сүйеніші, тіреуіші. Бірақ олар балалы бола тұра оның қандай жауапкершілік екенін түсінбейді. Баланы жастайынан дұрыс жолмен, түзу жүруге, өмірдің ащысы мен тұщысын татып, әрдайым өмірдегі қуанышты сәттерде қуанып, ал қиын кездерді оңай шеше білуге үйрету керек.

Және мал тілейді. Бұл жерде мал дегені адамның өмірде жинаған байлығы, дүниемүлкі ретінде айтылған. Абайдың айтуынша, құдай адамға сол байлықты, сол дүниемүлікті жинау үшін жеткілікті күш-қуат және мүмкіншілік береді. Бірақ кейбір адамдар оны дұрыс пайдалана алмайды. Ерінбей еңбек етсең, барлығы да өзімен-өзі келеді. Бірақ ол, әрине, адал еңбек болу қажет.

*Жүнісова Лаура
Инженер тобы*

Менің ойымша, әрине, балаға жағдай жасау керек, бірақ ең алдымен тәрбие болуы керек. Баланы жастайынан жақсы мен жаманды айыра білуіне үйрету керек. Және де білімге деген талпыныс жасау керек. Бір ақынның сөзі бар «Аздықпен қалма, үстіге талпын»

*Акимбаев Аслан
Инженер тобы (В)*

Отыз сегізінші сөз

«Адам ғалым болып тумайды, өсе келе ғалым болады» – деген сөз осы қара сөзге лайық. Баланы ғылымға алдап-сулап қызықтыру керек екенін, осы қара сөз көрсетеді. Бұл ойға мен толығымен келісемін.

Біз «шексіз» деген түсінікті білсек те, оның шынында не екенін түсіне алмаймыз. Өйткені Алла бізге оны берген жоқ. Сондықтан бойымыздағы білім мен ақылдың барлығы Алладан. Одан асып түсе алмаймыз. Бұл тұжырым кеудеміздегі тәкәппар сезімді басу керек.

*Оразбеков Саятбек
Инженер тобы (В)*

Он бесінші сөз

Барлығымыз бұл өмірге сынақ үшін келдік. Әрдайым алдымызда екі нұсқа тұрады. Біріншісі «иә», екіншісі «жоқ». Бір жамандық ойымызға келіп тұрса, оны істеу де, істемеу де өз қолымызда. Жақсылық та дәл солай. Екі жолдың біреуін ғана таңдай аламыз. «Ортасында жүре беремін» деуге болмайды. Өйткені ортада жол жоқ.

Бізге жанды Алла берді, алатын да Алла. Туылғанымызда «туылғың келе ме?» деп сұрамағаны секілді, О дүниеге аттанар кезде де «Жаныңды алсам бола ма?» деп сұрамайды. Қашан және қайда қайтыс болатынымыз белгісіз. Сол үшін әр күні таң атқанда «Аллаға шүкір» деп, жатар кезде сол күнінңді қалай өткізгенің жайында өз-өзіңнен есеп алғайсың.

*Кулумбетов Ерман
Инженер тобы (Д)*

Жиырма төртінші сөз

Тәуелсіздігімізді қолға алған соң, Республикамыздың және қазақ халқының алдында көптеген қол жеткізерлік мақсаттар бар. Жер жүзіндегі жұрттың қоры емеспіз деп ойлаймын. Қазақ ортасында да ұрлық, өтірік, өсек тоқтап, өнерді, еңбекті өрістетерлік жолындамыз. Әрбір адамның қасиеттері әр түрлі болғанмен санасы, ойлау қабілеті бір деп ойлаймын. Сондықтан адамдарды еңбекқорлыққа тәрбиелеу керек.

*Махамбетова Бақытгүл
Инженер тобы (С)*

Он жетінші сөз

Абай даналықтың кілті «қайрат, ақыл, жүрек үшеуін қосып, бірақ жүрек солардың арасында билеуші әрі әмірші болсын» дейді. Әрине, оның бұл ойы бір жағынан дұрыс. Бірақ жүрек тым сезімтал. Дұрыс нәрсені бұрыс қылатын – сезімдердің мекені. Мәселен, адам өз құмарлығына қарай нәпсінің артынан еріп, өмірінің бәлкім ең маңызды құбылыстарынан құр қалады.

Менің ойымша, даналыққа келтіретін қайрат, ақыл, жүрекке қоса тағы жүректің кері әсерлерін жоятын талаптылық та керек. Ал олардың әміршісі – ақыл. Себебі ақыл адамды аздырмайды, керісінше жетілдіреді.

Он бесінші сөз

Адам қай кезде де, қай жерде де өз ісін, өз өміріне есеп беріп өзінің қол астында ұстауы тиіс. Оның барлығы ұсақ-түйек нәрселерден басталады да, артынша орны

толмас үлкен күнә, үлкен қазаларға апарады. Адам өзінің не істеп, не қойғанын ойла-
нып жүрмесе бір шұңқырдан бір шұңқырға түсіп, тек мына өмірін ғана емес, екінші
өмірін де жоқ қылуы әбден мүмкін.

*Досқали Ерлан
Инженер тобы*

Жиырма сегізінші сөз

Құдайға иман келтірген адамның қасында әрқашан оны алған жолынан тайдыру-
шы, азғырушы шайтан болады. Адам баласының ежелден келе жатқан екі қас жауы
бар: Бірі – нәпсі, екіншісі – шайтан. Сол екеуі адам баласына кезек-кезек шабуыл жа-
сап отырады.

Осы азғырушыларға қарамай, алға талпына берсең бәрін де жеңесің. Яғни, адам
кандай да бір қиыншылық болмасын оны жеңе білу керек.

*Құдайбергенов Әлібек
Инженер тобы (С)*

Әр адамның өмірде әуелі бір мақсаты болады. Мақсатсыз өмір сүру – ақымақтық.
Мақсаты бардың қашанда келешегі бар. Өйткені ол болашаққа бағдар жасап, келешегін
жобалайды. Ал мақсатқа жету – оның жетістігі.

Қазақта: «Көз қорқақ, қол батыр» деген мақал бар. Қандай да бір іс адамға қиын
болып көрінеді және оны істеуге шамасы келмейтіндей болып сезіледі. Бірақ өзіне
деген сенім мен батырлық адамды жетістікке жетелейді.

С.Смилес ерік-жігердің маңыздылығын жетістікке жетумен түсіндіреді: «Қай жер-
де ерік-жігер бар болса, ол жерде міндетті түрде тығырықтан шығатын жол болады!»
Бір нәрсе жасаймын деп ойлаған адам көздегеніне жетеді. Өйткені жетістікке жетем
деудің өзі – жетістік.

Бастаған істі соңына дейін бітірмей, басқа бір істі бастамау керек. Шала істелген
істің берекесі болмайды. Әр нәрсенің басын бір шалу – еріккенің ісі. Ал жетістікке же-
тем деген адам ісін аяғына дейін тындырып, содан кейін ғана барып екінші бір істі ба-
стап кетеді. «Ерінген екі істейді» деген мақал бекерге айтылмаса керек. Фердауси бы-
лай жыр етеді: «Бүгін істер істі ертеңге қалдырма, белгісіз ғой не тұрғаны алдында!»

Және де жетістікке жету мүмкіндігін алдан күтпеу керек. Ол мүмкіндік – сен үшін
кез келген күн, сағат. Ол мүмкіндік – сен үшін кез-келген жер, орта. Олай болса істейтін
ісіңе дереу кіріскен жөн.

Мубарякова Диляра

Отыз сегізінші сөз

«Ғылым-білімді әуелі бастан бала өзі іздеп таппайды. Басында зорлықпен немесе
алдаумен үйір қылу керек, үйрене келе өзі іздегендей болғанша»

Қазіргі заманның балалары кішкентай кезінен бастап ғылымға, білімге үлкен
қызығушылық танытады. Қазіргі заман технологиялары көптеген ақпарат алуға
мүмкіншілік береді.

Оқитын бала, өз болашағын ойлайтын балалар өмірде жоғары дәрежеге жетеді.

*Муканов Исатай
Аударма тобы*

Қырық екінші сөз

Жас денені шынықтыратын – еңбек. Еңбек еткен адам тәжірибе жинап, өмірде аяқта берік тұра алады. Сонымен қатар еңбек еткен адамның анау-мынау пайдасыз нәрселерге уақыты қалмайды. Сондықтан менің ата-аналарға айтарым: «Балаларыңызды бос қалдырмаңыздар!»

*Тойгулиева Айгерім
Шетел филологиясы*

Оныншы сөз

Адам баласы таусылмас байлық тілейді. Әрине, кім байлықтан қолын тартар, неге алмасқа? Бірақ арам жолмен табылған байлық ешқашанда маңдай теріңмен табылғандай тәтті болмайды.

Көпшіліктің ойлайтыны – бай болсам, өмірімді рахат, ләззатпен өткізу. Құр ләззатпен өмірінді өткізсең, көп қызықтан құр қалғаның.

Бір адамның екінші адамнан айырмашылығы жоқ. Құдай бізге еңбек етіп, бай болам десеңіз күш-қуат берді, қоғамға пайдамды тигізем десеңіз, ой-ғылым берді. Сондықтан адам болам десеңіз, ерінбей қуатыңды пайдаланып, білім-ғылымға пайданды асыр.

*Байжукенов Аян
Инженер тобы(Д)*

ЖАТТЫҒУЛАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР



Берілген сөздерге тақырыптық білім аясында талдау жасаңыз.

Әділ, ақын, халық, гашық, салт-сана, атастыру, дос, шәкірт, ұлағат

Үлгі: *Әділ – іс-әрекетке, дау-жанжалға дұрыс баға беру, әділетті болу.*

Құнанбайға әділдік іздеген қазақтар толассыз келіп жататын. Құнанбайдың бойындағы әділдік Абайға берілген қасиет.

.....
.....
.....
.....
.....
.....
.....



Мәтіндегі ойды жинақта.

Ұсынылатын мәтіндер: «Абай мен Тоғжан», «Абай мен Ділда», «Абай мен Әйгерім», «Абай ережесі», «Бір тәуір дос тым-ақ керек».

Үлгі: *Кім? Абай*

Не? Ереже

Қашан? 1885жылы, мамыр айында

Қайда? Шар өзенінің бойындағы Қарамола деген жерде

*Қалай? Халық мүддесіне орайластырып
Неге? Заман өзгеруіне орай жаңа заң керек болды*

Кім?.....
Не?
Қашан?.....
Қайда?
Қалай?
Неге?

Кім?.....
Не?
Қашан?.....
Қайда?
Қалай?
Неге?

Кім?.....
Не?
Қашан?.....
Қайда?
Қалай?
Неге?

Бейнеқайталау

- 1) Әнет баба кім?
- 2) Абайдың атын неге Ибраһим қойды
- 3) Тұрсын Жұртбайдың: Абайдың дүниеге келуі – қазақ ой санасындағы үлкен кұбылыс» – деген пікірі нені меңзейді?
- 4) Абайдың хәкім атануына халықтың үлесі қандай?
- 5) Ибраһим есімі ел ішіне неліктен Абай болып тарады?
- 6) Абайдың «Ахмет-Риза» медресесінде оқуын ғалым Т.Жұртбай қалай бағалады?
- 7) Абайға нағашыларынан қандай мінез дарыды?
- 8) Ділданың алғашында Абай менсінбейін З. Тайшыбайұлы қалай түсіндіреді?

Бейнеқайталау

- 1) Абай неше жасында болыс болды?
- 2) Құнанбайды Бөжеймен араз қылған кім?
- 3) Абайға әкесі айтқан үш түрлі мін қандай еді? Абайдың жауабымен келісесіздер ме?
- 4) Құнанбай жастайынан қандай тілек тілеген еді?
- 5) Құнанбай нені тілемегеніне өкінді?
- 6) Құнанбайдың Қодарға берген жазасы жайлы Т. Әсемқұловтың пікірі?
- 7) Абайдың болыстық қызыметі жайлы ел аузында қандай аңыздар жүрді?
- 8) М. Әуезовтің Абайдың орыс достар жайлы пікірі қандай?

V. АТА МҰРАҢ – АСЫЛ ҚАЗЫНАҢ

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ

Қазақ халқының ұлттық бір көрінісі – оның қонақжайлылығы. Оны «Асыңа тойғызбасаң да, ақ ниетіңе тойғыз» немесе «Қонағыңның алтынын алма, алғысын ал» тәрізді мақалдардан да көруге болады. Қонағын қазақ құдайындай сыйлайды. «Қонақ атаңнан да ұлы», «Қонақ құдайдың еркесі» деген мәтелдер осының айғағы.

Халқымыз қонақты «арнайы қонақ», «құдайы қонақ», «қыдырма қонақ» деп бөледі. Мал сойып шақырылған қонақ «арнайы қонақ», бір түнеп аттанатын бейтаныс жолаушы «құдайы қонақ», ал алыстан ағайын-тумалардың, құда-жекжаттардың қыдырып келіп, жатып қонақтануы «қыдырма қонақ» деп аталады.

Халықта «Қонақ келсе, қой егіз табар», «Қонақпен еріп құт келеді» деген мақалдар текке айтылмаған. Сондықтан болар үй иесі – отағасы қонағын қарсы алғанда есігін ашып, алдымен қонағын кіргізеді. Қыз балалар немесе келіндер сырмақ төсеп, көрпе жайып, қонақты төрге жайғастырады.

Қазақ отбасында әрқашан қонаққа деген сыбаға сақталған. Жазда қонаққа арналып қой сойылса, қыста соғым етінен ас әзірленген. Қазақтың аса қадірлі асы – ет. Ет жеудің алдында қонақтың қолына су құйылады. Ежелгі дәстүр бойынша сыйлы қонаққа пісірілген қойдың басы тартылады. Ол «адам әлемді басымен билейді» деген ұғымды білдірсе керек. «Үлкеннің ақыл-кеңесін тыңдап жүрсін» деп балаға құлақ, кейде «сөзге шешен, ақылшы болсын» деп тіл береді.

Қазақ халқының қонақ күту дәстүрі ел-жұрт арасын жақындата, ынтымағын нығайта түседі, ағайын-туысты, көрші-көлемді, үлкен-кішіні өзара сыйластыққа тәрбиелейді. Жастайынан осы дәстүрмен тәрбиеленген жастар көпшіл, мейірімді, үлкенді құрметтейтін, кішіге қамқор азамат болып өседі.

БАЛАҒА БАЙЛАНЫСТЫ САЛТ-ДӘСТҮР

Мәтінді оқып, түсініңіздер

Ата-бабаларымыздың перзент сүйіп, ұрпақ өсіруді, артына мұрагер қалдыруды бақыт санағаны белгілі. Себебі бала – өмірдің жалғасы, отбасының жеміс берер гүлі, ерлі-зайыптылардың тіреу – дінгегі. «Балалы үйдің еңсесі биік», «Бала – адамның бауыр еті», «Балалы үй – базар, баласыз үй – қу мазар», «Бесіксіз үйде береке жоқ» тәрізді нақыл сөздер мен мақалдар осының айғағы. Олар шаңырақтың басты мүддесі – ұл тілеген. Ұл – берісі өз үйінің отын өшірмесе, әрісі елге қамқор, жалпақ жұртқа пана. Қазаққа ер бала – ұрпақ, демек, өз өмірінің жалғасы, қала берді қарт ата-ананың сүйеніші.

Дүниеге қыздың келуі – отбасына енген жаңа нәзіктік пен әсемдік деген сөз. Ағалары, тіпті ата-анасының өздеріне дейін жаратылысында сезімтал қыз балаға ұнамай қалудан сескенеді, бойларын бұрынғыдан да түзей түсіп, жүріс-тұрыс, іс-қылықтарының бәріне де жаңалық енгізеді, қызға қамқор болады.

Атамыз қазақ – ырымшыл, той-думаншыл халық. Баланың дүниеге келген күнінен бастап, ер жеткен ұлы мен бойжеткен қызы қосылып, оларды отау етіп шығарғанға дейін ата-ана той жасаумен болған, оларға ерекше мән берген.

Құрсақ той. Жас келін жүкті болғаннан соң, жақсылықты бір абысынына айтады. Ол енесіне жеткізеді. Болашақ қуаныш үшін келіннің енесі ел-жұртқа жар салмаса да әйелдер жағының басын қосып, келіннің аман-сау босануына тілек білдіріп, кәделі дастарқан жасайды. Осыны қазақта «құрсақ той» деп атайды. Оған жиналған әйелдер шашуларын әкеліп, болашақ жас анаға ақыл-кеңес берген.

Қарт аналар бір жарым айдан кейін «жерік» дегеннің басталатынын, бұдан былайғы жерде ауыр жүкті көтеруге болмайтынын, төсек орынның таза болу қажеттігін, тіл көзден сақ болу керектігін айтқан.

Түнде жүкті әйелді далаға, қараңғы қораға жалғыз жібермейді. Ондай жерде жын-шайтан болады деп түсіндіреді.

* * *

Баланың кіндігін кесетін адам алдын ала сайланып қойылады. Кіндік кескен адамды «кіндік шеше», ер адам кессе «кіндік ата» дейді. Кіндік кескен адам жас босанған келінге қой сойып «қалжа» береді. Осыдан кейін дүниеге келген нәрестенің құрметіне жасалатын ойын-тойдың, салт-дәстүрдің түрлері өте көп. Олар – «сүйінші» сұраудан бастап «шілдехана», «ат қою», «қырқынан шығару», «бесікке салу», «тұсауын кесу», «сүндетке отырғызу», «ашамайға отырғызу» «тоқымқағар», т.б. тойлар. Соңғы жылдары баласы жасқа толып, мектепке барғанына «тіл ашар» тойын жасау дәстүрі пайда болды.

Ерте кезде әкесі баласы 8-9 жасқа келгенде ағайын туысты, нағашы жұртын, алыс-жақын туыстарын таныстыру, ата-тегін, руын, ел-жұртын білдіруге ерекше көңіл бөлген. «Жеті атасын» білу бұлжымас заң болған. Әкесі баласына тек жеті атасының аттарын ғана білдіріп қоймай, олардың қандай адамдар болғанын, ел-жұрты үшін жасаған ерлігі, кісілігі, өнегелі істер жайында әңгіме етіп отырған. Осы арқылы ата-дәстүрінің жақсы істерін жалғастыруға баулыған.

Төмендегі балаға байланысты мақал-мәтелдерді жаттаңыздар.

1. Ата – бәйтерек, бала – жапырақ.
2. Ананың сүті – бал, баланың тілі – бал.
3. Балалы үй – базар, баласыз үй – қу мазар.
4. Әдепті бала ата-анасын мақтатар, әдепсіз бала ата-анасын қақсатар
5. Бала – көңілдің гүлі, көздің нұры.
6. Жақсы бала – сүйік, жаман бала – күйік.
7. Баланың өскен бесігі – кең дүниенің есігі.
8. Әдепті бала – арлы бала, әдепсіз бала – сорлы бала.
9. Анасынның сүйгеннің баласын сүй.
10. Атадан жақсы ұл туса, Елінің қамын жейді,
Атадан жаман ұл туса, Елінің малын жейді.
11. Құлқыңның құлы болғанша, Халқыңның ұлы бол.

Балаға байланысты салт-дәстүрді оқып, біліп жүріңіздер

Шілдехана. Жаңа туылған жас нәрестенің құрметіне жасалатын ойын-сауық, той. Үлкендер бұл қуанышқа батасын беруге келсе, жастар думан жасап, көңіл көтеру үшін, нәрестеге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілеп келеді.

Шілдеханада мол дастарқан жайылып, қалжаға сойылған малдың етімен бірге оның он екі омыртқасы бірге келеді. Омыртқаны жол білетіндердің бірі босанған әйелге береді. Мойын омыртқа мұқият мұжылғаннан кейін оны тұтас күйінде тобылғыға немесе жіпке өткізіп, биік жерге (мысалы, керегенің басына) іліп қояды. Бұл – нәрестенің мойыны бұлғақтамай, тез бекісін дегені.

Шілдехана алғашқыда «Жас босанған әйелді түні бойы жын-перілер жағалап жүреді, әйелдер, қыз-келіншектер жас босанған әйелді үш күн бойы жын-періден қорғап күзету керек» деген діни ұғымнан пайда болған.

Қалжа – жас босанған әйелдің сыбағасы. Ертеден келе жатқан қазақ салты бойынша жас босанған әйелге арнайы қой сойып, жас сорпа ішкізеді. Ана мен баланың қуанышына көрші-көлем, абысын-ажындарын қалжаға шақырады. Қалжа беру босанған әйелге деген ерекше құрметтен туған.

Иткөйлек. Жаңа туған нәрестенің алғашқы көйлегі «иткөйлек» деп атайды. Иткөйлекті баласы жоқ әйелдер ырым қылып алады.

Тұсаукесер. Бала алғаш қаз тұрып жүруге талпына бастағанда ата-анасы «балам тез жүріп кетсін» деген оймен тұсаукесер тойын жасайды. Тұсауы кесілмеген бала сүріншек келеді. Баланың тұсауын қазақ ала жіппен, қойдың тоқ ішегімен және жылқының қылымен кескен.

Ала жіппен кесетін себебі «*балам ешкімнің ала жібін аттамасын*», қойдың тоқ ішегімен «*малға бай*» болсын, ал жылқының қылымен «*тұлпардай жүйрік, сұңқардай ұшқыр бол*»- деген тілекпен кескен.

Сүндет той. Сүндетке отырғызу VII-VIII ғасырларда араб елдерінен шығып, бүкіл мұсылман жұртына тараған. Сүндетке отырғызу мұсылмандықтың белгісі болып саналған. Ер баланы сүндетке бес, жеті немесе тоғыз жасында отырғызған. Бұл мұсылман елдерінде ғана емес, басқа діндегі елдерде де бар. Сүндеттеудің денсаулыққа, тазалыққа да пайдасы зор. Баланы сүндеттеу үлкен рәсім. Ол әр ата-ананың борышы.

Тоқымқағар. Бала бірінші рет үйден алысқа жолаушылағанда әке-шешесі бір малын сойып, оның тоқымқағарын өткізеді. Мұнда кең дастарқан жайылып, өлең-жыр айтылады. Міне, осыдан кейін қазақ бұл балаға арнайы ер-тұрман, ер-тоқым, жүгенноқта, шідер мен кісен, арқан дайындайды. Себебі, осыдан бастап баланы еңбекке баулу, еңбекке тәрбиелеу – анығырақ айтқанда оқыту басталады.

Бәсіре. Бала туған кезде немесе есі кіріп, оң-солын таныған соң, «сүндет тойына» немесе мектепке барғанда атасы немесе өз әке-шешесі оған тай атайды. Оны «бәсіре» тай дейді. Бала оны ерекше күтімге алады, бағады, үйретеді. Және сол арқылы мал бағуға, еңбекке үйренеді. «Бәсіре» атау баланың көңілін өсіреді, өмірге бейімделеді. Өз қатарына «бәсіре тайым бар» деп мақтанып, өсіп жүреді. Мұның бәрі баланың көңілін өсіріп, ынталандырып тәрбиелеудің бір жолы.

Ашамайға мінгізу. Баланың сана-сезімін жетілдіру үшін жасалатын тәрбиелік салттың бірі – осы ашамайға мінгізу салтанаты болып табылады. Жас бала есі кіріп 6-7 жасқа толғанда оған жеке тай атап, ашамай істеп қамшы өріп «сен азамат болдың» де-

ген сенім ұялатып, үйретілген жуас тайға әсем ашамай ерттеп мінгізіп, жүргізеді. Бұл баланың көңілін өсіреді, басқа балалар алдында мерейі көтеріліп, мақтаныш сезімде болады, тез есейеді. Оны еңбекке, адамгершілікке тәрбиелеудің ұлттық әдістемелік жолдың бірі – осы ашамайға мінгізу арқылы көрінеді.

Енші. Балалар ержетіп, жеке үй болғанда ата-анасы оған отау тігіп, дүние-мүлік, мал береді. Мұны «енші» деп атайды. Қыздарға берілетін дүние-мүлікті «жасау» дейді.

ҮЙЛЕНУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ДӘСТҮРЛЕР

Мәтінді оқып, түсініңіздер.

Қазақ халқының құда болып, үйлену салты айрықша орын алатындығы белгілі. Алайда, тәуелсіздігімізді алғанға дейін қазақ халқының ежелгі салт-дәстүрі тек қана «ескіліктің қалдығы» деп қаралды. «Құда мың жылдық, күйеу жүз жылдық» деп, күйрек бауыр жесіп құда болуды, қыз айттыру, қалың мал алу сияқты киелі ұғымдарды теріс ұғындырып, «қызды малға сатқандық» деп ата салтымыз жоққа шығарылды. Дегенмен, ата қазақ қалың малға баюдың, пайда табудың жолы деп емес, той шығынын өтеудің, қызды жасаулап ұзатудың қарымтасы деп қараған.

Егер халық құдалықты «аяғын көріп асын іш, анасын көріп қызын ал» деп түсінсе, «көріп алған көріктіден, көрмей алған текті артық» деп қараса, болашақ келіннің сыртқы сипатына ғана емес, тегіне, тәрбиесіне, іскерлігіне қарап таңдаса, өз қуанышына қолда барын аямаса, сол үшін оны айыптауға болмас. Бұл туралы Бұхар жырау былай деген екен:

Қалың малы арзан деп,
Жаман қатын алмаңыз,
Топқа кірер ұл тумас.

Тегінде жас ұрпақ, қай заманда болмасын, ата-анасымен санасқаннан, үлкендердің тілін алғаннан ұтпаса, ұтылмайтын болу керек.

Қазақ халқының ұлын үйлендіріп, қызын ұзатуға ғасырлар бойы желісін үзбей жалғасып келе жатқан өзіндік салт-дәстүрлері бар. Қазақ дәстүрінде негізінде жеті атаға жетпей қыз берілмейтіні белгілі. Бұл әдет-ғұрыптар ұрпағының келешегін, нәсілінің болашағын ескеруден туындаған экзогамиялық норманы сақтаудың бір көрінісі.

Жігіт үйленер алдында әуелі өзіне ұнайтын теңін іздестіреді. Бұл дәстүр – «қыз көру», «жар таңдау» деп аталады. Бұдан ары **құда түсу, жаушы жіберу, құдаларды қарсы алу, есік төр көрсету, ұрын келу, жасау беру** т.б. салт-дәстүрлері бар.

Жаушы жіберу – қыз айттыруға баратын өкілді жіберу. Ол жөн-жосықты жақсы білетін, сөзге шешен, әзіл-қалжыңға жүйрік адам болуы керек.

Құда түсу – межелі күнде қыз үйіне жігіттің ата-анасының ағайын-туыстары белгілі мөлшерде бірнеше кісі болып келеді. Жер-жерге байланысты бұл салттың аты да, жасалатын ырымы да әр түрлі. Кей жерлерде болашақ келіннің не иығына, не тақиясына апарып болашақ енесі өз қолымен үкі тағады. Мұны «үкі тағу» деп атайды. Ал кей жерлерде сырға тағу салты бар. Бұл дәстүр «сырға салу» деп аталады.

Қалың мал – қыз алатын жақтың қыз беретін жаққа төлейтін малы. Осылармен бірге *ілу, өлтірі, той малы, сұтақы* деген ырымдар да бар. **Өлтірі** деген сөз қосылып жазылғанымен мазмұны – өлі-тірі дегенді білдіреді. «Арадағы құдалық баянды бо-

луы үшін, екі жақ өлі мен тірінің алдында ант етеміз» дегенді ұғындырады. Өлтіріге негізінде қой малы апарылады. Осы малдың етінен қалыңдық ауыз тиюге болмайды. **Сұтақы** – қыздың анасына берілетін сый. Бұл кәде өте қасиетті. Сондықтан да бұл жерде бағалы бұйым берілуі тиіс. Бұрынғы кезде сұтақыға бір түйе немесе бір ат берілген. Қазіргі кезде әркім өз жағдайына қарайды, алайда басқа кәделерге карағанда бұл қадірлі. **Жігіт түйе.** Құдалық, отау көтеру дәстүрінде қыз өсірген ата-ана еңбегі де елеусіз қалмаған. Той үстінде күйеу жігіт енесіне «сүт ақы» сыйын ұсынса, атасына «жігіт түйе» деген сый әкеледі. Бұған міндетті түрде түйе («жігіт түйе» деген сөз осыдан шыққан), жағалы киім немесе қымбат бұйымдар, ер-тұрман әкеледі. **Той малы.** Ең басты кәделердің бірі – топқа арнайы әкелген «той малы» деп аталатын жолды дәстүр. Бұған әр құда өз дәулеті мен шамасына қарай жылқы немесе бірнеше қой әкеледі. Әкелген мал арқылы құдалар қыз әкесінен. Атасынан немесе сол ауылдағы жолы үлкен ақсақалдан бата тілейді. Батадан кейін әлгі мал сойылып, тойға жиналғандар одан ауыз тиеді.

Қыз ұзату. Қыз ұзату үлкен той, әрі думан. Бұл күні ата-ана қуанады, әрі жылайды. Қуанатыны – қыз өсірді және оны құтты жеріне қондыруы, жылайтыны – әрине, кимастық көңілі.

Қызды алуға құда (тақ санмен) бес не жеті кейде одан да көп адам келеді. Мұның ішінде бас құда, құдалар және күйеу жолдас болады. Солтүстік және Орталық Қазақстанда тек ер адамдар барады.

Ұзатылған қызды дәстүр бойынша таң ата, күн шыға жөнелтеді.

Сыңсу. Ұзатылған қыз өз босағасынан аттанар алдында ағайын-туғандарын аралайды. Былайша айтқанда қоштасады. Ол өзінің балалық дәуренінің, оң жақта бұлғақтап өскен бақытты күндерінің өткендігін, аяулы ата-анасының, туысқандарының өзін мәпелеп өсірудегі еңбегін өлеңмен айта жүріп өксиді.

Киіт (дәстүр). Құдалықтың негізгі белгісі – киіт және олардың арасында жүретін, соған лайықталған сый-сияпат, мал, киім, мүлік. Ол құдалар дәрежесіне, дәулетіне байланысты әртүрлі болып келеді. Мысалы, бұрын құндыз жағалы тон, қасқыр ішік, кілем т.б. қымбат бұйымдар, киімдер мен заттар, жүздеген мал (жылқы, түйе, қой) берілген.

Қазіргі кезде «қалың мал» төленбесе де, оның киіт кигізу сияқты дәстүрлері жасалып жүр.

Сұрақтарға жауап беріңіздер:

1. Ата салтымыз не үшін ұмыт бола бастады?
2. Қазіргі кездегі үйлену салты туралы әңгімелеңіздер.
3. Бұрынғы салт пен қазіргі салтты салыстырып қарап көріңіздер.
4. Жазылғаннан басқа үйленуге байланысты қандай дәстүрлерді білесіздер?
5. Салт-дәстүрді жаңғырту не үшін қажет? (өз ойыңыз)
6. Өзге ұлттың үйлену дәстүрлері туралы не білесің?

Келін түсумен байланысты жасалатын салт-дәстүрлердің кейбір үлгілерімен танысыңыздар.

Қызды жігіт үйіне апарған кезде қыздың жасауын да бірге апарады. **Қыз жасауы** – қыз әкесінің ұзатқан қызына беретін бүкіл дүниесінің жалпы атауы. Халық қыздың жасауына аса зор көңіл бөліп «*жасауды алты жастан жинасаң асады, жеті жастан*

жинасаң жетеді» деген. Оның ішіне тіккен үйі, көрпе-төсегі, үй жабдығы, еншіге берген малы тағы да басқа жақсы бұйымдар берілетін болған.

Қыз жасауын берер алдында қыздың үй-іші, туған-туыс, көрші-көлемге *қоржын той* жасайды. Осы тойға келген адамдар *«қоржынға қосқаным»* деп бір заттай бұйым береді.

Келін болып түскеннен кейін той-томалақ аяқталған соң келінді маңайындағы үлкендер үйлеріне шақыра бастайды. Бұндағы мақсат – жаңа түскен келін үйді көру және ел-жұрпен араласу. Бұны *«есік төр көрсету»* деп атайды. Келін барған үйіне құр қол бармайды. Әкелген жасауынан бір зат апаруы керек.

Сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Жасау дегеніміз не?
2. Жасау беру дұрыс па?
3. Есік төр көрсетудің пайдасы қандай деп ойлайсың?

Үйленуге байланысты мақал-мәтелдер мен нақыл сөздерді есте сақтаңдар, реті келгенде қолданып көріңдер.

1. Бірінші байлық – денсаулық, екінші байлық – ақ жаулық
2. Көріп алған көріктіден, көрмей алған текті артық
3. Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер
4. Қызды кім айттырмайды, қымызды кім ішпейді
5. Жақсы ауылға келген келін – келін, жаман ауылға келген келін – келісап
6. Тегіне қарап қызын ал
7. Келіннің өнегелі болуы енеден

Адалдық – ерлі-зайыптылар ынтымағының айқын белгісі

Д.Фонвизин

Егер ерлі-зайыптылар бастары қосылғанша бір-бірінің құлқын, әдеттері мен мінездерін біліп алмаса, некенің бақытты болуы мүмкін емес

О.Бальзак

Мәдениеттілігің мәртебелі әйеліңе қалай қарайтыныңмен өлшенеді.

М.Горький

ҚАЙТЫС БОЛҒАН КІСІГЕ ЖАСАЛАТЫН ҚҰРМЕТ ТУРАЛЫ

Мәтінді түсініп оқыңыздар

Өлген кісіні қазақтай құрметтейтін халық жоқ шығар. Халқымыз «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деп, ол үшін көп шығындар шығарады. Тіпті ауырып жатқан адамның ымыртта (қараңғы түсер алдында) көңіл сұрамайтын ырым бар. Бұл ауруға ауыр тиеді деп есептеген. Ауру бар үйге қонақ та қондыруға болмайды. Ауруының беті бері қарамайтынын білген адам өзін, қайда, қалай жерлеу керек екенін жақын туысына немесе сыйлас досына өсиет етіп айтады.

Иман айту – немесе иман үйіру деп те айтылады. Науқастанып жан тәсілім алдында жатқан адам өз иманын өзі айтып, тілін кәлимаға келтіреді. Егер ол өзі айтуға шамасы келмесе күзетте отырған адам да айтуға болады. Дәстүрімізде ауыр науқасты күзететін ғұрып бар. Күзету – беті бері қарамайтын науқастың жанында жанашыр адамы, туысы, молда отырып, оның ақырғы сәтін күту.

Науқас қайтыс болған соң, алдымен мейрам суын беріп, бөлек үйге шығарады. Үстіне шөп төселген төсектің астына кісі бойындай арнайы жайпақ ыдыс қойып, мәйітті (өлген кісіні) үш адам сабындап жуып, тырнағын алады. Содан кейін тұстастағы ағайындарына хабар береді. Өте жақын адамдарына бірден айтпай, сыпайылап, тұспалдап естіртіп, тоқтау айтып, оны бекем болуға шақырады. Мұны «**естірту**» деп атайды.

Халқымыз қайғылы қазаны орынсыз жерде немесе жол-жөнекей, жеңіл-желпі естірте салмаған. Естіртудің озық үлгілері ауыз әдебиетінде өте көп. Мысалы: «Жиреншеге әйелі Қарашаш сұлудың өлгенін естірту», «Жошы ханға баласының өлімін естіртуі», «Ақсақ құлан күйі», «Шыңғысқа баласы Шоқанның өлімін естірту», т.б.

Осы күні өлген адамды құрметтеп жақындары ұйықтамай мәйітті түнде күзетіп шығады. Өлген адамға арнап мал сойылып, ас беріледі. Мұны халқымыз «**қонақасы**» деп атайды.

Мәйітті жерлеу алдында және кейін де біраз ырымдар істеледі. Мысалы, *жаназасын шығару, топырақ салу, бата оқыр, дұға (құран) оқу, т.б.*

Жаназа – қайтыс болған кісіні соңғы сапарға шығарып салу дәстүрі.

Бата оқыр (бата қылу) – қайтыс болған адамға жақын ағайыны жылқы, сиыр, қой сияқты сойыс әкеліп, дұға оқытады. Бұл – жақын адамдардың арасындағы сыйластықты көрсететін ырым.

Топырақ салу – қайтыс болған адамды жерлеу кезінде «топырағың торқа болсын» деп жақын ағайындары мәйіттің қабырына уыстап топырақ салады. Егер жақын адамдары топырақ сала алмаса, олар қатты өкінетін болған. Үлкен кісілер «бала-шағаннан, жақындарыңнан, туған жеріңнен топырақ бұйырсын» деп тілейтіні осыдан.

Жоқтау – аза ғұрпын көтере түсетін, қайғыны басатын, қазаға аса лайықты қаралы салттың бірегей түрі. Қайтыс болған адамның жақсылығын, еліне істеген қызметін, жақсы қасиеттерін паш ететін тұрмыс-салт дәстүрі, жыры, зарлы өлең. Жоқтауды қайтыс болған адамның әйелі, апасы, қарындасы, қызы және жақындары айтады. Халық ғұрпы бойынша жоқтау айтқан әйелдер мен қыздар үш күн бойы аяқ-табаққа араласпайды, яғни тамақ әзірлеуге қосылмайды.

Дұға (құран) оқу. Марқұм болған өз ата-бабаларының, туған-туыстарының басына барып, не жұма күндері үйде дұға оқып, оларды еске алып отыру – парыз. Сонымен бірге, сапармен келе жатқанда жол үстінде бейіт (мазар) көрсе, тоқтап құран оқу керек.

Әруақты еске алудың үшін, жетісі, қырқы және жылын беру дәстүрі бар. Бұл күндерді атаудың өзіндік діни себептері бар. Мысалы, қазаға ұшыраған адамның жаны үш күннен кейін үйден ұшып кетеді, жетінші күні әруақ бірінші рет үйіне оралады, көрдегі мәйіттің денесі қырық күн өтіп, қырық бірінші күні бұзылады, мәйіттің денесіндегі ет әбден ағып біткенде, адамның о дүниедегі «шын өмірі» басталады деп есептеген. Осыған орай жылын береді, жылынан соң қаралы үй қалыпты жағдайға түсіп, қызықты өмір тіршілігіне араласуы керек.

Халқымыздың аруаққа мұнан кейін де құрмет көрсетіліп, ораза айты мен құрбан айтында құрбандыққа мал сойып, бата жасатып отырған. Оразаның соңғы күні шелпек пісіріп, бейіт басына барып, құран оқытып, пітір-садақа берген. Әруақтың өз отбасы аптаның жұма күні шелпек пісіріп, өлген аруақтарға құран оқу салты бар.

Өлім-жітімге кәденің ең соңғысы – ас беру. Асқа өте көп адам шақырылады. Ас – ана дүниеде жүрген жанның құрметіне құрбандық беру арқылы өлілердің қалған ұрпағын жебеп, қысылғанда сүйеу болсын деген ұғымнан туған. Бұрынғы кезде аста міндетті түрде ақындар айтысы, балуан күресі, алтын қабақ ату, ат бәйгесі, құнан бәйгелері, т.б. болған. Осынша халықты күту үшін мол тамақ, сусын, ойын-сауық, бәйгеге берілетін жүлделер, т.б. болуы керек. Тарихта «Сағынайдың асы», «Абылайдың асы», т.б. астар есте қалған. Ас беру – бірнеше жылдан кейін де бола беруі мүмкін. Халқымызда «Асқа барсаң, аш бар, тойға барсаң, тойып бар» деген мақал осыдан қалған.

Төмендегі мақал-мәтелдерді оқып, жаттап алыңыздар

1. Атаң өлсе өлсін, атаңды көрген өлмесін.
2. Біреуге өлім тілегенше, өзіңе өмір тіле.
3. Өлгенмен бірге өлмек жоқ.
4. Өлім – ортақ, ауру – қонақ.
5. Өлеңді жерде өгіз семіреді, өлімді жерде молда семіреді.
6. Кебін (ақырет) киген келмейді, кебенек(батырлардың киімі) киген келеді.
7. Өлгенім тіріліп, өшкенім жанды.
8. Кісі өлтірген кісіден өледі.
9. Өлетін бала молаға қарай жүгіреді.
10. Өлімге бата, тіріге сәлем.
11. Батырдың өлімі атынан, ақынның өлімі хатынан.
12. Ер жігіт елі үшін туады, елі үшін өледі.
13. Өлімнен ұят күшті.
14. Өле жегенше, бөле же.
15. Төгілген толмайды, өлген тірілмейді.

Мұны да біліп алыңыздар!

Сүйекке кіру – деп қайтыс болған кісіні ақ жауып арулауды айтады. Бұған сүйекті жуудың жөнін білетін аруақтың өзі қатарлы адамдар кіреді. Сүйегіне кіретін адамдарды марқұмның өзі де айтып кетуі мүмкін. Бұған шарифат заңы бойынша әр рудан (атадан, ата ұлынан) бес не жеті кісі түседі. Олардың міндеті – аруақты жуып, тазарту. Бұдан кейін марқұм әйел болса бес қабат, еркек болса үш қабат ақ матаға ақиретке оралады.

Сыйыт. Ежелгі дәстүрде қайтыс болған адамның тұтынған киімдерін оның сүйегін жууға кірген адамдар мен өзі қатарлас адамдарға үлестіретін салт болған. Егер киім берілмей үй-іші қараулық жасаса, аруақ жалаңаш жүреді деген ұғым бар.

Тұрақты сөз тіркестерін оқып, мағынасын түсіндіріңіздер. Таңдаған үш тұрақты тіркеске сөйлем келтіріңіздер.

Ақ өлім; аштан өліп, көштен қалмау; ит өлген жер; өле жаздады; өлердегі сөзін айту; өлердей қорқады; өлер жерін білмеу; өлеріне көрінді; өлмегенге қара жер; өлмегенге өлі балық; өлмесең өрем қап; өлмесең күніңді көр; өлдім-тірілдім дегенде.

Естіртудің түрі (Шыңғысқа Шоқанның қайтыс болғанын естіртуі)

Ұлы өлмеген үрімде жоқ, қызы өлмеген қырымда жоқ, қатыны өлмеген халықта жоқ, ағасы өлмеген аймақта жоқ, інісі өлмеген елде жоқ, әкесі өлмеген әлемде жоқ, шешесі өлмеген пенде жоқ. Аққу ұшып көлге кетті, дуадақ ұшып шөлге кетті, құдай сізге бір гауһар тас беріп еді, оны да иесі өзі әкетті. Шоқан деген балаңыз, бәріміз баратын жерге кетті.

Көңіл айту

Көкті бу көтереді, жүйрікті ду көтереді, жүкті нар көтереді, өлімді ел көтереді. «Уа, Ерден! Көтер басыңды жерден!»

Көңіл айту, тілек сөздер: «иманды болсын», «топырағы торқа болсын», «жаны жәннатта болсын», «қалғандарға ғұмыр берсін», «жасамаған жасын ұрпақтарына берсін», «өлмектің соңынан өлмек жоқ», «арты жақсылыққа жалғассын», «құдайға да жақсы керек», «өлмейтін пенде жоқ», «өзі өлсе де сөзі өлмесін», «өзекті жанға өлім бар», «құдай өзі берді, өзі алды», «жақсының аты өлмейді», «қазаның қайырын берсін»;

Өлімнің астарлы сөздері: көзі жұмылды, жан тәсілім етті, жүрек тоқтады, қайтыс болды, қайтпас сапарға аттанды, келмеске кетті, опат болды, қаза болды, шейіт болды, о дүниелік болды, марқұм болды, фәниден өтті, бақиға кетті, ажал жетті, демі бітті, дәмі таусылды, дүние салды, ата-баба ізімен кетті, ажал оғы тиді, дүниеден озды, о дүниеге көшті, күні бітті, күні батты, жамбасы жерге тиді, т.б.

Сұрақтар:

1. Аруақтарды еске алудың қандай түрлері бар?
2. Өлген адамның үшін, жетісін, қырқын, жылын өткізудің қандай діни себептері бар?
3. Аруақты құрметтеудің тағы қандай жолдары бар?
4. Ас беру туралы әңгімелеңіздер? Қандай ас туралы әңгімелеп бере аласыз?
5. Естірту мен көңіл айтуды оқығаннан кейін қандай әсер алдыңыз?

ҚАЗАҚТЫҢ ЕҢБЕК ДӘСТҮРЛЕРІ

Асар (салт). Бір жанұяның қолынан келмейтін күрделі жұмыстарды атқару үшін бір ауылдың адамдары «асарға» шақырылады. Мысалы: үй көтергенде, егін салғанда, жинағанда, шөп шабуға тағы сол сияқты көлемді, ауыр жұмыстарға шақырылады. Асарға шақырылғандар еңбегі үшін төлем ақы талап етпейді. Оның есесіне асарға шақырушы адам оларға арнаулы мал сойып, қымыз құйып, жақсы ас әзірлеп, тойғызады. Асар – қазақ елінің ұжымдық топта жұмыс істеуінің үлкен бір көрінісі деп қарауға болады. Мұндай жақсы салт-дәстүрлер ел ішінде әлі де бар.

Қол ұшын беру (дәстүр). Жұмыс істеп жатқан жерге келген әр адам қанша асығыс болса да сәл аялдап қол ұшын беруге тиіс. Мысалы, үй салып жатқан жерде ағаш, кесек әперу, егін жинап жатқан жерде екі-үш күрек дән тасып әкелу тағы сол сияқты көпшілік жұмылған іске өз үлесін қосу азаматтық борыш, міндет болып саналады. Осындай көп жұмылған жерде бос тұру тәрбиесіздік, әрі білімсіздік болып саналады.

Қолкесер (дәстүр). Халық салты бойынша біреудің жұмысына қол ұшын бергені, көмектескені үшін ешкім ақы сұрамайды. Бірақ шаруаны істеткен адам «келі түбі»

деп, «қол үздік» деп тиісті сыбағасын немесе сол еңбегіне қарай (аз болса да) бірдеңе береді, бос қалдырмайды. Соның бірі – соғым сойысқандарға берілетін «қол кесер». Яғни, соғым сойған адамға тиісті мүшелерін салып ет береді. Соғым сою да казак үшін берекелі, елеулі күндердің бірі. Соғым етінен алғаш рет қуырдақ қуырылады. Бұл соғымның дәстүрі.

Қымызмұрындық (дәстүр) – бие байлап, алғашқы қымыз ішу тойы. Құлын байлап, бие сауылып оның сүті қорланып ашытылған соң екі-үш күн бойы жиналған қымызға ақсақалдар мен көрші-көлемдер «қымызмұрындыққа» шақырылады. Яғни алғашқы қымыз адамдарға салтанатпен ұсынылып, «көпке бұйырсын» деген тілекпен беріледі. Ақсақалдар үй иесіне рахмет айтып, батасын береді. Халықтың бұл дәстүрі де қонақжайлық, мәрттік, ұлттық ерекше қасиеттерін арттыра түседі.

ҰМЫТЫЛҒАН ҰЛТ ДӘСТҮРЛЕРІ

Бастаңғы – үйдің үлкендері жол жүріп кеткен кезде ауыл жастары сол үйге жиналып, «жолаушылардың жолда басы ауырмасын, бастаңғы жаса» дейді. Бастаңғының мәнісі-жастардың сол үйде ойын-сауықта бас қосуы. Бастаңғыны бой жете бастаған сол үйдің қызы жасайды. Мұның екі түрлі пайдалы жағы бар. Бірі – баласының елмен араласуына, танысуына, сыйласуына жол ашуы; екіншісі – қызын қазақ ұстауға, қонақ күте білуге баулу. Дәстүр бойынша бұған тыйым салуға болмайды.

Байғазы – балалардың, жастардың жаңа киім үшін берілетін ақшалай, заттай сый. Байғазы сұраудың еш артықтығы жоқ.

Ауызбастырық – біреуді сөзбен жығып немесе өткір әзіл тастағанда ұтылған адам өзінше әлгі сөзді басқа адамға таратпау үшін «ауызбастырық» береді. Ол бұл сөзді ешкімге айтпаңыз деген жалынуы, кешірім сұрауы болып табылады. «Ауызбастырық» алған адам әлгі сөзді ешкімге айтпау керек. Сонда «ауызбастырық» та серттің бір түрі болып табылады.

Бұйымтай. Сыйлас кісілер әдейі келіп, сәлемдесіп екі-үш күн болғаннан кейін қонақ аттануға рұқсат сұрайды. Бұдан кейін үй иесі «бұйымтайыңызды» айтыңыз деп сұрайды. Бұл қонақтың қалағаны немесе нендей шаруасы бар екенін білу деген сөз. Қонақ мұндайда келген шаруасын, яғни «бұйымтайын» айтады. Қонақ сөзін, өтінішін орындау қазақ үшін бұлжымас заң. Оны қолынан келген әр адам өзіне міндет санайды.

Әдеп бойынша үй әне келген кісіден үй иесі дастархан жайып, шаруасын сұрап білуі парыз және оның көңілін қалдырмағаны жөн. «Бұйымтай» дегеніміз осы.

Бүйрек. Соғым сойғанда үлкенге сыбаға жіберу, соғым басына шақыру ежелгі жақсы дәстүрлердің бірі. Сонымен бірге мұндай кездерде жас балалар да ұмытылмайды. Жақын, таныс, көрші адамдар соғым сойғаннан кейін бір-бірінің балаларына әдейі арнап «бүйрек» жібереді. Яғни, балаларға лайықтап жүрек, бүйрек араластырып шағын сыбаға жолдайды. Бұл да балалардың көңіл-мерейін өсіретін, ағайын-туысқа жақындататын халық тәрбиесінің бір түрі.

Омыртқа жеу. Соғым сойған кезде жастарға арнайы берілетін ет, сыбаға. Үлкендерге «соғым басын» береді. Ал жастар омыртқа жеуге келеді. Қазақ тек үлкендерді сыйлап қоймаған, сонымен қоса жастарды да жиі бас қостырып, арнайы сыбаға, кәде беріп,

той-томалақ жасатып отырған. Бұған дәлел «бастаңғы», «омыртқа жеу». Сонымен қоса, ауыл жастары кешқұрым жиі «алтыбақан» ойынын жасап, көңіл көтерген. Мысалы: Мұндай үйлерде, әсіресе, осындай кіші ауылдардың алтыбақандарында жарқыратып ән салуға болады («Ұлпан» 430).

Ерулік. Алғаш екі ауылдың ерулігі деген табақ-табақ еттер, саба-саба қымыздар, көп-көп қыдырушы қатындармен ілесе келіп-келіп қалды («Абай жолы»). Ауыл ортасына жаңа үй көшіп келсе, қоныстанса сол ауылдың бұрынғы адамдары жаңа үйге «ерулік» деп ас пісіріп, табақ тартады. Бұл жаңа адамды бөтенсіретпей өз ортасына тартудың, сыйласудың үлкен белгісі.

Қоныс тойы. Ел ішіне жаңадан келген немесе жаңа үйге көшіп келгенде көрші-көлемге, туған-туысқа берілетін той. Кей жерлерде «қоныс май» деп те атайды. Оны Ғабит Мүсіреповтың «Ұлпан» романынан көреміз «Есенеі қонысмайларын осындай жұмыстарын бітіріп алып өткізді» (431-бет).

КӨМЕККЕ БАЙЛАНЫСТЫ АТАУЛАР

Жылу. Өртке ұшырағанда, мал-мүлкі суға кеткенде, тағы да басқадай бақытсыздық жағдайға ұшыраған жанұяға ауыл-аймақта тұратын адамдар мал, дүние, ақшалай көмек көрсетіп жәрдем беруді халық «жылу» деп атайды. Жылу беру адамгершілік көрінісі. Кей аймақтарда «жұрттық» деп аталады.

Садақа. Жетім-жесірге, қаріп-қасірлерге немесе дін жолына ақшалай, заттай берілетін құдайы. Мүсәпірлерге қайыр-садақа беру әр мұсылман баласы үшін міндетті болып саналады. «Садақа берсеңдер құдайға құлшылақ етіп, ешқайда шықпайтын, алыстап ешқайда бара алмайтын жоқ-жігітке беріңдер» (Құран Кәрім).

КИІЗ ҮЙ-ҚАЗАҚТЫҢ БАЙЫРҒЫ БАСПАНАСЫ

Киіз үй – мал баққан көшпелі халықтардың қысы-жазы отыратын өте қолайлы және төзімді баспанасы. Ол тез құрылып, тез жиналады. Киіз үйде қыста жылы, ал жазда салқын болады. Ол көлемі мен сыртқы кейпіне қарай әр түрлі болып келеді.

Киіз үйдің негізгі қаңқасын – *киіз үйдің сүйегі* деп атайды. Олар: кереге, уық, шаңырақ, есік немесе сықырлауық. Киіз үйдің сүйектері көлеңкеде кептірілген талдан, жіңішке қайыңнан немесе теректен жасалады. Киіз үй жасаудың өзіндік ерекшеліктері бар. Оны тек шебер-үйші жасайды.

Киіз үйді тігу де оңай. Ең алдымен керегені жаяды, ал керегенің биіктігі екі метрдей болады. Керегенің әр бөлігін – *қанат* деп атайды. Қанат саны үй көлеміне қарай көбейе береді. Киіз үй төрт, алты, сегіз, он екі қанатты болады. Ал хан ордасының қанат саны отызға дейін жеткен.

Осыдан кейін шаңырақты көтереді. Қазақ өмірінде шаңырақтың маңызы зор. «*Шаңырақ*» сөзі үй, әулет мағынасында да пайдаланылады. Оны «*қара шаңырақ*» деп те атайды. Отбасындағы ұл бала әке шаңырағының иесі, мұрагері болып саналады.

Киіз үйдің басқа сүйектері ескірсе, жаңартады. Әдетте киіз үйді тіккен кезде шаңырақты үй иесі, ер адам көтереді. Үлкен киіз үйлердің шаңырағын ат үстінде тұрып бақанмен көтерген.

Бақан – бір ұшын екі аша етіп жасаған екі сырық. Сонан соң уықтарды шаңыраққа шаншыған. Уықтың кереге басына байланатын жағы жалпақтау болып келеді және сол жерді тесіп бау өткізеді, оны «уық бау» деп атайды. Осы бау арқылы уық пен кереге басын біріктіріп байлайды. Шаншылып біткен уықтың сыртынан айналдыра күрмен шалмалап таңады.

Шаңырақтан кейінгі киіз үйдің ерекше қастерленетін бөлшегі – *босаға*. Ол табалдырық пен маңдайшадан тұрады. Ал есіктің екі жақтау ағашын «*таяныш*» дейді. Оған сықырлауық орнатылады.

Сықырлауық – киіз үйдің өте әшекейленіп жасалатын сәнді есігі. Бұл ортасынан ашылып-жабылатын жарма есіктерге ұқсас. Ол екі таянышқа ілмек арқылы ұстасады, ашып-жапқанда сықырлап тұрады, сондықтан оны «сықырлауық» деп атайды.

Осыдан кейін үйдің киізін жабады. Киіздің төрт түрі бар. Олар *туырлық*, *үзік*, *түндік*, *киіз есік* деп аталады. Алдымен туырлықты керегеге керіп, ұзын баулары арқылы уыққа бекімдеп байлайды. Сонан соң баканның көмегімен үзік пен түндікті жабады. Үзік кереге басынан шаңырақ шеңберіне дейінгі аралықты камтиды. Атауына сай олар үзік-үзік киізден құралады.

Түндік – шаңырақты, киіз-есік сықырлауықты жауып тұрады. Түндік арнаулы бау арқылы оңай ашылып-жабылады. Есіктің сырты киіз, ортасы ши, астары жарғақ теріден жасалады. Ол шиыршықтап түріп қоюға ыңғайлы.

Басқұр – керегелердің бастарын тартып үйді айналдыра байлайтын өрнектелген жалпақ бау; **Үзік** – киіз үйді жабатын киіз;

Киіз үйдің іші екіге бөлінеді. Олар: төр жақ (төрдің оң жағы, сол жағы), есік жақ (оң босаға, сол босаға). Қазақ халқы киіз үйдің ішін әсемдеп безендірген. *Желбау* – өрнекті, төгілме шашақты құр, шаңыраққа үш жерден байланып, керегеге асылады. Ол киіз үйге сәндік-жиһаздық сипат береді. Оның негізгі міндеті – дауыл кезінде шаңырақты салмақпен басып тұру.

Әдетте, үйдің оң жағына ағаш төсек орнатып, оның тұсына түскиіз ұстап, шымылдық құрады. Төрге жүк аяқ, оның үстіне абдыра (сандық) қояды. Абдыраға көрпе-жастық, тағы басқа жүктерді жинайды. Үйдің сол жағына тамақ салатын кебеже, қазан-аяқ салатын аяққап, ыдыс-аяқтар (саба, торсық, ожау, кесе, тостақ және т.б.) қойылады да, осы араны шым шимен қоршап жабады. Бұл «*ас-су бұрышы*» деп есептелінеді. Ал, үйдің ортасына тамақ асатын ошак, (таған) немесе темір пеш орнатып қояды. Киіз үйді осылай әр отбасы өз қалауларына безендіріп, жабдықтаған. Жабдықталған үйдің сәнді, әдемі болуы үй иелеріне байланысты.

(Қ.Байғабылова)

Тапсырма:

1. Киіз үй неліктен ыңғайлы баспана болып есептеледі?
2. Киіз үй иесінің әл-ауқатына қарай қандай түрлерге бөлінеді?
3. Киіз үйдің әбзелдерін ата.
4. Киіз үйдің ішкі жиһаздары қандай?
5. Айтылмаған киіз үйдің қосымша қандай заттарын білесіңдер?
6. «Киіз үй түрлері» тақырыбына қосымша материал қара.

КҮНДЕЛІКТІ ТҰРМЫСТА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚОЛӨНЕР ТУЫНДЫЛАРЫ

Аяққап – ыдыс-аяқ салатын киізден жасалған әшекейлі дорба, уықтың, керегенің аяғына кигізіп жинайтын киіз қап.

Асадал – ішіне тамақ, ыдыс-аяқ қоятын биік кебеже. Ол бірнеше бөлмелі, суырылмалы, ашпалы болады.

Шымшуыр – жаққан оттың шаласын, шоғын, көмірін алатын сабы ұзын темір құрал.

Оймақ – іс тіккенде қолға ине кірмес үшін сұқ қолдың не ортан қолдың басына киетін жезден, темірден, былғарыдан жасалған құрал.

Тулақ – үстіне жүн сабау үшін немесе төсеніш үшін жүні алынбай қатырылған шикі тері.

Жағлан – бұйым салатын үй жиһазы, мүлік. Киізден, ірі малдың елтірісінен жасалған сандық.

Кебеже – көбінесе ас, тағам салуға арналып ағаштан жасалған, әшекейлі, оюлы үлкен сырлы сандық.

Шамдал – май шамдарды қоятын тұғыр, жабдық: Шамның сәні шамдалмен (Мақал).

Сырмақ – түрлі-түсті киізден, матадан сырып, оюлап жасаған әшекейлі ұлттық үй жиһазы.

Сыпыра – қамыр илейтін жұқа жарғақ тері.

Адалбақан – қамшы, ат әбзел, бас киім, кейде тұтқалы ыдыс-аяқ іліп қоятын құрал. Көбіне ашалы, бұталы, арша ағашынан кесіп жасайды.

Түйемойнақ – алтын, күмістен істедген асыл заттарды салатын торсық, дорба.

Уыққап – көшкенде сынбас үшін уықтардың екі басына киігізілетін қап;

Текемет – бетіне әртүрлі ою-өрнек салынып басылған киіз.

Қазанқап – көшкенде төңірегін күйелемес үшін қазанға кигізілетін қап;

Иінағаш – екі жағына шелек іліп су таситын құрал;

Итаяқ – итке тамақ құйып беретін ыдыс.

Абдыра – киім-кешек, әртүрлі бұйымдар салынатын үлкен сандық;

Таған – үш аяқты темір ошақ;

Желқом – жүк арту үшін түйенің арқасына (қомына) салынатын қалың киіз;

Түскиіз – төсектің тұсына ұстайтын кестелі киіз;

Сырық – қазақ үйдің киізін жөндеуге, түндікті көтеріп ашуға арналған жуанырақ ұзын ағаш;

КИІЗ ҮЙ ҚАСИЕТІ ДАРЫСЫН

Киіз үй әбзелдерінің ішінде *«шаңырақ»* сөзі – ең қасиетті сөз. Сондықтан оны ерекше қастерлеп, бата сөзде көп қолданады.

«Шаңырағың биік болсын!» деген сөзді дос-құрбыңның алды бол деген мағынада айтқан.

«Шаңырағың шайқалмасын!» деп жастарға тату-тәтті, берік отбасы болындар деген мағынада айтылады.

Екеуің бір шаңырақтық астында өмір сүріндер! – Бір үйде тұрындар дегені.

Шаңырақпен байланысты мынадай тұрақты сөз тіркестері бар: **алтын шаңырақ** (отан, туған жер), **қара шаңырақ** (ата-баба тұрған үй, әкеден қалған үйге ие болу), **шаңырағы құлады** (үйге ие болатын адам қалмады), **шанырағы ортасына түсті** (үй жайы ыдырады, құлады, т.б.), **шаңыраққа қара** (өз үйін емес, бөтен үй, байқап сөйле), **шаңырақ көтерді** (әйел алып, өз алдына үй болу).

Киіз үйдің екінші бір әбзелі – «**босаға**» сөзі де – киелі сөз. Мысалы:

Қос босағаң берік болсын! деген сөзді жастарға «берік отбасы болындар» деген мағынада айтқан. **Босаға аттау (ақ босаға аттау)** – ең алғаш келін болып түсу деген мағынаны білдіреді. **Босағасын аттап көрмеу** – еш уақытта үйіне бармау деген мағынада. **Босағасында жүру** – кісі үйінде жалшылықта жүру деген мағынада айтылған. **Босағасы үңірейіп қалды** – орны үңірейіп бос қалу, үй иесінің жоқ екенін білдіру.

«**Босаға майлау**» – жастар жеке отау құрғанда немесе біреу үй тіккенде жақын-жуықтары ырымдап, киіз үйдің босағасына май жағады. Бұл үйің берекелі, майдай жағымды, көптің үйі болсын деген мағына береді.

Тапсырма:

1. Киіз үй әбзелдері мен оларға қатысты сөздерді есіңе сақта.

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ТАҒАМДАРЫ

«Ас – адамның арқауы» деп тауып айтқан қазақ дастарқан байлығына ерекше мән беріп қараған. Тағам түрлерін ақ (сүт тағамдары), қызыл (ет), және көк (жеміс) деп үшке бөлген.

Қазақ халқының негізгі азық-түліктік өнімі ет пен сүт болған. Жылқы және қой еті, бие, түйе, қой, сиыр сүті, олардан дайындалған өнімдер қазақ дастарқанына әр берген. Халқымыз көшпелі жағдайда ұзақ сақтауға келетін ет, сүт өнімдерін де мол дайындаған. Сүрленген, қақталған, ысталған ет өнімдері, еттен дайындалған қазы, шұжық ұзақ сақталады, сонымен қатар олардан дәмді тағам да пісіріледі.

Соның ішінде денсаулыққа пайдалы әрі құнарлы мол сүт тағамдарының бірнеше түрлерін жасай білген. Сүтті қасиетті ас есебінде қарап «ақты төкпе, малдың желіні кетеді» деп ескерту жасап отырған. Қазақтың құрт, ірімшік, ежегей сияқты сүт тағамдары басқа елдерде де өте жоғары бағаланады. Қазақ халқы айранды, *қымызды*, *шұбатты (қымыранды)* түрлі ауруларға шипалы сусын ретінде береді. Мұнымен қатар сүттен ұзақ мерзімге сақтауға болатын *құрт (малта, ежегей)*, *қатық*, *сүзбе*, *ірімшік* әзірленген.

Халқымыздың ғасырлар бойы үздіксіз пайдаланып келе жатқан ұлттық тағамының бірі – **қымыз**. Ол – тек тағам ғана емес, сонымен қатар халықтың қасиетін, дәулетін, салтанатын, байлығын, мырзалығын, дастарқан берекесін білдіретін ырыс белгісі. Қымыз – әрі сусын, әрі тағам, дертке шипа, жанға қуат. Дәулетті адамдар қымызды жазда да, қыста да ішіп отырған. Қымызды піскен, сапырған сайын хош иісі артып, тәбет ашыла түседі. Қымыз ыдыстары да бөлек ұсталып, оны «*қымыз шара*», «*қымыз аяқ*», «*қымыз ожау*» деп қастерлеп ағайды.

Сүт тағамдарының ішінде қымыздан кейінгі бағалы сусын – **шұбат (қымыран)**. Оның түйе сүтінен жасалатыны барша жұртқа белгілі. Шұбат та қымыз сияқты ашытылып, тері, ағаш, қыш ыдыстарға құйылып сақталады, пісіледі. Шұбат қымызға карағанда дәмді, жұмсақ, майлы әрі қоюлау болады. Оның қуаты мен емдік қасиеті қымыздан еш кем емес. Екі-үш күндік шұбат ең жақсы, сапалы шұбат деп есептеледі.

Қой, сиыр сүтінен жасалатын сүт тағамының бірі – **құрт**. Әсіресе қой сүтінен жасалған құрттың дәмі де, сапасы да өте жақсы болады. Құрттың дәмі ащы болғанмен, жеуге сүйкімді тағам. Ертеде алыс жолға шыққан жолаушы құртты тамақ есебінде әрі шөл басуға өзімен бірге ала жүрген.

Тағамдық қуаты мол сүттен жасалған астың бірі – **құрт көже**. Ол көбінесе қыста дайындалады. Қазақтар мұны «қыстың қымызы» деп те дәріптейді. Өйткені құрт көже әрі тамақ, әрі сусын.

Қазақ дастарқанының сәні мен дәмі – **май**. Қазақ майды тұздап, қарынға салып сақтайды. Қарындағы май өте жақсы сақталады әрі дәмді болады. Егер сары май көгере бастаса қорытып та (қайнатып та) алады. Ондай майды «шыртылдақ» деп атайды.

Аталған тағамдардың барлығы дерлік ұзақ мерзімдік пайдалануға жарамды. Қазақтардың күнбе-күн ішетін тағамдарын дайындау тәжірибесі де мол.

«Шешесін көріп – қызын ал. Ыдысын көріп – асын іш» деген қазақ мақалында пәлсапалық, әлеуметтік терең ой жатыр. Қазақ ұлт тұрмысында ас сақталатын ыдыс-аяқ мәселесі де шет қалмаған. Оған үлкен мән бергендігіне жоғарыда айтылған мақал дәлел. Сондықтан ата-бабаларымыз ыдысты көбіне ағаштан, жылқы, ешкі терісінен, мыс, жез сияқты металл бұйымдарынан жасаған.

Халықтың дәстүрінде ыдыс қасиетті, киелі, бағалы мүлік ретінде жоғары бағаланған. Ыдысты аттамайды, оны тебуге болмайды. Сол себепті ыдыс-аяқты күту мен сақтаудың жолдары, пайдалану ырымдары мен тыйымдары көп. Олай болса күнделікті қолданылатын ыдыстар да қазақ өмірі мен мәдениетінің құрамды бөлігінің бірі.

Тапсырма:

1. Ұлттық, сүт тағамдары туралы әңгімеле.
2. Еттен, ұннан жасалатын ұлттық тағамдар туралы хабарлама дайында.

Айран. Айран қой мен ешкінің, кейде сиырдың қаймағы алынбаған сүтінен ұйытылады. Піскен сүтті біраз салқындатады да, бұрынғы айраннан ұйытқы құйып, араластырып, үстін қымтап жабады. Айран әбден ұйығаннан кейін бетін ашып салқындатады. Жақсы ұйыған айранға шанышқан қасық тік тұрады. Айран қалған сүт тағамдарын жасауға негіз болады.

Сүзбе. Ұйытылған айранды дорбаға құйып, биікке іліп суын сорғытады. Мұның тұздамаған және тұздаған түрлері болады. Тұздаған қатық көбірек сақталатындықтан, ұзақ сапарға шыққанда, жорықтарда жолазыққа әрі сусын, әрі тоқ ас ретінде пайдаланылады.

Құрт. Қалған қатық, майын алған сүт, ашыған айран, шикі сүтті күбіге жинап, қазанның түбіне май жағып, қоюланғанша қайнатады. Қоюланған құртты қапқа са-

лып, тағы сорғытады. Содан кейін өреге сықпа, күлше, шығыршық, шақпақ формаларына келтіріп күнге жаяды. Кейде қатықты іркіт етпей сүзеді де, тұздап, домалақтап кептіреді.

Ірімшік. Бұл ақ ірімшік, сары ірімшік болып екіге бөлінеді. Қазанға құйылған сүтке айран құйып қайнатады. Ол іріген кезде ірімшігін сүзіп алады. Сары ірімшік жасау үшін оны одан ары сары болған қайната береді.

Іркіт – құрт қайнату үшін үлкен ыдысқа құйып, жинаған сүтті пісіріп, майын алғаннан кейін қалатын аз сусын. **Сарымай, мәйек** – жас төлдің ұлтабарынан алынып, сүттен ірімшік жасауға пайдаланылатын іріткіш зат;

Халқымызда бұлардан басқа *уыз, малта, жент, қорықтық, піспе* т.б. сүт тағамдарының түрлері бар.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Сүттен жасалатын қандай ұлттық тағамдар білесің?
2. Уыз, малта, жент, піспе, қорықтық туралы өз білгенің бойынша әңгімеле.

ҚЫМЫЗ

Қымыз – қазақ халқының әрі тамақ, әрі дәрі, әрі сусын орнына жүретін ең бағалы тағамы. Ол тек қана биенің сүтінен жасалады. Қымыз «құнан қымыз», «дөнен қымыз», «бесті қымыз» деп үшке бөлінеді.

Құнан қымыз – үш тәулік бойы ашытылады. Ол саумал ішпейтін адамдарға беріледі.

Дөнен қымыз – төрт тәулік бойы ашытылады.

Саумал – баяу ашыған қымыз немесе жаңа сауған биенің сүтін ащы қымызға қосып, пісіп-пісіп жұмсартылған қымыз. Бұл екеуі де көбінесе қарттар мен балаларға беріледі.

Халқымыз бесті қымызды қатты бағалаған. Өйткені ол – бабына келген, әбден ашыған, иісі аңқып кісіні анадайдан тартып, түшкіртіп жіберетін күшті қымыз.

Қымызды ашыту – үлкен өнер. Жаңа сауылған биенің сүтін сүзіп, жылы кезінде күбідегі немесе сабадағы қорға немесе ашытқының үстіне құяды да, бір сағатқа жақын піседі. Қымызды неғұрлым көп піссе, солғұрлым жақсы болады. **«Қор»** деп – күбінің немесе сабаның түбінде бұрынғы қымыздан қалғанын атайды. **Ашытқы** – сүр еттің сүйегін сүтке немесе нан ашытқыны сүтке езіп ашытқаны.

Халқымыз жыл маусымына қарай *уыз қымыз (мамыр қымызы), жазғы қымыз, күзгі қымыз (сірге қияр), қысқы қымыз (қысырақ қымызы)* деп те атаған.

Белбаудағы биелер күндіз алты-жеті рет сауылады.

Уыз қымыз (мамыр қымызы) – би енің сүтінен әлі уызы кете қоймаған кезде ашытылған қоймалжыңдау қымыз.

Жазғы қымыз (сары қымыз) – жаз ортасындағы яғни шөп әбден пісіп, буыны қатқан кездегі қымыз.

Түнмел қымыз. Мол қордың үстіне биенің сүтін құйып, ашытып, торсықта екі тәулік сақталған қымыз. Кейде торсықтың ішіне піспеген сүр қазыны салып,

жылқышылардың қанжығасына байлап жіберетін болған. Бұл түні бойы шайқатылып, әбден бабына келеді. Мұның емдік қасиеті өте күшті, оны халқымыз «тосап» деп атаған.

Қысырақтың қымызы – қысыр қалып тайы еміп жүрген биенің қымызы. Оны қыс бойы ашытып, ауру адамға беріп отырады. Кейде аса құрметті қонақтарға берген.

Сірге қияр қымыз немесе күзгі қымыз – күзде биелерді ағытар кезде ағайын, туған-туысқандарын шақырып берілетін қымыз.

Қымыз ыдыс талғайды, қымызға темір ыдысты жолатуға болмайды. Саба жылқы терісінен жасалуы керек. Күбі, ожауға дейін ағаш болуы қажет. Сонымен бірге, қымыз жерді де, ауа райын да, шөпті де талғайды. Қымыздың жақсы, жаман болуы биенің жеген шөбіне, оны күткен адамға байланысты. *Өлең, құрақ, қамыс, ши* және *мия* жеген биенің сүті бұзылады. Оған *күреңсе, ақтасын, желкек, қара қорғасын* сияқты шөптер беру керек. Сабаны, күбіні үнемі тобылғының, қайыңның түтініне ыстап тұру шарт.

Кең даламыздың саналуан гүл-бәйшешегін және мың түрлі дәрі-дәрмектік шөбінен емдік нәр алған жылқы қымызының емдік қасиетін халқымыз сонау көне дәуірдің өзінде-ақ жақсы білген.

Төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер:

1. Қымызды неге бағалы тағам дейді?
2. Қымыздың қандай түрлері бар? Әрқайсысына анықтама беріңдер.
3. «Ашытқы», «қор» сөздерін қалай түсінесіңдер?
4. Жыл маусымына қарай қымыз қалай аталады? Әрқайсысына түсініктеме беріңдер.
5. Қымыздың жақсы, жаман болуы неге байланысты?
6. Аталған шөптер туралы біліп ал.

Қымызға байланысты төмендегі өнегелі сөздерді біліп алыңдар

1. Ауруға ем, сауға қуат, дәрі – қымыз. (*Жамбыл*)
2. Осы қымыз қазаққа
Мақтаның ба, асың ба?
Қымызды басар артына
Ет даяр ма қасында? (*Абай*)
3. Қызды кім айттырмайды,
Қымызды кім ішпейді? (*Мақал*)
4. Байтал мінсең, құлын жоқ,
Саумал ішсең, қымыз жоқ. (*Мақал*)
5. Қыз жігіттікі, қымыз көптікі. (*Мақал*)
6. Бір аяқ қымыздың екі аяқ аяқ желігі бар.
7. Алдияр аруағына еткем, қымыз,
Сені ішкен мұратына жеткен, қымыз,
Мейлі доңыз болсын, қоңыз болсын,
Иеңнің түкірігін ем еткен қымыз.
Басыңнан қымыз кетсе, қызық кетер,
Сын-сыйлық сәулетінді бұзып кетер,
Кешегі бәйік болып отырған жұрт
Күдерін сенен қалай үзіп кетер. (*С.Торайғыров*)

Мына тұрақты тіркестер арқылы мысал келтіріңдер.

Қырық құбылу; қырық пышақ (болу); Қырына алу (М/ы: *Барлық Ырғызбай Дәркембайды содан бері көзге түрткі қып, шетке қағып, қырына ала беретін (М.Ә.); қыр соңынан қалмау* (М/ы: *Ғалияны қызғанған Қордабай Шолақтың қыр соңынан қалмайтын болды (Балуан Шолақ); қыршынан қиылу; қырғи қабақ* (– *Бөгелші, балам, – деді анасы... – Сақ болғайсың. Қайнағамыз өмір бойы әкең марқұммен қырғи қабақ еді (Ғ.Мұс.); Құрақ ұшу* (*Құнанбай аттанып кеткенге шейін, мұндай ауылдар құрақ ұшып, қалбақ қағып күтеді (М.Ә.); Құрығы ұзын; Құты қашу.*

ЕТ ТАРТУ РӘСІМДЕРІ

Халықтың жалпы өмірін, шаруашылығын, қарым-қатынасын, салт-дәстүрлерін оның ұлттық тағамдары арқылы да білуге болады. Мал шаруашылығымен айналысқан қазақ халқының асының ең бастысы – ет. Өзге халық өкілдері етті колмен, яғни бес бармақпен жеу себебінен еттен жасалған бұл ас түрін «бесбармақ» деп атап кеткен. Етті семіз қой, сиыр, жылқы етінен немесе сүрленген жылқы етінен жасайды. Жылқы етінің барлық мүшесі қадірлі болып саналады. Етті пісіріп алған соң, жұқа қағаздай етіп жайма нан жазып, етті түсірген соң, жайма нан сорпаға бір кайнатылады. Пияз, бұрыш, тұз қосылған тұздық жасалады. Ет жайлы табаққа салынады. Салынған мүшесіне қарай ет бас табақ, құда табақ, күйеу табақ, көрші табағы болып бөлінеді.

Қазақта арнайы ет тарту рәсімі бар. **Бас табаққа бас, жамбас, казы, жал-жая, омыртқа** және т.б. мүшелер салынады. Етті тураудың да, тартудың да өз реті бар.

«Отырғандардың ақылшысы, басы бол» деп пісірілген мал басын жасы үлкен сыйлы ақсақалға ұсынады. Ол мал басының құйкасынан отырғандарға бір-бір тілім ет кесіп таратады. Жастарға «сөзге шешен бол» деп тілін, «ақын бол» деп тандайын береді. Сонан соң қалған ет мүшелерін жасына, құрметіне қарай бөліп береді де, ет толық туралып болғаннан кейін үлкен ақсақал табақтан дәм алысымен ас желіне бастайды. Балалар дастарқан шетінде отырады, етті оларға тек ақсақалдар береді. Мұндай ғұрып «асату» деп аталады. Бұл «біздердей ұзақ және бақытты өмір сүр» деген тілектен туған деп есептеледі. Ет желініп, сорпа ішілген соң жиылған жұрттың басы – ақсақал үй иесін, отырғандарды қошеметтеп бата береді. Қонақ күту салты атадан балаға ата мұра ретінде таралып келеді.

Тапсырма:

1. Мәтін мазмұнымен таныс.
2. Ет тарту рәсімдерін есіңе сақта.

Мал сою. Әдетте мал көжеқатыққа, қонақасыға, тойға, асқа, күздікке, қыстық соғымға, тасаттыққа, кісі өліміне арнап сойылады. Сойылатын малдың бәріне бата беріледі. Батаны ер адам береді, әйел адам бата бермейді. Бауыздағанда қанын әбден ағызу керек. Өйтпесе, ет қарайып кетеді. Терісін сыпырып болғаннан кейін мүшелейді. Мұның да үлкен жауапкершілігі бар, бір мүшенің еті екіншіге мүшеге ауысып кетпеу керек. Үйдің отағасы мен ас иесі сойылған малды мүшелей алмау әбестік болып есептеледі, тіпті кешірілмейді.

Ет пісіру. Етті пісіру, асу малдың түріне және оның кәрі, жасына байланысты. Кәрі малдың еті тез піспейді. Етті тезек немесе ағаш жағып пісірген жақсы, мұндайда ет бабымен піседі. Газға піскен ет дәмсіз және қатты болады.

Еттің қанды көбігін алғаннан кейін тұз салып, аударыстырып отырады. Ет пісіп жатқан аршылған пияз, дала жуасын салып жіберсе, сорпасы тұщы, сүйкімді, дәмді болады. Ет әбден піскен соң астын басып, баяу қайнатады.

Етті кептіру мен сүрлеу. Жаз айларында ет бұзылып, иістеніп кетпеу үшін аздап тұз сеуіп, желдің өтіне сорғытады. Сонда оған шыбын қонбайды, көгермейді.

Сүрлеу көбінесе күздікте, қыстық соғымда болады. Қызы мен қартаны айналдырып, жал, жаяны осып тұздап, шошаланың ішіне көлденең ағашқа іліп, астына тобылғы немесе қайың ағашын жағып, түтінге ыстап сүрлейді. Түтін сіңген ет үсімейді. Халқымызда «сүр сақтау» деген сөз бар. Ол – биылғы сүрді келер жылға дейін сақтау деген сөз.

Асату (асатпа) – екі түрлі. Бірі – бас табақтан кіші табаққа жасы үлкен адамның дәмді, майлы еттен үлес салуы. Екіншісі – сыйлы адамдардың алақаны толы майлы етті жастарға асатуы.

Сарқыт – ауыл әйелдері, жастар иба сақтап мейман отырған үйге кіруден именеді. Оларға қонаққа тартылған табақтан кесек ет қалдырылып, кейін үлестіріледі.

Ауыз тию – дастарқан жаюлы кезде үйге келген кісіге дәм тартқызып сыйлау.

СОҒЫМ

Соғым – қазақ халқының негізгі, әсіресе, қыстық дәстүрлі тағамы, күздің қара басынан сойылатын мал.

Соғымның үш кезеңі:

Күздік не қазан асы – суық түсіп, сауын мал суалып, ақ азайып, негізгі соғымға ай жарымдай қалғанда семіз үш-төрт қой, тана, өгізше, жабағы, тай сойылуы.

Соғым (негізгі) – желтоқсан айының ортасында, сиректеу қаңтар айының басында сойылатын ту бие, құр ат, құнажын, дөнежін, байтал.

Ақбайтал – қыс ұзаққа созылып, жем-шөп таусылып мал арықтар деген сақтықпен ақпан айында сойылатын семіз бір-екі байтал. Терісіне бүріліп сақталған еті – бүрме.

ҚАЗАҚ ДАСТАРҚАНЫНЫҢ КӘДЕЛІ, СЫЙЛЫ КӨРІНІСТЕРІ:

Әр адам қазақ ғұрпындағы «бас табақ», «жай табақ» не «орта табақ», «қос табақ», «жастар табағы» немесе «күйеу табақ», «аяқ табақ» болып бөлінетінін және келген кісілердің орын дәрежесін жақсы білуі керек. Яғни, табақ жасау да – келген қонақтарды орын-орнымен сый-құрмет көрсетудің бір түрі.

Бас табақ жасы үлкен қарттарға, аса сыйлы қонақтарға тартылады, ел (ауыл) басыларына тартылады. Табаққа салынатын кәделі мүшелері: бас (қойдың) не шеке (сиырдың, жылқының), жамбас, ортан жілік, белдеме (бел омыртқа), сүбе қабырға, құйрық май, жылқы етінен қазы, қарта, жал, жая.

Орта табаққа (жай табақ) ортан жілік немесе жауырын мен тоқпан жілік, асықты жілік кейде жамбас салынады.

Күйеу табақ Салынатын кәделі мүшелері: төс – күйеу баланың, асықты жілік – күйеу жолдасының, құйымшақ – қыздың, жас келіншектің сыбағасы. Мұнда келін отырса, ұлтабар мен жүрек салынуы тиіс.

Қос табақ – құда-құдағиларға тартылатын арнаулы табық. Мұның да кәделі мүшелері бас табақпен бірдей. Оның қос табақ деп аталатыны, ол құда-құдағидың көпшілікпен бірге жеген қонақасының үстіне арнайы әкелінетін табақ немесе қосымша ет. Бұл табақта құдағиға арнап екінші тоқпан жілік салынады.

Сый табақ – құда-жекжаттық қатынас болмаса да, ерекше сый-құрметке лайық адамдарға тартылатын табақ.

Жай табақ – ортан және тоқпан жіліктер, жауырын, қабырға, омыртқа салынады.

Бас табақ, қос табақ, сый табақтарға жаурын, тоқпан жілік сияқты кәдесіз мүшелер салынбайды. Басты жоғарыда отырған қарттардың ең үлкеніне немесе сыйласына ұсынады.

Төмендегі ет сөзімен байланысты тұрақты тіркестерді пайдаланып сөйлем құраңдар.

Ет алды; ет асым (пісірім); ет қызумен; ет жақын; еті өлген; еті тірі; еті үйрену; иттің етінен жек көру; көзінің еті өскен; құлағының етін жеу; табан ет, маңдай тер; түйенің жарты етіндей;

Мына мақал-мәтелдерді есте сақтаңдар.

1. Таяқ еттен өтеді, сөз сүйектен өтеді.
2. Еттің бәрі қазы емес, иттің бәрі тазы емес.
3. Ет жесең тісіңе кіреді, жемесең түсіңе кіреді.
4. Ат жаманы – сүріншек, ет жаманы – шеміршек.
5. Қуырдақтың әкесін түйе сойғанда көрерсің.
6. Еттің соры – қуырдақ, ұнның соры – бауырсақ.

ЕТТЕН ЖАСАЛАТЫН ТАҒАМДАР:

Қазы – тек жылқы етінен, оның ішінде қабырға еттен жасалады. Қазының сапасы жылқы етінің семіздігіне байланысты. Қазыға бұғана, мойын, қара тілше қабырға пайдаланылмайды. Қалған қабырғаларды майлы етімен қоса тіліп, алдын-ала келіге түйіп әзірленген тұздыққа салады. Қара бұрыш, сарымсақ, тұзды қосып түйеді. Бұларды тілінген қабырғаларға жақсылап сеуіп, екі-үш күн салқын жерге қояды. Қазыны салатын ішекті де тұздайды.

Қазыны пісіргенде бірден қатты қайнатпай, отты бәсендетіп, жарты сағаттан соң екі-үш жерінен тесіп қойған дұрыс. Сонда қазының қабығы жарылмай бүтін күйінде піседі.

Қарта. Қашанда қазымен қосақтала айтылатын қарта дәмділігі жағынан қазыдан кем түспейді. Қарта жылқының тік ішегінің жуандау жерінен әзірленеді. Ішекті тазар-

тып, айналдырып жуған соң алдын-ала түйіп әзірлеп алған тұз, қара бұрыш, сарымсақ қоспасын сеуіп араластырып салқын жерге бір-екі күн қоя тұрады.

Қартаны қазы мен шұжыққа қарағанда баяу жанған отта көбірек қайнатады. Себебі, қатты қайнап піскен қарта қатып кетеді.

Шұжық. Бұл да жылқының сан, қол, омыртқа, бұғана етінен жасалады. Тек мойын еті сіңірлі, шандырлы болғандықтан шұжыққа пайдаланылмайды.

Етті маймен қосып ұсақтап турап, қара бұрыш, тұз, сарымсақ сеуіп араластырып, бір-екі күн салқын ерге қоя тұрады. Шұжық жасауға қажетті жуан ішекті де тұзды суға сала тұрады. Соңынан судан алып сорғытып, туралған, тұз сіңген ұсақ майлы етті ішекке тығады. Екі ұшын кендір жіппен мықтап байлайды.

Құйрық-бауыр. Жаңа құдалар шақырылғанда мал сойылысымен қазанға құйрық май мен бауырды салып пісіреді. Піскен соң екеуін де турап, араластырып, құдаларға сыйлы тағам ретінде береді. Құдалар ризалық танытып, құйрық-бауыр желінген соң табаққа ақша салу ырмы дәстүрге айналған. Құйрық-бауырдың сыйластық пен жақындастықтың бастамасы сияқты да сипаты бар.

Бігеу – турап, бүйенге тығып пісірген ет. Оның бір жағы тігіліп, екінші жағы тұйық болғандықтан, өз сөлі өзінде болады.

Жаужұмыр – түгелдей өз қарнына салынып, су құймай, қоламтаға пісірген қой еті. Оны кейде «жаубүйрек» деп те атайды.

Сырбаз – өз терісіне орап, қоламтаға көміп пісірілген бағлан еті.

Жаубүйрек – қазіргі кәуаптың қазақы түрі. Тобылғы не аршаны жағып, оның түтінсіз қызыл шоғына жапырақталып кесілген етті, аңның, малдың төсін істікке шанышып екі жағы күреңіткенше қақтап пісіреді.

Үйткен мал – семіз тайынша, семіз қойдың ішек-қарнын жеке алып қойып, отқа үйтеді.

Шұрай – қазының ең семіз, майлы жері; сырбаз – дәмдеп, баптап пісірілген балауса ет; **түймеш** – туралып, жаншылып, кішірек етіп доғалақталынып майға қуырылған ет тағам; **қақтама** – шокқа қақтап пісірілген ет; **қақпыш** – жалпайта сүрленген майды *қақпыш*, бөлшектенгенін *қақпыш барша* деп атаған (С.Мұқанов).

КИЕЛІ САНДАР

Қазақ халқында жеті, тоғыз, он екі, қырық сандары қасиетті, киелі сандар болып есептеледі. Оның себебі орта ғасыр ғалымдарының жеті күнге жеті жұлдыздың атын беруі, жеті металдың (алтын, күміс, темір, сынап, қолайы, мыс, қорғасын) пайда болған күні деп, жексенбі, дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі күндеріне ат берілуі деп қарауынан болуы керек.

«*Жеті*» сөзімен байланысты халқымызда «жеті қазына», «жеті күн», «жеті жұрт», «жеті жок», «жеті жұт», «жеті ғалам», «жеті қат көк», «жеті ғашық» сөздері пайда болған. 16 ғасырда өмірге келген Өз Тәуке ханның «Жеті жарғысы» да жеті сөзінің қасиетіне, киелі жағына мән беруден туған болуы керек. Өлген адамның жетісін беру, жеті шелпек пісіріп, еске алу және «Жетіге келгенше жерден таяқ жерсін», «Жеті қабат жер астында» сияқты дәстүрлік сөздер мен мақал-мәтелдердің шығуы да жетімен байланысты.

«Тоғыз» саны араб елінен дінмен байланысты енген тәрізді. Халқымыздың «Тоғыз ай, тоғыз күн бала көтеру», «Тоғыз жолдың торабы» тағы басқа сөздері тегін шықпаған болу керек.

«Он екі» саны да – халқымыздың құрметтейтін саны. Қазақ күнтізбесі бойынша он екі айға арнайы жәндіктер мен хайуанаттардың аты берілген. Олар: *тышқан, сиыр, барыс, коян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз*. Осындағы он екі жылды бір мүшел, қауіпті жас деп, оны адамдар атап өтуі де тегін емес. Он екі сөзімен байланысты «он екі мүшең сау болсын», «он екіде бір нұсқасы жоқ» сөздері де айтылады.

Халқымыздың қасиет тұтатын тағы бір саны – «қырық». Нәрестенің өмірге келгеніне қырық күн толып, мойны бекігенде, «қырқын шығару» ырымы жасалады. Сол сияқты өлген адамның «қырқын беру» дәстүрі де бар. Халқымыз келген қонақты «Қырықтың бірі – қыдыр» деп, ерекше құрмет тұтқан. Ел ішінде «қырық» сөзімен байланысты тағы басқа да сенімдер, ырымдар баршылық.

Тапсырма:

1. Қандай сандар киелі сан деп есептелінген?
2. «Жеті» санына қатысты ұғымдарға түсінік бер.
3. Тоғыз санына байланысты қандай сөздер бар?
4. Он екі саны туралы не білесің?
5. Қырық санына байланысты ырым мен дәстүрді ата.
6. Жалпы киелі сандар туралы әңгімеле.

ҰЛАҒАТТЫ ҰЛТТЫҚ ҰҒЫМДАР

Үш мақсат: 1. Сауда мақсаты – ұту. 2. Жол мақсаты – жету. 3. Дау мақсаты – біту.

Үш көз: 1. Су анасы – бұлақ. 2. Жол анасы – тұяқ. 3. Сөз анасы – құлақ.

Үш алыс: 1. Жер мен көк алыс. 2. Кәрі мен жас алыс. 3. Жақсы мен жаман алыс.

Үш қуат: 1. Ақыл қуат. 2. Жүрек қуат. 3. Тіл қуат.

Үш ғайып: 1. Ажал ғайып, 2. Қонақ ғайып, 3. Несібе ғайып.

Үш даусыз: 1. Мінез даусыз. 2. Кәрілік даусыз. 3. Ажал даусыз.

Үш тоқтам: 1. Ақыл – арқан, 2. Ой – өріс. 3. Адам – қазық.

Үш қадірсіз: 1. Жастық. 2. Денсаулық. 3. Жақсы жар.

Үш жамандық: 1. Нақақтан қан төгу. 2. Кісі малын нақақ алу. 3. Ата-бабадан қалған ескі жұртты бұзу.

Үш із: Бала – артта қалған із. Бақыт – ұзатылған қыз. Байлық – қолға ұстаған мұз.

Үш қазына: 1. Ер қазынасы – жүрген із. 2. Ел қазынасы – көне көз. 3. Тіл қазынасы – ескі сөз.

Үш арсыз: ұйқы, тамақ, күлкі арсыз

Үш қат: Жоғарғы қат аспан, орта қат жер үсті, төменгі қат жер асты

Төрт тұлға: От, су, жел, жер

Төрт құбыла: Шығыс, Батыс, Оңтүстік, Солтүстік

Төрт маусым: Көктем, жаз, күз, қыс

Бес парыз: Құдайдың бірлігі мен Мұхамбеттің пағамбарлық қасиетін мойындау, намаз оқу, ораза тұту, қайыр садақа беру, хажылыққа бару

Бес асыл: Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым

Бес дұшпан: Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ (ысырапшыл)

Бес қару: Садақ, мылтық, найза, қылыш, айбалта

Алты парыз: Адамдардың бір-біріне деген алты парызы бар.

Олар:

Әдейі барып бір-біріне сәлем беруі;

Арнайы шақырса, міндетті түрде баруы;

Егер кеңес сұраса, ақыл қосуы;

Қойылған сұраққа жауап беруі;

Аурудың көңілін сұрауы;

Қайтыс болса, жерлеуге қатысуы

Жеті ата: әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене, туажат

Жеті қазына: ер тұрман, ақылды әйел, ақыл-білім, жүйрік ат, қыран бүркіт, берен мылтық, жүйрік тазы (ит)

Жеті жұт: құрғақшылық, жұт (мал қырылуы), өрт, оба, (ауру), соғыс, топан су, зілзала (жер сілкіну)

Жеті қат көк

1. Ай

2. Меркурий (Шоқ жұлдыз)

3. Шолпан

4. Күн

5. Марс (Өмірзая)

6. Муштари (Юпитер)

7. Сатурн

Жеті жетім

Тыңдамаған сөз жетім,

Киюсіз тозған бөз жетім,

Иесіз қалған жер жетім,

Басшысы жоқ ел жетім,

Аққу, қазсыз көл жетім,

Жерінен айырылған ел жетім,

Замандасы қалмаса,

Бәрінен де сол жетім.

Әлемнің жеті керметі: Египет пирамидалары, Олимпиядағы Зевстің мүсіні, Родос алыбы, Семирамида бағы, Диана ғибадатханасы, Карнас мұражайы, Александр маягі.

Жеті жетекші:

Адамның басшысы – ақыл,

Жетекшісі – талап,

Жолаушысы – ой,

Жолдасы – кәсіп,

Қорғаны – сабыр,

Қорғаушысы – мінез,

Сынаушысы – халық.

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫ

Халқымыздың ұлттық ойындары саналатын ат ойындары көне заманнан бері әр түрлі мейрамдарда, тойларда, астарда өткізіліп келеді. Бұл ойындар: аударыспақ, көкпар, бәйге, қыз қуу, теңге алу және басқалары.

Аударыспақ ойыны ашық алаңда, көгалды жерде ойналады. Ойынға екі атқа мінген жігіттер (шабандоздар) қатысады. Шабандоздарға белгілі бір уақыт белгіленген дұрыс. Осы уақыт ішінде олар ат үстінен бірін-бірі аударып түсіруі керек. Егер олар бірін-бірі жеңе алмаса, онда ортаға келесі екі атты ойыншы шығады. Жеңіске жеткен жігіт ойын шарты бойынша келесі жеңімпазбен сынасады. Соңғы жеңімпаз анықталғанша ойын осылай жалғаса береді.

Атқа мінген бірнеше жігіттер қатысуымен өтетін ойын **«көкпар»** деп аталады. Әдетте көкпар тартуға бауыздалған лақ немесе серке беріледі. Ойынға қатысушы жігіттер (көкпаршылар) белгіленген сызықтың бойына қатар түзеп тұрады. Сызықтан 50-60 адымдай жерге көкпар тасталады. Берілген белгіден кейін көкпаршылар шаба жөнеледі. Жерде жатқан көкпарға бірінші жеткен шабандоз көкпарды іліп алып қашады, қалған көкпаршылар Қуып жетіп, тартып алуға әрекеттенеді. Ойын белгіленген көмбеге (межеге) жеткенше осылай жалғаса береді. Кім бұрын «көкпарды» межеге әкелсе, сол жеңімпаз атанып, «көкпарды» өзінде қалдырады.

Егер ойыншылар екі немесе топ болып бөлініп ойнаса, межеге алғаш жеткен көкпаршының тобы жеңіске жеткен болып есептелінеді. Мұндай ойынды *«Мере көкпар»* деп атайды. Қазіргі кезде көкпар ойыны шамалы өзгертілген түрінде әр жерде өзінше жүргізіледі. Кей жерлерде күн батып, қараңғы түскенше көкпар тарту – ойынның басты шарты болып саналады.

Ұлттық ойынның кең тараған түрі болып саналатын **бәйге** – қазіргі кезде өте жақсы дамыған, әлемге әйгілі ойынның бірі. Бәйге ойынының бірнеше түрі бар. Олар: тай жарыс (1-2 жасар тай жарысы), құнан жарыс (2-ден 3 жасқа дейінгі аралықтағы құнандар жарысы), топ бәйге (3-4 жасар кез-келген жылқы, дөнендер жарысы), аламан бәйге (ұзын қашықтықта жүргізілетін жарыс).

Бәйге ойыны кез келген жазық жерлерде өткізіле береді. Ойынға қатысушы шабандоздардың санына шек қойылмайды. Ойынды жүргізу үшін ара қашықтық белгіленеді. Бәйгеге қатысушылар сызық бойына қатарға тұрады. Берілген белгіден кейін олар келесі көмбеге (межеге) қарай шаба жөнеледі. Көмбеге алғаш шауып келген шабандоз жеңімпаз атанып, ол адамға сыйлық беріледі. Бұрынғы кездерде ойынға қатысатын аттарды бәйгенің басталар орнына **керешілер** айдап апаратын болған. Сол жерден аттар кері қарай жарыса шауып келетін межені *«Қарауылтөбе»* деп атаған.

Ашық алаңда жүргізілетін қызықты және әдемі ұлттық ойынның бірі – **«Қыз қуу»** ойыны. Бұл ойынға атқа мінген қыз бен жігіт қатысады. Алдымен ара қашықтығы 1-2 шақырымдай екі көмбе белгіленеді. Бірінші көмбеде жігіт, ал қыз оның арт жағында он адымдай жерде тұрады. Берілген белгіден кейін қыз екінші көмбеге қарай шаба жөнеледі. Қыз жігіттің жанынан өте бере жігіт қызды қуып жетуге қамданады. Егер жігіт қызды қуып жетсе, құшақтап сүйеді. Қыз бен жігіт екінші көмбеге жеткен соң кері қарай шабады. Ендігі кезекте жігіт қашады, қыз оны қуа жөнеледі. Жігітті қуып жеткен қыз оны қамшының астына алады. Осылайша ойын қайталана береді.

Ұлттық ойындардың өте қызықты, жігітті сынайтын түрі – «күміс алу» («теңге алу») ойыны. Белгіленген ара қашықтықта үш-төрт жерге шүберекке оралып күміс немесе теңге тасталады. Шабандоздар кезек алып тізбекке тұрады. Олар келген кезектерімен осы қашықтықта шауып келе жатып, ат үстінен еңкейе отырып, жолындағы түйілген шүберекті алуы керек. Осы кезде аттың басын тартып тоқтауға болмайды. Атты тоқтатып барып алынған шүберек есептелінбейді. Ойынды қызықтау үшін көрермендер күміс немесе теңгені бірнеше рет қайталап тігеді. Жердегі шүберекті алған шабандоз оның ішіндегісін өзіне қалдырады. Ойын осылайша жалғаса береді.

Алтыбақан – қазақтың ұлттық ойыны. Алтыбақанға екі адам қарама-қарсы тұрып тербеледі. Бұларды бір адам тербетіп тұруы тиіс. Алтыбақанда тербеліп тұрған екі адам ән салады. Алтыбақан ертедегі ауыл жастарының кешкілікте бас қосып, халық аспаптарының сүйемелдеуімен ән салатын, айтысатын, әзіл-оспақ, назды күлкісімен көпшілік болып көңіл көтеретін ойын-сауығы болған. Алтыбақанның дене шынықтыруға да пайдасы мол. Ол – ауылдық жерлерде әлі де қызықты ойындардың бірі.

Ақсүйек. Ең алдымен, ойнаушылар өзара келісіп, жеңген топ үшін жүлде тағайындайды да, екі топқа бөлінеді. Топ басқарушылар ақсүйекті қайсысының лақтыратынын шешіп алу үшін кезектесіп таяқ ұстайды, таяқтың басына кімнің қолы бұрын шықса, сол ақсүйекті құлашы жеткенше лақтырады. Ақсүйек жерге түскеннен кейін ғана ойыншылар іздеуге шығады. Көмбеде топ басқарушылардан басқа ешкім қалмайды. Ақсүйекті тапқан ойыншы ешкімге білдірмей, көмбеге қашуға әрекет жасайды да, ал қарсыластары біліп қалса, қолма-қол тартып алуға тырысады. Сондықтан ақсүйекті алдымен тауып алған топтың адамы бұрын жеткізсе, сол топ ұтқан болады да, жүлдегер атанады. Келесі жолы ақсүйекті екінші топ лақтырады, сөйтіп ойын кезектесіп отырады.

Сақина жасыру. Ойынды өткізу үшін басқарушы және сақина іздейтін кезекші белгіленеді. Қалған ойыншылар дөңгелене отырады. Ойыншылар тізелерін көтеріп, оның үстіне алақандарын ашып қояды. Ойын жүргізуші қолына сақина алып, әр ойыншының қолына кіргізіп, сақинаны бірінде қалдырады. Басқарушы жұмулы қолын әрбір ойыншының қолына салысымен, алақанын жаба қалады. Сақина жасырылғаннан кейін, ойын жүргізуші өз қалауынша ойыншының бірінен: «сақинам кімде?» деп сұрайды, осы кезде барлық ойыншы тынышталады. Кезекші сақинаның кімде екенін тапса, онымен орын ауыстырады, ал егер таба алмаса, өлең айтып, би билеп, т.б. өнер көрсетеді де, өз қызметін қайтадан атқарады.

АТ ЖАРЫСЫ

Тай жарысы – негізінен балалардың сүйіп ойнайтын ойындарының бірі. Тай жаңа туған құлын кезінен бастап баланың қамқорлығында болады. Тайға мініп шабатын баланың жасы 7-8-ден аспауы керек. Жазда қатар қонып отырған ауыл балалары тайларын үйретіп, үлкендердің кеңесімен шағын қашықтыққа жайдақ мініп жарысады. Тай жарыста озып келгендерге бәйге (сыйлық) беріледі.

Құнан жарысы шағын тойларда өткізілген. Бұл жарыс 8-10 шақырымдық қысқа қашықтықта өтеді. Құнанға 8-9 жасар балалр мінгізіледі.

Дөнен жарысында атқа шабатын балалар 9-10 жас шамасында болу керек. Ертеде бұл жарысқа 25-30 шақырымға дейінгі қашықтық белгіленген. Дөнен жарысы үлкен жиын-тойларда өткізіліп тұрған.

Тай жарысынан бастап ат жарысына және аламан бәйгеге шапқан бала жылқы малын жақсы танып, жарысқа түсетін атты баптау қажеттігін де білетін болады.

Ат жарысы мен аламан бәйге баланы табандылыққа, батылдыққа, тапқырлыққа үйрететін ұлттық спорттың қызық та қиын түрі болып табылады. Ал бәйгеге қосатын атты баптау және оған мініп шабатын баланы іріктеп алу да оңай шаруа емес.

Жорға жарысының да өзіндік ерекшелігі бар. Жорғалардың алдыңғы аяқтары мен артқы аяқтары бірдей түсіп, қанша тез жүгіртсе де өзінің жұмсақ та тайпалма жорға жүрісінен таймауы керек. Осы талап тұрғысындағы жорғаларды халқымыз «су жорға» деген. Бұл – ат жорғалағанда үстінде аузы ашық ыдысқа құйып ұстап отырған су төгілмейді дегенді білдіреді. Жорға жарысы қысқа қашықтықта – 2-3 шақырым аралықта өткізілген.

«Жылқы» сөзімен байланысты шыққан мақал-мәтелдерді жаттап алыңдар.

1. Адам баласы сөйлескенше, жылқы баласы кісініскенше.
2. Арық атқа қамшы ауыр.
3. Ат сүрінбей жер танымас.
4. Ат тұяғын тай басар.
5. Ағайын тату болса ат көп, абысын тату болса ас көп.
6. Алып анадан туады, тұлпар биеден туады.
7. Ат – ердің қанаты.
8. Жылқының сүті – шекер, сүті – бал.
9. Жылқыда өт жоқ, құста сүт жоқ.
10. Жылқы – малдың патшасы.
11. Жаман атқа жал бітсе, жанына торсық байлатпас
12. Тай тулап үйірінен кетпес.
13. Жылқы құлыннан көбейер, ақша тиыннан көбейер.
14. Тұлпар болар құлын мүшесінен белгілі.
15. Сырын білмеген аттың сыртынан жүрме.
16. Ат айналып қазығын табады, ер айналып елін табады.
17. Құнан атқа жеткізер, ат мұратқа жеткізер.

Тапсырма:

1. Мәтінде айтылған ойындарды біліп ал.
2. Мәтінде айтылмаған қандай ұлттық ойын білесің?
3. Жылқыға байланысты мақалдарды жаттап ал

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ КИІМДЕРІ

Еуразия даласын қоныс еткен көшпелі ел қазақтарының басқа халықтарға ұқсамайтын киім үлгілері табиғи ерекшеліктер мен көшпелі тіршілікке сәйкес қалыптасқан. Қазақы киімнің барша сымбаты мен ою-өрнегінде, әрбір әшекейінде

халқымыздың тарихының, ой-дүниесінің қайталанбас көрінісі бар. Біздің ұлттық мәдениетіміздің бірі болып саналатын ерлер мен әйелдер киімінің түрлері көп. Олардың ішінде **ерлердің киімі:** шапан, ішік, жарғақ шалбар; **бас киімі:** бөрік, айыр қалпақ, тымақ; **аяқ киімі:** саптама етік, т.б. болып бөлінеді.

Ерлердің оқалы немесе зерлі шапаны – қымбат матадан жағасы мен өңіріне зер салынып, арқасы мен етек-жеңі оқалы жіппен өрнектеліп тігілетін сырт киім. Шапанның арқасына күн тәріздес дөңгелек өрнек, өн бойына өсімдік тектес оюлар салынады. Ер-теректе мұндай шапандарды хан, сұлтандар, ауқатты адамдар киетін болған.

Ішік – сырты матамен тысталып, түрлі аңның терісінен жүнін ішіне қаратып тігілетін ер адамның қысқы сырт киімі. Тігілетін терісіне қарай олар: *түлкі ішік, қасқыр ішік, сеңсең ішік, ныштақ ішік* деп әр түрлі аталады.

Иленіп, әбден өңделген жұқа теріні қазақтар «жарғақ» дейді. Қызғылт түске боялып, түрлі-түсті өрнек салынған жарғақ теріден тігілген шалбарды «жарғақ шалбар» деп атаған. Бұл сәнді киімді кезінде батырлар, бектер мен билер, сал-серілер салтанатқа киген.

Бөрік – жеткіншектерден бастап, ересек адамдарға дейін киетін бас киім. Ол етегін айналдыра қымбат тері күсіліп (жапсырылып) дөңгеленген пошымда тігіледі. Оның пошымына, тігілген материалына қарай *шошақ бөрік, үкілі бөрік, камшат бөрік* сияқты түрлерге белінеді.

Айыр қалпақ – аса қымбат матамен тысталып, ішіне жұқа киіз немесе қалың мата салынып сырылып тігілетін ер адамдардың бас киімі. Сыртына өсімдік тектес өрнек салынып, алтын жіппен зерленеді. Оны ертеде, негізінен, хан, сұлтандар салтанатқа киетін болған.

Тымақ – ер адамның бас киімі. Қазақта тымақтың түрлері көп, соның ең бағалысы – *түлкі тымақ*. Тымақтың маңдайы мен құлақтарының ішкі жағына түлкі терісі тігіледі де, сырты мақпалмен, пүлішпен немесе басқа асыл маталармен сырылып тысталады. Тымақтың төбесі төрт немесе алты сай (бөлек) үшкіл (үш бұрышты) киізден құралып, шошақ болып келеді.

Саптама етік – қонышы тізені жауып тұратындай ұзын, табаны қалың сіріден оң-солы жоқ, түзу болып тігілетін аяқ киім. Оны киіз байпақпен киеді. Саптама етік қысқы аязда ат үстінде жүргенге жылы, әрі қолайлы.

Қазақ әйелдері (қыздары) үстіне *қос етек көйлек, шапан (бешпет)* немесе *камзол*, ал басына жас ерекшелігіне қарай *тақия, сәукеле* немесе *кимешек*, аяғына *мәсі* немесе *кебіс* т.б. киген.

Қос етек көйлек – жібек, торғын, шәйі сияқты асыл матадан тік жаға, кең етек етіп тігілетін көйлек. Ұтегіне өрнектеліп, бүрмеленген қос желбіршек салынады, сондықтан «*қос етек көйлек*» деп аталады.

Шапан (бешпет) – қалыңдықтың сырт киімі. Ол да асыл матадан алтын жіппен зер салынып, өрнектеліп тігіледі. Шапанның өңіріне оюлы өрнек салынса, етегіне өсімдік тектес өрнектер кестеленеді. Бұл – өсіп-өнсін, өркенді болсын деген тілек белгісі.

Сәукеле – ұзатылатын қыз-қалыңдық киетін ғұрыптық киім. Оның сом күмістен құйылған төбесіне үкі тағылып, маңдайына жақұт қондырылады. Сәукеленің өн бойы алтын, күміс сияқты қымбат металдармен өрнектеліп, ақық, маржан, гауһар сияқты асыл тастармен безендіріледі. Оның екі жақтауына моншақтан салпыншақ өріледі,

төбесінен жерге дейін төгілген ақ желек жабылады. Сәукелені ұзатылатын қызға арнап шеберге дайындаттырады. Сәукелені қалыңдық ұзатылған күннен бастап бір жылға дейін киеді.

Кимешек – жасамыс (егде) әйелдер киетін бас киім. Ол өн бойы көкіректі жауып тұратын тұтас матадан тігіледі. Кимешектің ақ матадан бет жағы ойылады. Оның жағы, өңірі оқаланып кестеленеді, төбесіне сәндік үшін шылауыш немесе күндік сияқты ақ мата оралады.

Камзол – шапанға қарағанда ықшам, қысқа, көбінесе жеңсіз немесе қысқа жеңді болып келетін әйелдің сырт киімі. Салтанаттарға киілетін камзолдар аса қымбат маталардан белі қыналып, өңірі мен етегі түрлі өрнектермен кестеленіп өрнектеледі.

Мәсі – өңделген жұқа теріден қонышына ою салынып, табансыз, ұлтансыз тігіліп, негізінен әйелдер үйде киетін жеңіл аяқ киім.

Кебіс – табаны қалың, өкшесі биіктеу, сыртына түрлі өрнектер салынып тігілетін, мәсінің сыртынан киюге арналған аяқ киім. Қалыңдықтың етігі де басқа киімдермен қатар арнайы тігіледі. Бұл етіктің өкшесі биік, табаны ағаш шегемен шегеленген болады. Қонышы өңделген теріден түрлі өрнектер салынып, көкшіл бояуға боялып, әсемделеді. Мұндай етікті «*көк сауыр етік*» деп атайды.

Тақия – бас киімнің бір түрі. Қазақта тақияның түрі көп. Соның ішінде аса сәндісі, көркемі – бүлдіршін қыздар киетін үкілі тақия. Ол – биіктігі 10-15 см мөлшерінде дөңгеленіп тігілген, жалпақ төбесіне үкі тағылатын жеңіл бас киім. Ол айнала жиегіне ою салынып, түрлі асыл тастармен көмкеріліп тігіледі. Оны жас қыздар ұзатылғанға дейін киеді. Ұзатылған қыз – қыз ғұмырдың белгісі – тақиясымен «*сыңсу*» айтып қоштасып, кетерінде сіңлісіне сыйлайды.

Көкірекше (нымша) – жейденің немесе көйлектің сыртынан киетін жеңсіз, жеңіл киім. Оның өңірі мен етегі өрнектеліп, әдемі кестеленеді. Қыз балалардың көкірекшесіне теңгелер, маржан сияқты әшекей заттар қадалады. Ыңғайлы, ықшам көкірекшені көбінесе балалар жейденің, көйлектің сыртынан киеді.

(*К.Матыжаннан*)

Тапсырма:

1. Мәтінді оқы.
2. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қой, жауап бер.
3. Айтылмаған басқа ұлттық киімдерге сипаттама жаз.
4. Ұлттық киім қай уақытта киіледі?
5. Ұлттық киім тігуші шеберлерді білесің бе?

АЙ АТАУЛАРЫНЫҢ МӘНІ

Әр айдың аталуы, оның ерекшеліктері, халық ұғымындағы мән-жайы әр түрлі. Айлардың аталу себептеріне жеке-жеке тоқталып, назар аударалық.

Наурыз – жылдың әрі көктемнің бірінші айы. Парсының «нау» – жаңа, «руз» – күн деген, яғни «жаңа күн» деген сөзінен шыққан. Демек наурыз аты бір күнді бейнелесе де, ол толық ай атын иеленген. Наурыздың, бірінші күні (жаңаша наурыздың 22-сі күні) күн мен түн теңеседі, жаңа күн келеді. Бұл айдың Шығыс елдері үшін,

әсіресе, қазақ елі үшін орны өте бөлек. Халқымыз оны жыл басы, көктем басы, мереке басы деп санайды, «Ұлыстың ұлы күні» деп ерекше құрметтейді. Наурыздың бірінші күні халықтық мереке ретінде аталып өтіледі, сондықтан күнтізбеде демалыс күні деп белгіленген. Халқымыз Наурыз айын қасиетті ай ретінде бағалап, көптеген ұлттық дәстүрлерді қалыптастырған. Жыл сайын мерекелік «Наурызнама» думаны өткізіліп, «Наурыzkөже» пісіріліп, Наурызбаға беріліп, Наурызжыры айтылып, Наурызжұмбақ шешіліп, түрлі ұлттық ойындар ойналады. Осы айда түскен әдемі, қиыршық қарды «наурызша» немесе «құс қанаты» деп атайды. Наурызды халық «көктем туды» дейді, бұл «жақсы күн туды», «төл туды» деген ұғымды білдіреді. Наурызда күн ұзарады, бұл кезді қазақтар «ұзын сары» дейді. Бұл жуанның созылып, жіңішкенің үзілетін кезі болғандықтан халық қуатты, дәмді тағамдарын әдейі осы кезге дейін сақтап отырған. Көктемде күн жылынып, мал төлдейді. Айдың соңғы күндері өкпек жел соғып, қар күрт еріп, жер лайсаң болып, жол бұзылады. Бұл кезді ел «аласапыран» деп атайды. Әр айдағы ауа райының күрт өзгерісі «амал» деп аталады.

Сәуір – екінші ай. Бұл айда қар еріп, су тасып, күн жылына бастайды. Ағаштар бүр жарып, көк шығады. Мал төлдеп, жұрт уызға тояды. Құс келіп, ұя салады. Балалар жұмыртқа жинайды.

Халқымыздың «Сәуір болмай, тәуір болмас» деген сөзі бұл айдың жақсы мезгіл екенін меззейді. Еліміздің оңтүстік аймақтарында егіс жұмыстары басталады. Сәуір айының үшінші онкүндігінде «Құралай салқыны» деп аталатын амал келеді. Бұл кезде киіктер төлін (құралайын) аяқтандырады, өргізеді.

Мамыр – үшінші ай. Көктемнің ең сұлу шағы. Күн жылынып, жер бусанып, өсімдік құлпырады, төл көбейеді. Құстар балапан шығарады. Барлық малдың балалары «төл» деп аталса, құс балапаны «мамыр» деп аталады. Ай аты осы сөзден шыққан. Бұл айда мал өріске шығады, қой қырку, жылқы күзеу, түйе жүндеу басталады. Ең қызығы бұл айда бие байланып, «қымызмұрындық» мейрамы өткізіледі. Ал еліміздің солтүстік аудандарында егіс жұмысы қызады.

Маусым – жаз мезгілінің бірінші, жылдың төртінші айы. Маусым үндінің «маусын» деген жұлдыз атауынан шыққан, кейін түркі елдерінің тіліне енген («ҚСЭ». 7 том, 527 бет). Бұл атау жаз маусымының басталуына орай да шығуы мүмкін. Кейде бұл айды отамалы деп те атайды. Бұл жер отының (шөбінің) молайып, нәрленіп, малға жұғымының артуына байланысты шыққан. Маусымда шөп шабылып, мал азығы дайындалады. Бұл айда күн барынша ұзарады, түн қысқарады.

Шілде – бесінші ай. Шілде сөзі парсының «чилле» – қырық деген сөзінен шыққан. Қазақтың «қырық күн шілде» деуі де тегін емес. Бұл қырық күнге созылған өте ыстық ай. Шілдеде өсімдік те, мал да, құс та өсіп, толығады. Бұл айда күннің ұзақтығы қысқара бастайды.

Тамыз – алтыншы ай. Көне Сирия, ежелгі еврейдің «таммуз» деген сөзінен шығып, біздің тілімізде «сары» деген ұғымды білдіреді. Қазақтар кейде бұл айды «сарша тамыз» деп те атайды. «Сары- сарша-сарғаяу» сөздері жердің құрғап, өсімдіктердің сарғайған кезін білдіреді. Тамызда егін пісіп, астық жиналады. 30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні.

Қыркүйек – күздің бірінші, жылдың жетінші айы. Бұл ай аты мал шаруашылығына орай шыққан атау. Қазақтар қой-ешкінің төлдеу уақытын көктем айына келтіру үшін

қошқар мен текеге байлаған күйектерін осы айда ағытатын болған. Қыркүйекте шаруашылықтың жиын-терімі аяқталып, жұрт қыс қамын ойлай бастайды. Халықтың «күз келді» дегені – жайлаудан «мал келді», «суық келді» дегені. Күзде күннің салқындауы басталады, шық түседі. Қыркүйектегі шуақты күндерді «мизан шуақ» дейді.

Қазан – жылдың сегізінші айы. Күн салқындап, құстар жылы жаққа ұшады. Жаңбыр жиі-жиі жауады. Кейде алғашқы қар ұшқыны да біліне бастайды. Бұлт қоюланады. Су қатып, бозқырау түседі. Малшылар күзекке көшеді. Бұл уақытта пісіп үлгермеген көкөніс пен егін суыққа ұрынады, үсиді. Халық мұны «қазан ұрды» деп атайды.

Қараша – тоғызыншы ай. Бұл айда мал семіреді. Ертеде салық малы осы айда жиналатын болған. Оны халық «қаражшы» деп атаған (яғни қаражат жинаушы). Ақыры осы атау ай аты болып қалыптасып кеткен.

Қарашада жер оты азайып, тақырланып, күн суытады. Қара жердегі суықты жұрт «қарасуық» дейді. Алғашқы қар түсе бастайды, мұны халық «қарашаның қары» деп атайды. Қазақтар күздікке қой, тай, тайынша сойып алады.

Желтоқсан – жылдың оныншы айы. Бұл ай қыстың алғашқы айы. «Жел» және «тоқсан» деген сөздің қосындысынан шыққан. Бұл сөз үш ай желді, боран деген ұғымды білдіреді. Бір тоқсанда үш ай болатыны белгілі. Ежелгі түріктер бұл айды жел айы деп атаған. Желтоқсанда қыс күшіне еніп, боран болады. Халық тілінде «қыс түсті» деп айтылады. Бұл «қиындық түсті», «қар түсті» деген ұғымдарды білдіреді.

Желтоқсанның 22-сі күні күн барынша қысқарады. Халық мұны «күннің тоқырауы» дейді. Қазақтар желтоқсанда соғым сояды.

Қаңтар – жылдың он бірінші айы. Күннің барынша қысқарып, қаңтарылып тұрып қалуына орай «қаңтар» деп аталған. Бұл айда күн ұзара бастайды, сондықтан халық «Қаңтарда күн қарға адым ұзарады» дейді.

Ақпан – жылдың он екінші айы. Бұл қыстың және жылдың соңғы айы. Халық ақпан сөзін «ақ ықпа», яғни «боран» деген сөзінен шыққан дейді. Бұл ай қыстың ең ауыр әрі қаһарлы кезі. Осы айда қатты суық, аяз, үскірік, дүлей боран болады. Халық «ақпанда күн ат адым ұзарады» дейді. Ақпан жылдың ең қысқа айы, ол кейде 28, кейде 29 күнмен бітіп отырады. Бұл кезде жем-шөп азайып, мал жүдейді. Ай санай білген халқымызда оған лайықталып айтылған мақал-мәтелдер де көп.

ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ

Наурыз – Шығыс елінің бүкілхалықтық мейрамы, яғни, Ұлыстың Ұлы күні. Наурыз бұған дейін мыңдаған жыл бұрын шығыс халықтарында жыл басы мерекесі ретінде тойланып, ерекше күн ретінде аталатын. Қазақ халқы да Наурыз мерекесін айрықша бағалап, оны жыл сайын тойлап отыруды әдетке айналдырған. Шығыстық данышпандар Махмұт Қашғари, Әбу Райхан Бируни, Ә.Фердоуси, Ә.Науаи, О.Хайямнан бастап қазақтың Абай, Әлихан, Ахмет, Міржақып, Сәкен сынды ғұламалары да наурыз туралы еңбектер, өлеңдер, жақсы сөздер жазып қалдырған. Наурыз шығыс елдері үшін бірліктің, татулықтың, еңбектің, көктемнің, ізгіліктің, бақыттың мерекесі ретінде тойланған. Сондықтан да болар, бұл күні шаттанбайтын, қуанбайтын, мейірленбейтін адам болмаған. Бұл күні жақсы тілек тілеу, құттықтау, кешірім жасау, табысу сияқты

адамгершілік қасиеттер көрініс тауып, кейінгі ұрпақтар сондай жақсы өнегеден үлгі алған.

Наурыздың айрықша тәлім-тәрбиелік, үлгі-өнегелік, сән-салтанаттылық, мәрт-жомарттық, қадір-қасиеттілік нышан белгілері мен таным-ұғымдарының үлгі-түрлері өте көп. Оның бәрі әр адамды жоғары саналылыққа, әдептілікке, өнегелілікке, бауырмалдыққа, көргенділікке, ізеттілік пен білімділікке баурайды. Наурызды әр халықтың асыға күтетіні де осыдан болса керек. Осы ұлы күнге байланысты халықтың әдет-ғұрыптары мен жол-жоралары бар.

НАУРЫЗ АТЫМЕН БАЙЛАНЫСТЫ АТАУЛАР

Наурыз күні. Наурыз – ежелгі, мәдениеті дамыған елдің бірі Парсының «нау», – жаңа, «руз» -күн, яғни жаңа күн деген сөзінен шыққаны көпке бұрыннан-ақ белгілі. Бұл қазіргі күн есебі бойынша наурыздың 22-нші жұлдызына сәйкес келеді. Қазақтар да бұл күн жаңа жыл, ырыс, береке, мереке, жыл басы деп есептейді. Ұлыстың ұлы күні жұрт жұмыс істемейді, сапарға шықпайды, іс тікпейді, құрылыс не басқа бір іс бастамайды, ешкімді ренжітпейді, ренжімейді, дауыс көтермейді, әбес сөйлемейді, кір жумайды, шарап ішпейді, құрбан шалмайды, құран оқымайды. Бұл күні барлық даланы Қызыр ата аралайды. Наурыз 22-сі – Қазақстанда халықтық мереке, демалыс күні.

Наурыз айы – Шығыс күні есебі бойынша жылдың алғашқы айы. Григориан күн есебінде де, жылдың алғашқы айы есебінде де, күн мен түннің ұзақтығы теңеседі. Сол себептен наурыз жыл басы болып саналған. Сонымен бірге наурыз айы – қыстың соңы, көктемнің басы. Бұл кезде күн жылынып, қар еріп, жыл құстары келе бастайды. Сондықтан наурызды жылдың құт мезгілі есебінде де, жылдың алғашқы айы есебінде де, төл басы есебінде де бүкіл халық аса құрметпен карап, оны есте қаларлық қасиетті ай есебінде бағалаған.

Наурызнама – шат-шадыманды ойын-сауық, той. «Ол күнде Наурыз деген бір жазғытұрым мейрамы болып, наурызнама қыламыз деп той-тамаша қылады екен» деп Абай жазған. Бұл кей жерлерде «наурыз тойы» деп те аталады. Бұл күні үлкен болсын, кіші болсын осы мейрамға келіп, көңілді ойын-сауықтар өткізеді. Мұнда шарап ішу, ренжісу сияқты жағымсыз әдеттерге қатты тыйым салынған. Тойда ат жарыс, палуан күрес, басқа да спорт бәсекесі, түрлі ойындар, айтыс өткізіліп, жұмбақтар, ән, өлең, наурыз жырлары айтылады. Үлкендер жастарға бата береді. Наурызнама – бұрын 3-9 күнге созылатын, халықтың ұлттық дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары кеңінен қолданылатын ерекше үлкен жиын, той. «Қазақтың қазақ болғанда өзіне арналған, сыбағасына тиген жалғыз мейрамы – Наурызнама. Ол күні қожаларға оқытатұғын наурызға арналған кітап болады. Наурыз жайын ұқтыратын ол кітаптың аты «Салнама» дейді» Мәшһүр Жүсіп.

Наурызнамада қыз-жігіттер жиналып, бас қосады. Қыздар «ұйқышар» әзірлейді. Ол ет, уыз сияқты дәмді тағамдардан жасалады. Жігіттер қыз-келіншектерге сақина, сырға, айна, тарақ сияқты сыйлықтар береді. Оны «селт еткізер» деп атайды. Бұл күні қарттар да естен шықпайды. Оларға арнап жылы-жұмсақ тағамдардан «бел көтерер» деп аталатын дәм дайындалып, таратылады. Бұлардың соңы келер күні «наурыз көжеге» жалғасады.

Наурыз көже – Наурыз тойына ғана тән, көпшілікке арналған мерекелік тағам. Оны әр үй жеті түрлі дәмнен: сүт, ет, су, тұз, тары, құрт, жеміс, тағы сол сияқты тағам түрлерінен жасап, оған қазы, шұжық сияқты сыйлы мүшелер қосып, мерекемен құттықтауға келгендерге ұсынады. Наурыз көженің дәстүрлік, мерекелік, ұлттық тағылымы өте зор. Ол барлық адамдарды жомарттыққа, ізгілікке, ұйымшылдыққа, татулыққа, бірлікке шақырады.

Наурыз жыры – Наурыз мерекесінде айтылатын халық ауыз әдебиетінің түрлерінің бір саласы. Жыр-өлең осы күнге лайықталып, мадақтау, тілек, бата, әзіл түрлерінде айтылған. Наурыз жырының түрлері халық арасында өте көп тараған. Наурызға арналған ақындардың шығармалары да көптен саналады.

Қазақ халқында бата түрлері көп. Соның бірі – *Наурыз бата*. Мұнда наурызнама өткізгендерге, осы күнге арнап «Наурыз көжеге» шақырғандарға, тойда өнер көрсеткен ақын, әнші, палуандарға, тағы да басқа өнерпаздарға, жас талапкерлерге, ақсақалдар мен әжелер, ел ағалары бата береді. Бата жалпы жұртшылыққа, көпшілікке, бүкіл қауымға, ауылға да беріледі.

Өркенің өссін,
Өр күнің Наурыз күніндей берекелі болсын!
Ұлың – оңға, қызың – қырға қонсын,
Еліңе елеулі, халқыңа қалаулы бол!
Айың тусын оңыңнан,
Жұлдызың, тусын солыңнан.
Бақ берсін, қыдыр дарысын!

Жастар бұл күні үлкендерден бата алуға тырысады. Ал Ұлыстың ұлы күні – Наурызда алған батаның орны бөлек.

Табиғатқа, аспан әлеміне, ауа райына, күн мен түнге байланысты айтылатын жұмбақтар Наурыз жұмбақ деп аталған. Онда ақындар, қыз-жігіттер осы тақырыптарға ғана тән құбылыстарды жұмбақтап, өлеңдетіп айтысатын болған.

Өр адам өзіне, отбасына немесе жақын туыс туғандары мен дос жарандарын Ұлыстың ұлы күнімен құттықтап, жақсы тілек тілейді, бір-бірінің үйіне кіріп дәм татады. Мұны *Наурыз тілек* деп атайды.

«Пәле-жала жерге енсін, Төрт түлік ақты болсын, Өрісің малға, үйің жанға толсын»!

Тілек – достық көңіл мен тілектестіктің, адамгершіліктің белгісі, әрі тойдың жарасты салтының бірі ретінде айтылған.

Наурыз айында мал төлдей бастайды. Олар «*наурыз төлі*» деп аталып, малжанды қазақ баласы төл басы ретінде оны ерекше күтіп бағалады. Сондықтан төл басы сатылмайды, ешкімге сыйға берілмейді.

Наурызкөк – наурыз айында ұшып келетін кектем құсы. Қарасы шағын осы құсты Шығыс елі асыға күтіп жүреді. Оны алғаш көргендер «Наурызкөгім келдің бе?» деп шақырып, жем шашады. Наурызкөкті ешкім қумайды, үркітпейді.

Наурыз айында немесе Наурыз күні туғандарды халық бақытты, ерекше адамдар деп ұғынған. Сондай себеппен оларға Наурыз есімін беретін болған. Бұл дәстүр *Наурыз есім* деп аталған. Оған мысал, қазақ халқында Наурызбай Құтпанбайұлы (1706-1781 жж.), Наурызбай Қасымұлы (1822-1847 жж.) атты әйгілі батырлар болған. Сол сияқты Алтын Ордада Наурыз есімді хан (1359-1360 жж.) болғаны да тарихтан

белгілі. Халқымызда Наурызгүл, Наурызбек, Наурызәлі деген адам аттары да жиі кездеседі.

Қазақ халқы Наурыз айында өсетін жапырақты, түрлі-түрлі гүлді, қауашақты әсем өсімдікті (шөпті) *Наурызшешек* дейді. Оны үйде өсіреді. Оның майының дәрілік қасиеті бар. Қазақстанның таулы аймақтарында оның бірнеше түрі өседі. Наурызшешек «Қызыл кітапқа» енген, сирек кездесетін бағалы өсімдік қатарына жатады.

Наурыз айында жерге жұп-жұқа, қиықша қар түседі. Оны халық «наурызша» деп атайды.

Наурыз күніне байланысты ел арасында «Наурызда Самарқанның көк тасы жібиді» деген сөз бар. Оның бірнеше мәні бар. Біріншісі, аңызға әйгілі астроном Ұлықбек (1394-1449 жж.) обсерваториясындағы көктасқа дәл наурыздың 22-сі күні күн сәулесі түсетін болған. Сол сәуледен түскен жылу тасты жібитеді екен. Екіншісі, бұл күні әр адам қателігі болса кешірім сұрауы керек және кешірімді болуы тиіс. Егер адамға кешірім берілмесе, «Наурыз күні Самарқанның көк тасы да жібиді, сен тастан қаттысың ба?» деп тоқтатады екен. Сонымен қатар бұл күннің әлемге жылулық әкелетін сәтін де бейнелеп айтса керек.

Шығыс елінің ұғымы бойынша күн мен түннің теңелер тұсында, яғни 22 наурыз күні жер-көкті жарып ерекше бір гуіл (дыбыс) өтетін көрінеді. Оны жан-жануарлар ішінде жұмақтан шыққан кой ғана сезеді дейді халық. Сол күні барлық жаратылыс, оның ішінде адам бойында да ерекше сезім, қасиет болады. Мұндай қасиетті күндерде тырнақ, шаш алдыруға болмайды. Сонымен бірге әркім өзін жаман әдеттен аулақ ұстағаны дұрыс.

Наурыз мерекесі (мейрамы) қай жағынан алып қарағанда да бүкіл халық үшін ерекше мерекелі күн, маңызы үлкен сән-салтанатты оқиға.

НАУРЫЗДЫҢ ОРАЛУЫ...

1988 жыл мен үшін рухани жеңіс жылы. Республикамыздың жаңа басшысы Г.В.Колбинмен және бір топ өз ұлтымыздың нигилистерімен өткен мылтықсыз шайқаста асығым алшысынан түсті. Қазақстанда 1926-жылдан бастап наурыз мерекесін ресми түрде тойлауға тыйым салынғаны, сонда да бұл мейрамды жыл сайын көне көз қарттары бар үйлер өзінше атап өтіп келгені белгілі. «Наурыз – ислам дінінің қалдығы» деген сыңаржақ пікірді малданып көлденең тұрмақ болғандар жеңілді. Наурызды мемлекеттік деңгейде тойлау туралы менің ұсыныс-хатымды Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Бюро мүшелерінен тек екі адам – Н.Назарбаев пен Ө.Жәнібеков қана қолдады. Г.В.Колбинмен болған екі дүркін ұзақ әңгімеден соң Наурыз мерекесін сол 1988 жылы (22 наурыздан кешігіп қалғандықтан) 22 сәуірден бастап Алматы қаласында, Алматы облысының Еңбекшіқазақ, Жамбыл аудандарында ресми түрде тойлауға рұқсат алдым...

...Наурызды атап өтуге Алматыдағы М.Горький атындағы демалыс паркіне 100 мыңнан астам халық бас қосты. Бір-бірін құттықтап, көзіне жас алған адамдарда есеп жоқ. Қазір ойлап қарасам, 1988 жылдың көктемі менің және сол кезгі рухтас-замандастарымның ең бір сәулелі сәттері екен-ау...

(М.Шаханов, 15 сәуір, 2006 ж.)

* * *

Қанша ғасыр сән берген даламызға
Өзгеше бір әні едің байтақ елдің.
Сәлем, Наурыз!
Сен біздің арамызға
Алпыс екі жылдан соң қайта келдің.

Сен ең көне жырысың санамыздың,
Рухи шаттығымсың тасып толған.
Сені тойлап, бабасы бабамыздың
Әжемнің әжесіне ғашық болған.

Сен бүгін арнасысың дара күйдің,
Сан пейілдің төрінен күлімдейсің.
Сен мені ұлы бабам Фарабидің
Кешігіп елге жеткен үніндейсің.

Басыңды көтер қане күн қақтаған,
Сен енді басқа айқайға бұрылмайсың.
Тымырсық, тылсым жылдар тыңдатпаған
Сен бізге Шәкәрімнің жырындайсың.

Ғасырды көктеп өтіп сұңқар сезім,
Немерем тік көтеріп уақыт туын,
Ғашығына арнаған іңкәр сөзін
Өзіңнің тойыңда айтса, бақыттымын!

(М.Шаханов)

БАТАМЕН ЕЛ КӨГЕРЕР

Ақ бата, ақ тілек, ақ ниет, өсиет, алғыс тағы басқа ұлағатты сөздер қазақ халқының атадан балаға жалғасып келе жатқан өшпес асыл мұрасы. Халқымыз «Жауынменен жер көгерер, батаменен ел көгерер» деп батаға ерекше мән берген. «Көп тілеуі-көл» деген ой-пікірді уағыздап, кейінгі ұрпағына ықылас білдіріп, ақ ниетпен бата беріп, тілек тілеуді дәстүрге айналдырған. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін жинап, зерттеп, келелі пікірлер айтқан В.В.Радлов, А.В.Васильев, Ә.Диваев сияқты фольклоршы-этнограф ғалымдар бата-тілектің шығу тегін жан-жақты қарастырып, ғылыми тұжырым жасаған болатын. Бата беру әдетте ауылдың үлкен қария, ақсақалдарының үлесіне тиген немесе құдайы қонақтың алғыс, тілегі болып саналған. Халқымыздың бата-тілегін бейнелейтін шешендік сөздерінің неше алуан нұсқалары бар. Бұл бата-тілектердің негізінде халықтың оптимистік ой-арманы, болашақтан күткен үлкен үміті жатыр. Кемеңгер билер, сөз шебері шешендер, көреген көсемдер әрбір бас қосу, ас-тойларды батамен қорытындылап отырған. Ғасырлар бойы халқымыз ұрпақтан ұрпаққа Жиреншенің,

Бұхар жыраудың, Төле бидің, Абайдың, Жамбылдың тағы басқа көптеген данышпан көсемдердің ақ батасын, ақ тілегін, өсиеттерін ерекше қастерлеп, есте сақтап келеді. Қасиетті ақ бата жолымен елін, халқын достыққа, ынтымаққа шақырады, әркімнің отбасына тыныштық, береке тілейді, ел мен елдің, ұлт пен ұлттың арасында татулық нығайып, бейбіт өмір болсын деп армандайды. Батамен жеткіншек жас ұрпақты әдепті, саналы, сабырлы, парасатты, арлы болып өсуге баулиды, дәулетті, бақытты, елін, жерін қорғайтын ер жүрек азамат болуын тілейді. Бата-тілектің түрлері көп. Бата нәресте дүниеге келгенде, оны бесікке салғанда, сәби тұсауын кескенде, бала алғаш мектеп есігін ашқанда, әскери парызын өтеуге аттанғанда, алыс сапарға жол шыққанда, қыз ұзатылып, ұл үйленіп, келін түскенде, мүшел тойларға, ұлыстың ұлы күні – Наурызда, кез келген жана бір істі бастарда айтылады. Бұл қасиетті дәстүрсіз іс басталмаған, іс те бітпеген.

Бата бір сарында, бір бағытта, бір тілекте берілумен шектелмейді, оның мәні жан-жақты. Заман ағымына қарай бата мазмұны өзгеріп отырады.

Тапсырма:

1. Мәтінді оқы, негізгі ойды анықта.
2. Мәтін мазмұны бойынша өзара сұхбаттас.
3. Бата түрлерін айыра біл.
4. Мәтінді мазмұнда.

ЖАСТАРҒА БАТА

Бір үйдің баласы болма,
Көп үйдің санасы бол!
Бір елдің атасы болма,
Көп елдің данасы бол!
Бір тонға жаға болма,
Көп қолдың ағасы бол!
Ақты ақ деп бағала,
Қараны қара деп қарала.
Өзегің талса, өзен бойын жағала,
Басыңа іс түссе, көпшілікті сағала!
Өзіңе-өзің кәміл бол,
Халқыңа әділбол!
Жауыңа қатал бол.
Досыңа адал бол! Әумин!

Балам! Талмайтын талап берсін, Самғайтын қанат берсін! Баянды бақыт берсін, Ұзақ ғұмыр, тұрлаулы уақыт берсін, Ақылшы бол, дана бол, Халқыңа қамқор дана бол! Әумин!

Уа, үйіңе береке берсін, Күнде Қыдыр келе берсін! Ішкен-жегеніміздің сауабы, Әруақтарға тие берсін. Күнің шуақты болсын, Көлің суатты болсын! Қонысың өрісті болсын! Еккенің жемісті, Еңбегің кеңісті болсын! Арың түлектей болсын! Өнерің өрлей берсін, Өмірің төрлей берсін! Аллаһуәкбар!

ӨЛЕҢ-БАТА

А, Құдай жаратқан!
Қалдыра көрме санаттан
Тілегімді қабыл ет,
Іздегенім – әділ ет.
Қалшылдаған кансыздан сақта,
Арсылдаған арсыздан сақта.
Парасатсыз кәріден сақта,
Әділетсіздің кәрінен сақта.
Тегі-тентек тексізден сақта,
Еңбек білмес епсізден сақта.
Естіге көнбес есерден сақта,
Дауасыз дерт пен кеселден сақта.
Өңеші толмас обырдан сақта,
Лауазымды содырдан сақта.
Жарыстан қалмас шобырдан сақта,
Тиянағы жоқ тобырдан сақта.
Сөзінде тұрмас сырғақтан сақта,
Қызыққа тоймас бұлғақтан сақта.
Таршылық пен жоктықтан сақта,
Тәубасы жоқ тоқтықтан сақта.
Ерлік-елдік салтымды сақта,
Менің дана халқымды сақта! Әумин!

Музафар Әлімбаев

Тапсырма:

Өзің ұнаған бата түрлерін жатта.

АҢШЫЛЫҚ

Біздің көшпенді қазақ халқы – өз тіршілігінің көбін малшылықпен, содан соң аңшылықпен өткізген халық. Қай халықты да аңшылық бірінші пайда болған ғой, өйткені үй хайуанаттарының өзі де алғаш жабайы хайуанаттар болғаны белгілі.

Ертеде адамдар аңшылықта аран (ені тар қоршау), ор қазу, тор, тұзақ, қақпан құруды қолданса, кейін ит қосып, құс салып, садақпен, мылтықпен атуды үйренген. Осылардың ішінде күні бүгінге дейін ең көп қолданылатын әдістер ит жүгірту (қосу) мен құс салу. Ит жүгірту немесе ит салу – аңшылардың құс салудан бұрын қолданған әдісі. Адам баласы иттің иісшілдігін, ізшілдігін, жүйріктігін, күштілігін шебер пайдаланған.

Иттің еркегі – төбет немесе арлан, **ұрғашысы** – қаншық, **бірге туғаны** ұялас деп аталады. Қазақтар асыраған иттер *дүрегей*, *тазы* болып екіге бөлінеді. *Дүрегейі* үй, мал күзетеді, *тазы* – аңға қосатын жүйрік тұқымды ит. Дүрегейдің еркегін «**барақ**» дейді. Барақ иттер мықты болады, қасқырға қорадан қой бермейді.

Тазылар ондай күшті болмайды, денелері сидам, арық, жүйрік, әрі өжет келеді. Олар қуса жетеді де, қашса құтылады. Қоян, түлкі, қарсақ сияқты ұсақ аңдарды олар құтқармайды. Өте күшті, ашулы тазылар қасқырға да шабады. Шамасы келсе өзі алады немесе аңшы, бөрбасар ит жеткенше қайырып ұстап тұрады.

Ал құс салу – өте қиын да, қызық саят. Аңшы құстардан бүркіттен басқа лашын, қаршыға, ителгі сияқты кіші құстарды жасөспірімдер асырап, баптап, саят құрған. Бұлармен қаз, дуадақ, шүрегей үйректерді, кекілік, шіл, құр сияқты құстарды алған.

Қазақтар барлық хайуанаттарды «арам» және «адал» деп екіге бөледі. Адалы – шөппен, жеммен қоректенетіндері, яғни тірі жәндіктерді жемейтіндері. Ал арам – тірі жәндіктерді өлтіріп, етпен қоректенетіндері. Бұларды әдетте «жыртқыш аңдар», «жыртқыш құстар» деп атайды.

Аңшылардың бірігіп аулайтыны – қасқыр. Қасқырды халқымыз бүркіт, ит, мылтық және жүйрік атпен қыс айларында аулаған. Жерге алғаш жауған қарды халқымыз «қан сонар» деп атаған. Аңшылар осы «қан сонарда» аңға шығады. Өйткені, ондайда қарға түскен ізге қарап, аңшылар аңның бұл жермен қашан жүріп өткенін, қайда беттегінін, қайда тасаланғанын оңай ажыратады.

Көне дәуірде қазақ даласында құлан үйір-үйір болып жүрген екен. Көшпелі халықтар оларды аранға, орға қамап, бұғалықпен де құрықпен де ұстаған. Құланды көбінесе су жағасында садақпен атып, сойылмен соғып алған.

Қазақ халқының ауыз әдебиетінде құлан жайында көп айтылуына қарағанда, халқымыздың аса қызығып аулайтын аңы болған болу керек.

Жалпы аңшылық сергектікті, батылдықты, ержүректілікті қажет етеді.

ҚҰСБЕГІ

Құсбегі – бүркіт, ителгі, қаршыға, қырғы сияқты жыртқыш құстарды аңға, адал құстарға салу үшін үйрететін бапкер адам. Ол қыран құстарды тор құрып ұстап алады. Оның аяғында балақбау мен шыжым тағып, көзіне томаға кигізеді. Одан кейін құсты ұшырып, қайыруы (үйретуі) жеткен соң, семіртіп түлетеді. Жеңіл ұшып, жеңіл қонатын күйге келтіру үшін оны «ақ жеммен» асырап, бос керілген арқанға қонақтатып ұйқысын алып, қайта арытады.

Құсбегілердің аса жоғары бағалайтын құсы – бүркіт. Аққу мен бүркіт қасиетті, киелі құстар болып есептеледі. Бұл екеуі екі жұмыртқадан артық жұмыртқаламайды.

Бүркіт ұясын ең биік ағаштың басына, не тау шыңдарының ең биік құз жартасына, жел мен аяздың нағыз суық өтіне салады. Онысы – бүркіт өз ұрпағын жұмыртқа кезінен балапан болып, одан ұядан ұшып шыққанға дейін табиғаттың қатал ортасында шынықтырып шығару.

Құсбегілер бүркіт балапанын алу үшін неше түрлі қиындықты бастан кешіреді. Олар үшін әсіресе тау бүркіті бағалырақ. Өйткені, олар алғыр, өжет, қырағы болады. Қоян, борсық, түлкі, қарсақ сияқты ұсақ аңдарды оңай, тез алады. Ең алғыр, өжет, қырағы тау бүркіттері «таудың ақ иығы» деп аталады. Бұлар қасқыр, аю, бұғы сияқты ірі аңдарды да алады дейді. Құсбегілердің айтуынша, бүркіт ірі аңдарға түсіп, тоқтауға шамасы келмей бара жатса, бір аяғын аңға, келесі аяғын кез-келген затқа не ағашқа

қадайды екен. Мұндай жағдайда күшті аңдар бүркіттің денесін екіге бөліп әкететін жағдай да болатын көрінеді.

Бүркіт те өзге құстардай жыл сайын ескі жүнін тастап түлейді. Осы кезде құсбегілер «ақ жем» беріп арықтатып, олардың тез түлеуіне көмектеседі.

Құсбегі бүркітке жаңа ғана алған аңның жүрегін жұтқызады. Оны «тоят» дейді. Кейде бүркіт иесі жеткенше алған аңның жүн-мүнімен жұтып жіберіп, «қоя» деген ентікпе ауруына ұшырайды екен. Сондықтан құсбегілер жүйрік атпен бүркіттің артынан іле-шала жетуі керек екенін айтады.

Орта Азияда бүркіт ұстайтын құсбегілер қазақ пен қырғызда ғана көрінеді. Өзге халықтардың ұстайтындары – түйғын, лашын, қаршыға, ителгі, тұрымтай, қырғи, жағалтай сияқты майда құстар.

АҢШЫЛЫҚ ҰСАҚ ҚҰСТАР

Ителгі – жүні сары, шұбар, қанаты ұзын, мойны ақжал, көзі қап-қара құс. Ителгінің қайыруы (үйретуі) өте қиын болады. Ал үйретіліп болса, ол – өте өжет және алғыр құс. Ителгінің мөлдіреген қара көзі өте әдемі, әрі сүйкімді.

Лашын – қанат,құйрығы ұзын, тұмсығы имек, сарғыштау құс. Үйректі оңай алғанымен, қазды алу оған қиынға түседі.

Қаршыға – тұмсығы иілген, шағын денелі алғыр құс.

Тұрымтай – лашын тұқымдас, қанатының ұшы қызыл, түрі күйкентайға ұқсас құс. Ауыз әдебиетінде көбінесе «кішкентай» сөзіне синоним ретінде жұмсалады. Мысалы, «Тұрымтайдай бала едің сен» – сен кішкентай ғана бала едің.

Ит сөзіне байланысты тұрақты сөз тіркестерге мысал келтір.

Ит байласа тұрғысыз; ит жанды; ит жеккен жер; итке жем болу; ит жығыс; ит көйлек; ит қорлық; ит өлген жер; ит пен мысықтай; ит сілікпесін шығау; ит терісін басына қаптау; иттің етінен жек көру; аузынан ақ ит кіріп, қара ит шығу; ит әуреге салу, ішінде ит өліп жатыр; ит тұмсығы өтпейтін;

«Құс» сөзімен байланысты тұрақты сөз тіркестерін біліп ал.

Басына бақыт құсы кону; аузымен құс тістеу; басынан құс ұшырмау; құс ұйқы; қыран құс;

Мақал-мәтелдерді жаттап алыңдар

1. Итті тепкен ырысты тебеді.
2. Ит иесі үшін жүгіреді, құс тамағы үшін ұшады.
3. Итті иесімен қинасын.
4. Ит үреді, керуен көшеді;
5. Итті күшігім десең, аузыңды жалайды;
6. Ит құтырса, иесін қабады;
7. Иттің ырылдасқаны – амандасқаны;
8. Итке артқан қос жолда қалар;

9. Ит не жесе соны құсады;
10. Иттің бәрі тазы емес; еттің бәрі қазы емес
11. Құс қанатымен ұшады, құйрығымен қонады;
12. Тоты құс бойына қарап зорланады, аяғына қарап қорланады;
13. Қыран құс шашып жейді, қара құс басып жейді;
14. Қыран құстың баласы ұшса келмес ұяға;

ШЕБЕРЛЕР ҚОЛЫНАН ШЫҚҚАН БҰЙЫМДАР

Қазақ халқының қолөнер шеберлері ұсталар мен зергерлер болып екі топқа бөлінген. Көшпелі өмір жағдайында қазақ ұсталары мен зергерлерінің арнайы дүкендері болмаған. Шеберлер кейде ескі киіз үйде немесе қысы-жазы өздері тұратын тұрғын үйлерде жұмыс істеген. Жаз күндері олар есік алдындағы үй көлеңкесінде немесе әдейі жасалатын лапастар мен күркелерде отырып, ұсталық құрған. Мұндай жағдай зергерлер ісіне қиындық туғызбайды, алайда темір ұсталары үшін бұл өте қолайсыз еді.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап **ұсталарға** *найза, айбалта, қылыш, мылтық* сияқты соғыс қару-жарақтарын жасату күрт сиреді. Оның себептері: қазақ халқының көрші елдермен қарым-қатынасы, достығы нығая түсті, феодалдық алауыздыққа ру-ұлыстық қақтығыстарға тыйым салынуына байланысты көпшілікке қару-жарақтың қажеті болмады. Әрі сән қуған ірі байлар, төрелер қазақ ұсталарына *қанжар, қайқы қылыш, сармойнақ пышақ, күмістеген айбалта* сияқты қару-жарақ түрлерін айнала жұртқа сес көрсету мақсатымен, мақтаныш үшін жасататын болған. Аталған қару-жарақтарды 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс кезінде Қазақстанның әр өңіріндегі көтерілісшілер көптеп жасатты.

Ал **зергерлер** әйелдерге арналған әсемдік бұйымдарды: *алқа, белбеу, білезік, жүзік, күміс оймақ, сақина, сәукеле, сырға, түйме, түйреуіш, шаш бау, шолпыны, ерлерге* арнап *кемер белбеу* жасаған.

Шашбау мен *шолпыны* шатастыруға болмайды. *Шашбауды* келіншектер, *шолпыны* қыздар тағады. Себебі, *шашбау* – бұрым қос өрімге айналғанда оны біріктіру үшін тағылады. Демек, бүтіннің жартысы болғанның, әйелдіктің белгісі. Қыз балада бір ғана өрім болады да, ұшына *шолпы* тағылады.

Шалдарға арналған *кісе* деп аталатын белбеуге де зергерлер ерекше шеберлік жұмсаған. Олар «Көрінер кісем сұлу буынғанда» дегенді қатты ескерген.

Қазақ халқының әйел мен еркекке бірдей ортақ құнды нәрселерінің бірі – ертұрман. Ердің алтындағын, күмістеген, айшықтаған, жезбен өрнектеген түрлері болған. Қысқаша айтқанда, қазақтың зергерлік өнері – көне заманнан бері жалғасын тауып келе жатқан халқымыздың тамаша өнері.

Шеберлер – әр түрлі әсемдік бұйымдарын жасауға түсті металдарды пайдаланған. Қазақ зергерлерінің ең көп пайдаланғандары – күміс. Олар таза алтыннан *білезік, сырға, сақина, жүзік* соққан, оны құю әдісімен жасаған.

Қазақ халқында әр түрлі бұйымдарды көз салып әсемдеу үшін қолданылатын асыл тастардың түрі көп. Оның ішінде *гауһар, лағыл, інжу, су тас* сияқты аса бағалы тастармен коса, ел ішіне кең тараған *ақық, маржан, меруерт* және *түрлі-түсті шыны-*

ларды атауға болады. Оларды шебер зергерлер жиі қолданған. Әсіресе қыз-келіншек, әйелдердің әсем безендірілген бұйымдары (сәукеле, тұмарша, шолпы т.б.) бір-біріне ұқсамайтын өзгешелігімен, кайталамайтын даралығымен ерекшеленеді. Қолөнер шеберлерінің небір кайталанбас әсем туындыларымен мұражайда танысуға болады.

Мұны да біліп алыңыздар.

Қазақ халқы қайың, емен, арша, жиде, тобылғы т.б. ағаш түрлерінен үй іші заттарын жасауды ерте дәуірден-ақ жақсы меңгерген. Ағаш шеберлерінің сол кездегі бұйымдары күні бүгінге дейін қолданылып келеді. Солардың кейбіреулеріне тоқтала кетейік.

Кебеже – көшіп-қонуға лайықталып сүр ет, құрт, май салуға арналып жасалған әшекейлі, ою-өрнекті сандықтың бір түрі. Көшкенде ішіне жас балаларын отырғызып алатын «ауған кебеже» деген де болған. Кейін «Кебеже арба», «Кебеже шана» деген де болды. Кебенің ішіне көп зат сиятындығын ескеріп, соған теңеп жемқор малға, тоймайтын адамға арнап «кебеже қарын» деген сөз шығарып алған.

Піспек – саба, торсық, күбіні пісетін ағаш жабдық. Сабасына қарай піспегі, мұртына қарай іскегі (Мақал).

Келі – тары, бидай, арпа т.б. дәнді дақылдарды түйіп қауызынан аршу, уату, ұнтақтау үшін қатты ағаштан жасалған іші қуыс бұйым. Дәнді түйетін келісабы да ағаштан жасалады, екі тұтқасы болады. Мұның үздіксіз қызметіне қарап, халқымыз «Жақсы үйге түскен келін – келін, жаман үйге түскен келін – келісап» деген мақал да шығарған.

Күбі – май шайқауға, қымыз, шұбат ашытуға кейде көже ашытуға арналған піспе шелек. Күбі мен піспекті қайың, арша, емен, жиде сияқты ағаштардан жасайды. Күбінің түп жағы ауыз жағынан кеңдеу болады. Үстінде піспек өткізген қақпағы бар. «Күбі» сөзін қазірде көкөніс тұздауға арналған кеспек бөшкеге де қолданып жүр.

Ожау – қымыз, шұбат құятын ағаштан жасалған сәнді шөміш. Бұл ерте, тіпті II ғасырда пайда болған деседі. Ағаш шеберлері ожауға, қымыз, шұбат құятын ыдыстарға ерекше көңіл аударған. Сондықтан халқымыз ожауды және қымыз құятын ыдыстарды сәнді бұйым ретінде алтын, күміспен қаптатып және асыл тастармен өрнектетіп, бағалы жиһаз ретінде қадірлеп ұстаған. Шөмішпен байланысты «шөміштен қақты» (аш қалдырды) деген сөз бар.

Ұршық – шүйкеленген жүннен жіп иіріп алуға арналған аспап.

Былғауыш – басына домалақтап шүберек ораған ағаш, тары қуырғанда сонымен бұлғайды.

Керсен – ағаштан дөңгелектеп істелген үлкен тегене.

Шақша – сиыр, серке, тауешкілерінің мүйіздерінен жасалған, насыбай салатын құты.

Төменде ұлттық тағамдарға қатысты айтылатын тұрақты сөз тіркестерінің мәнін түсініп, мысал келтіріңдер.

Тамақсау – ашқарақ, комағай.

Тамақ асырау – күнін көру, күнелту (біреудің жеңіл-желпі жұмыстарын ақысыз істеп, берген тамағына қанағат етіп жүру)

Арам тамақ – жатып ішер, масыл.

Арам ас – адал еңбексіз табылған ас, оңай олжа.

Ас ауыз тию (тамақ ауыз тию) – дәм тату, құр ауыз кетпеу.

Ас батпау – алаң болу, көңілі жарым болу.

Ас болсын – ішкен-жегенің бойыңа сіңсін.

Ас қайыру – тамақ жеп болғаннан кейін бата беру.

Ішкен асын жерге қою – есіл-дерті сонда болу, қатты құмарту.

Мақал-мәтелдерді есте сақтаңдар.

1. Ас – адамның арқауы.
2. Ас қадірін білмеген аштан өледі, ат қадірін білмеген жолда қалады.
3. Ас атасы – нан.
4. Аштықта жеген құйқаның дәмі аузыңнан кетпейді.
5. Тамағы тоқтық, қайғысы жоқтық аздырар адам баласын (Абай).

ТЕРІ БҰЙЫМДАРЫ

Ертеде көшпелі қазақтар ас сақтайтын ыдыстардың біразын мал терісінен жасаған. Олар: саба, торсық, сүйретпе (мес), көнек, қауға, аяққап, талыс т.б. Осылардың ең үлкені – **саба**. Саба халқымыздың молшылығының, байлығының белгісі болған. Жылқысы көп байлар сабаны бәстесіп, бәсекелесіп жасаған. Осылардың ішінде ең үлкенін «тай жүзген» деп атаған. Оның көлемі 5-6 жылқының терісінен жасалатын көрінеді.

Сабадан кейінгі үлкен ыдыс – сүйретпе, мес. Бұл атан өгіздің терісінен немесе ешкінің бітеу сойылған терісінен жасалады. Бұл – қымыз, сусын құйып алып жүруге, кей кездерде су тасуға да пайдаланылатын ыдыс.

Кейде ешкінің терісінен пұшпақтарын тігіп, не шуда жіппен байлап қымыз не айран құйып, қанжығаға байлап жүретін ыдысты **торсық** не **жан торсық** деп атаған. Иленбеген жас теріні шелек тәріздендіріп тігіп алып, ішіне құм кептеп қатырған бие сауатын тері шелекті **көнек** дейді. Құдықтан су тартатын ыдысты **қауға**, шеберлер өз құралдырып салып жүретін ыдысты **талыс** деген.

Бұл ыдыстарды төзімді болуы үшін көбінесе жылқы терісінен жасаған. Алдымен теріні иленбеген шикі күйінде жүнін қырып, оң жағын ішіне қаратып әр ыдыстың үлкен-кішілігін сақтап түйенің шудасынан иірген жіппен тігеді. Бұл жіп өте мықты болады. Тігілген ыдыстың ішін топырақпен, құммен толтырып, күнге әбден кептіреді. Содан кейін ішіндегі топырақты, құмды төгіп, түтінге ыстайды. Әбден ысталғанда тері сарғыш қара түске енеді. Халқымыздың ұғымында ыстаған ыдыстағы қымыз дәмді болады.

Саба «киелі» ыдыс болып есептеледі. Оны аяқпен тебуге болмайды. Сабаның ішіндегі қымызды пісетін құралды «піспек» деп атайды. «Сабасына қарай піспегі, мұртына қарай іскегі» деген мақалда айтылғандай піспектің ұзын-қысқалығы сабаның үлкен-кішілігіне лайықтап жасалады. Піспектің жоғарғы жағы күміс және сүйектен әшекейленіп жасалатын болған. «Тай жүзген» дейтін сабаның піспегін арқанға керіп, екі қарулы жігіт әрең көтеріп пісетін болған. Сабаны басқа да тері ыдыстарды мезгіл-мезгіл тобылғы, арша не қайыңның түтініне ыстап отырған. Өйткені, ол құйылған тағамның дәмді болуына және бұзылмауына септігін тигізеді.

Төмендегі сөздердің мәнін түсініп, мысал келтіріңдер.

Бес биенің сабасындай; сабасына түсті; торсық шеке; жаман атқа жал бітсе, жанына торсық байлатпас (мақал); көнек желін (сүті мол бие); көнегі керегеге іліну (жұтап калу); сабасына қарай піспегі; сабасына сыймады;

ХАЛЫҚТЫҢ УАҚЫТТЫ АНЫҚТАУ БЕЛПІЛЕРІ

Ұлан байтақ кең далада мал бағып, ұзақ күндерді кең табиғат құшағында, мал өрісінде, түндерді жұлдызды аспан астындағы мал күзетінде өткізген қазақ халқы табиғат құбылыстарын бақылаудан туған көп жылдық тәжірибелерін қорытып, жұлдызды аспан туралы астрономиялық түсініктер мен ілім жасаған.

Табиғат құбылыстарының айналып келіп отыруын – күн мен түннің, жыл мезгілдерінің, ай жаңалауының алмасып отыруын мұқият бақылап, есептеп ұғынудың қазақ халқының шаруашылық, өмірі үшін орасан зор тәжірибелік маңызы болған.

Қазақ халқы уақытты анықтауда езіндік бай тәжірибе жинақтап, оны колданудың сәті мен жолдарын, оған лайықты сөз өрнектерін таба білді. Жылды, тоқсанды, айды, аптаны, тәулікті бөлудің шаруашылыққа сай реті мен ыңғайын ойластыра келтірді. Мерзім, мезгіл өлшемдеріне қатысты халық өлшемі мен атауы өте бай. Ұлттық ұғымда мерзім – уақыттың, мезгілдің шамасы мен ұзақтығын білдіреді (мысалы: бие сауым, күн, ай, тоқсан).

Мезгіл сол уақыттың бір сәтін айқындайды. Мысалы: елең-алаң, түс, кеш, түн ортасы т.б. Қыс, көктем, жаз, күз – мезгіл өлшемдеріне жатады. Мерзім өлшемдері: **бір сәт, қас қағым, ә дегенше** (1 секунд), **сүт пісірім** (5-10 минут), **бие сауым** (1,5 сағат), **ет пісірім** (2,5 – 3 сағат), **жарты күн, бір түн** – тәуліктік, 24 сағат, **апта** (7 күн), **ай** (30-31 күн), **тоқсан** (3 ай), **жыл** (365 күн немесе 12 ай ...), **ғасыр** (100 жыл). Адам өмірі де **жас** (1 жыл), мүшелмен (12 жас) есептеліп, **бір мүшел** (13 жас), **екі мүшел** (25 жас), **үш мүшел** (37 жас), **төрт мүшел** (49 жас), тағы сол сияқты бөліне береді. Мерзім өлшеміне күн, ай аттары да жатады. Уақыт мезгілдерін анықтауда және оның жиіліктерін жіктеп, айыруда халық теңеулері мен өлшемдері әрі қызық, әрі анық, әр түрге де таң біліне, таң ата, күн шыға, күн қызара, күн қыза, күн көтеріле, күн арқан бойы көтеріле, түске жақын, тал түс, шаңқай түс, талма түс, сәске түс, түс ауа, түс қайта, бесін, екінті, кеш, көлеңке басы ұзара, күн бата, ымырт, іңір, апақ-сапақ, ақшам (намазшам), бей уақыт, қас қарая, түн қараңғысы, ай туа, түн ортасы, жұлдыз сөне т. б. Мұнан тек уақыт шамасы ғана емес, халқымыздың таным-түсінік, ой, әр істің байыбына терең бойлау, бағдарлау қасиетін, тіл қабілетінің жоғары тұрғанын да дәлелдеп берді. Қазақ халқы бір кезде уақытты Күннің, Айдың, Жұлдыздың қозғалысы мен тууына қарай болжап белгілеген, қажетті жағдайда оған табынған. Олар мезгілді күндіз көлеңкеге, түнде жұлдызға қарап анықтаған. Бүгінгі күні қазақ халқының астрологиялық есептері, ғылымға сәйкес қағидалары мен сенімдері болғаны туралы анықталып, көп айтылуда.

Қазақтар осы есеп арқылы жайлауға қай уақытта көшу, күзеу және қыстауға қашан келу, қой мен қозыны қай уақытта қырқу, қай мезгілде мал төлдету, соғымды қашан сою, шөпті қашан шабу сияқты шаруашылық мезгілдерін тап басып, белгіліп отырған.

Мұны да оқып, естерінде сақтандар.

Түн ортасы, түн ауған шақ – түнгі 1, 2, 3; таң атуы таң сәрі – 4, 4 жарым; таң сарғая, таң азда – 5, 5 жарым; таңертең, күн шығар кез – 6; күннің ұясынан көтерілуі – 7; сәске – 9; сәске түс – 10-11; тал түс, түс – 12; шаңқай түс – 13-14; түстен кейін – 15; түс ауа – 16; ақшам – 17; күн батыр кез, күннің ұясына батуы – 18,18 жарым; қас қарайған шақ, ымырт – 19, 19 жарым; іңір (түн) қараңғысы, кешқұрым – 20 жарым, 21; ел жатар кез, түн ауа – 22,23,24;

АДАМ ЖАСЫНЫҢ ШАҚТАРЫ

Балалық шақ – 13 жасқа дейін: нәресте, бөбек, сәби, балдырған, бүлдіршін, жеткіншек, бала;

Жастық шақ – 25 жасқа дейін: жасөспірім, бозбала, ересек, ұлан, жігіт (бойжеткен)

Кемел шақ – 37 жасқа дейін: аға, жігіт ағасы, келіншек, әйел, ана, тәте, апа;

Есейген шақ – 49 жасқа дейін: отағасы, ел ағасы, әке, көке (ана)

Аталық шақ – 61-73 жасқа дейін: ата ақсақал, шал (апа, әже, кемпір)

Қарттық шақ – 85-97 жасқа дейін: қария, қарт, кейуана, баба;

ЖАҢАША ЖЫЛ САНАУ

Тышқан жылы – тыңғылықты жыл басы,

Сиыр жылы – саналықтың жалғасы.

Барыс жылы – береке-ырыс тасқыны,

Қоян жылы – қажыр-қайрат қарқыны.

Ұлу жылы – ұйымшылдықтың үлгісі,

Жылан жылы – жаңашылдықтың жеңісі.

Жылқы жылы – жақсылықтың жеңісі.

Қой жылы – құт, қайырымды еңбек жемісі.

Мешін жылы – молшылықтың мәресі.

Тауық жылы – тоқшылықтың төресі.

Ит жылы – игі, игерілген жұмыстар,

Доңыз жылы – дәулет, сәулет, құрылыстар.

ЖАТТЫҒУЛАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Берілген сөздерді тиісті орнына орналастыра біліңіз.



Қажетті сөздер: отбасылық мерекелер, ынтымағын, рақмет, алтыда, қонаққа, ұлттық тағамдарды, шақырмасам да, бауырмашыл, ренжіме, жылы лебізіңе, сол үшін.

- Сенбі күні біздің үйге кел.
- Иә, 23-наурыз сенің туған күнің ғой! барамын. Мен сендердің үйлерінде өтіп тұратын жақсы көремін.
- Ұмытпаған екенсің!! Мен сені кешкі күтемін.
- Отбасылық мерекелер сол үйдің адамдарының көрсетеді. Және сенің туыстарың – өте жандар. Ал сенің анаң жақсы әзірлейді.
- Біздің үйге сен келеді екенсің ғой! Қалжыңдаймын,! Біздің отбасы туралы үлкен рақмет!



2. Салт жырларын мазмұнына қарай ажырата біліңіз.

- | | | |
|---|---|--|
| 1. Көзімнің ағы, қарасы,
Жүрегімнің парасы.
Аш-тоғынды ойлатпас,
Көңілімнің данасы.
..... | 2. Қайран ауылым қалады-ау,
Қарасам көзім талады-ау.
Әлпештеген ел-жұртым
Жылай да жылай қалады-ау.
..... | 3. Бетінді, келін, ашқаным,
Ел-жұртыңа қосқаным.
Елге сәлем салғызып,
Жырдан шашу шашқаным.
..... |
| 4. Жігіт деген құрғырың
бұзып апты,
Бақшамыздың бір гүлін
үзіп апты.
– Құлын өсіп ертең-ақ
тай болады,
Жалғыз гүлің бақшаға
айналады.
..... | 5. Куә, куә, куәдүрміз,
Куәлікке жүрәдүрміз.
Бүгінде халық алдында,
Ақ куәлігін бередүрміз.
..... | 6. Ызғар екен, тағы да,
ызғар екен,
Біздерде ұл, сіздерде
қыз бар екен.
Мұнысына құдайдың
шүкіршілік,
Біріктерген біздерді
түз-дәм екен.
..... |



3. Берілген жағдаяттар бойынша сөйленім құрастырыңыз.

- 1) Сізге жиеніңізге ат қою мәртебесі бұйырды. Қандай есім берер едіңіз? Неге?
.....
.....
- 2) Сіз құдалыққа бас құда ретінде бардыңыз. Қыз айттыра барғанда қандай сөздер айтасыз?
.....
.....
- 3) Шетелдік досыңызға қазақтың салт-дәстүрлерінің бірінің мәнін ашып түсіндіріп беріңіз.
.....
.....
- 4) Жақын таныстарыңыздың бірі сырқаттанып жатыр. Көңілін сұрап, жылы сөздер айтыңыз.
.....
.....

5. Тыңдалым

- 1) Досбол, Шоқайлар Ерденге қай аймақтан арнайы келеді?
- 2) Досболдар не себепті жетінші күн дегенде ғана жетеді?
- 3) Досбол Ерденге не деп жұбату айтады?
- 4) Ерден кімнің сөзінен кейін беті бері қарап, басын көтереді?
- 5) Шешендік сөзден қандай салт- сана, дәстүр көрінісін көрдіңіздер?

6. Ұлттық тағам және мүше атауларын тауып, қалай жасалатынын немесе**қай табақта тартылатынын жазыңыз.**

Қ	Ы	М	А	Ж	І	Е	Т
А	Б	Ы	Й	Н	Л	І	К
С	М	Р	Р	А	Д	А	Қ
Ж	А	А	Н	Қ	Р	І	Т
А	Қ	М	Ы	У	Ы	Р	Ө
З	Қ	Ы	З	С	М	І	С
Ы	М	Ы	Ғ	О	Ш	І	К

- 1)
- 2)
- 3)
- 4)
- 5)
- 6)
- 7)
- 8)
- 9)

10)

7. Тыңдалым



- 1) Оралбек шешенді Мәмбет болыс неліктен менсінбеді?
- 2) Мәмбет болыс Оралбекті қалай сынамақ болды?
- 3) Мәмбет болыстың хатында қандай жұмбақ жасырылған еді?
- 4) Оралбектің жауабы қандай еді?
- 5) Алтауы анық буаз дегені қай мүшелер?
- 6) Екеуі неғайбыл дегені қай мүше?
- 7) Жауырын мен жамбасты неліктен қысыр биеге теңеді?
- 8) Мәмбеттің Оралбектің жауабына көңілі толды ма?

8. Суреттегі кімдердің киімдері берілгендігін тауып, атауларын жазыңыз.



1



2



3



4



5



6



7



8



9



9

9. Абайдың «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңінің желісімен кино-кадрлар дайындаңыз.



Қансонарда бүркітші шығады аңға,
Тастан түлкі табылар аңдығанға.
Жақсы ат пен тату жолдас – бір ғанибет,
Ыңғайлы ықшам киім аңшы адамға.

Салаң етіп жолықса қайтқан ізі,
Сағадан сымпың қағып із шалғанда.
Бүркітші тау басында, қағушы ойда,
Іздің бетін түзетіп аңдағанда.
Томағасын тартқанда бір қырымнан,
Қыран құс көзі көріп самғағанда.
Төмен ұшсам түлкі өрлеп құтылар деп,
Қандыкөз қайқаң қағып шықса аспанға,
Көре тұра қалады қашқан түлкі,
Құтылмасын білген соң құр қашқанға.
Аузын ашып, қоқақтап, тісін қайрап,
О да талас қылады шыбын жанға.
Қызық көрер, көңілді болса аңшылар,
Шабар жерін қарамай жығылғанға.
Қырық пышақпен қыржыңдап тұрған түлкі,
О дағы осал жау емес қыран паңға.
Сегіз найза қолында, көз аудармай,
Батыр да аял қылмайды ертең таңға.
Қанат, құйрық суылдап, ысқырады,
Көктен қыран сорғалап құйылғанда.
Жарқ-жүрқ етіп екеуі айқасады,
Жеке батыр шыққандай қан майданға.
Біреуі – көк, біреуі – жер тағысы,
Адам үшін батысып қызыл қанға.
Қар – аппақ, бүркіт – қара, түлкі – қызыл,
Ұқсайды хасса сұлу шомылғанға.
Қара шашын көтеріп екі шынтақ,
О да бүлк-бүлк етпей ме сипанғанда,
Аппақ ет, қып-қызыл бет, жап-жалаңаш,
Қара шаш қызыл жүзді жасырғанда.
Күйеуі ер, қалыңдығы сұлу болып,
Және ұқсар тар төсекте жолғасқанға.
Арт жағынан жаурыны бүлкілдейді,
Қыран бүктеп астына дәл басқанда.
Құсы да иесіне қоразданар,
Алпыс екі айлалы түлкі алғанда.
«Үйірімен үш тоғыз» деп жымыңдап,
Жасы үлкені жанына байланғанда.
Сілке киіп тымақты, насыбайды
Бір атасың көңілің жайланғанда.
Таудан жиде тергендей ала берсе,
Бір жасайсың құмарың әр қанғанда.
Көкіректе жамандық еш ниет жоқ,
Аң болады кеңесің құс салғанда.

Ешкімге зияны жоқ, өзім көрген
Бір қызық ісім екен сұм жалғанда.
Көкірегі сезімді, көңілі ойлыға
Бәрі де анық тұрмай ма ойланғанда.
Ұқпассың үстірт қарап бұлғақтасаң,
Суретін көре алмассың, көп бақпасаң.
Көлеңкесі түседі көкейіне,
Әр сөзін бір ойланып салмақтасаң.
Мұны оқыса, жігіттер, аңшы оқысын,
Біле алмассың, құс салып дәм татпасаң.



10. Берілген сөздердің мағынасын тауып, мәнін ашып жазыңыз

- 1) Қансонар –
- 2) Ғанибет –
- 3) Томаға –
- 4) Сегіз найза –
- 5) Қаса –
- 6) Көкейіңе –
- 7) Үйірімен үш тоғыз –
- 8) Бақпасаң –

11. Тыңдалым



Үкілі Ыбырай «Аңшының әні»

Әнді мұқият тыңдап, ән мәтіні бойынша сюжетті әңгіме жазыңыз.

Ахау,
Жүйрік ат, қыран бүркіт, ұшқыр тазы,
Жігіттің бұған құмар өнерпазы.
Күлім көз, оймақ ауыз бір сұлуды,
Тағы да алсаң тауып айдын көлдің қоңыр қазы.
Бір қызық, ит жүгіртіп аң ауласа,
Мінген ат шабуылмен танауласа.

Қарғылы тұрса тазың сылдыр тағып,
Керіліп бір сілкінсе дүр-дүр қағып.
Жылқышы жылқыдағы жараулы атты,
Бүгілтіп жетегінде жетсе алып.
Итті алып, аңға шықса, құсты біреу,
Еріне алтын балдақ етіп тіреу.
Жігіттің бес күн жарым ғұмырында,
Па, шіркін, болсын деген бұл бір тілеу!

Күн ұзақ түлкі қуып, тауды айналып,
Кеш болып, қараңғыда көз байланып.
Олжаны қанжығаға байлай салып,
Қонуға қызды ауылға ыңғайланып.
Желіккен сол көңілмен қайтқанда елге,
Мінген ат, қырауытып, батса терге.
Олеңші, домбырашы қасында боп,
Кез болсаң қоналқада бұраң белге.

Самаурын ақ шәйнекпен тұрса қайнап,
Отырса бір сұлу қыз көзі жайнап.
Сол күні қыз әкесі үйде жоқ боп,
Отырса әзілдесіп, күліп-ойнап.
Ол қызға бір жеңгесі қастау келсе,
Шешесі желөкпелеу жастау келсе.
Қу жігіт кездігімен түлкі сойып,
Әзілмен қалжың сөзін бастай берсе.
Сол жігіт бастай берсе әзіл сөзін,
Қараса қызға қадап, жігіт көзін.
Қиыннан қиыстырып сылтау таппай,
Отырса мырза ұнатып істің тезін.

12. Берілген сөздердің мағынасын тауып, мәнін ашып жазыңыз

- 1) Танаулау –
- 2) Жараулы ат –
- 3) Балдақ –
- 4) Қанжыға –
- 5) Қоналқа –
- 6) Желөкпе –
- 7) Кездік –

13. Ағаштан жасалған бұйым атауларын тауып, түсіндіріп жазыңыз.

К	К	Е	П	С	І
Е	Б	Е	Ж	Е	П
К	О	Ж	Ш	А	Қ
Е	Л	А	Е	Р	Ш
Ұ	І	У	К	С	А
Р	Ш	Ы	Қ	Е	Н

1)

2)

3)

4)

5)

6)

VI. ӨЛМЕЙТҰҒЫН АРТЫНДА СӨЗ ҚАЛДЫРҒАН

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ (1858-1931)

Шәкәрім 1858 жылы 11 шілдеде Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы, Шыңғыс тауының етегінде дүниеге келген. Болашақ ұлы ақын Абайдың жеті ағайынды болғаны белгілі. Шәкәрімнің әкесі Құдайберді – сол жетеудің ең үлкені еді. Парасатты, мейірбан, кең пейіл ағаны Абай айрықша сыйлаған көрінеді. Құдайберді Шәкәрімнің алты жасында қайтыс болды. Бұдан соңғы жерде жетімдік, жоқшылық көрмесе де, әке бауырынан айрылған, қаршадайынан-ақ ерекше зеректігін аңғартқан Шәкәрімді Абай өз қамқорлығына алады. Туған әулет дәстүрі, өскен орта ыңғайы, ақын аға тағлымы Шәкәрімнің азамат ретінде қалыптасуына ғана емес, ақын ретінде қанаттануына да ерекше әсер етті. Орыс, араб, парсы, түрік тілдерін жетік меңгеріп, Батыс, Шығыс әдебиетін зерек білді. Жеті жасынан бастап, өлең жазып, өмірінің ақырына дейін ағартушылық бағыт ұстанды.

Шығармашылығы:

Шәкәрім Құдайбердіұлы – сегіз қырлы, бір сырлы өнер адамы. Ол – ойшыл, философ, ақын, сазгер, қолөнерші, аудармашы және діни сауатты адам. Сондықтан да ақынның өлеңдерінде тереңдік, даналық ойлар басым. Оның шығармашылығының өзегі:

Адамдық борышын –
Халыққа еңбек қыл.
Ақ жолдан айнымай,
Ар сақта, оны біл.

Ақын шығармашылығының табиғаты – осы. Оның «Жастарға», «Насихат», «Сынатарсың өзінді», «Ғылымсыз хайуан тұл», «Жасымнан жетік білдім түрік тілін», «Үш-ақ түрлі өмір бар» деген өлеңдері жастарды ғылым-білімге, өнерлі болуға шақырған.

Ұстазы Абай Шәкәрім бойындағы талап пен талантты қуаттап, Біткенбай деген сол кездегі атақты күйші-домбырашыны аулында бір жылдай ұстап, қонақ етіп, Шәкәрімге домбыра үйреттіреді. Біткенбай күйші Шәкәрімге көптеген күйлерді тарихымен айтып отырып, үйретеді. Кейінірек, Семейге келіп, өзі скрипка, гармонь, шарманка сатып алады. Семей қаласындағы бір ұлты орыс музыкантынан скрипка тартуды үйренеді. Шәкәрім ендігі жерде өзі де ән шығарып, орындайды. Оның жиырмаға тарта әндері бар. Шәкәрімнің «Бұл ән – бұрынғы әннен өзгереді» әнін нотаға музыка зерттеушісі А.В.Затаевич түсірген. Сонымен бірге «Жастық туралы», «Анадан алғаш туғанымда» атты әндері нәзік сыршылдығымен, сезімге байлығымен, композициялық тұтастығымен есте қалады.

Шәкәрімнің шығармашылық шыңы деуге келетін ақын қаламынан туған тамаша поэмалары бар. Олар «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек», «Айсұлу-Нартай».

Поэмалардың аттары айтып тұрғандай, тақырыбы – махаббат тақырыбы. Ғашықтардың шын, адал сүйіспеншілігі жырланады. Олардың махаббаттары-

на қарсылық, адамдардың қаталдықтары оқырманның да ыза-кегін оятады. Жалпы оқиғасы қайшылықты, қызықты, соңы трагедиямен аяқталатын шығыс сарынындағы жыр үлгілеріне ұқсас поэмалар оқуға, түсінуге жеңіл.

«Әділ-Мария» романында шынжыр балақ, шұбар төс алпауыттардың зорлық-зомбылығына қарсылық білдіреді. Сонымен қоса, Шәкәрім – «Қодардың өлімі» дастандарының авторы.

1905 жылы Шәкәрім қажылық сапар шегеді. Меккеге барған бұл сапарын пайдаланып, ақын өзінің байырғы арманын жүзеге асырады. Стамбұл, Париж кітапханаларынан туған халқының тарихына байланысты кітаптарды оқиды. Осылай жинаған материалдар негізінде «Түрік, қырғыз, қазақ хәм хандар шежіресі» (1911) кітабын, ислам дінін халық мүддесіне үйлестіре түсіндіру мақсатымен «Мұсылмандық шарты» деген еңбек жазды (1911). Бұл тұста ақынның діншілдігі ғана емес, үлкен ойшыл философ екені айқын танылады. Ол жаратушы Алланы ақылға салып түсінуге ұмтылады.

Ол өзін ғұмыр бойы орыс халқының ойшылы Лев Толстойды пір тұтып, өзіне ұстаз санаған және онымен хат жазысып тұрған. Ақынның «Жасымнан жетік білдім түрік тілін» атты өлеңін оқысақ, оған көз жеткіземіз.

Американ жазушысы Гарриет Бичер-Стоудың «Том ағайдың балағаны» романын, Л.Н.Толстойдың «Асархидон-Лаэли», «Үш сауал», «Криз патша» әңгімелерін, А.С.Пушкиннің «Боран», «Дубровский» повестерін қазақ тіліне аударды. Физулидің «Ләйлі-Мәжнүн» дастанын нәзира үлгісімен жырлады.

Құдайбердіұлының философ, тарихшы, ойшыл ретінде танылуына себепкер болған «Үш анық», «Мұсылмандық шарты», «Түрік, қырғыз, қазақ хәм хандар шежіресі» атты еңбектері кезінде жеке-жеке басылып шықты. Олардың жазылуына да Шәкәрімнің ұлы ұстазы Абайдың ықпалы аз болмаған. Шәкәрімнің бозбала шағында оның білімділігін сезген Абай оған қазақтың шежіресін жинауды тапсырады. Абайдың осы тапсырмасын жүзеге асыру жолында Шәкәрім ел ішіндегі түрлі әңгіме-аңыздарды жинаумен қатар, Батыс пен Шығыстың әйгілі ғалымдары Әбілғазының, Жүсіп Баласағұнның, радловтың, Березиннің, Аристовтың, Левшиннің, басқа да қытай, араб, парсы зерттеушілерінің еңбектерімен танысады. Оларда айтылатын түрлі топшылаулармен тұжырымдарды сараптай отырып, шежіре, еңбек жазып шығады.

Абайдың тікелей тәрбиесін көрген шәкірт Шәкәрім өзінің көлемді де көркем шығармашылық мұрасын дүниеге әкелу барысында қазақ әдебиеті мен өнерінің тарихындағы, тіпті бүкіл ұлттық мәдениетіміздің тарихындағы өзіндік орны бар көрнекті ақын, тамаша жазушы, білікті аудармашы, ойшыл философ, білімдар тарихшы, сыршыл сазгер дәрежесіне көтерілді.

ОЙДА ЖҮРЕР ОЙЛЫ СӨЗ!

Шәкәрім Құдайбердіұлының сөздері:

1. Ерінбеген емер, қажымаған жеңер.
2. Қас екенінді қабағыңнан танымын
Сараң екенінді тамағыңнан танымын.

3. Қорқаққа пана болмас қалың тоғай,
Жалқауға бүгінгіден ертең оңай.
4. Қайғы қан аздырады, мылжың ми тоздырады.
5. Ұрыспай айырылған, ұялмай көріседі.
6. Қазан қолыңды күйелейді,
Жаман жүзіңді күйелейді.
7. Сыйлап берсең, сараң да мырза болады.
8. Жақсы жүрген жеріне кент салар,
Жаман жүрген жеріне өрт салар.
9. Адақанды артындағы біледі,
Жаңылғанды жанындағы біледі.
10. Аттан жығылғанды бөрі аңдиды.
11. Әзілде кек жоқ, өсекте шек жоқ.
12. Тасын ала берсең, тау да таусылады.
Тамшысын ала берсең, көл де таусылады.
13. Көнені керек етпесең, жаңа табылмайды.
Байлауды керек етпесең, жара жазылмайды.
14. Еріншек егіншіден, ерінбеген масақшы озады.
15. Көрмеген көлде естімеген қаздың даусы бар.
16. Ақ сауыттың жағасы бар, жеңі жоқ,
Шын жақсының ашуы бар, кегі жоқ.
17. Балаға айтқан сыр – байланбаған бұзау.
18. Органың малын олжа көрме, ол- халықтың дәулеті.
Оны шашқанды мырза көрме, ол халықтың нәубеті.

Тапсырма:

Шешендік сөздің мағынасын ашып, асты сызылған сөзге синоним тауып, мағынасын түсіндіріңіз.

ШӘКӘРІМ ӨЛЕҢДЕРІН ОҚИЫҚ!

Адамдық борышың –	Жоба тап,
Халқыңа еңбек қыл.	Жол көрсет,
Ар жолдан айнымай	Келешек қамы үшін.
Ар сақта, оны біл.	Қайтадан қайрылып
Талаптан да білім мен өнер үйрен,	Қауымға келмейсің.
Білімсіз,	Барыңды,
Өнерсіз,	Нәріңді
Болады ақыл тұл.	Тірлікте бергейсің.
Мақтанға салынба	Ғибрат алар артыңа із қалдырсаң –
Мансаптың тағы үшін.	Шын бақыт,
Нәпсіңе билетпе	Осыны ұқ,
Басыңның бағы үшін.	Мәңгілік өлмейсің!
Өміріңді сарп қыл өлгеніңше	

* * *

Сен ғылымға болсаң ынтық,
Бұл сөзімді әбден ұқ:
Білгеніңнің жақсысын қыл,
Білмегенді біле бер.

Білген ердің бол шәкірті,
Білмегенді қыл шәкірт.
Үйренуге қылма намыс,
Үйретуге болма кер.

Өнеріңді құр шірітпе,
Орнына анық жұмсамай,
Өкініші кетпес оның,
Өз бойыңда босқа өлер.

Қай білімді білсең де,
Қазір оны елге жай.

Құр ішінде кеткеніңше,
Пайдалансын өзгелер.

Шын наданға білгеніңді
Ұқтырам деп ойлама.
Қанша бидай шашсаң-дағы,
Болмас егін тасты жер.

Шын залымға берме ғылым,
Ол алар да оқ қылар.
Қаруым дер, кісі атып жер,
Ол ғылымға айла етер.

Шын надандар білмесе егер
Естілердің қадірін, –
Оған ұрсып, сөкпеңіздер,
Шын ғұзырлы пенде сол...

* * *

Біреудің мінін кешірсең,
Саған да құдай кешеді.
Бәрін де қылмай есірсең,
Төбенді әлі-ақ теседі.

Көңілі жұмсақ адамның
Күрмеуін тағдыр шешеді.
Рахымсыз, пейлі жаманның
Орны дайын деседі.

Мен досыңмын, жау емес,
Еліре берме, қайта ту.
Жүрегім дертті, сау емес,
Сол себепті сөзім – у.

Ащы деп алмай қоймаңыз,
Аңсағанда, керек су.
Абайлап артын ойлаңыз,
Алды ғой алдап өңкей ку.

Тапсырма:

1. Өзіңе ұнаған бір өлеңін жаттап ал.
2. Бір поэмасын оқы.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ
(1893-1938)

Кеңес өкіметінің жетпіс жылдық билігі тұсында қазақ әдебиетінің тарихынан жазықсыз сызылып тасталған тұлғалардың бірі – Мағжан Жұмабаев. Талантты ақынның есімі де, маржан жырлары да бұл кезеңде идеологиялық қудалауға ұшырады. Азат өмірді, халқының тәуелсіз ел болған қалпын көруге ұмтылған, сол жолда білегіндегі күшімен де, жүрегіндегі жырымен де күресіп өткен қайраткер ақынның тағдыры аса күрделі белестерді бастан кешірді.

Өмір жолы. Мағжан Жұмабаев 1893 жылы Солтүстік Қазақстан облысының бүгінде өз есімімен аталатын ауылында орташа ғана дәулеті бар отбасында дүниеге келеді. Әуелі ауыл молдасынан, содан соң ауылдағы мұғалімнен оқып, сауатын ашады. 1905-1910 жылдары Қызылжар (Петропавл) қаласындағы медреседе оқиды. Медреседе бірқатар шығыс тілдерінен дәріс алады, шығыс ақындарының жырларымен танысады. Өзі де әдебиетпен шұғылданады. 1910 жылдың күзінде Уфаға келіп, осындағы Ғалия медресесіне түсіп білімін молайтады. 1913-1917 жылдары Омбыдағы мұғалімдер семинариясында оқиды.

Омбыдан елге қайтып келіп, айналасында болып жатқан қоғамдық жұмыстарға араласады. 1917 жылдың көктемінде Ақмола облыстық халық ағарту бөліміне қызметке кіреді. Алаш партиясының жұмысына араласады. Ақмола губерниялық «Бостандық туы» газетінде жұмыс істейді. 1922 жылы Ташкентке келіп, сондағы «Ақ жол» газетінің редакциясына кіреді.

1923-1926 жылдары Мәскеудегі әдебиет-көркемөнер институтында оқиды. 1927 жылы елге оралып, оқытушылықпен айналысады. Бірақ көп ұзамай Мәскеуде оқып жүргенде «Алқа» ұйымын ұйымдастырғаны үшін тұтқындалып, он жылға сотталады. 1936 жылы тұтқыннан босап, еңбек жолына қайта оралысымен, 1937 жылдың аяғында ұсталып, 1938 жылы «халық жауы» деген жаламен ату жазасына кесіледі.

Шығармашылық мұрасы. Мағжанның шығармашылық жолы Қызылжар қаласында оқып жүргенде басталады. Бойында әдебиетке деген құштарлықтың ұшқыны бар жас Мағжанның жүрегіне 1909 жылы Петербург қаласында жарық көрген Абайдың тұңғыш өлеңдер жинағы орасан зор әсерін тигізеді. Абайдың жыры талапкер ақын жүрегіндегі ұшқынға алау береді Алғашқы жырларын жазады. Татар жазушысы Ғалымжан Ибрагимовтің көмегімен 1912 жылы Қазан қаласында Мағжанның «Шолпан» деп аталатын тұңғыш өлеңдер жинағы жарық көреді. 1922 жылы Қазанда ақынның таңдамалы өлеңдер жинағы кітап болып шығады.

Мағжан – лирикалық өлеңдермен қатар бірнеше көркем поэмалар жазған ақын. Атап айтқанда, «Қойлыбайдың қобызы», «Батыр Баян», «Қорқыт», т.б. поэмалары ақын талантының ерекше қырын танытады.

Әдеби шығармаларымен бірге Мағжанның қаламынан туған ғылыми еңбектер, оқу құралдары да кезінде халқының қызметіне жарап, елеулі мәнге ие болды. Жастарды оқу, білімге шақырған қаламгер педагогика саласында бірқатар еңбек жазды. 1923 жылы Ташкентте «Педагогика» атты кітап шығарды. Сонымен бірге 1928 жылы Мәскеуде төменгі сынып шәкірттеріне арналған «Сауатты бол» атты оқулығы жарық көреді.

1938 жылы жазықсыз жазаның құрбаны болғаннан кейін Мағжан шығармашылығын оқуға, жариялауға тыйым салынды. Тек еліміз тәуелсіздік алар тұстағы арнайы үкімет шешімі арқылы ғана ақынның есімі мен шығармашылық мұрасы толық ақталды. 1989 жылы ақын шығармаларының бір томдығы, 1995 жылы үш томдық жинағы жарық көрді.

Қалай дегенде де, Мағжан өзіне дейінгіге де, кейінгіге де ұқсамайтын, өзіндік қолтаңбасы бар ақын. Ол өмірді біртұтас құбылыс, көрініс ретінде, ал адамды сол ұлы табиғаттың жаратылыстың бір туындысы, бөлшегі ретінде қабылдайды. Құбылыстың мәнін кең көлемде, жалпыға бірдей қалыпта тани білу үшін ол, алдымен, не нәрсенің болса да мән мазмұнын бағдарлап, әрдайым жалпы адамзатқа тән әуенге бой ұрады,

табиғаттың өз заңына ғана бағынатын құбылыстың ішкі астарына үңіледі. Дүниені философиялық тұрғыдан таниды.

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Күш кеміді, айбынды ту құлады;
Кеше батыр – бүгін корқақ, бұғады.
Ерікке ұмтылған ұшқыр жаны кісенде,
Қан суынған, жүрек солғын соғады.

Қыран құстың қос қанаты қырқылды,
Күндей күшті, күркіреген ел тынды.
Асқар Алтай – алтын ана есте жоқ,
Батыр, хандар – асқан жандар ұмытылды!

Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ, ардың
Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың...
Алтын Күннен бағасыз бір белгі боп,
Нұрлы жұлдыз, бабам тілі, сен қалдың!

Жарық көрмей жатсаң да ұзақ, кен-тілім,
Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім.
Тарап кеткен балаларыңды бауырыңа
Ақ қолыңмен тарта аларсың сен, тілім!

МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты –
Қырандай күшті қанатты.
Мен жастарға сенемін!
Көздерінде от ойнар,
Сөздерінде жалын бар,
Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін!
Жас қырандар – балапан,
Жайып қанат ұмтылған.
Көздегені көк аспан.
Мен жастарға сенемін!
Жұмсақ мінез жібектер.
Сүттей таза жүректер.
Қасиетті тілектер –
Мен жастарға сенемін!

Тау суындай гүрілдер,
Айбынды алаш елім дер,
Алтын Арқа жерім дер,
Мен жастарға сенемін!
Қажу бар ма тұлпарға,
Талу бар ма сұңқарға,
Иман күшті оларда,
Мен жастарға сенемін!
Алаш айбынды ұраны,
Қасиетті құраны,
Алаштың олар құрбаны,
Мен жастарға сенемін!
Мен сенемін жастарға.
Алаш атын аспанға
Шығарар олар бір таңда,
Мен жастарға сенемін!

ЖҰЛДЫЗДЫ – ЖҮЗІК, АЙДЫ АЛҚА ҒЫП БЕРЕЙІН

Келші, көзім, күн бетінді көрейін,
Сүйші, сәулем, тұншығып мен өлейін.
Жет, жұлдызым, жылжып қана жібектей,
Жұлдызды жүзік, Айды алқа ғып берейін.

Сөзің – сиқыр, есті тұман басқандай,
Ессіз жүрек дария болып тасқандай.
Күлкің, Күнім, күндей күміс табаққа
Мінсіз сұлу меруертті шашқандай.

Шашың – толқын, жүрегімнің жарына
Соғылды да, батты улы зарыма.
Айнам саған арнап жырлар жазамын,
Қаламымды малып жүрек қанына.

Жырларыммен кестелейін орамал,
Бүлдіргендей, бөбектайым, бетің бал.
Балға талай шыбын қонуға ұмтылар,
Ұмтылғанда орамалмен қағып қал.

Еркетайым, келсең егер қасыма,
Сәулелерден шоқ қадар ем басыңа.
Көз жасымнан меруерт тізіп берер ем,
Келші, күлмей көзден аққан жасыма.

Келші, көзім, Күн нұрына көмейін,
Сүйші өлейін, «неге өлейін?» – демейін.
Жет, жұлдызым, жылжып қана жібектей,
Жұлдызды – жүзік,
Айды алқа ғып берейін!

МҰХТАР ШАХАНОВ
(2.7.1942 ж.)

Қазақ ақыны Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданында дүниеге келген. М.Шаханов – Қазақстанның халық жазушысы (1996), Қырғыз Республикасының халық ақыны (1994). Ататүрік мәдени орталығының құрметті мүшесі (1999), Халықаралық Калифорния академиясының академигі.

Ол Шымкент педагогикалық институтын бітірген (1969). 1961-65 ж. «Оңтүстік Қазақстан» газетінде корректор, әдеби қызметкер. (1965-1970 ж. «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газетінің оңтүстік облыстардағы тілшісі, 1970-71 ж. Шымкент обл.

Комсомол комитетінде сектор меңгерушісі, 1971-76 ж. Қазақстан Телевизия және радиохабар жөніндегі мемлекет комитетінің аға, бас редакторы, 1976-79 ж. Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекет комитетінің бөлім бастығы, 1980-84 ж. «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газеті жанындағы әдеби ұйымның жетекшісі, 1984-93 ж. «Жалын» альманағының бас редакторы әрі Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы (1986 жылдан) болды. 1993 жылдан Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасындағы Төтенше әрі өкілетті елшісі.

Алғашқы өлеңі «Сырдария» 1959 жылы жарияланды. Тұңғыш өлеңдер жинағы «Бақыт» 1966 ж. жарық көрді. Кейін махаббат, достық тақырыбындағы, адамгершілік абзал қасиеттерді жырлаған «Балладалар» (1968), «Ай туып келеді» (1970), «Қырандар төбеге қонбайды» (1974), «Ғашықтық» (1979), «Махаббатты қорғау» (1982), «Ғасырларды безбендеу» (1988) атты өлеңдер, балладалар мен поэмалар жинақтары басылды. Берік достық, адал махаббат, қайырымдылық сияқты асыл қасиеттерді дәріптейтін «Танакөз» (1970), Сырдария туралы көне аңыздың желісіне құрылған «Сейхундария» (1974), жастық шақты жырлауға арналған «Күретамырды іздеу» (1975), көне дәуір мен бүгінгі өмір адамдарын шендестіре суреттеп, философиялық ой түйетін «Сенім патшалығы» (1977), махаббат триптихтерінен тұратын «Махаббатты қорғау» (1978), халық қамы үшін күрескен патриот ақын Махамбет өмірінен алынған «Нарынқұм трагедиясы» (1980), көне қала Отырар тағдырына арналған «Жеңілген жеңімпаз хақындағы Отырар дастаны немесе Шыңғыс ханның қателігі» (1982) атты поэмалары жарық көрді. «Махаббат таңы» (1974), «Сенім патшалығы» (1977), «Көкейкесті» (1987), «Ночь воспоминаний о Сократе или суд на шкуре ту-полобого» (Ш.Айтматовпен бірге, 1998), поэзиялық пьесалары театр сахналарында қойылды. «Шыңғыс ханның пенделік құпиясы» драмалық туындысы негізінде Украинаның Довженко атындағы киностудиясы екі сериялы телефильм шығарды. «Уақыт бедерлері» (1981), «Зерде кітабы» (1984) атты жинақтары орыс тілінде шықты. Шығармалары шет елдерде де жарық көрді.

БҰҰ Қоршаған орта бағдарламасы сыйлығы (1999) және Қығыз Республикасы халықаралық «Руханият» түрік дүниесі жазушылар бірлестігінің «Шахрияр» (1999) ЮНЕСКО-ның «Боорукер» клубы сыйлығының иегері. 2002 ж. «Жазагер жады космоформуласы» шығармасы үшін Калифорния Ғылым, индустрия, білім және өнер академиясының А.Эйнштейн атындағы алтын медалі, Түркияның Гебзе қаласында «Түркі тілдес халықтар арасындағы ең үздік әлем ақыны» сыйлығы берілген. «Тын және тыңайған жерлерді игергені үшін», «Еңбектегі ерлігі үшін» медальдарымен марапатталған.

ЗАМАНДАСТАР ЛЕБІЗІ

Мен үшін Олжас пен Мұхтардың (Шахановты айтам) орны бөлек. Халқы да солай қадірлейді. Ақындығын азаматтығы, азаматтығын ақындылығы көтерген, елдің сөзін сөйлеп, жоғын жоқтаған, дауласуға бар, бірақ жауласуға жоқ, осындай ұлдары бар, осындай ақындары бар халықта не арман бар!

Дінмұхамед Қонаев

Құдайым әр ақынға өз ұлтына осы Мұхтар Шахановтай қызмет етуді жазсын.

*Джон ЭШПЕРИ
американ ақыны*

Қазақ халқының біздің кезіміздегі нағыз батыр ақыны осы – Мұхтар Шаханов

*Тоқтар ӘУБӘКІРОВ
Қазақтың тұңғыш ғарышкері*

Желтоқсан оқиғасын ақтап алудағы айналайын Мұхтар Шахановтың еңбегін ерлікке барабар іс деп есептеймін. Оған қазақ халқының Батыры атағын осы үшін ғана беруге болады. Мен оның басқа да атқарып жатқан қыруар жұмысын ауызға алып отырғаным жоқ...

Қасым ҚАЙСЕНОВ

...Мұхтар Шаханов поэзиясы өз халқының тарихи тәжірибесіне сүйене отырып, бүгінгі таңдағы аса ділгір, жан толқытар проблемаларға жаңа кілт таба білуімен қуантады.

Шыңғыс АЙТМАТОВ

Мына Атлант мұхиты жағалауындағы әсем қала Рио де Жанейрада қазақ халқының үлкен ақыны, Арал қасыретін әлемдік деңгейге көтерген белгілі қоғам қайраткері Мұхтар Шахановқа Біріккен Ұлттар Ұйымы қоршаған орта бағдарламасының сыйлығын өз қолыммен тапсырғаным бақыттымын.

*Мостафа ТОЛБА
Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас хаишысының орынбасары,
БҰҰ-ның қоршаған орта бағдарламасының орындаушы директоры*

Мұхтар Шаханов ұлттық шектеушілікке бағынбайтын шын мәніндегі қазақ ақыны және оны үлкен болашақ күтіп тұрғанына сенемін...

Евгений ЕВТУШЕНКО

Жапонияда Шахановтың екі томдық шығармалар жинағының алғашқы кітабы менің аудармамда жарық көрді. Жапон оқырмандары оның терең философияға құрылған өлең-дастандарына ерекше ден қоятынына күмәнім жоқ.

*Акамедцу ТОКУДЗЕ
Жапон ақыны*

1989 жылғы КСРО Жоғарғы Кеңесінде біз Мұхтар дос (Мұхтар Шаханов) екеуіміз бірге жұмыс істедік. Сонда менің көзім мынаған жетті. Көпшілік басқа ұлттар Желтоқсан оқиғасының шын мән-мағынасын әлі күнге дейін білмейді екен. Оған кімді кінәларсыз?.. Міне, тап осы кезеңде Желтоқсан шындығына Кремль куранттарының құлағын түргізіп, жалпақ дүниеге паш еткен Мұхтар достың еңбегі шоң деп білемін.

*Асқар АҚАЕВ,
Қырғызстан Республикасының Президенті*

**СҰЛУЛЫҚТЫ СЕЗІНУ НЕМЕСЕ
ҒАБИДЕН МҰСТАФИНМЕН
ҚАРТТЫҚ ЖАЙЛЫ ӘҢГІМЕ**

Нар көңілдің жастығы ма,
Әлде оянған арман ба,
Жүз жасаған Жамбыл ақын кешегі,
О, керемет,
Грузияға барғанда,
Бір сұлуға ғашық бопты деседі.

– Міне, нағыз бүгінгінің батыры,
Қатал уақыт қарияны сала алмапты-ау тезіне.
Неткен қайсар сұлулық бұл, –
Деп бір орыс ақыны
Жас алыпты көзіне.

Иә, қарттар бар арғымағы арманнан,
Жігерімен дүр сілкінткен даланы.
Сұлулықты сезінуден қалған жан
Бәрінен де қалады.

Жер бетінде жел өшірген із аз ба,
Жігерсіздің өрісі әркез тар болған.
Отызында кемпір болған қыз аз ба,
Жігіт аз ба отыз бесте шал болған?!

Кім жас,
Кім қарт?
Уақыт өзі ірктер,
Ер көбейсін ат қып мінер қиялды.
Қарттық – оттың азаюы,
Оты азайған жігіттер
Қай кезде де қоғам үшін зиянды.

Бақыттысың әр таң сайын көзінді
Сұлулыққа суарудан қашпасаң.
Қартайдым деп алдай көрме өзінді,
Қарттық жаспен өлшенбейді ешқашан!

ЖІГІТТІҢ ЕКІ СИПАТЫ

Кім қайратты?
Кім кімге асқар тұлға?
Мүмкін бе екен тағдырдан бас тартуға?

Неткен ғажап!
Биіктен құлаған тас
Сынғанымен, қалады тас қалпында.

Құзар шыңда,
Ойпаңда,
Бұраланда,
Талайларды сын күтіп тұрады алда...
Быт-шыт болып кетпей ме қам кесектер
Кіп-кішкентай жырадан құлағанда.

Алуан тағдыр берілген бұл адамға,
Есегінен ез жігіт құлағанда,
Жұбатындар!
Аяндар,
Өйткені оның
Құм боп кетер жігері жылағанда.

Алуан тағдыр берілген бұл адамға,
Тұлпарынан ер жігіт құлағанда,
Жұбатпаңдар!
Ер адам от-жігерін
Намысына жаниды жылағанда.

**ЖІГЕРЛЕНДІРУ НЕМЕСЕ
ӨЗІН БАҚЫТСЫЗБЫН ДЕП
ЕСЕПТЕГЕН ЖІГІТКЕ ЖАУАП**

Сен жыладың, жігітім,
Көп көрдім деп тұрмыстың тапшылығын,
Қайтпады деп жұртқа еткен жақсылығым.
Сен жыладың,
Сезімің жасып ағып,
Кіп-кішкентай баланды қасыңа алып.
Қырмызы күнім өтті деп,
Сенгенім сатып кетті деп.
Сен жыладың:
Аңғармай қалдым орды деп,
Қадамым сәтсіз болды деп,
Бір қатты соққы алдым деп,
Бақытсыз болып қалдым деп.
Сен жыладың:
Мен бірақ селт етпедім,
Білем сені, өр көңіл, жомарт едің,
Енді бүгін... қалай бұл кер кеткенің?

Жә, жә, жарар,
өткен күн оралар ма?
Қарау керек, бауырым, саған алға.
Басыңдағы бөрік пе,
орамал ма?
Бөрік болса, ауыс тез басқа күйге,
Көз жасыңды көрсетпе жас сәбиге.
Көз жасыңды көрсетпе, сұранамын,
Әй, әй, жігіт, сен маған ұнамадың.
Жас нәресте көруге тиісті емес
Әкесінің еңкілдеп жылағанын
Әкесінің тым күйреп құлағанын.
Ерлік пенен ездiктің жолы қатар
Екеуінің арасы бір-ақ адым.
Көз жасыңды көрсетпе, сұранамын.
Көтер, кәне, басыңды, қалай бұның,
Мұз боп еріп кеткен бе бар айбының?
Көтер, кәне, басыңды, қалай бұның,
Мұз боп еріп кеткен бе бар айбының?
Көтер, кәне, басыңды,
Күніңді босқа өткізіп пе едің,
Тағдырың неге сыр айтты сараң?
Өмірдің барлық сәтсіздіктерін
Бақытсыздық деп кім айтты саған?
Кім айтты саған:
Тұлпарды сүрінбейді деп,
Асауды мінілмейді деп,
Ақ көйлекті кірлемейді деп,
Қара ешкі мүжіген ағаш
Қайтадан гүлдемейді деп,
Кім айтты саған:
Жұрттың бәрі мейірбан, арайлы деп,
Жұрттың бәрі шындықты қалайды деп,
Биікті ардақтайды деп,
Асылды қорлатпайды деп...
Тоқырау білмес айбыны
Адалдық деген – әлемнің ұлы байлығы,
Бетіне жиған ұятты.
Әйтсе де, кейде ол кінәмшіл бала сияқты.
Тірлікте осы баланы
Өкпелететіндер бар да,
Жұбататындар бар.
Жек көретіндер бар да,
Ұнататындар бар.
Арын сатып қорлайтындар бар да,
Жанын сап қорғайтындар бар.

Уақытша жеңістердің уақытша бағы бар,
Бар тіршілік кейде тіпті уақытшаға бағынар,
Жеңімпаздың мойнына алтын алқа тағылар,
Жағымпаздар жамыраса теңеу таппай сабылар.
Әркез бұған елікпейтін қайсар тұлға табылар,
Сол тұлғаны «түзеу» үшін уақытшалар жабылар...

Дантес «жеңдім» деп ойлады Пушкинді атып құлатып,
Бірақ оңбай жеңілгенін дәлелдеді уақыт.
Оразбайлар «жеңдік» деді Абайды ұрып, сұлатып,
Олардың да ұтылғанын әйгіледі уақыт.
Қарсыластар қылышынан өр Махамбет өлді де,
Нәтижеде, қара күштер ұлы ақынды жеңді ме?
Жан шындығы қамалғанмен зұлымдықтың торында,
МӘҢГІ ЖЕҢІС қалып қойды Махамбеттің қолында!

Шыншыл, асау тағдырым бар пенделікпен тебіскен,
Сақта, Құдай, мені барлық уақытша жеңістен.
Кеңейтуге жол ашпаса әділдіктің өрісін,
Уақытша билік пен даңқ неге қажет мен үшін?
Бір бақшада өссін, мейлі, Бәйтерек пен Асқабақ,
Менің бағым – Асқабақты күндемейтін басқа бақ.
Менің бағым – елдік, ұлттық мүддеменен өрілген,
Сондықтан да ұлтпен бірге өлу даңқы берілген...

Рухсызға жеңіс жолы тым оңай боп көрінбек,
Бәлкім, маған тас атқанның бәрі ертең жеңілмек...
Бұл ізгілік ағыс күшін ұқпаған бар, ұққан бар,
Ал ұққандар, негізінен, пенделігін жыққандар.
Пенделігін жыққан жандар – Рух тауға шыққандар,
Оларға риза Махамбеттер, Абай, Мағжан, Мұхтарлар.

БӨДЕНЕ ТАЛАНТТАР МЕН ҚАЖЫМҰҚАНДАР

Ертелі-кеш ұлылыққа ауғанымен аңсары,
Біздің қоғам ергежейлі дарындардан шаршады...

.....
Япырай, бұл не, ұлтымыз алыптықтан суынғаны ма?
Жүз қырық жылдай өтсе де Қажымұқанның туғанына,
Күллі қазақ әйелдері жыл сайын жабыла толғатқаныменен,
Намысын өр кеуде еркек қуаттарға қорғатқаныменен,
Әкеле алмаған соң өмірге жойқын күш – жаңа Қажымұқанды,
Әр әйелдің өз күйеуіне өкпе қыжылы, назы тұтанды.
Әркім жеп-жеңіл, жеке салмағында чемпион атанса, бітте ме?

Иландырмас мені қырық килолық «бөдене» палуандар тіпті де...
 Қажымұқан рухын иеленген далаға етуде бүгін иелік
 Қанша мың бөдене бастықтар бөдене ойларға сүйеніп.
 Материалды байлық тарландарын ғана құдірет, арыс көретін,
 Перзентін бабасының тілінде оқытуды намыс көретін,
 Тек өз қалтасына ғана лақылдап құйылар кірісті білген,
 Шаршады халқымыз қуыршақ әкімдер мен министрлерден.

Қуыршақ заңгер, полиция, кәсіпкерлер қаптап келеді,
 Ұлтына мұрнын шүйіріп, әдебиетін, тілін таптап келеді.
 Тұйықтан шығар жол іздер жігері, санасы жалындап ерек,
 Әр салада бізге дарабоз Қажымұқан дарындар керек.

Ергежейлі бөдене таланттар, жоқ сендерде болашақ таңы,
 Қайдасың Қажымұқан шаруашылықтағы, ғылым мен саясаттағы?
 Тұлпар туған биені біздің ұлтымыз ешқашан соймаған,
 Осы дара дәстүрде мазмұн бар тереңге басқаша бойлаған,
 Қажымұқандық жоқ, қарадан ақ бөлініп сараланбайынша,
 Қоғамда тұлпар ой туғызар еркектер бағаланбайынша.

Шындықтың әрбір ісіне жалғандық сақылдап күліп тұрғанда,
 Бөдене ойлар тақымдап, билігі бар жерде жүріп тұрғанда,
 Шықпас деп қазір кім айтар қайсар қанаттылар халықтан зерек?!
 Рухтың табанындағы шөңгені алатын,
 Жабайы капитализмді де жөнге салатын,
 Қоянның көжегіне ұқсас ергежейлі қалыптан бөлек,
 Қоғамға бүгін Қажымұқан қуатты дарындар, алыптар керек!..
 Қажымұқандарсыз түзету мүмкін бе қазіргі сұрқай жағдайды?
 Қажымұқандарын қолдамаған халық билікке шырқай алмайды!

ЖАҢА ҚАЗАҚТАР...

Жаңа қазақ, шала қазақ, жас інім,
 Алшысынан тұрды бүгін асығың.
 Саған қарап ойландым да, жасыдым.
 Айырмаған азғыны мен асылын
 Мына ғасыр, бәлкім, сенің ғасырың.

Мына ғасыр безбүйректеу – өр ғасыр,
 Жүрегінде сезім емес, қорғасын,
 Шетке қақты тұлпары мен жорғасын.
 Қақпай қайтсін, бәрін сатып алуға
 Һәм сатуға мүмкіндігі болғасын.

Сенде қазір думан дәурен, масат күн,
Өзінді-өзің бар жауаптан босаттың,
Рухани байлыққа да тас аттың.
Аудандағы жалғыз кітап дүкенін
Сатып алып, сыраhana жасаттың.

Тез ашылып саудагерлік дарының,
Таудан, тастан қайтпастай өр арының,
Саудаладың Алматының жарымын.
Ұлағатты ұлы қазақ елінде
Сатылмайтын байлықтар да бар, інім.

Жалғыз саған борыштыдай бар халық,
Топ ішінде ісіп-кеуіп, нарланып,
Кейкиесің қол беруге арланып.
Дегенмен біз сені туған ұлттың
Сатылмайтын қасиеттерін қорғадық...

...Біздің дәуір нарықтан кеп табылды,
Бірақ нарық жүрмей жатып жаңылды.
Нақ сол тұста сынап қалдың бағынды.
Қоғам мүлкін заңдастыра жымқырып
Іс бастап ең, байлық сел боп ағылды.

Рухынан артық қойған қарынды
Шын безбүйрек болып шықтың алымды,
Нәтижеде жұрт қалтасы қағылды.
Ал әйтпесе мына үйлер, зауыттар
Қайдан тапқан дәулетіңн алынды?!

«Бөлінсе де сана төртке, ми үшке,
Нарық заңы солай, жөнсіз тиіспе!» –
Дейді біреу шығып алып мүйіске.
Сонда қалай, кедейленіп бар халық,
Жүз-ақ адам бай болуға тиіс пе?

Жүз бай шырқап, миллион кедей аһ ұрған,
Пайда тым аз жүз бай екке дақылдан.
Кім бар жұртты тең баюға шақырған?
Фарабиден «Мықты ел кім?», – деп сұраса,
«Қайыршысы жоқ ел», – депті ақылмен.

Сорласа жұрт, рухсыздан сорлайды.
Қырандардан биік қойсақ торғайды,
Отанды кім торғайлардан қорғайды?

Рухсыздың, қайырсыздың баюы,
Бәлкім, ертең ұлтымызға зор қайғы.

Жинасаң да әлемнің бар алтынын,
Адамдығың көрсетпесе жарқылын,
Қоршар сені салқын шаттық, салқын үн.
Ешкім рух байлығынан бөлініп,
Шын бақытқа жеткен, жарқыным!

КОМПЬЮТЕРБАСТЫ ЖАРТЫЛАР (Рухсыз күш формуласы)

Елге ұстаздық еткен қарттан алғыр, құйма құлақты
Қонақтары сұрапты:
– Аға, неше балаңыз бар соңыңыздан самғаған?
– Бір жарым! – деп тіл қатыпты әлгі адам.
– Ал, дәл айтсам, үш ұлым бар зерек әрі білімді,
Үшеуі де ғылым қуып назарға ерте ілінді.
Сол үш ұлдың бірі ғана қайсар, ұшқыр арманын,
Техникалық санаты мен ғылыми өр талғамын
Өз ұлтының сан ғасырлық рухына жалғады,
Содан шуақ, қуат алып, ғаламдық ой толғады.
Екі ұлымның тағдырында бұл өзгеріс болмады,
Екеуі де жалаң білім шеңберінде сорлады.
Рухы, жаны аласаның зорлық жатар парқында,
Сондықтан қос перзентімді санаймын мен жарты ұлға.
Мейлі, мейлі, екі ұлымды қақса да уақыт арқадан,
Нағыз ұлым біреу ғана, ана екеуі – жарты адам!

Иә, бізді қайда апармақ мына заман ақпалы?
Ұлан-байтақ жерімізді жарты адамдар қаптады.
Қайда барсаң, көз алдында өнеге боп жаркылдар –
Жарты ұстаздар,
 Жарты бастық,
 Жарты қыздар,
 Жарты ұлдар.

Біз қанша мың жас өскінді аттандырдық шет елге:
Білім алып келсін дедік,
Жер, ел танып көрсін дедік.
Бірақ осы ізгі үмітті жалаң білім өтер ме?
Зұлымдық та білім-қызға ғашық болып сүйісті,
Кім тежемек, кім қайырмақ бұл пенделік күйісті?
Жалғыз жол бар:
 Білім әркез рухани байлыққа

Терең тамыр жіберуге тиісті.
Қайтсек екен, монитор көз, компьютер бас жас талап,
Білім+Рух болуы үшін ажырамас қос қанат?
Қай кезде де білім – күшің әрі нұрлы жетегің.
Білімнің де адамзатқа зияны бар екенін
Кім ойлапты, құдайым-ау, егер ұры қаншама
Зор білімін қулығына қару етсе жан сала,
Бейқам елге оның «сыйлар» азабы да соншама.

Сан жас қанат ғаламзатқа болмақ үшін өтімді,
Түнгі оттарды іздеп ұшар көбелектер секілді,
Қасиетті ата қоныс, өзен-тауын жерсінбей,
Баба тарих ардақтаған рух тұғырын менсінбей,
Ойын тұсап ессіз, көзсіз еліктеудің жаркылы,
Тек батыстық даңғаза өнер толқынында қалқыды.

Әлде бұл да жолы шиыр ұлтымыздың соры ма,
Қалай түстік біз батыстық қиратқыш күш торына?
Қуанып ек, қосылдық деп кәусар бұлақ қорына.
Адасқандай тылсым нудан,
Біз олардың кір су құйған
Жүрек пен ой айнытатын құбырына тап болдық,
Тіпті аз жылда қолда барды жоғалтуға шақ қалдық...

Ұлы Ғабит Мүсірепов – қара сөздің кемелі,
Бүкіл қазақ рухының айдары мен беделі,
Тіршілікпен қоштасатын ең соңғы сәт соққанда,
Өлімін де айналдырып зор мазмұнды мақтанға,
Жазбай қайсар сенімінен,
Діріл қаққан ерінінен
Қанатты ойын келер күнге ақку етіп оздырған,
Елге арнаған ақтық сөзін маған айтып жаздырған:
«Шын өнерді басынса да, жеңе алмайды асқазан,
Шырқау рух аспанында басқа мүдде, басқа заң.
ҒАСЫРДЫ АСАР ӘДЕБИЕТІ,
ӨНЕРІ ҰЛЫ БОЛМАСА,
ҰЛТ ДАРАЛЫҚ ТАБА АЛМАЙДЫ
ЖӘНЕ ҰЛЫ БОП САНАЛМАЙДЫ ЕШҚАШАН!»
Әр жүз қойдан кезінде біз үш жүз қозы алғанбыз,
Ғарышқа да құлаш ұрып, Айға түрен салғанбыз.
Рас, қазір күллі әлемде байлыққа ауды есіл-дерт,
Байлығы озса, мысықтар да жолбарысша көсілмек.
Бес жүз қабат үй салу да емес бүгін боз елес,
Ақшаң болса, «маймылды» да бастық сайлау сөз емес.

Адамзаттың бар тағдырын енді ақша шеше ме?
 Қарындарды – тек өз қамын ойлаған,
 Залымдарды – қан төгуге тоймаған
 Ұрпақтары үлгі тұтып, орнатуда кесене.
 Әділдікке деген сенім бірте-бірте өше ме?
 Жол бар ма екен аман өтер пенде-мүдде орманнан,
 Адамдықтың салтын қайттік, даңқын қайттік қорланған?!

Бүгін неге рухсыздық секілді зор батырлық?
 Ізгіліксіз батырлықтан зардап шегіп жатыр жұрт.
 Ньютон ашқан үшінші заң нені үндейді, білдік пе?
 «Әрбір қимыл – қарсы қимыл тудырады» тірлікте.
 Егер қарын байлығынан рухымыз пәс тұрса,
 Ұқсас, тектес жебір ойлар бір бағытта асқынса,
 Қоғам қалай ұстамақшы әділ ойдың шылбырын,
 Жан байлығы саяз күштер жек көреді бір-бірін.
 Олар қазір заманды алдап, заңдастырып әр ісін
 Қорғамаққа құлшынады аңқау елдің намысын...

Оян, Данте, Фирдоусидің және Абайдың айбыны!
 Бөгей алмау ғасырға сын бұл тасқынғөй қайғыны.
 Қол қусырып көнеміз бе,
 Үнсіз жата береміз бе,
 Робот-түйсік арқаланған,
 Мейірімі тұл жарты адамдар
 Жердің бетін түгел жаулап жеңгенше?..

.....
 Дөңбекшиді көңіл-ғалам,
 Бүгін өлу жеңіл маған,
 Осы рухсыз жеңістердің ертеңіне сенгенше...

ЖАТТЫҒУЛАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Сұрақтарға жауап бере отырып, сандарды дыбысқа айналдырыңыз

Шәкәрімнің Ұлы ұстазы – 1/3/1/13



.....
 Шәкәрімнің әкесінің есімі – 15/27/7/1/13/3/8/23/7/38

.....
 Шәкәрім өлеңдері – «18/1/24/12/30/1/25», «10/1/24/25/1/23/6/1», «10/1/24/37/17/18/
 1/18 10/8/25/38/14 3/38/16/7/38/17 25/28/23/38/14 25/38/16/38/18»

Шәкәрімнің Затаевич нотаға түсірген әні – 3/27/16/ 2/18 – 3/27/23/27/18/6/37
2/18/18/8/18 21/11/5/8/23/8/14

Шәкәрімге домбыра үйреткен күйші – 3/38/25/14/8/18/3/1/13

Шәкәрімнің поэмалары – «1/13/24/27/16/26 – 18/1/23/25/1/13/16/1/15»,
«15/1/16/15/1/17/1/18 – 17/1/17/37/23», «8/19/16/38/14 – 14/8/3/8/14»

Шәкәрімнің Пушкиннен аударған повесті – 3/20/23/1/18

2. Сандарды дыбысқа айналдыра отырып, Шәкәрім Құдайбердіұлының

төмендегі өлеңінің талдаңыз



15/1/11/1/15/25/37/19 10/1/17/1/18/37 3/20/16/17/1/24
10/1/17/1/18/18/1/18 1/17/1/18/37 3/20/16/17/1/24
3/38/23/38/5/38/22 38/24 15/37/16/1/25/27/6/37/18
25/28/11/8/16/8/23 11/1/17/1/18/37 3/20/16/17/1/24

3. Шәкәрімнің шығармашылық-ғұмырнамасын жинақтап жазыңыз.



Шәкәрім Құдайбердіұлы	Әдебиетке қосқан үлесі	Поэмалары	Философиялық шығармалары

4. Берілген кестені Шәкәрім Құдайбердіұлының поэмаларына сүйене

отырып толтырыңыз.



Шығарманың аты	Тараулар	Басты оқиғалар	Кейіпкердің іс-әрекеті

5. Шәкәрім әндерін тыңдайық.



«Анамнан алғаш туғанда...» және «Бұл ән бұрынғы әннен өзгерек» әндерін тыңдап, Шәкәрім әндеріне тән тақырыптық желілерге тоқталыңыз.

6. Бейнегапсырма



а) Шәкәрім Құдайберіұлының өмірбаяндық жұмынамасы бойынша түсірілген «**Мұтылған**» деректі фильмі бойынша сұрақтар дайындаңыз.

ә) Кестені толтырыңыз

Деректі фильмнен алған жаңа мәліметім	Деректі фильмге алып-қосарым

7. Дыбыстарды дұрыс орналастырыңыз және Мағжан өлеңінің бір шумағын

құрастырыңыз.



- Т Й А Б Т Ы А –
- Т Ж Й А С Р Ы Л А О Б –
- А А Т Т Ы Н Қ –
- Ү К Т Ш І –
- Е Н М –
- Т А Ы Р С Д Й А Н А –
- М Н Е Н С Е І –
- Ы А А Қ Р Н Д Й –
- Й А Р Қ Т Ы А Т –
- С Ж А А Р Ғ А Т –

8. Берілген мәліметтердің дұрыс/бұрыстығын анықтаңыз.



- 1) Мағжан Жұмабаев туған ауыл қазір ақын атымен аталады.
- 2) Мағжан Жұмабаев тек лирикалық өлеңдер жазды.
- 3) Мағжан Жұмабаев «Сауатты бол» атты оқулықтың авторы.

- 4) Мағжан Жұмабаев прозалық шығармалар жазған жоқ. □
- 5) Мағжан Жұмабаев «Алқа» ұйымын ұйымдастырды. □
- 6) Мағжан Жұмабаевқа «халық жауы» деген жала жабылды. □

9. Өлеңдердің мағынасын түсініңіз. Қарама-қарсы мағыналы сөздерді теріп

жазыңыз.



* * *

Қап-қара түнді көрдім де,
Жап-жарық таңға кездестім.
Қарасыз, сірә мен мүлде,
Аппақтың нарқын сезбеспін. (М.Мақатаев)

* * *

Жібек мінез, жігері мол қарындас,
Жүрегінде у менен бал аралас.

* * *

Бұл жалған ойын емес, бейнет жері,
Қылғанға адал еңбек зейнет жері. (М.Жұмабаев)

VII. ТЕКТИ ДЕ ТЕГЕУРІНДІ ӨНЕР

ҚАЗАҚ САЗЫ-ӨМІР АЙНАСЫ

Қазақтың ұлттық сазы – халық өмірінің айнасы. Ол ғасырлар бойы қалыптасты. Қазақ даласының ұлы ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби X-XI ғасырларда «Музыканың ұлы кітабы» деген трактат жазған. Ал одан бұрын VIII ғасырда өмір сүрген Қорқыт та, одан кейінгі ХҮ ғасырда өмір сүрген Қазтуған мен Асан Қайғы да қазақтың көне саз өнерінің өкілдері.

Халық ән-күй арқылы эпикалық аңыздар мен тарихи оқиғаларды, даналық ойларды бейнеледі. Ауыл ақсақалы елге әнмен бата берді, ақсақалдар кеңесі ән немесе күймен ашылды. Жақсылық хабарларды терме түрінде жырлау, үйлену тойында, қыз ұзату, жастар сауық кештері салтанаттарында ән айту мен күй тарту дәстүрі қалыптасты. Қазақ халқының өмірі бесік жырымен, балалар әндерімен басталып, қуаныш жырларымен жалғасып, өлген кезде жоқтаумен аяқталатын. Сондықтан да Біржан, Ақан, Жаяу Мұса, Құрманғазы, Абай, Дина сияқты халық сазгерлері өздерінің күйлері мен әндерінде халық өмірін суреттеді, оның мұнын мұндап, жоғын жоқтады. Әнші-сазгер ән, күйші-сазгер күй шығарып, өнерімен халқын қуанышқа, шаттыққа бөлейтін. Ән-күй орындаушылар *жырау, жырышы, әнші, күйші, сайқымазақ, сері, сал* деп аталды.

Қазақ саз мәдениетінің өсіп дамуына академик А.Жұбанов, сазгерлер М.Төлебаев, Ғ.Жұбанова, Л.Хамиди, халық артистері – К.Байсейітова, Р.Бағланова, Е.Серкебаев, Б.Төлегенова, Ғ.Құрманғалиев, Н.Тілендиевтер үлкен үлес қосты. Соның нәтижесінде қазақ опералары, симфониялары, күйлері мен әндері дамыды. Өнер түрлері жетіліп, әлемге қазақ аты кеңінен таныла бастады. Бүгінгі күні елімізде Қазақтың Абай атындағы опера және балет театры, Қазақ филармониясы, Қазақтың Құрманғазы атындағы академиялық халық аспаптар оркестрі, Қазақтың хор копелласы, Қазақ республикасы ән-би ансамблі, симфония оркестрі, Қазақтың классикалық балеті, Қазақ теледидары мен радио, камералық және эстрадалық оркестрлері, «Гүлдер» ән-би ансамблі, «Отырар сазы» мен «Жетіген» ұлттық ансамбльдері т.б. жұмыс істейді.

Тапсырма:

1. Мәтін мазмұны бойынша сұхбаттас.
2. Аты аталған сазгерлер, әншілер, жыраулар туралы деректермен таныс.

САЗДЫҚ АСПАПТАРДЫҢ ТОПТАЛУЫ

Халқымыз тұтынған саз аспаптары бір-біріне мүлдем ұқсамайды. Оның бірі ағаштан, саздан, болмаса сүйектен, енді бірі мал терісінен жасалады. Басқасын қойғанда, кез келген жерде өсетін кәдуілгі қара қурайдан да саз аспабын жасап алып, ойнай беруге болады. Ұлттық аспаптарымыздың табиғи заттардан жасалуы – оның жұмсақ та құлаққа жағымды қоңыр үнді болуының бірден-бір шарты.

Саздық сөз тылсым тіршілік тынысын, адамның көңіл-күйін бейнелейді. Қазақтың ұлттық саз қазынасының үлкен бір жанрының «күй» аталуы да сондықтан. Саздық шығарма адамның сезімдік-психологиялық тынысын дөп баса алатын мүмкіндігімен құнды. Ал саз аспабы болса сол көңіл-күйді тыңдаушыға жеткізеді.

Еңбек ету үрдісінде адам түрліше қозғалыста болады. Ол қозғалыс біркелкі, бірыңғай, үзіліссіз немесе үздік-үздік, ырғақты, тоқтамалы, кұйысқан-тістескен тізбекті болуы ықтимал. Міне, осы қимыл-қозғалыс әрекетін әр аспап қабілетіне орай, мүмкіндігінше меншік үнімен бедерлеп отырады. Саздық, аспаптардың әуезі қоршаған ортаның ырғағы мен үнін неғұрлым толығырақ қамтуы үшін біздің ата-бабаларымыз өте ерте кездің өзінде-ақ саздық аспаптардың мынадай топтарын ойлап тапқан:

1. Ұрма аспаптар (дабыл, даңғыра, кепшік, шындауыл, дауылпаз, ұран, керей, желбуаз).
2. Үрлеп ойналатын аспаптар (сыбызғы, уілдек, саз-сырнай).
3. Қияқты аспаптар (қобыз, сазген, бозаншы, егек және тағы да басқалар).
4. Шертпе аспаптар (домбыра, шертер, шіңкілдек, адырна және тағы да басқалар).
5. Сарнамалы аспаптар (тілқобыз – (гармонь), ауызсырнай, шаңқауыз және т.б.).

Қазақтың ұлттық, аспаптарында осы аталған топтардың баршасына жататын аспаптар да молынан кездесіп отырады.

Тапсырма:

1. Мәтін мазмұны бойынша сұхбаттас.
2. Саздық аспаптарды басқа халықтың саздық аспаптарымен салыстыр.
3. Сен қай саздық аспапты білесің ? Ол саз аспабында ойнай аласың ба?

ДОМБЫРА

Домбыра халқымыздың тарихи өмір жолымен тығыз байланысты. Ол халық әндерін сүйемелдеуге және күйлер тартуға қолданылады. Атақты күйшілер Құрманғазы, Тәттімбет, Дәулеткерей және Дина өздерінің терең тебіреністі күйлерін осы домбырамен шығарған. Қазақ халқының көне саз аспабының бірі саналатын бұл домбыра күйші-сазгерлердің күмбірлеген «көмейі», боздаған «үні» мен сұңқылдаған «тіліне» айналып отырған.

Домбыра жүрегіммен үндес едің,
Өзіңмен сырласымдай тілдесемін.
Бабамнан қалған мұра сен болмасаң,

Өмірдің не екенін білмес едім, – деп акын Мұқағали Мақатаев айтқандай қазақ халқының небір ән-күйлері мен жыр-дастандары кейінгі ұрпаққа осы домбыра арқылы жеткен. Домбыра ел ішінде шертіп немесе қағып ойнайтын екі кейде үш ішекті саздық аспап ретінде ертеден белгілі болған. Қазақ жерінің әр өлкелерінде тұратын халық шеберлері домбыраны өз қалауынша әр түрлі үлгіде жасады.

Қазір оркестрге лайықталып жасалған домбыраның прима, тенор, бас сияқты түрлері өмірге келді. Осы секілді 19 пернелі жетілдірілген жаңа домбырамен нотаға

жазылған кез келген саздық шығарманы орындауға болады. Халық өмірінің сыр шежіресіндей күй төккен домбыраны бұл күнде нағыз кәсіпқой (профессионалды) ұлт аспабына айналды.

Тапсырма:

1. Мәтін мазмұны бойынша сұрақ-жауап үлгісін жаса, өзара сұхбаттас.
2. Домбыра туралы қосымша деректермен таныс.

ҚОБЫЗ КҮЙЛЕРІ

Қобыз дәстүрі қазақ саз мәдениетінде ерекше орын алады. Халық ғасырлар бойы қобыз аспабын киелі санап, оны құдіретті күшке балаған. Қобыз аспабын шаман дінімен, бақсылармен байланыстырады. Қобыздың тарихы тек бақсылық дәстүрмен шектелмейді. Ол жыраулар шығармашылығында да үлкен орын алады. Жыраулардың көшпелі қоғам өмірінде маңызды әлеуметтік міндет атқарғаны белгілі. Тайпалар мен ру арасындағы соғыстарға байланысты жыраулар міндеттерінің бірі әскери магия болды. Жырау хан ордасында жүріп, оның әскери және саяси ақылшысы-кеңесшісі болып, бүкіл халыққа өсиет айтқан, хандар мен ерлікпен аты шыққан батырлардың ерлігін мадақтап, жырлап отырған. Жырау ұрыс алдында қолына қобыз алып, әруақтарын шақырып, жауынгерлерді желеп-жебеуін сұрап, ұрыстың ақырын болжаған. Жыраулар 18-ғасырда тарихи сахнадан түсіп, эпос орындау дәстүрі жыршы ақындарға көшті. Олар эпикалық шығармаларды домбыраның сүйемелдеуімен айтатын болды. Ал қобыз дәстүрін сақтап қалған тек қана бақсылар еді. Олар кеңес дәуірі кезінде қатты қудалауға ұшырады.

Белгілі өнер қайраткері, ғалым Ахмет Жұбановтың 30-жылдары тұңғыш қазақ халық аспаптары оркестрін құруына байланысты дарынды қобызшылар Дәулет Мықтыбаев пен Жаппас Қаламбаевты Алматыға шақыртты. Олардың қобызда орындауында біраз күйлер жазылып алынды. Қорқыттың бірқатар күйлерін сақтап келген Нышан бақсының өнері қобыз дәстүріндегі ең соңғы жаңалық болды. Бізге дейін сақталған қобыз өнерінің бар-жоғы осы ғана. Қазіргі уақытта қобызда орындалып жүрген күйлер – үлкен қобыз дәстүрінің бір ғана бөлшегі, жұрнағы екені сөзсіз. Қобыз күйлері халқымыздың дәстүрлі мәдениетімен, тарихи тағдырымен тамырлас. Ұмытыла бастаған өнерді зерттеп, оның қадір-қасиетін халыққа жеткізе білу, сыр-сипатын ашып көрсету өскелең ұрпақ үшін өнегелі іс, асыл болып табылады.

(«Жас алаш» үнпарағынан. 1993 ж., мамыр)

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ САЗ АСПАПТАРЫ

Адырна – қазақ халқының өте ерте заманнан келе жатқан көп ішекті саз аспабының бірі. Ежелгі заманда бұл аспапты аңшылар ұстаған. Садақ атып, жебе тартып, аң-құстарды аулаған. Әуелде адырна садақ пішінді болған. Кейін бұл аспапты бұғы, марал, арқар тұрпатты аңдардың тұлғасына ұқсастырып жасаған.

Әуелі ағаштан құрап шанақ, мүйіз жасалынып, шанақтың асты-үсті терімен қапталады. Мүйізге жағалай құлақтар бекітіліп, ішектер байланады. Аспапты екі тізенің үстіне қойып, он қол, сол қол саусақтарымен іліп тартып ойнайды.

Аса таяқ – сілку арқылы үн шығаратын көне саздық аспап. Оның ұзындығы 110-130 см. Ол тұтас ағаштан арнайы калыпта жасалады. Басы күрек тектес. Оның бас жағына түрлі темір сакиналардан сылдырмақтар тағылып, өзі өрнектермен әшекейленеді. Аса таяқ өзіндік үнімен ерекшеленеді. Аспапты ырғап, шайқап ойнайды. Аса таяқ аспабын ертеде көбінесе бақсылар қолданған. Қазіргі кезде оның көне үлгілері қайта жасалып, ол ұрмалы саздық аспаптар тобына қосылады.

Домбыра – қазақ халық арасына өте ерте әрі кең тараған саздық аспап. Ғасырлар сырын сақтаған қос ішекті шертіп ойнайтын бұл аспаптың өзіне тән ерекшелігі бар. Ол ішекті, шертпелі аспаптар тобына жатады. Домбыра әр түрлі үлгіде тұтас ағаштан ойылып немесе құрап жасалады, мойнына он тоғыздан жиырма екі санына дейін пернелер байланады. Оның арнайы құлағы күйге келтіріледі.

Домбыраның екі ішектісінен басқа үш ішекті, қос жақты, кең шанақты, құйыс мойын, шіңкілдек деп аталатын түрлері де бар. Домбыраның дауысы майда, қоңыр, ол құлаққа өте жағымды.

Ұрып ойналатын саздық көне аспаптың бірі – дауылпаз. Қазақ халық тұрмысында ол кеңінен қолданылған. Әсіресе, дауылпаз бұрынғы кезде, жаугершілік заманда дабыл қағып, белгі беру үшін пайдаланылған. Бұл саздық аспаптың жасалу құрылысы анағұрлым күрделі. Ол тұтас ағаштан ойылып жасалады. Бет шанағы терімен қапталады. Иыққа асып алу үшін қайыстан арнайы аспалы бау бекітіледі. Дауылпаз ағаш тоқпақпен ұру арқылы дыбысталады. Қазіргі кезде дауылпаз аспабы көптеген фольклорлық ансамбльдерде кеңінен қолданылып жүр.

Дауылпаз тектес аспаптар әр түрлі атпен басқа халықтарда да кездеседі. Айталық, ол өзбек халқында – «Тэбльбасс», ал қырғызда «Доолбас» деп аталады.

Жетіген – қазақ халқының өте ертеден келе жатқан жеті ішекті шертпелі саз аспабы. Бұл аспап ағаштан құрастырылып жасалады. Оның құрылысы өте қарапайым. Жетіген аспабы талай жүздеген жылдар өтсе де, баяғы қарапайым күйінде. Жетілдірілген түрінде он үш ішек байланып, арнайы тиектер қойылады.

Жетіген аспабының үні өте нәзік, құлаққа жағымды. Ел арасында аспаптың шығуы жайында көптеген аңыздар айтылады. Сол аңыздың бірінде: өткен заманда бір қарияның жеті баласынан айырылған қасіретті қайғысынан туындаған әуен екен деседі. Қазіргі күндері жетіген саздық аспабы көптеген ұлттық ансамбльде ойналып, кеңінен насихатталып келеді.

Желбуаз – үрмелі аспаптар тобына жататын, ерте заманнан келе жатқан, ел көзіне еленбеген көне саз аспабының бірі.

Бұл саз аспабы иленген мал терісінен жасалады. Оның сырт көрінісі меске ұқсас. Ауызын бекітіп тұратын тығыны болады. Әуен шығаратын екі сырнай түтікше бекітіледі. Оны мойынға асып алып жүруге ыңғайлап, қайыстан арнайы бау тағылады. Желбуаз ұстап жүруге өте жеңіл. Бұл желбуаз аспабын алғаш белгілі сазгер Н.Тілендиев «Отырар сазы» оркестрінде қолданды.

Қыл қобыз – ерте заманнан келе жатқан қазақ халқының екі ішекті ысқышпен ойналатын аспабының бірі. Оның өзіндік жасырын сыры мол. Ол – адамның еркіне кәне

қоймайтын, ойнауы күрделі аспап. Оның ішегі жылқының қылынан жасалады. Қобыз аспабының екі ішектісімен бірге – үш, төрт ішектілері және «нар қобыз», «жез қобыз» деп аталатын түрлері де бар. Қобызды ағаштан шауып немесе құрап жасайды. Оның беті жартылай терімен қапталады. Ол дыбыстың жаңғырып шығуы үшін керек. Ерте заманда қобызды тек бақсы-балгерлер ғана ұстаған. Халық аңызында қобыздың пайда болуы Қорқыт ата есімімен тығыз байланысты екені де айтылады.

Өзіндік үнімен ерекшеленетін сілкімелі қазақ халқының көне саздық аспабының бірі сақпан. Ол ертеден үй тұрмысында, әсіресе, мал шаруашылығында кеңінен қолданылған. Қойшылар көктемгі төлдеу кезінде бұл аспаптың дыбысымен қой, қозы қайырған. Шаруалар оны егістікке қонған құстарды үркіту үшін де пайдаланған. Кейбір өнерпаздар сақпанмен өзінің әуенін сүйемелдеген. Сөйтіп, сақпан саздық аспап дәрежесіне көтерілді. Бұл аспап жұқа тақтайшадан жасалады. Әуелі бірнеше тілшелерді дайындап, бір-біріне қаттап бекітеді және сыртын өрнекпен әшекейлейді. Бұл аспапты сілкіп ойнайды.

Бітімі бөлек, ойналуы ерекше қазақ халқының көне саздық аспабының бірі – шаң қобыз. Оның үні құлаққа жағымды, ол адам дауысына жақын. Бұл аспапта ойнау ерін мен тістің арасындағы қуысқа тікелей байланысты. Ойнау кезінде орындаушы оң қолымен тілшенің үшін шалып отырып, шапшандата дыбыстайды. Дыбысы тілшені қозғалысқа келтіргенде ғана шығады. Бұл аспапта жеке ән-күй орындап қана қоймай, басқа да көне саз аспаптарымен бірге халық әуендерін сүйемелдеуге болады. Шаң қобыз аспабының құрылысы қарапайым, жұқа тақтайшадан жасалады.

Қоңырау – қазақ халқының ертеден келе жатқан сылдырмақты саздық аспабының бірі. Қоңырау дыбысы сыңғырлап шығатын металдардан әр түрлі көлемде жасалады. Сырт көрінісі шар тәріздес, іші қуыс, ортасында тілшесі болады. Аспаптың жеті саздық дыбыс қатары бар. Ол ертеде үй тұрмысында, малшылар арасында көп қолданылған. Далада бос жайылып жүрген малдың мойнына қоңырау таққан, өйткені қасқыр металдан шыққан дыбыстан қатты қорқады. Қоңырауды сол сияқты мектепте де қолданады. Бұл аспап арнайы кішкене балғашамен ұру арқылы дыбысталады.

(Т.Жаубасовадан)

ҚОРҚЫТ АТА

Қорқыт тарихи дәуірлерде Сырдария өлкесін қоныс тепкен оғыз-қыпшақ тайпаларының ортасынан шыққан данышпан қария ақылшы батагөй, асқан ақын, болашақты болжап сөйлеген сәуегей кісі болған. Ол кісі туралы айтылатын қария сөз Азиядағы түркі тілдес елдердің көбінде бар.

Қазақ халқында Қорқыт ата туралы айтылатын аңыздардың аса жарқын түрде сақталғаны ескі дін (тәңірі) елшісі деп санаған бақсылар атымен байланысты. *Бақсылар* әдеттен тыс, таңқаларлық сиқырлы күштің иесі болған және де адам жазмышына ықпал тигізе алады деп саналған. Шоқан Уәлиханұлының суреттеуінше бақсы тылсым дарыған білгіш, оның ой-санасы өзгелерден ерекше тұрған, өзі ақын, өзі музыкант, өзі болашақты болжай алатын, әрі дәрігер болған кісі. Осындай өздерінің ақын-жыршыларын *монғолдар* – үйретуші, *ұйғырлар* – бітікші, ал *түрікмендер* – бақшы

деп атаған. Ұлы бақсылар барлық ауруларды жаза алған, халықтың барлық мүддесін, дәм-тұзын ақтаған. Олар өз қарнын өзі жарып, бітеу қалған; бала табарда қиналған әйелдерді аман сақтап қалған; оның соңына түскен албастыны қуып шығатын. Бақсылардың кереметі қобызын тарта отырып, аруақтарды шақырып, болжам жасай алған; қылышты аузына тығып, ішіне кіргізген, қызып тұрған ыстық темірді жалайтын, оның үстінен жалаң аяқ жүгіре алатын.

Қарақожа ұлы Қорқыт Ата қазіргі Қызылорда облысы, Қармақшы ауданына қарасты Сырдария өзенінің төменгі жағасында, Жаңакент (Иеникент) қаласында 8-9 ғасырларда өмір сүрген. өзі әнші, күйші, қобызшы, өз дәуірінің ойшылы болған адам. Бұл жаңа қала Сыр өзенінің Арал теңізіне құйылар жерінде тұрғандықтан, қазақ халқы оны «Су аяғы – Ер Қорқыт» деп те атаған. Бақсының жырында да былай келеді: «Су аяғы – Ер Қорқыт, Пәлекетті сен қорқыт. Бақсы пірі емес пе? Бақсы баба сен қолда!».

Қазақтың аңыз-ертегілерінде Қорқыттың туған күнін өте қорқынышты етіп көрсетеді. Ол күні Сырдария жағасы мен Қаратаудың айналасын күн тұтылғандай, қара түнек басып, алай-түлей боран соғады, нөсерлі жауын құяды, үш күнге дейін күннің көзі ашылмайды. Марғұланның мәлімдеуінше, Қорқыттың шешесі нәрестені тоғыз күн толғатып, ерекше бір ғаламат қорқынышты жағдайда өмірге әкелгенін айтады. Сұрапыл дүлей, қара түнектен қорыққан халық жаңа туған балаға «Қорқыт» деп ат қойған. Мағынасы «қорқыт, қорқынышты» деген ұғым береді.

Қазақ аңыздарында терең фәлсафалық маңызы бар сюжеттің бірі – Қорқыттың өліммен күресуі, оған көп заман жалықпай дауа іздеуі. Сол аңыздар бойынша, Қорқыт тіршіліктің тұрақсыз, өзгергіш түріне күйзелген. Бұл кезде оның жан серігі болған өзінің желмаясы. Халықтың эпос жырында үлкен бейнеге айналған Қорқыттың Желмаясы туралы былай делінеді: Қорқыт бала күнінде қыпшақ нағашыларына барғанда, «тау тайлақ» тұқымынан бір ботаны оған сыйға тартқан екен. Ол ботаны Қорқыт өз қолымен үйретіп өсіреді. Бота Қорқыттан өзгенің мінгеніне жүрмейтін, жетегіне ермейтін, бір керемет көлік болады. Қорқыт өзі мінгенде ол қанатты құсқа жеткізбейтін, ой мен қырды еркін басып, шөлде шаршауды білмейтін, Қорқыт жер жүзін кезіп арлағанда оның сенімді жолдасы, қанатты көлігі, атақты желмаясы болған.

Қорқыт атаның сегіз қырлы күмбезді мазары қазіргі Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Сырдария өзені жағалауында 9-11 ғасырларда орнатылған. 19 ғасырдың аяғында Қорқыттың табыты басқа жерге көшірілген, мазарының қалдықтарын Сыр суы шайып әкеткен.

Тапсырма:

1. Қорқыт ата деген кім?
2. «Қорқыт» деп неліктен атады?
3. Бақсылар қандай адам болған?
4. «Су аяғы – Ер Қорқыт» деген атау қайдан шықты?
5. Қорқыт ата қай ғасырларда өмір сүрген?
6. Қорқыттың Желмаясы туралы не айтасың?

Мәтінде кездесетін кейбір сөздерің мағыналарына көңіл бөліңіздер:

Батагөй – бата беретін әулие кісі

Сәуегей – алдын-ала не боларын болжай алатын көріпкел «әулие» адам

Сұрапыл – алай-дүлей, ұйқы-тұйқы, ауыс

Жазмыш – тағдыр

Фәлсафалық – философиялық

Дауа – ем, дәрі

Мүдде – мақсат, мұрат

Дәм-тұзы ақтау – сенімді ақтау

Мұны да біліп алыңыздар...

Тағы бір қызық жайт: халық поэзиясында Қорқыт қазақтың ұлттық музыкалық аспабы – қобызды тұңғыш жасаушы ретінде жырланады. Қобызды жасаушы да, тартушы да – Қорқыт. Жырда халықтың бұл тамаша аспабы – қыл қобыздың қандай заттардан, қалай жасалғаны да сипатталады. Мысалы:

Қарағайдың түбінен қайырып алған қобызым
Үйеңкінің түбінен үйіріп алған қобызым
Ақ қайыңның безінен қағып алған қобызым
Өзегінен қар емен ойып алған қобызым.
Қыл құйрығын тұлпардың ішек қылған қобызым.
Тау текенің мүйізін тиек қылған қобызым
Ақ ырғайын қиянның құлақ қылған қобызым
Ортекенің терісін сауыт қылған қобызым.
Ақ түйенің сүтімен сылап алған қобызым,
Сырыңды ашып, үніңді сынап алған қобызым.

Өзі мықты, үні әдемі, сазды болу үшін қазақ халқында қобыз аспабы күні бүгінге дейін осы әдіспен жасалып келеді.

Қорқыт өмірінде қобыздың жан дүниеге медеу беретін күшті құрал ретінде қызмет атқарып келгені сипатталған. Қобыз қиын-қыстау, тар жолда Қорқыттың өзегін талдырмас корегі, ақыл-ойын өрбіткен, арып-шаршағанда шабыт берген, сергіткен өмір серігі болғаны туралы айтылады.

* * *

Қобыз атам заманнан бері қасиетті аспап болып саналған. Жай халық осы аспапты ұстаудан да қорқатын, себебі қобыздың қасиетті бір күші бар деген сенім болған. Аңызға жүгінсек, қобыз және қобыз әуені жын-шайтаннан, аурулардан, оған қоса өлімнен де құтқара алатын.

Қобыз – ысқымен ойналатын, қылдан жасалған екі ішегі бар музыкалық аспап. Ол Закавказье, Поволжье, Орта Азия және де Сібір халықтарында сақталған ең көне ысқы аспаптар түріне жатады. Әр ел осы аспапқа өз атауларын берген, дегенмен олардың ойнау тәсілі, күйге келтіріп, икемдеуі, қыл ішектері, құрылысы бір.

Бақсының аспабы ерекше безендірілген. Оның басы үкінің қауырсынымен шір киігізілген, әуенге сай сыңғырлаған мүйіз тәріздес аңдардың пішіндерімен ілінген. Ал тостағанның түбінде айна орналастырылған. Бұның барлығы жай ғана әшекей емес, олар бақсылардың таңбасы, символы болып саналған.

Мәтінде кездескен сөздер мен сөз тіркестерінің мағыналарын түсіндірме сөздіктен қарап, сөйлем құраңдар:

Атам заман, медеу, өрбіту, қиын-қыстау, күйге келтіру, шір кигізу, безендіру

Пікір алысайық:

Қазақтың тағы қандай халық аспаптарын білесіңдер? Қандай аспаптарда ойнай аласың?

ЖАТТЫҒУЛАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

Берілген ұлттық аспаптар атауын суреттерден дұрыс тауып жазыңыз 

- | | |
|-----------------|---------------|
| 1. Саз сырнай | 9. Сыбызғы |
| 2. Домбыра | 10. Үскірік |
| 3. Нар қобыз | 11. Сылдырмақ |
| 4. Жетіген | 12. Адырна |
| 5. Дауылпаз | 13. Асатаяқ |
| 6. Қыл қобыз | 14. Қоңырау |
| 7. Шертер | 15. Сазген |
| 8. Мүйіз сырнай | 16. Шаңқобыз |



1)



2)



3)



4)



5)



6)



7)



8)



9)



10)



11)



12)



13)



14)



15)



16)

VIII. ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТУ ЖОЛДАРЫ

Адам баласы өмірде жемісті ғұмыр кешуді әрі бақытты болуды армандайтыны шындық. Табысты жұмыс жасасам, аңсаған арманымға жетем деп тілейді. Алға қойылған мақсаттарының орындалуын көксейді. Ал осы үшін әрекет жасайды, тірлік қылады. Дегенмен әркім әрқашан дйттеген жерінен шыға алмайды, көксегені де орындала бермейді. Содан барып кейбіреулер тағдырға шағынады. Тіпті жолым байланып қалған деушілер де көптеп кездесіп жатады. Осындай көзқарастарға илеуінде кетіп, тағдырдың тәлкегіне ғана көнуді жол тұтып, алға мақсат қоймай ғұмыр кешетіндер де баршылық. Шынымен де адам тағдыр жолымен жүреді, бірақ та тағдырды ағыс бойымен жүзіп жатқан кеме ретінде санасак, ішіндегі адам кеменің сол жаққа (бұрыс жолға) немесе оң жаққа (дұрыс жолға) бұрылатының тандап, қадағай алады. Сонымен, адам тандау жасай алады, дегенмен, жетістікке жете алады. Ал жетістікке жету үшін оның не екенің білуі керек және оған қалай жетуге болатының білуі керек.

ЖЕТІСТІК ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Жетістік дегеніміз – рухани әрі дене қуатын бір мақсатқа бағыттау және сол мақсатқа жету. Қандай да бір істі тындырымды әрі тыңғылықты істеу де жетістік. Ойдағыдай істелген іс, жоспарланғандай атқарылған жұмыс, мұрат етілгендей орындалған арман – жетістіктің нақ өзі. Сондықтан жетістік – адам бақытының қайнар көзі. Бұл көзді қаншалықты аршыған адам өмірде соншалықты бақыт табады. Бақыт бұлағы адамға өз ләззатын берген сайын кісі бойындағы шаттық сезім де арнасынан аса түседі. Демек, адамның шаттыққа оранып, құмарлана өмірден ләззат алатын, қуанышқа бөленіп, рақаттана шат-шадыман болатын, бақытқа жетудің бірі – жетістік.

ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТУ ЖОЛЫНДАҒЫ ҰСТАНЫМДАР

- Алдыңа мақсат қою
- Сені жетістік күтіп тұрғанына үміттену
- Іске дайын болу
- Адымыңды анық басу
- Алға ұмтылу
- Қорықпау, күмәнданбау
- Көңіліңді тоқ ұстау
- Жаңашыл болу
- Басқалармен кеңесу
- Тәуелсіз болу
- Біртұтасты бөлшектеу
- Жетістіктеріңнің қайдан келуін ұмытпау

Тартыспен түскен, бейнетпен келген жақсылық – шын мәнінде қымбат табыс.

М.ӘУЕЗОВ

Жетістіктің тоқсан пайызы – тер, он пайызы – шабыт.

ЭДИСОН

ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТУ ҮШІН

- Өз потенциалынды біл
- Өзіңе шектеу қойма
- Өзіңді мойындат
- Сезіміңді сыйла
- Әдетке айналдыр
- Құндылықтарыңды таны

Жетістікке жетудің екі жолы бар: өз ақылыңды пайдалану және басқалардың ақылынан пайдалану.

Ле БРУЙЕР

Алға мақсат қойғанда:

- Мақсатыңның пайдасын біл
- Нені не үшін қалайтыныңды біл
- Ақылың мен ерік-жігеріңді мақсатыңа жұмса

Ісіңді қадағала және басқар:

1. Көп ізден
2. Ақыл мен жүректің шешімін айт
3. Сақ бол
4. Төзімділік таныт
5. Өзгеріске бейімдел
6. Сапаға мән бер
7. Ісіңнің нәтижесін талда

ОСЫНЫ БІЛ:

әрбір сәтсіздік тәжірибенді артады сабыр және үміт –жетістіктің арқасы

Жеткен жетістікті үнемі мақтан тұту оны жаман жолда пайдалану болып есептеледі.

МАУПАСОНТ

ЕСІНДЕ САҚТА:

Жетістік тек оза шауып бәйге алуда емес, адамдық қасиетті жоғалтпауда жатыр. Әуелі, адам деген атқа лайық бол, жетістігің адамдығыңмен өлшенсін.

Сені жетістікке жетелейтін сенен басқа ешкім емес, өзіңе деген сенім сені барлық белестерден алып шығады. Өзгеге жалтақтаушы болма, кісілігің қалмайды.

Ең үлкен жетістік – қоғамға пайдалы істі тындыру
Жетістіктің ең үлкен жауы – «кейін істермін» деп айту
Жетістікке апаратын жолдан қаймықпау және әрқашан үмітті болу
Үмітсіз тек шайтан ғана

АДАМГЕРШЛІКТІҢ АСЫЛ БЕЛГІЛЕРІ

Сабақ тақырыбына қатысты мына сұрақтарға жауап беріңіздер:

1. Адамгершіліктің асыл белгілері дегеніміз сіздің ойыңызша қандай қасиеттер болуы мүмкін?
2. Қасиет ұғымы тек жақсы мінез, жақсы әрекетке ғана қатысты айтыла ма, ал арамдық, жамандық атаулыны қасиет деп айта аламыз ба?
3. Қазіргі жастармен бұрынғы жастарды салыстыру көп, ал үлкендерді де осылай үлкендік, адамдық қасиеттеріне қарай салыстыруға қалай қарайсыздар?

Мәтінді оқыңыздар:

Өмірдің шұңқыры, кедір-бұдыры көп, бірде тасып, бірде тартылып жататын өзен сияқты. Адам өзінің қысқа өмірінде бірде ойға түссе, бірде қырға көтеріледі. Сол шақтарда адам бойындағы бар қасиеті жарқырай көрінеді. Жақсылық пен жамандық, зұлымдық пен махаббат, әділдік пен әділетсіздік, борыш пен намыс, ар мен ождан адамның іс-әрекеті арқылы өлшенеді. Кейбір өз әлін білмейтін адамдар асып-тасып, сабыр салмағынан, ақыл арнасынан айрылып қалады. Қазақ халқы осындай жандарды өзінің нақыл сөздерімен ескертіп, оқыс қимылдардан сақтандырып отырған.

Адамгершіліктің асыл белгілері ар-ұят, ождан сақтауды, осы тамаша қасиеттерге қарама-қарсы адамды аздыратын өсек, өтірік, еріншек, мақтаншақ сияқты жаман әдет, жат мінездерден сақтандырады. Бұларды адам бойына жастайынан мінез-құлық ережесі етіп қалыптастыру тәрбиеге байланысты екенін дана халқымыз терең ұғынған, жастарды отбасында кішіпейілділікке, ізеттілікке, имандылыққа, инабаттылыққа тәрбиелеуді бірінші міндет етіп қойған. Жақсы болғың келсе, сыртыңды ғана түземе, сырыңды түзе деген ата-бабаларымыз ер балаларға ауылдың үлкендеріне қос қолдап сәлем беруді, қыз балаларға ибалық жасап, үлкендерге жол беруді, олардың алдын кесіп өтпеді уағыздаған. Жастардың жадына «сіз» деген сыпайылық, «сен» деген анайылық, «Адамдықтың белгісі – иіліп сәлем бергені», «Кішіпейілділіктен кішіреймисің» деген өсиет, қағидаларды үнемі сіңіріп отырған.

Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) хадистерінде «Мінез – құлқыңның мүләйім, сыпайы болуын қалаймысың? Қаласаң жетімдерге мейірімді бол. Олардың басын сипа. Өзің ішетін тамағыңнан жегіз. Сонда ғана мінезің жұмсарып, мейірімді боласың» деген. Яғни әдепті, адамшылығы мол адамның жан – дүниесі өзі жасаған жақсылықтарының арқасында тазарады, нұрланады. Ондай жанның досы да көп болады.

Мәтіннен мағынасы қиын сөздер мен сөз тіркестерін теріп жазып, түсіндірме сөздіктен қарандар:

кедір-бұдыр, өмір шұңқыры...

Төмендегі мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіріп, жаттап алыңдар. Әдептілік тақырыбына байланысты мақалдармен толықтырыңдар:

- Көргенді көгершін әке-шешесінің үш бұтақ төмен қонақтайды
- Ұлы адамның ісі де ұлы
- Адамның сөзі – ақылдың таразысы
- Әдептілік, ар-ұят – адамдықтың белгісі
- Жақсы өз басынан көреді, жаман жолдасынан көреді
- Кәріге құрмет, кішіге ізет
- Қайырымды жүрек қартаймайды
- Жақсының сөзі ақыл шақырады, жаманның сөзі ашу шақырады
- Тәрбие тілден басталады
- Баланың жақсысы – қызық, жаманы – күйік
- Жақсыны арман оздырады, жамандық құлқын тоздырады
- Ақылды адам айтқызбай білер, ақ сұңқар құс қаққызбай ілер

Ұлағатты сөздерді ұғып алайық:

Конфуций:

- Адамгершілік деген не?
- Адамдарға махаббат
- Білім деген не?
- Ол – адамдарды білу. Адал кісіні адал еместерден биік қойсаңыз, адал еместерді адалдыққа тартасыз.

М.Қашқари:

- Батыр жауда сыналады,
Жуас жайда сыналады
- Кіші үлкенмен керіспес,
Қырғи сұңқармен керіспес
- Жасы үлкенді қадірлесе – құт болар.

Мына сұрақтарға жауап бере отырып, пікірталас ұйымдастырыңыздар:

1. Әдептілік ұғымы өз маңызын қазіргі кезде сақтап қалды ма?
2. Қазір жастардың бойында бұрын ата-бабаларымыз уағыздағандай жақсы қасиеттер аз кездесуі неліктен? Олар барынша өзімшіл, мейірімсіздеу болып бара жатқан жоқ па?
3. Осындай жағымсыз қасиеттердің көбеюіне кімді кінәләйміз?
4. Талантты, адамгершілігі мол, жауапкершілікті жақсы сезінетін жастарды жоққа шығармаймыз, бірақ олардың бүкіл қазақ жастарының арасындағы үлес салмағы қанша деп ойлайсыздар?

Балам, өзіңді жоғалтпа!

Балам, өмір өте күрделі құбылыс. Оны танып-білу, шегіне жету мүмкін емес. Ал адамдар болса, одан да күрделі. Сен өмір кеңістігінде сол адамдармен бірге өмір сүресің.

- Балам, мына сөздерді жадында ұста:
- ешқашан біреуге жала жаппа;
 - орынсыз ешкімді кіналама, жазалама;
 - эмоцияға берілме, қатты ашуланба;
 - адамды тұқыртпа, өмір сүруден бездірме;
 - басқалардың артықшылығына қызғаныш танытпа;
 - өзгенің жеңісіне қуана біл;
 - қызметінді, қолыңда барды бұлдама;
- Балам, егер өзіңе бастығың не өзгелер жазықсыз тиісер болса:
- сабыр сақта;
 - сөзін бөлме, соңына дейін тыңда;
 - кешірім сұра, «егер рұқсат етсеңіз» деп, өте салмақты түрде сөзінді баста;
 - егер ол тыңдамайтын сыңай білдірсе, «сізден көп нәрсе үйренуге болады» де (ол адам онаша қалғанда сенің осы сөзінді есіне алатын болады, ойланады).
 - Қызметтен кетіп жатсаң да, жауласпай, жауыңа да рақмет айтып кет.
- Кім біледі, осы бір сәтсіздік сенің сәтті өміріңе жол ашатын шығар? Сен солай ойла және сондай әрекет жаса.
- Рухыңды өлтіріп алма, жақсы жандарды ізде. Адал, таза адамдармен өмір сүру, бірге қызмет жасау – бақыт.
- Балам, ойсыз жүрме. Ойсыз жүрсең, жаның азады. Жаны азған адамнан жылу да, нұр да шықпайды. Ондай адамды орта да, қоғам да жатсынады.
- Балам, өзіңнен өзің есеп алуды дағдыға айналдыр.
- (Г.Сайынқызы. Ер жетті ұлым, бой жетті қызым...)*

ТАМШЫ СӨЗДЕР МЕН ҚАМШЫ СӨЗДЕР

- Біреулер туралы жақсы ой ойлағаның – өзіңді рухани азықтандырғаның
- Алтынын бақырға айырбастағанға сөз шығын
- Орысшылдық дініміз бен ділімізді отап еді, ағылшындық тіліміз бен рухымызды өлтірмек
- Өсекті де сүзгіден өткіз. Саған біреуді жамандаған адам дәл осылай сені де біреуге амандап отырғанын көз алдыңа елестетіп көр.
- Құдайдан қорыққан пиғылы мен тіліне сақ болсын.
- Дүниеге сараң адам жақсы сөзге де жомарт болмайды.
- Сабырлы болу – ақылды, иманды адамның ісі
- Бақытсыздықты, көңілсіздікті қар күрегендей күреп тастап отыру керек, әйтпесе қалыңдай береді.
- Ата-анаң айтқан рақметің – елден алған алғысың

Әдемі өмір ақшалы өмір емес, оның құрамында көп нәрсе бар, ақша соның біреуі ғана

Адамдарға қуаныш сыйлап жүрген адамның иманы тасып жүреді.

Жақсылық жасаудан алдына жан салма

Жақсылықты жасырын жасау, періште адамның ғана қолынан келеді.

Ара сияқты тынбай еңбек ете білу керек. Ара бал жинаса, сен бақ жинайсың.

Кешірімді болғаннан кедейленіп қалмайсың.

Аяғың тартпаған жерге барма. Жүрегің жылытпағанды жаныңа жуытпа.

Өзінің жақсылығын айтқанда өзеуреп, кісінің жақсылығын айтқанда безеріп қалатындарын сақта, Құдай.

Ерін сыйлай алмаған ессіз әйел, елін сыйлайды деп дәмеленбе.

Г.Сайынқызы

АҚША ДЕГЕН НЕ?

Біздің заманымыздың I ғасырында салық орнына алып тұрған алтын, күміс, құймаларды айтпағанның өзінде Ақ ғұндар (біздің дәуіріміздің V-VI ғғ.) теңгелер жасап, сауда айналымына кіргізген еді.

Қазақ елі Ұлы Жібек жолына орналасқандықтан ақша жасау, оны айналымға енгізу – өмір қажеттілігі деп тым ерте қолға алды. Арыстан бейнеленген теңгелерді Суяб, Тараз қалаларындағы арнаулы шеберханаларда құйған.

Ғылым әлемін VIII ғасырдың басында жасалған Түргеш қағанатының теңгелері ерекше қызықтырып отыр.

Мыс, қола, күміс, теңгелер шығаратын арнайы теңге сарайы болған (Түркістандағы теңге сарайы).

Тараз, Испиджап теңгелері ел экономикасында ерекше міндет атқарды.

Өзбекхан, Жәнібек хан, Бердібек, Наурызбек хандардың атынан өндірілген күміс, мыс ақшалары кең таралып, айналымда болған.

Қазақ ақшалары тек қана сауда айналымы үшін ғана емес, өзінің дербес ел болғандығын дәлелдейді.

Бұрынғы одақ құрамында болған елдер өздерінің ұлттық валютасын енгізіп жатыр.

Қазіргі жаңа валюталарға коллекционердің көзімен қарайтын болсақ өте қызық. Әр елдің тиын-теңгелері де сол елдің бір керемет тарихи оқиғаларының куәсіндей. Себебі ақшалар – өз елінің тарихынан, мәдениетінен, табиғатынан хабар береді.

Мысалы, эстондардың кронын алайық: банкноттың бір бетінде эстондықтардың танымал адамдарының портреті берілген (ақыны, жазушысы, суретшісі) екінші бетінде Эстония пейзажы, архитектуралық ескерткіштері берілген.

Латвия бондарында – ұлттық өрнектер, Украиндықтардың карбовандарында Киевтегі София соборы бейнеленген.

Ақша белгілері – айналыста алтын мен күміс ақшалардың белгілі бір мөлшерінің орнына жүретін ақша белгілері, олар – тиын, теңгелер, қағаз ақшалар мен банк билеттері.

Әр теңге – жұмыс күші. Сондықтан жұмыс істеу керек. Оны қозғалысқа түсірмей, өзінде сақтасаң – жалқаулыққа жол бергенің.

Ақшасы көп болып, бірақ оны қозғалыссыз ұстаушыларға қарағанда аз ақшамен тез айналым жасаушылар әлдеқайда бай болады.

Көп уақытқа дейін ақшаның рөлін әр түрлі тауарлар атқарды. Алайда біртіндеп өндірістің дамуы процесінде ол алтынға берік орнықты.

Ақша айырымы дегеніміз – еңбекке ақы төлеу, тауар өткізу, көрсетілген қызмет үшін есеп айырысу және басқа да төлемдерді жүзеге асыру барысында ақшаның үздіксіз қозғалысқа келуі. Ақшаның ең басты ерекшелігі де, құнды қасиеті де оның адамдарға қажеттілігінде.

Бизнесмендер миллион табу қиын емес дейді. Олар үшін ақша табу қызықты ойын сияқты. Олардың пікірінше: ақша ақшаға келеді және пайда әкеледі деп есептейді. Өйткені жылдам ақша айналысы экономиканы тұрақтандырады.

Сұрақтарға жауап беріп көр:

1. Ақша табу – қызықты ойын сияқты деген тұжырымға қалай қарайсыз?
2. Ақшаны ақша жасайды деген ұғымды қалай түсінесіз?
3. Ақшаның ерекшелігі неде?
4. Ақша қандай қызмет атқарады?
5. Ақша деген не?

Тапсырма:

1. Мына сөз тіркестерімен сөйлем құра: *Қағаз ақша, ұсақ ақша, қолма-қол ақша, алтын ақша.*
2. Қазақстанның ұлттық валютасын шетелдікке таныстыр.

ДАНАЛАР СӨЗІН ТЫҢДАЙЫҚ

Жамандықтың үлкені – пайдакүнемдік. Пайда қуған адам шыншыл да, принципшіл де, ержүрек те, өз парызына адал да бола алмайды.

В.А.Сухомлинский

Адамның асқан сұлулығы – оның сезгіштігі, қарапайымдылығы, тілектестігі, ниеттестігі.

В.А.Сухомлинский

Әр адамның құдайы – өзінің ары.

Менандр

Ұят деген адамның өз бойындағы адамшылығы.

Абай

МАҒЫНАЛАС ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР СӨЗДІГІ

Қазақ халқының өзіндік ұлттық ойлау ерекшелігі – дүние шындығын көркем образбен қабылдауы, шешендік сөз өнерін ұлт менталдығы ретінде көрсетуі, қала берді табиғат аясында көшпелі өмір салты – «ішімдегінің бәрі – тілімде, тілімдегінің бәрі – түрімде» дегендей, қазақ ұлтының психологиялық терең болмысын байқатады.

Адамдар сөйлеу қажеттілігін өтеу кезінде фразеологизмдерді алдымен айтайын деген ұғымның мағынасына қарай таңдайды. Сондықтан мағыналас фразеологизмдердің қатар басы фразеологиялық мағынаға бағыт беретін тірек сөз (доминант) – лексикалық мағынадан басталу керек. Яғни мағыналас фразеологизмдердің доминантты ретінде қатар басында жалпы тірек ұғымға негізделген лексикалық мағына – бір сөз тұрады. Мысалы, **қателесу** ұғымына қатысты мынадай мағыналас тіркелер қатар түзеді: аяғын шалыс басу – жаза басу – ағат кету –от басу.

Шыдамау: жүрегі алып ұшу – жаны жай таппау – тағат таппау – төзім жетпеу – шыдап отыра алмау.

Қазақ тілі ұлт болмысының өзіндік ерекшеліктерін танытатын бейнелі тіркестерге өте бай. Ұлттың менталдық өрісінің ауқымы мен көркемдік ойлау қабаттарын және қазақ тілінің есепсіз тіл қуатының молдығын білу үшін ұлт тіліндегі фразеологизмдерге жүгінген жөн.

СҮЙЕНІШ

Ағайын тұту
Арқа сүйеу
Арқа тұту
Көңілге тоқ санау
Қанат болу
Медеу көру (ету)

ТӘУЕКЕЛ

Алды-артына қарамау
Бағын сынау
Көз жұмып тұрып
Нар тәуекелге басу
Бағын сынау
Өлімге бас тігу
Тәуекелге бел байлау

КӨҢІЛСІЗДІК

Бас терісі салбырау
Екі иығы салбырау
Жүзі сынық
Жігері құм болу
Көңілі жүдеу
Көңілі жер болу
Салы суға кету
Қабағын қарс жабу
Іш құса болу

ТАТУЛЫҚ

Айрандай ұйып отыру
Түтіні бір жерден шығу
Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығару
Қаймағы бұзылмау
Арадан қыл өтпестей

КӨҢІЛДЕНУ

Бойы сергу
 Бір жасап қалу
 Жаны жайлану
 Көңілі жай табу
 Көңілі орнына түсу
 Қабағы ашылу
 Жағасы жайлау

ҚУАНУ

Алтын тапқандай қуану
 Бөркін аспанға лақтыру
 Жерден жеті қоян тапқандай
 Жадырап сала беру
 Көңілі судай тасу
 Қуанышы қойнына сыймау
 Қуанышында шек жоқ
 Төбесі көкке жеткендей
 Төбесі көкке екі елі жетпеу

ЖОЛЫ БОЛУ

Айдарынан жел есу
 Асығы алшысынан түсу
 Бағы ашылу
 Жұлдызы оңынан туу
 Маңдайының ырысы бес елі
 Оңынан ай, солынан күн туу
 Аузының салымы бар
 Тасы өрге домалау

ШЕБЕР

Ағаштан түйін түйю
 Бес аспап
 Он саусағынан өнер тамған
 Темірден түйме түйю
 Бармағынан бал тамған

БАТЫРЛЫҚ

Жүрегіннің түгі бар
 Жүрек жұтқан
 Көзсіз батыр
 Табаны жаудан таймаған

МАҚТАНШАҚ

Ауызбен орақ ору
 Жел өкпе
 Кеппе кеуде

РЕНЖУ, РЕНЖІСУ

Араға от түсу
 Жүз көріспеу
 Көз аларту
 Көңілі қалу
 Қабақ шытысу
 Іші мұздау
 Көңіліне алу

ҰЯТ, ҰЯЛУ

Абыройын айрандай төгу
 Абыройын аяққа басу
 Абыройынан айрылу
 Бетіне басу
 Бетінен оты шығу
 Жерге қарау
 Тірідей жерге кіру
 Сүйекке таңба салу
 Кірірге тесік таппау

ЖОЛЫ БОЛМАУ

Аяғы аспаннан келу
 Бағы жанбау
 Орға құлау
 Сор маңдай болу
 Жолы байлану
 Дәулеті шайқалу
 Ісі өрге баспау
 Ісі оңғарылмау

АДАЛ

Аққа құдай жақ
 Біреудің ала жібін аттамау
 Судан тұнық, сүттен ақ
 Сүттей ақ, судай таза

ЖУАС

Қой аузынан шөп алмас
 Бетегеден биік, жусаннан алса
 Мұрнын тескен тайлақтай
 Қойдан жуас

ҚЫЗҒАНЫШ

Көре алмау
 Өзегі өртену
 Іші жарыла жаздау

Ісіп-кебу

Іші күйю

Іш тарлық жасау

ЖАЛҚАУЛЫҚ

Ай қарап, жұлдыз санау
Жатып ішер
Қол қусырып қарап отыру
Мойны жар бермеу
Тұяғы қимылдамау
Шөптің басын сындырмау

ПЫСЫҚ

Атқа мінер
Аттыға жол, ауыздыға сөз бермеу
Жүзіктің көзінен өту
Қолды-аяққа тұрмау

ТЕЗ, ШАПШАҢДЫҚ

Аяқ-қолы жерге тимеу
Ауыз жимай
Әп сәттің арасында
Көз ілеспеу
Кірпік қаққанша
Қас қағымда
Қас пен көздің арасында
Дем арасында

КЕНЕТТЕН

Аяқ астынан
Әй -шайға қарамау
Күтпеген жерден
Ойда жоқта
Ойламаған жерден
Сау (сап) ете түсу
Төбеден түскендей
Үш ұйықтаса ойында жоқ

ЖАҚЫН ЖЕР

Бөрік тастам жер
Таяқ тастам жер
Иек астында
Қарға адым жер
Қарыс аттам жер
Қол созым

АЛЫС ЖЕР

Айшылық жер
Адам аяғы баспаған
Жер түбі
Ит арқасы қиянда
Ит өлген жер
Ит жеккен жер

ҚЫМБАТ

Атасының құнын сұрау
Бағасы аспандап тұр
Бағасы күйіп тұр
Бағасы удай

АРЗАН

Айтуға тұрмау
Жілігі татымау
Су тегін

ҮЙЛЕНУ**Ұлға**

Құсын қондыру
Қолына қондыру
Қыз айттыру

Қызға

Біреудің етегінен ұстау
Құтты қонысына қондыру
Қызы қияға қону

Екеуіне

Аяғына тұсау түсу
Бірге от жағып, түтін түтету
Көңіл қосу
Түтін түтету
Үй болу

ҚҰРМЕТТЕУ

Алдынан қия өтпеу
Асты-үстіне түсу
Бәйек болу
Қадыр тұту

ҮНДЕМЕУ

Аузына берік
Аузына құм құйылу
Аузына су толтырғандай
Дымын шығармау
Жұмған аузын ашпау
Ләм-мим демеу
Тіс жармау
Тіс жарып ешкімге айтпау
Тістен шығармау

ҚОРҚУ

Жаны көзіне көріну
Жүрегі зырқ ете қалу
Жүрегі мұздап қоя беру
Жүрегі тас төбесіне шығу
Зәре -құты қалмау
Зәресі ұшу
Көзі алақандай болу
Көзі шарасынан шығу
Көзіне қос көріну
Су жүрек
Төбе шашы тік тұру

СЫЙЛЫ, ЕЛЕУЛІ

Алаштың азаматы
Асылдың сынығы
Атағы дардай
Ауыз толтырып айтарлықтай
Бетке ұстары
Екінің бірі емес
Мүйізі қарағайдай
Сайдың тасындай
Сен тұр мен атайын
Сөзі өтімді
Сүт үстінде қаймақ
Халқының қалаулысы, елінің елеулісі
Ығай мен сығай

АҚЫЛДАСУ

Қабырғасымен кеңесу
Мың ойланып, жүз толғану

УАЙЫМДАУ

Кеудесі өртену
Құса болу
Шер жұту
Іш құса болу

КҮЛҮ

Езу жимау
Екі езуі екі құлағында
Қыран күлкі болу
Ішегі қатқанша күлу
Мырс ету

СҰЛУЛЫҚ

Айдай аузы, күндей көзі бар
Ауызбен айтып жеткізе алмау
Көргеннің көзі тойғандай
Үріп ауызға салғандай
Ай қабақ, алтын кірпік
Қыпша бел
Хордың қызындай

ҰҚСАС

Аузынан түсіп қалғандай
Бір судың тамшысындай
Егіздің сыңарындай
Сойып қаптап қойғандай

МОЛШЫЛЫҚ

Ат көпір
Аузы мұрнынан шығу
Аяқ алып жүргісіз
Есеп жоқ

БОС, БОЛБЫР АДАМ

Аузынан сөзі, қойнынан бөзі түсу
Бос белбеу
Сүйегі жасық
Тірі өлік

МЕНМЕНДІК

Кеуде көтеру
Кеудесін қағу
Құдайын ұмыту
Мүйізі шығу
Түкірігі жерге түспеу
Ханға сәлем бермеу

ЖӘРДЕМ БЕРУ, КӨМЕКТЕСУ

Ат салысу
Қанатымен су себу
Қол ұшын беру
Себін тигізу
Шапағаты тию
Жылу жинап беру

ҰҚСАМАУ

Жер мен көктей
Үш қайнаса сорпасы қосылмау

АЗ

Бір түйір
Бір уыс
Бір шөкім
Қасқалдақтың қанындай
Жоқтың қасы
Саусақпен санарлықтай

САРАҢ

Аузын қу шөппен сұрту
Қолы қатты
Қолы тар
Шық бермес Шығайбай

ТАТУЛЫҚ

Айрандай ұйып отыру
Арадан қыл өтпестей
Қаймағы бұзылмаған
Түтіні бір жерде шуғу
Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығару

ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Информатика терминдердің түсіндерме сөздігі» – Алматы: ЖТИ, 2003-77 б. Балапанов Е.Қ., Бөрібаев Б...
2. Балапанов Е.Қ., Бөрібаев Б. «Жаңа информациялық технологиялар: информатикадан 30 сабақ», – Алматы: 2001.
3. Терминдер сөздігі. Информатика.
4. Сарыпбеков Ж.С., Шенсізбаев Б.Ә... Ақпараттану мен есептеу техникасы терминдерінің орысша-қазақша-ағылшынша сөздігі, – Алматы, 2007.
5. Балапанов Е., Бөрібаев Б. Информатика терминдерінің қазақша-ағылшынша-орысша... сөздігі. – Алматы, 1998.
6. 10485-Информатика мен есептеуіш техника негіздері, Кушниренко А.Т., 1997.
7. 6925 – Информатика мен есептеуіш техниканың негіздерін оқыту, Ершов А.П., 1986.
8. 353 – Информатика мен есептеуіш техникалары, Қараев М.А., 1993.
9. 14016 – Информатика және компьютерлік техника, Беркімбаева Ш.К., 2002.
10. Нығмет Ж.Н. «Қазақ тілі хрестоматиясы», -Алматы: «Білім», 2003.
11. Күзекова З.С. «Қазақ тілі» (практикалық курсы), Алматы: «Раритет», 2003.
12. Қазақтың салт-дәстүрлері, Алматы: Мектеп, 2004.
13. «Жеті қазына».
14. «Қазақ билері».
15. «Қазақ батырлары».
16. А.Құнанбаев шығармалары, – Алматы, 1976.
17. М.Шаханов, Дара талғам қасіреті, – Алматы, 2007.
18. М.Жұмабаев шығармалары, – Алматы, 1989.
19. Шәкәрім, Иманым, – Алматы, 2008.
20. Шәкәрім шығармалары, – Алматы, 1988.
21. Мақал-мәтелдер.
22. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдер сөздігі – Алматы, 2002.
23. Абайдың қарасөздері.
24. Қазақ әдебиеті (энциклопедия) Алматы: «Білік», 1999.
25. Абай – Алматы: «Аруна», 2006.
26. Құрманбай Г.С., Абай қара сөздері – сабақта, Алматы, 2005.
27. С.Негимов «Шешендік өнер».
28. Ақылдың кені, Ұлағатты сөздер, – Алматы, 2008.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
I. Қасиет пен құт дарытқан ана тілі	5
II. Отан – отбасынан басталады	11
III. Би дегенді біле ме бүгінгі ұрпақ?	23
IV. Ұлы тұлға	38
V. Ата мұраң – асыл қазынаң	61
VI. Өлмейтұғын артында сөз қалдырған	112
VII. Текті де тегеурінді өнер	135
VIII. Жетістікке жету жолдары	144
Мағыналас фразеологизмдер сөздігі	151
Пайдаланылған әдебиеттер	156

«Таңбалы» баспа орталығының президенті
Мырзабай ОМАР

Оқу құралы
Абнасырова Райхан Жалғасбайқызы
Абиыр Ақбота Абиырқызы
Отарбаева Ғазиза Нұрахметқызы

ПРАКТИКАЛЫҚ ҚАЗАҚ ТІЛІ
(мәтіндер мен тапсырмалар жинағы)

Редакторы ??????

Тех. редакторы Санат ТӨРЕБАЙҰЛЫ

Корректоры ??????

Басуға 04.08.2014 ж. қол қойылды.
Пішімі 70x100 ¹/₁₆. Офсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 10,0.
Таралымы 200 дана. Тапсырыс 56.

Біздің мекен-жайымыз:

Алматы қ., Алатау ауд., Молодежная көшесі, 11-үй.
www.tanbaly.com. Электронды адресіміз: tanbalykz@gmail.com
Қалта телефондары: +7 701 710 21 94; +7 701 232 90 57; +7 700 492 87 48